



TURKOLOGY

**ТҮЙМЕБАЕВ Ж.
САҒИДОЛДА Г.**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ-СИПАТТАМАЛЫ
ГРАММАТИКАСЫ**

**ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ**



TURKOLOGY

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ
Гүлғайша САҒИДОЛДА

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ТІЛДЕРІНІҢ
САЛЫСТЫРМАЛЫ-СИПАТТАМАЛЫ
ГРАММАТИКАСЫ

Фонетика. Морфология

ТҮРКІТАНУ
СЕРИЯСЫ



«Қазығұрт» баспасы
Алматы, 2017

ӘОЖ 80/81

КБЖ 81.2

Т 87

*Баспаға Халықаралық түркі академиясы және
Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеттің
Ғылыми кеңесі ұсынған*

РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

ф.ғ.д., профессор Н.И.Егоров

ф.ғ.д., профессор М. Ескеева

ТҮЙМЕБАЕВ Ж., САҒИДОЛДА Г.

Т 87

Қазақ және татар тілдерінің салыстырмалы-сипаттамалы грамматикасы (Фонетика. Морфология). / Ж. Түймебаев, Г. Сағидолда, Екінші басылым. – Алматы: «Қазығұрт», 2017. – 240 бет.

ISBN 978-9965-22-516-1

Еңбекте қазақ және татар тілдерінің дыбыстық жүйесі мен морфологиялық құрылымдарының салыстырмалы сипаттамасы беріліп, екі тілдің грамматикалық құрылысына тән ортақтықтар мен өзіндік ерекшеліктер синхрондық тұрғыдан жүйеленеді.

Еңбек жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, түрколог-лингвистерге арналады.

ӘОЖ 80/81

КБЖ 81.2

ISBN 978-9965-516-1

© Түймебаев Ж., Сағидолда Г., 2017
© «Қазығұрт» баспасы, 2017

ФОНЕТИКА

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ТІЛДЕРІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

§1. Қазіргі түркі тілдері дауысты дыбыстар жүйесінің жалпы сипаты

Түркі тілдерінің байырғы вокализм жүйесінде құрылымы басқа тілдердің дыбыстық жүйесінен ерекшелеп тұратын мынадай ортақтықтар орын алады¹:

1) сөздің бірінші буынында кездесетін дауыстылар мен сөздің келесі буындарында ұшырайтын дауыстылар екі түрлі жүйе құрайды. Бірінші буында ашық-қысаң, жуан-жіңішке, еріндік-езулік болып жұптасатын 8 дауысты дыбыс жұмсалады. Кейбір тілдерде бұл 8 дауысты дыбыс 16-ға дейін көбейеді. Өйткені оларда дауысты дыбыстар әдеттегідей әрі созылыңқы дыбысталады;

2) екінші және онан кейінгі буындарда көбіне жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік болып бөлінетін 6 дауысты дыбыс жұмсалады. Сонымен, бірінші буын вокализмі мен екінші буын (сол сияқты онан кейінгі буындар) вокализмі сандық жағынан да, сапалық жағынан да бірдей емес, әр түрлі болып отырады.

Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесі біршама шартты болып келеді. Дегенмен әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін барынша жақындата, сәйкестендіре отырып,

¹Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – Б.7.

оларды төмендегіше топтастыруға болады:

1) «бастапқы» созылыңқы дауыстылардың (және дифтонгылардың, полидифтонгылардың), сондай-ақ шартты түрде қысаң дауыстылардың қарама-қарсылығына негізделген жүйе – бұл оғыз типі;

2) екінші созылыңқы дауыстылар мен шартты түрде қысаң дауыстылардың қарама-қарсылығына негізделген жүйе – алтай типі;

3) шартты түрде созылыңқы дауыстылар мен қысаң (барынша қысаң) дауыстылардың қарама-қарсылығына негізделген жүйе – қыпшақ типі;

4) созылыңқы (екінші) дауыстылар мен қысаң дауыстылардың қарама-қарсылығына негізделген жүйе – тува-тофалар (қарағас) типі.

Оғыз типінің шынайы табиғаты басты түркімен диалектілерінде, түркімен әдеби тілінде, якут тілінде, халадж тілінде, өзбек тілінің оғыз говорында анық байқалады; әзірбайжан, түрік, гағауыз және чуваш тілдерінде азырақ байқалады.

Алтай типін алтай, хакас, шор, қырғыз тілдерінің дауысты дыбыстары, сондай-ақ аралас сипаттағы кейбір түркі диалектілері таныта алады.

Қыпшақ типін қазақ, ноғай, қарақалпақ, қырым-татар тілдері, өзбек тілінің қыпшақ говоры, татар (және диалектілері), башқұрт тілдері арқылы, сонымен қатар чуваш тілінде айтарлықтай өзгерген түрде көруге болады.

Тува-тофалар типіне тува және тофалар (қарағас) тілдері жатады.

Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесінде дауыстылардың сегіз немесе тоғыз тембрі ажыратылады: әрбір дауысты дыбыс екі немесе үш артикуляциялық белгілердің (қатар орналасу, көтеріңкілік, еріндік) шоғырлануы бойынша анықталады. Қазіргі түркі тілдерінің дауысты дыбыстар жүйесінде дауыстылардың сегіз немесе тоғыз тембрі ажыратылады: әрбір дауысты дыбыс екі немесе үш артикуляциялық белгілердің (қатар орналасу, көтеріңкілік, еріндік) шоғырлануы бойынша анықталады. Мысалы, қазіргі түркімен тілінде тоғыз дауысты дыбыс бар: а, о, у, и, ä:, е, ö, і, и; ал алтай және қазақ тілдеріндегі дауысты дыбыс сегіз-сегізден: а, о, у, и, ä, ö, і, ü және а, ои, ә, ио,

е, öü, , üö.

Оғыз типінде дауыстылардың қарама-қарсылығы квантитет бойынша көрінеді. Айталық, түркімен тілінде 16 дауысты бар, оның 8-і созылыңқы (а: о: у: и: е: ö: і: ü:) және 8-і қысаң: а, о, у, и, е, ö, і, ü.

Тува-қарағас жүйесінде созылыңқы және қысаң дауыстылармен қатар дауыстылардың фарингализациясы, яғни дауыстылардың үш жақты қарама-қарсылығы ұшырасады, мысалы, а – а: – ah.

Синхрондық жағынан қазіргі дауысты дыбыстар жүйесінің көпшілігі «өтпелі» болып табылады, басқаша айтқанда, оғыз-қыпшақ (бұл ғағауыз тілінде), қыпшақ-алтай (бұл хакас тілінде) қатарлары бар. Ал тарихи тұрғыдан қарағанда, дауысты дыбыстар жүйесі күрделі, бұл жәйт бірнеше тілдік жүйенің, мәселен, түркі тілдерінің және түркі тілдері мен басқа құрылымдағы тілдердің (иран, фин-угор, славян) бір-біріне өзара ықпалының нәтижесі болып табылады. Бұған оғыз-қыпшақ типіндегі құмық тілі (барлық диалектілерін қоса есептегенде) немесе өзбек тілі жүйесі, алты дауыстының (о, е, і, и, а, ой) парсыланған жүйесі дәлел бола алады. Якут, чуваш, тува, жаңа ұйғыр, сары ұйғыр тілдері жүйелері – тарихи тұрғыдан аралас жүйелер.

Қазіргі алтай-қырғыз жүйесі қосымша түсіндіруді қажет етпейді, өйткені бұл типте созылыңқы дауыстылардың екіншілік сипаты бұрыннан анықталған және квантитет бойынша дауыстылардың қарама-қарсылығы жаңа қолданыс болып саналады¹.

А.Н.Кононов VII-IX ғасыр түркілері тілі дауыстылар жүйесінің сапалық сипаттамасын жасауда жалпы адамзаттың сыртқы дыбыстау мүшелерінің қатысы арқылы анықталатын әлемдік фонетикалық топтастырудың негізгі үш критерийін қолданады. «1. Көне түркі дауыстылары жақтың ашылу деңгейі мен тілдің көлденең қозғалыстағы жағдайына қарай үш деңгейлі оппозиция құрайды. Ашық: а, ä. Орташа ашық: (e), o, ö. Қысаң: і, і, u, ü. 2.

¹Түркі тілдерінің салыстырмалы- тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009. – – Б.22.

Жасалу орнына қарай (жуан/соңғы қатар – жіңішке/алдыңғы қатар) көне түркілік 8 дауысты былай бөлінеді. Жуан қатар: а, о, и, і. Жіңішке қатар: ә (е), ө, ү, і. 3. Еріннің қатысына қарай еріндік және еріндік емес (езулік) болып бөлінеді. Еріндік: о, ө, и, ү. Езулік: а, ә (е), і, і»¹.

Қазіргі қыпшақ тобындағы дауыстылар жүйесі Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тіліндегі дауыстылар жүйесінен құрамы жағынан айтарлықтай ерекшеленбейді. Басты ерекшелік – қазіргі тілдерде ә дыбысының дербес фонема ретінде қолданылуында ғана. Қазіргі түркі тілдерінің көпшілігінде қолданылатын ә дауыстысы Орхон-Енисей ескерткіштері тілінде де қолданыста болғанын, көне түркі әліпбиі дауыстылар жүйесі 9 фонемадан тұратынын көрсететін еңбектер бар². Қазақ ғалымы Ғ.Айдаров көне түркі ескерткіштері тіліне қатысты еңбектерінде тек е дауыстысын ғана қолданса³, И.Л.Кызласов, Л.С.Левитская тәрізді белгілі түркітанушылар «ә, е дыбыстары бір фонеманың варианттары ретінде қатар қолданыста болған» деген пікірде⁴.

Қазіргі түркі тілдерінің біразында, сондай-ақ орта ғасыр түркі тілдерінің деректерінде ә фонемасының қолданылмауына байланысты мамандар ә дыбысын кірме элемент ретінде қарастырады, ал таза түркілік фонема ретінде е дыбысын таниды. Мәселен, К.Мұсаев Сібір түркі тілдері дауыстылар жүйесінде ә дыбысының қолданылмауын олардың араб-парсы ықпалына ұшырамағандығымен, араб әліпбиін пайдаланбауымен түсіндіреді, түркілерге ә фонемасының келуін түркі халықтары мен парсылардың тығыз қарым-қатынасымен, парсы мәдениетінің түркілер арасында кеңінен таралуымен байланыстырады⁵. Ә (ä)

¹ Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX вв. – Л.: Наука, 1980. – С.60– 61.

² Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек: Кыргызстан, 1997. – С. 91, 93; Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических письменностей VII– IX вв. – Л.: Наука, 1980. – С. 60.

³ Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.; Айдаров Ғ. Тоникүк ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – 120 б.

⁴ Кызыласов И. Л. Рунические письменности Евразийских степей. – М., 1994. – С. 137; Левитская Л. С. Историческая фонетика чувашского языка. – М., 1966. – С. 9.

⁵ Мусаев К. О девятой гласной фонеме ä в древнетюркских языках рунических памятников и в протюркском // Түркология. № 1. 2004. – С. 48– 53.

дыбысын түркі тілдері фонологиялық жүйесінің дамуындағы кейінгі құбылыс ретінде таныған Н.А.Баскаков көне түркілік дауыстылар жүйесіне аталған дыбысты қоспайды. Ол Иран субстратының ықпалына ұшыраған жалпытүркілік вокализмдер жүйесінің деформациалануы нәтижесінде қалыптасқан *ä* дауыстысының қолданыс аясы оғыз тобындағы әзірбайжан, гагауыз, қарлұқ тобындағы ұйғыр, өзбек, қыпшақ тобындағы татар, башқұрт тілдерімен ғана шектелетінін айтады¹.

Көне түркі тілі дауыстылар жүйесінің құрамын толық сақтаған қазіргі қыпшақ тілдеріндегі вокализмдер жүйесі аздаған артикуляциялық ерекшеліктері бар 8-9 дауыстыдан тұрады.

Қыпшақ тобына кіретін қазақ тілінде дербес қолданылатын моносиллабтар құрамында дауысты дыбыстар өте қысқа болып айтылмайды, тек эмоционалдық-стильдік ыңғайда, императивтік мәнде жұмсалғанда ғана біршама қысқа айтылуы мүмкін. Бұл дербес моносиллабтар құрамындағы дауыстылар мен полисиллабтар құрамындағы дауыстылардың сапалық деңгейінің біркелкі еместігін көрсетеді.

§2. Қазақ және татар тілдері дыбыстық жүйелерінің зерттелуі

Қазақ тілінің фонетикасына қатысты алғашқы пікірлер ХІХ ғасырдың екінші жартысында Н.И.Ильминский, В.В.Катаринский, П.М. Мелиоранский, В.В.Радлов, А.В.Старчевский сынды орыс ғалымдарының зерттеулерінде көрініс берді.

Н.И.Ильминский 1861 жылы Қазан қаласында жарық көрген «Материалы к изучению киргизского наречия» деген еңбегінде қазақ тіліндегі дыбыстарды екі топқа бөліп, оларды өзара артикуляциялық жуықтығына қарай жіктей келе, дауыстылардың сегіз түрін (а, ä, е, і, и, о, ö, у, ü), дауыссыздардың он тоғыз түрін (р, м, w, t, d, n, ž, z, š, s, r, l, j, q, ү, к, g, ŋ) атап көрсетеді. Н.И.Ильминский тіл алды ашық ä (ə) дауыстысын жеке фонема

¹ Баскаков Н.А. Историко – типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988. – С.96.

деп емес, а дауыстысының варианты ретінде атайды¹.

В.В.Радловтың «Сравнительная грамматика северных тюркских языков. Фонетика. Т.І.»² атты еңбегінде алғаш рет түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы өзектеліп, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі жайлы құнды мәліметтер беріледі. В.В.Радлов қазақ вокализмі 9 дауыстыдан (а, ә, е, о, ө, и, ү, і, і), консонантизм саласы жиырма дауыссыздан құралатынын айта келіп, тоғыз дауысты дыбысты ашық (а, ә, е, о, ө), қысаң (і, і, и, ү), жуан (а, о, и, і), жіңішке (ә, е, ө, і, ү), еріндік (о, ө, и, ү) және езулік (а, ә, е, і) деп топтастырады. Ал дауыссыздарды іштей қатаң (q, k, t, p, s, š), ұяң (γ, g, d, b, z, ž), үнді (n, ŋ, m, r, l, j) және аралық немесе жарты дауысты (w, ij) деп төрт түрлі топқа жіктейді. В.В.Радлов көп буынды сөздерде екпін негізінен сөздің соңғы буынына түсетініне көңіл аударады.

Қазақ тілінің грамматикасына байланысты біршама толық мәлімет П.М.Мелиоранскийдің 1894-1895 жылдары шыққан «Краткая грамматика казах-киргизского языка» атты еңбегінде беріледі. Еңбектің фонетикаға арналған тарауында дыбыстардың артикуляциясы, дыбыстардың комбинаторлық алмасуы, сөз шенінде қолданылу ерекшелігі, үндестік заңы мен екпін мәселесі сөз болады. П.М.Мелиоранский қазақ вокализмі тоғыз дауыстыдан (а, ә, е, о, ө, и, ү, і, і), дауыссыздар жүйесі жиырма дыбыстан (b, p, m, t, d, n, ž, z, š, s, r, l, k, g, č, q, γ, ŋ, j, i [дж]) құралатынын атап көрсетеді. Дауыстыларды жуан-жіңішке, ашық-қысаң деп жіктей келіп, П.М.Мелиоранский «*қу, ту, би*» сөздеріндегі «у», «и» дыбыстарын естілуіне қарай созылыңқы дыбыстар деп көрсетеді³.

XX ғ. алғашқы ширегінде қазақ тіл білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы. Қазақша әліппе» (1912), «Тіл-құралы» (1925), «Дыбыстарды жіктеу туралы» (1928) сынды еңбектері арқылы қазақ фонетикасының ғылым саласы ретіндегі іргетасы қаланды. А.Байтұрсынұлы «Құралдарында» қазақ

¹ Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861.

² Radloff W. Vergleichende Grammatik der nordlichen Turksprachen. Th. I. Phonetik. –Leiptsig, 1882–1883.

³ Мелиоранский П.М. Краткая грамматика казах – киргизского языка. Ч.1. Фонетика и этимология. // СПб., 1894.

тілінде а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і тәрізді тоғыз дауысты дыбыстың бар екенін, араб графикасына негіздеген дауыстылардың төртеуі жіңішке және төртеуі жуан дауысты дыбыстар болатынын айтады. 1912 жылы «Айқап» журналында жарияланған «Жазу тәртібі» деп аталатын мақаласында А. Байтұрсынұлы: «Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты. Дауысты дыбыстар: а, о, ұ, ы, е. Дауысты дыбыстар а, о, ұ, ы осы тұрған күйінде жуан айтылады», - дейді де, сөздің алдында дәйекше (араб графикасында қолданылатын белгі) тұрса, «сөз ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз» - дейді. Осылай зерттеуші тіліміздегі төрт жуан дауысты және олардың төрт жіңішке сыңары болатынын айтады. А. Байтұрсынұлынан кейін қазақ фонетикасының жекелеген мәселелері қазақ алфавитін, графикасын, орфографиясын жетілдіруге қатысты сөз бола бастады. «Жаңа мектеп», «Төте оқу», «Халық мұғалімі» тәрізді жарияланымдарда қазақ тілінің дыбыстарына, үндестік заңына, әріп, буын мәселелеріне қатысты үлкенді – кішілі мақалалар мен бірлі-жарым еңбектер жарық көрді¹.

Қ. Жұбановтың «Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар. 1 кесек, Қазақ тілінің фонетикасы» (1933), «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы» (1935), «К постановке исследования истории фонетики» (1935) т.б. зерттеулері арқылы қазақ фонетикасының ғылым саласыны ретіндегі теориялық-методологиялық негізі салынды.

Профессор Қ. Жұбановтың «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде» (Алматы, 1966) жалпы фонетика және фонологияның кейбір мәселелері, қазақ фонетикасының теориялық мәселелері, айталық, тіл дыбыстарының фонологиясы мен жіктелуі, дыбыстардың өзгеру құбылысы, үндестік заңы, буын құрылысы және акцентуация туралы соны да тың пікірлер айтылады. Қ. Жұбанов – қазақ дыбыстарының артикуляциялық кестесін алғаш жасап, ғылыми негізде ұсынған ғалым. Ол қазақ тілінің дыбыстарын дауысты, дауыссыз, сонор деп үшке жіктейді де, дауыстыларды толық (а/ә, е, о/ө), келте (ы/і, ұ/ү), және қосынды дауыстылар (ұу, үу, ый, ій) деп үшке бөледі. Үні мен салдыры тең

¹ Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988. – Б.8.

дыбыстарды сонор дыбыстар деп атай отырып, олардың қатарына у, й, р, л, м, н, ң дыбыстарын жатқызады. Сонор дыбыстардың өзін іштей тура жолды (у, й) және айналмалы жолды (р, л, м, н, ң) деп, ал айналмалы жолды дыбыстарды іштей мұрын жолды (м, н, ң) және ауыз жолды (р, л) деп жіктейді. Сонор дыбыстардан өзге дауыссыздарды үнді және үнсіз деп жіктеген Қ.Жұбанов олардың қ-ғ, к-г, ш-ж, с-з болып, «егіз-жұбайлас» жұп құрайтынына да айрықша мән береді. Дауыссыздарды айтылуына қарай үздікті (қ-ғ, к-г, т-д, п-б) және үздіксіз (ш-ж, с-з), салдыр дауыссыздарды жасалу орнына қарай көмей (қ, к, ғ, г), ерін (п, б) және тіс (т, с, ш, д, ж, з) дыбыстары деп бөле келіп, үздікті дыбыстардың өзін жабысыңқы және жуысыңқы, жуысыңқы дыбыстарды іштей сыбыр (с, з) және сыбыс (ш, ж) дыбыстары деп жіктейді¹.

1938 жылы Қазақстан Орталық Атқару Комитеті мен Халық Комиссарлар Советінің «Қазақ тілінің әліппесі мен емлесіне кейбір өзгерістер енгізу туралы» қабылдаған қаулысы бойынша қазақ алфавитіне жаңадан х, ф, в таңбалары енгізілді. Қаулыға сәйкес қазақ тілінде а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і, и, у дауыстылары нақтыланып, саны 11-ге жеткізілді.

1940 жылы орыс жазуына көшуге шешім қабылданып, орыс тілінен енген терминдердің мүмкіндігінше қалпын сақтап жазуға ден қойылғандықтан, дауыстылардың саны тағы да ұлғаяды. Осыған орай, С.Аманжолов «Жаңа алфавиттің принциптері», «Жаңа алфавитті үйренушілерге көмек» деген мақалаларында қазақ тіліндегі дауыстылар санын 14-ке жеткізді. Қалыптасқан 11 дауыстыға орыс тілінен енген сөздермен бірге келген э, ю, я әріптері қосылды².

1944 жылы Ғ. Бегалиев пен Н. Сауранбаевтың педучилище оқушылары мен бастауыш мектептерінің мұғалімдеріне арналған «Қазақ тілінің грамматикасы» деп аталатын оқу құралы жарық көрді. Мұнда бұрыннан келе жатқан дауыстыларға э дыбысы қосылып, дауыстылардың саны 12 деп көрсетілді.

Қазақ тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды нақтылау мәселесі 1950 жылдардан кейін одан әрі жалғастырылып, қазақ

¹ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – Б. 169–170.

² Аманжолов С. Жаңа алфавиттің принциптері // Социалистік Қазақстан, 1941, ақпан.

тілінің фонетикасына арналған зерттеулерде, оқулықтар мен оқу құралдарында қазақ тіліндегі дыбыстың жалпы саны – 26, 28, 36, 37, 38, 39, 40; дауысты дыбыстар саны – 11, 12; дауысыздар саны – 24, 25, 26 болып әр қилы көрсетіледі¹.

Қазіргі қазақ тілінің дыбыстық жүйесінің жалпы сипатына қатысты нақты орныққан пікір бойынша қазақ тілінде 12 дауысты (а, ә, е, и, о, ө, у, ұ, ү, ы, і, э), оның ішінде 9 төл дауысты, 26 дауыссыз дыбыс (б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, қ, ң, щ) бар деп көрсетіледі².

Қорыта айтқанда, қазақ тілінің фонемалар жүйесі, дауысты және дауыссыз дыбыстардың табиғаты, жіктелімі, қазақ аффрикаттарының артикуляциялық ерекшелігі және фонематикалық мәні, дыбыстардың сөз шенінде кездесу ыңғайы, үндестік заңы, дауысты дыбыс үндестігі, кейінді және ілгерінді ықпал, қазақ тілінің буын құрылысы, буын жігі, буын түрлері, буын жүйесіндегі жаңа құбылыстар, екпін және оның түрлері, қазақ тілінің фонетикалық транскрипциясы, дыбыстардың редуцияға ұшырауы, фонологиялық жүйе және фонетикалық белгі, қазақ тілінің дыбыстарын тәжірибе (эксперименталдық) фонетикасының әдіс-тәсілдері арқылы зерттеу, ауызекі тілдегі дыбыс жүйесінің ерекшеліктері т.б. көптеген мәселелер қазақ тілінің фонетикасы саласында зерттеудің арнайы нысанына алынып, жан-жақты зерттелуде³.

¹ Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1987. – 352 бет; Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988. – 144 бет; Оралбаева Н., Әбдіғалиева Т., Шалабаев Б. Практикалық қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 272 бет; Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 136 бет; Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. (Педагогикалық училищеге арналған оқулық). – Алматы: Мектеп, 1982. – 284 бет; Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқасымов А. Қазақ тілі (ЖОО. Филология факультетіне арналған оқулық). – Алматы: Мектеп, 1982. – 296 бет; Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы: Қайнар, 1993. – 170 бет; Маманов И. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1989. – 176 бет; Бектұров Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі. – Алматы: Білім, 1994. – 224 бет, т.б.

² Строй казахского языка: фонетика /Ж.Абуов, З.Базарбаева, А.Джунисбеков, С.Мейрбекова. – Алма-Ата: Ғылым, 1991. – 125 с.

³ Кеңесбаев І.К., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962; Кеңесбаев С.К. Современный казахский язык. Фонетика. – Алматы, 1962; Кошкараров А. Спектральный анализ фрикативных согласных казахского языка в структурах типа СГС, ГСГ: (Экспериментально – фонетическое исследование): Автореф. Дисс. ... канд. филол.наук. – Алма-Ата, 1971; Джунисбеков А. Гласные казахского языка. – Алма – Ата, 1972; Джунисбеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма – Ата, 1980; Омарбеков С., Жүнісбеков

Татар тілінің фонетикасы туралы алғашқы мәлімет К.Насыридін «Татардың қысқаша грамматикасында» (1860) беріледі. Түркі тілдерінің фонетикалық құрылысын салыстыра зерттеуге қосылған айрықша үлес ретінде бағаланатын В.В.Радловтың «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы» (1896) атты еңбегінде де татар тілінің дыбыстары жөнінде мағұлмат орын алады.

Дж.Валидидің «Татар теле грамматикасы» (1919), Г.Алпаровтың «Шэкли нигездэ татар грамматикасы» («Татар тілінің формалды грамматикасы») (1926), В.А.Богородицкийдің «Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками» (1934), Р.Ф.Шакированың «Хәзерге татар теле фонетикасына кереш» («Қазіргі татар тілі фонетикасына кіріспе») (1954.) тәрізді еңбектер татар тілінің дыбыстық құрамының сипатын ғылыми тұрғыдан негіздеуге арналған іргелі зерттеулер болып табылады. Мұндай зерттеулер қатарын М.З.Закиевтің татар фонетикасына қатысты толыққанды сипаттамасы («РФ мемлекеттік тілдері», 1995) атты еңбектегі «Татар тілі» бөлімі толықтыра түседі. Бұл зертеулердің қай-қайсысында татар тіліндегі дыбыстардың классификациясы, олардың артикуляторлық сипаттамасы, дыбыстардың өзгерістері, сингармонизм, ассимиляция, диссимиляция, буын, екпін, орфоэпияның кейбір мәселелері, сондай-ақ татар дыбыстарын басқа түркі тілдерінің дыбыстарымен салыстыру сөз болады.

В.А.Богородицкий зерттеулері арқылы басталған татар фонетикасын эксперименталдық тұрғыдан зерттеу ісі оның шәкірті Г.Ш.Шарафтың «Палятограммы звуков татарского языка сравнительно с русским» (1927), «Сонорная длительность татарских гласных» (1928) атты зерттеулері арқылы жалғастық тапты. Ал У.Ш.Байчура зерттеулерінде татар тілінің дыбыстық құрылымы кимографиялық және осциллографиялық әдістер арқылы зертелді¹. Татар тілінің дыбыстарын тәжірибе

Ә. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1985; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: Фонетика, морфология. – Алматы, 1981; Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988; Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009; Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. т.б.

¹ Байчура У.Ш. Звуковой строй татарского языка: Экспериментально – фонетичес-

(эксперименталдық) фонетикасының әдіс-тәсілдері арқылы зерттеу Ш.Н.Асылгараев¹, Т.И.Ибрагимов², М.Х.Бакиров³, Р.М.Балтаева⁴, Х.Х.Салимов⁵ зерттеулерінде көрініс тапты. Ал ХХ ғасырдың соңы - ХХІ ғасыр басынан татар тілінің дыбыстық жүйесін зерттеуде компьютерлық технологияға жүгіну кең өріс ала бастады. Г.М.Сунгатов, Х.Х.Салимов, Т.И.Ибрагимов, М.Р.Сайхунов және т.б. зерттеулерінде⁶ татар тілінің дыбыстық жүйесіне тән ерекшеліктер компьютерлық лингвистиканың озық әдістері негізінде тереңдей зерттеле түсті.

Татар тілі фонетикасының дербес сала ретінде қалыптасу тарихында дауысты фонемалардың саны және құрамы жайлы әр түрлі көзқарас орын алады. Алғаш татар тіліндегі 10 дауысты дыбысты көрсеткен К. Насыри болды. Ол «Әнмүзәж» (1895) кітабында а-ә, у-ү, о-ө, ы-е, ый-и дауыстыларын санамалап көр-
кий очерк / У.Ш. Байчура. – Казань: Изд- во ЮГУ, 1959. – Ч. I. – 183 с.; Байчура У.Ш. Звуковой строй татарского языка в связи с некоторыми другими тюркскими и финно-угорскими языками / У.Ш.Байчура.– Казань: Изд – во КГУ, 1961.– Ч. II. – 391 с.

¹ Асылгараев Ш.Н. Синтагматическое членение татарской речи (экспериментально – фонетическое исследование): Дис. ...канд. филол. наук / Ш.Н.Асылгараев. – Казань, 1968.– С. 265;

² Ибрагимов Т.И. Изучение образования слогов и структуры их сочетаний в татарском литературном языке: Дис. ... канд. филол. наук / Т.И. Ибрагимов. – Казань, 1970.

³ Бакиров М.Х. Закономерности тюркского и татарского стихосложения в свете экспериментальных исследований / М.Х.Бакиров. – Казань, 1972. – 298 с.

⁴ Балтаева Р.М. Интонационная структура общего вопроса в современном татарском языке: Дис.... канд. филол. наук / Р.М.Балтаева. – Казань, 1973.

⁵ Салимов Х.Х. Спектральный анализ татарских гласных: Дис. ... канд. филол. наук / Х.Х.Салимов. – Казань, 1975.

⁶ Сунгатов Г.М. Фонетическая система заболотного говора тоболо – иртышского диалекта сибирских татар (экспериментально– фонетическое исследование): Автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.02. / Г.М.Сунгатов. – Казань, 1991. – 23с; Салимов Х.Х. Просодическая система татарского языка: Дис. ... докт. филол. наук / Х.Х.Салимов. – Казань, 1999; Ибрагимов Т.И. Вопросы интонационного синтеза татарской речи. Реконструкция ритмики письменного текста / Т.И.Ибрагимов, М.Р.Сайхунов // Труды Казанской школы по компьютерной и когнитивной лингвистике ТЕМ – 2008. – Казань: Изд – во Казан, гос. ун– та, 2009. – С. 123– 128.; Ибрагимов Т.И. К проблеме реконструкции звучания письменного текста. Редукция кратких гласных в татарском языке / Т.И.Ибрагимов, М.Р.Сайхунов // Ученые записки Казанского государственного университета. Серия гуманитарные науки. Книга 3 / науч. ред. М.Х.Салахов. – Казань: Изд – во Казан, гос. Ун – та, 2009. – С. 288– 298; Сайхунов М.Р. Ритмо– темпоральные характеристики татарского языка в плане автоматического синтеза речи: Автореф. дис. канд. филол. наук / М.Р.Сайхунов; – Казань, 2010.– 26 л.

сетеді¹. Г.Алпаровтың «Шәкли нигездә татар теленең грамматикасында» (1928) жуан және жіңішке дыбыстар болып қосарланған бұл дыбыстар бір дыбысқа айналып, татар тілінде 5 дауысты дыбыс бар деп қарастырылады. Г.Алпаров өзіне: «Дыбыстардағы жуандық, жіңішкелік жалғыз бір дыбыстың екі түрлі айтылуы ма әлде екі дыбыстың бір-бірен ұқсауы ма?» деп сұрақ қояды да, бірден өзі жауап береді: «Әрине, бір дыбыстың екі түрлі айтылысы ғана»². Өз ойын Г.Алпаров былай деп жалғастырады: «Бізде сөйлеушінің психологиясында, тіліміздің морфологиясында негіз болған дыбыстар төменде жуан да, жіңішке де болмаған бірер ғана дыбыс болып, олардың әр бірі сингармонизм табиғатына жақындап, не жуан, не жіңішке – екі түрде, яғни бір дыбыс екі реңкте айтылады. Бұл табиғат – барлық дыбыстар үшін ортақ, өзгермейтін бір заңдылық. Дауыссыз дыбыстар да, дауысты дыбыстар да сол заңдылыққа бағынады»³.

Р.Ф.Шакирова татар тілі дауыстыларының фонемалық табиғатын тексеріп, олардың санын 12 деп белгілейді: 10 дауысты татар тілінің өзінікі, \bar{o} \bar{e} – орыс тілінен енген кірме фонемалар. Олардың қатарына Ә. Әфлатунов тағы бір орыс фонемасын қосады: ы

Татар тілінде дауыссыз фонемалар құрамын белгілеуде де пікір қайшылығы орын алады. Мәселен, Г.Алпаров әр дыбыстың жуан және жіңішке болып айтылатынын ескеріп, 46 дауыссыз дыбысты көрсетеді. Оның кестесінде 23 дауыссыз орналастырылған⁴. Ә.Әфлатунов дауыссыздар саны 28 деп⁵, Х.Сәлимов 27 деп көрсетеді⁶. Қазіргі таңда қазіргі татар тілінде 28 дауыссыз дыбыс бар деп саналады.

Ф.С.Сафиуллина мен М.З.Зәкиевтің авторлық бірлестігімен 1994 жылы жарық көрген «Хәзерге татар әдеби теле» деп аталатын еңбектің фонетика бөлімінде 12 дауысты, 28 дауыссыз көрсетіліп, әр дауысты және дауыссыз дыбыстың акустика-артику-

¹ Насыйри К. Әнмүзәж. – Казан, 1975. – Б. 3.

² Алпаров Г. Сайланма хезмәтләр. – Казан, 1945. – Б. 42.

³ Алпаров Г. Сайланма хезмәтләр. – Казан, 1945. – Б. 42.

⁴ Әфлатунов Ә.Хәзерге татар теленең фонетикасы. – Казан, 1962. – Б.7.

⁵ Алпаров Г. Сайланма хезмәтләр. – Казан, 1945. – Б. 38.

⁶ Әфлатунов Ә.Хәзерге татар теленең фонетикасы. – Казан, 1962. – Б.23.

⁷ Сәлимов Х.Татар теленең аваз составы турында кайбер фикерлар. – Казан, 1982. – Б. 10

ляциялық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады, соның негізінде татар тілінің дыбыстық жүйесіне толыққанды ғылыми сипаттама беріледі.

§3. Қазақ және татар тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі жіктелім

Қазақ және татар тілдері дыбыстық жүйелерінің салыстырмалы сипаттамасын беруде татар тілінің дыбыстық жүйесінің жіктелімі, татар тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың жалпы сипаты бойынша айтқан Ф.С.Сафиуллина мен М.З.Зәкиев пікірлерін негізге алуға болады¹.

Дыбыстар ежелден дауысты және дауыссыз деп бөлінеді. Акустикалық жақтан дауыстылар мен дауыссыздар үн мен салдырдың қатынасына қарай бөлінеді. Дауыстылар үннен ғана жасалады, ал дауыссыздар салдырдан жасалып, дауыс болуы (ұяң) да, болмауы да (қатаң) мүмкін. Дауыссыздардың бір түрінде үн салдырға қарағанда басым болып, дауыстыларға жақындайды. Олар: м, н, ң, л, р, й, w. Бұл дыбыстар акустикасы жағынан ғана дауыстыларға жақын, ал айтылуы (артикуляциясы) жағынан олар дауыссыздар болып есептеледі.

Дауыссыздар мен дауыстылар арасындағы артикуляциялық айырмашылықтар мынадай жағдайларға негізделеді: дауыстыларды айтқанда күш бүкіл сөйлеу аппаратына жайылады, ал дауыссыздарды айтқанда күш сөйлеу аппаратының бір бөлігіне ғана түсіп, кедергі сол орында жасалады. Кедергінің сипаты дауыстылар мен дауыссыздарды айтқанда түрліше болып келеді. Мәселен, дауыстыларды айтқанда, сөйлеу каналы қысылса да, ауа ағымы үшін ашық қалады, дыбыс желбезегі толықтай тербеледі, ауа кедергіге ұшырамайды. Ал дауыссыз дыбыстар айтылғанда дауыс желбезегі аз қатысады немесе мүлде қатыспайды, ауа кедергіге ұшырайды. Дауыстылар мен дауыссыздар ауа ағымының күшіне қарап та бөлінеді. Дауыстылар жолдарында

¹ Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдеби теле. – Казан: Мәгариф, 1994. – Б. 159– 174.

кедергі болмауы себепті, аз күшпен айтылады, ал дауыссыздар жолындағы кедергіден өтіп кету үшін біршама күшпен жасалады.

Сайып келгенде, дауыстылар мен дауыссыздар бір - бірінен бірден бөлініп, ажырап кетпейді, олардың арасында бірінен-біріне ақырындап ауысу құбылысы орын алады. Екі поляр шегінде дауыстылар мен қатаң дауыссыздар тұрады: біріншісі тек үннен тұратын болса, кейінгісі тек салдырдан тұрады. Ұяң дауыссыздар дауыстыларға үнмен және аз ғана күшпен айтылатындығы жағынан жақын. Сонор (мұрын жолды) дауыссыздар дауыстыларға акустикалық жақтан ұқсас. Дауыстылар мен дауыссыздардың акустикалық және артикуляциялық айырым белгілері олардың тілдегі рөлдеріне де әсер етеді. Дауыстылар буын жасайды, буынның өзегі бола алады. Дауыссыздар дауыстылармен бірге ғана келеді, өздері буын құрай алмайды.

Сонымен, қазақ және қаза тілдеріндегі дыбыстардың жіктелімін кестеде көрсетсек:





§4. Қазақ және татар тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелісі

Әрбір тілде дауыстылардың белгілі бір жүйесі бар. Ол вокализм (лат. *vokalis* - дауысты дыбыс) деп аталады.

Қазіргі қазақ тілінің дауыстылар жүйесі 12 дауысты дыбыстан құралады: а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э. Бұлардың тоғызы (а, ә, е, о, ө, ұ, ү, ы, і) қазақтың төл дауысты дыбыстары, ал үшеуі (и, у, э) орыс тілінен енген сөздер арқылы енген кірме дауыстылар болып саналады.

Қазіргі татар тілінде 12 дауысты фонема бар деп саналады: оның 9-ы татардың төл дыбыстары (а-ә, у-ү, о-ө, ы-е, и) және 3 кірме фонема: \bar{o} , \bar{y} , $\bar{э}$.

Қазақ және татар тілдерінде дауыстыларды жіктеуде олардың артикуляциялық және акустикалық белгілері негізге алынады.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар құрамына қарай жалаң (а, ә, ы, і, ұ, ү) және құранды (е, о, ө) болып екіге бөлінеді. Жалаң дауысты дыбыс бастан-аяқ бірдей айтылады да, құранды дауысты дыбыс бір дыбыстан басталып, екінші дыбыспен аяқталады¹.

Дауыстылардың жасалуында тілдің және еріннің маңызы ерекше. Тілдің орны өзгеріп, резонаторды өзгертеді және сонымен бірге түрлі дауысты дыбыстар пайда болады. Тіл алға да, артқа да, астыға да, үстіге де қозғалады, яғни горизонталды және вертикалды қозғалыста болады.

¹ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 54.

Қазақ тіліндегі дауысты дыбыстарды Ә.Жүнісбек акустика-артикуляциялық ерекшеліктеріне қарай бес топқа бөледі:

1. Тілдің көлденең қалпына (қатысына) қарай: а) тіл арты дауыстылар, ә) тіл ортасы дауыстылар;

2. Тілдің (жақтың) тік қалпына (қатысына) қарай: а) ашық дауыстылар, ә) қысаң дауыстылар;

3. Еріннің қалпына (қатысына) қарай: а) ерін(дік) дауыстылар; ә) езу(лік) дауыстылар;

4. Өуез қатысына қарай: а) жуан дауыстылар; ә) жіңішке дауыстылар;

5. Құрамына қарай: а) жалаң дауыстылар, ә) құранды дауыстылар.

Ғалым қазақ тіліндегі е, о және ө дауысты дыбыстарды құранды, яғни дифтонг дауысты дыбыстар қатарына жатқызып, осы үш дауысты дыбысты екінші сыңарының тілдің тік қалпына қарай қысаң деп көрсетеді².

Қазақ тілінде жуан (тіл арты) дауыстыларға а, о, ұ, ы, жіңішке (тіл ортасы) дауыстыларға ә, е, ө, ү, і дыбыстары жатады. Еріндік дауысты дыбыстар айтылғанда ерін дөңгеленіп сүйірленеді, ал езулік дауыстылар айтылғанда ерін екі жаққа тартылып, езу жиырылады. Қазақ тіліндегі о, ө, ұ, ү, у дыбыстары еріндік дауыстылар, а, ә, ы, і, е, и дыбыстары езулік дауыстылар саналады.

Қазақ тілінде дауыстылар жақтың қатысына қарай ашық және қысаң болып екіге бөлінеді: а, ә, е, о, ө дыбыстары ашық, ал ұ, ү, ы, і, и, ұдыбыстары қысаң дауыстылар. Мұны кестеде көрсетсек:

Дауысты дыбыстар - 12		а, ә, е, и, о, ө, ұ, ү, у, ы, і, э.
Құрамына қарай	жалаң дауыстылар	а, ә, ы, і, ұ, ү
	құранды дауыстылар	е, и, о, ө, у.
Тілдің қатысына қарай	жуан дауыстылар	а, о, ұ, ы
	жіңішке дауыстылар	ә, ө, ү, і, е, у, и.

¹ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 61 – 62.

² Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 57 – 58.

Еріннің қатысына қарай	езулік дауысты дыбыстар	а, ә, ы, і, е, и.
	еріндік дауысты дыбыстар	о, ө, ұ, ү, у;
Жақтың қатысына қарай	ашық дауысты дыбыстар	а,ә, ө, о, е;
	қысаң дауысты дыбыстар	ұ, ү, ы, і, и, у

Татар тілінде дауысты фонемалар төрт белгі бойынша бөлінеді: қатарына/ретіне, тіл көтерілісіне қарай, еріндік болу-болмауы және ұзындық мөлшері бойынша. Мұны кестеде көрсетсек:

Дифференциалды белгі Фонема	Қатар/рет		Көтеріліс			Еріндік		Ұзындық	
	алдыңғы	артқы	жоғары	орта	төмен	еріндік	езулік	ұзын	қысқа
а	-	+	-	-	+	-	+	+	-
ә	+	-	-	-	+	-	+	+	-
у	-	+	+	-	-	+	-	+	-
ү	+	-	+	-	-	+	-	+	-
о	-	+	-	+	-	+	-	-	+
ө	+	-	-	+	-	+	-	-	+
ы	-	+	-	+	-	-	+	-	+
е	+	-	-	+	-	-	+	-	+
и	+	-	+	-	-	-	+	+	-
о̄	-	+	-	+	-	+	-	+	-
э̄	+	-	-	+	-	-	+	+	-
ы̄	-	+	+	-	-	-	+	+	-

Татар тілінде дауыстылар тілдің горизонталды, вертикалды-қозғалысы бойынша еріннің қатысына қарай, өлшем ұзындықтары бойынша және жұмсақ таңдайдың қатысына қарай бөлінеді².

¹ Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдеби теле. – Казан: Мәғариф, 1994. – Б.164.

² Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдеби теле. – Казан: Мәғариф, 1994. – Б.160.

1. Тілдің горизонталды қозғалысы бойынша дауыстыларды алдыңғы қатар (тіл алды), *артқы қатар* (тіл арты) деп бөледі. Алдыңғы қатар дыбыстары жасалғанда, тіл алға келеді, тіл ұшы астыңғы тістерге тиеді, тіл артының орта бөлігі жұмсақ таңдайға көтеріледі. Алдыңғы қатар дыбыстары – и, э, е, ә, ү, ө. *Артқы қатар дыбыстары* жасалғанда, тіл бүтін салмағымен артқа кетеді, тіл артының артқы бөлігі жұмсақ таңдайға көтеріледі, тіл ұшы түсіп тұрады және астыңғы тістерден біраз алыстайды. Артқы қатар дыбыстары – а, у, о, ы, \bar{o} , \bar{y} . Бұл дыбыстарды жуан және жіңішке дыбыстар деп те атайды.

Артқы қатар: а, у, ы, о	Орыс сөздерінде қолданылатын дыбыстар:
Алдыңғы қатар: ә, ү, е, ө, и	\bar{o} , \bar{y} , $\bar{э}$

2. Тілдің вертикалды қозғалысы бойынша дауыстыларды жоғары көтерілістегі, орта көтерілістегі, *төмен* көтерілістегі дыбыстарға бөледі. Тіл ең жоғарыға көтерілгенде жасалатын дыбыстар – и, \bar{y} , у, ү. Тілдің ең төмен тұрысында жасалған дыбыстар – а, ә. Тілдің орта көтерілісінде – о, ө, \bar{o} , э, ы, $\bar{э}$. Тіл білімінде оларды «қысаң, жартылай қысаң және ашық (кең) айтылыстағы дыбыстар» деп те атайды.

Көптеген еңбектерде осы мәселеде бір өрескел қате жіберіледі, басқаша айтқанда орыс тілінен енген сөздерде ғана ұшырасатын \bar{o} , \bar{y} , $\bar{э}$ дыбыстарын ашық айтылыстағы дыбыстар дейді. Оларды татар тілінің өз сөздерінде қолданылатын о, ә, э дыбыстарынан айырып тұратын бірден-бір белгі деп, яғни біріншілердің ашық, екіншілерінің қысаң айтылуын көрсетеді. Орыс фонетикасы бойынша жазылған еңбектерде \bar{o} , $\bar{э}$ дыбыстарының орта көтерілістегі, яғни жартылай қысаң, ал \bar{y} дыбысының жоғары көтерілістегі, яғни қысаң дыбыс екендігі айтылады. Демек, \bar{o} , $\bar{э}$ дыбыстары ашық-қысаң жағынан о, э дыбыстарымен бір топқа кіреді, ал \bar{y} дыбысы ы-дан ашық емес, зерттеу еңбектерінде ол қысаң, яғни жоғары көтерілістегі дауысты» (Х.Сәлимов. «Татар,

теленен аواز составы турында кайбер фикирләр». Совет мәктәбе, 1982, №11, 30-31 б.).

3. Еріннің қатысына қарай дауыстылар 2 топқа бөлінеді: еріндік (лабиал) – у, ү, о, ө, \bar{o} ; езулік (лабиал емес) – ә, и, ы, э, а, ә, \bar{y} (кесте):

Қатар	Алдыңғы қатар		Артқы қатар	
	еріндік	еріндік емес	еріндік	еріндік емес
Жоғары көтеріліс	ү	и	у	\bar{y}
Орта көтеріліс	ө	э, $\bar{э}$	о, \bar{o}	ы
Төмен көтеріліс		ә		а

4. Ө л ш е м ұ з ы н д ы қ т а р ы бойынша дауыстылар ұзын және қысқа дыбыстарға бөлінеді. Татар тілінде дыбыс ұзындығы мағына білдірмейді. Неміс, чех, фин, түрікмен, тува сияқты тілдерде дауыстылардың ұзынды-қысқалығы оларды басқа дауыстылардан ерекшелейді және мағына айырмашылықтары болады. Орыс тілінде дауыстылардың ұзындығы, негізінен, екпінге байланысты болады. Орыс тіліндегі \bar{o} , $\bar{э}$ және татар тіліндегі о, э дыбыстары ұзынды-қысқалы болып бөлінеді.

5. Ж ұ м с а қ т а ң д а й д ы ң қатысына қарай дауыстыларды мұрын және ауыз дауыстыларына бөледі. Жұмсақ таңдай түсіп тұрса (бұл оның бейтарап халі), мұрын қуысына жол ашылып, мұрын дыбыстары пайда болады. Мұндай дыбыстар поляк, тува, француз, португал тілдерінде бар. Татар тілінде мұндай дыбыстар жоқ.

Дауыстылардың әрқайсысының өзіне тән формант түзілісі бар. Бұл өз кезегінде резонатор орнының формасына және көлеміне байланысты болады. Ауа ағымы жолында күрделі дірілдер пайда болады. Олар жұтқыншақ пен ауыз қуысы арқылы өткенде, түрлі өзгерістерге ұшырайды: дірілдің қайсыбірі

күшейіп, кейбірі әлсірейді. Әрбір дауысты өзіне ғана тән дыбысқа ие болады. Дірілдердің күшейген орны, яғни дауыс энергиясының топтасқан орны форманта деп аталады. Дыбыстардың формант түзілісі олардың шоғырында (спектрінде) анық көрінеді. Дауысты дыбыс шоғырында бірнеше форманта болады және тіл білімі үшін бірінші, екінші форманталар маңызды (F1, F2). Олар тілдің вертикалды және горизонталды қозғалысына байланысты болады және дауыстыны тілдің көтерілісі мен қатары бойынша анықтайды. Бірінші форманта көбірек болса, дыбыс соғұрлым ашық айтылады, тілдің төменгі жағы көтеріледі. Екінші форманта көбірек болған сайын дауысты дыбыс тілдің алдыңғы жағынан айтылады да жіңішке түседі¹.

Татар тілінде дауыстылардың монофтонгтар және дифтонгтарға бөлінетіні де ескерілуі тиіс. Дауыстылардың көпшілігі – монофтонгтар (грек. *monos* – бір, *phthongos* – дыбыс). Олар құрамы жағынан бірыңғай, бір дыбыстан тұрады: а, у, и. Бірақ тілде бір буында бірге айтылатын екі дауысты дыбыс тіркесі болуы да мүмкін. Мұндай дыбыстарды дифтонгтар дейді (грек. *di* – екі, *phthongos* – дыбыс). Дифтонгтар едәуір көп тілде байқалады. Олар, әсіресе, ағылшын, неміс, испан, фин тілдерінде жиі кездеседі. Дифтонгтарды құрамындағы дауыстылардың сипатына қарай екі түрге: шын және жалған дифтонгтарға бөледі. Шын дифтонгтар екі толық дауыстыдан тұрады. Татар тілінде шын дифтонгтар жоқ. Жалған дифтонгтардың бір дыбысы толық, екіншісі жарты дыбыс болады. Мәселен, шын дифтонгтарға латыш тілінен мысалдар келтіруге болады: *tauta* – халық, *meita* – қызым. Жалған дифтонгтарға түркі тілдеріндегі әй-ай, әw–a w тіркесін келтіруге болады. Түркі тілдерінде жалған дифтонгтар ғана бар және олар кейін пайда болған. Мәселен, айырым (қырғ. *ajрым*) – азым сөзінен келіп шыққан; әзірб. дәј – тәг сөзінен (тию), бөйөр – бүгрәк сөзінен, тәймә – түгмә сөзінен, түрік тіліндегі беј сөзі бек сөзінен шыққан. Татар тіліндегі буй сөзі будун сөзінен шыққан².

¹ Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдеби теле. – Казан: Мәгариф, 1994. – Б.161.

² Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдеби теле. – Казан: Мәгариф, 1994. – Б.162.

Дыбыстардың қалай орналасқанына қарай дифтонгтарды бәсең және үдемелі деп бөледі¹: бәсең дифтонгтардың бірінші бөлігі – буын жасауға қатынасушы толық дауысты, екіншісі – жарты дауысты. Мұндай дифтонгтар түркі тілдерінің ішінде татар, башқұрт, қарақалпақ тілдерінде бар: тай, жәй, куй, көй, тав, дәв; башқ.: һыу (су), қарақалпақ: буғау (бұғау), т.б. Бірінші дыбыс жарты дауысты, екіншісі толық дауысты болса, үдемелі дифтонг пайда болады: *wa, ya, йө, йу*.

Бәсең дифтонгтарға ғалымдар төмендегілерді келтіреді: ай-әй, уй-үй, ой-өй, ый-ий, ау-әу, ыу-әу. Үдемелі дифтонгтар: йа-йә, йу-йү, йо-йө, йы-йе, уа-үә, уы-үэ. Бұл жағдайда бірінші дауыстының күші әлсіреп, екінші дауысты толық күшін сақтайды және буын жасайды. Осыған сәйкес, татар тілінде 24 дауысты (дифтонг) бар деп саналады. Бұдан басқа бір буында 3 дауысты дыбыс болуы мүмкін. Оны трифтонг деп атайды: йау-йәу, уай-үәй, йәй (диал.). Мәселен, яңгыр, йау-йәу-йәу! вай-вай.

Дифтонгтар түрлі дыбыстардың қолданысына қарай айтылуын өзгертеді. Бұл олардың шын дифтонг болмағандығын көрсетеді. Сөйлемде дифтонгтар сөздің белгілі бір орнында өзгермейді, не қысқарады, не бір компоненті екінші буынға көшеді: уй-на – у-йын-чык (ой-на – о-йын-шық).

Дифтонгтардан тыс, дифтонгоидтар болады. Олар – дифтонгқа ұқсаған дауыстылар. Бұл термин артикуляциялық жақтан біртүрде болмаған дыбыстарға қарата айтылады. Мұндай дыбыстар татар тілінің диалектілерінде де бар: сыу, кыу, боарып, чеу, коарап. Қазақ, қарақалпақ, ноғай, қарашай-балқар тілдерінде сөз басындағы о, ө дыбыстары дифтонгоид болып айтылады: қ.-қалп. уорын (орын), уоқ (оқ); қ.-балқ. уот (от), уон (он); қаз. уорақ (орақ). Мұндай көрініс өзбек тілінің сингармониялық сипаттағы сөйленістерінде байқалады².

¹ Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдеби теле. – Казан: Мәғариф, 1994. – Б.162.

² Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдеби теле. – Казан: Мәғариф, 1994. – Б.163

§5. Қазақ және татар тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жалпы сипаты

Қазақ тілінің фонетикасына арналған зерттеулер мен оқулықтарды¹, татар тілінің дыбыстық жүйесіне арналған еңбектерді² негізге ала отырып, қазақ және татар тілдерінің дауыстылар жүйесінің төмендегідей салыстырмалы сипаттамасын беруге болады:

1. Қазақ және татар тілдерінде дауысты дыбыстар әуездің қатысына қарай жуан және жіңішке болып екіге бөлінеді. Қазақ тілінде а, о, ұ, ы, татар тілінде а, о, у, ы дыбыстары жуан дауыстылар (калын сузыклар), ал қазақ тілінде ә, е, ө, ү, і, татар тіліндеә, и, ө, ү, э (е) – жіңішке дауыстылар (нечкә сузыклар) саналады. Дауыстылардың мұндай бөлінісі сингормонизм заңымен тығыз байланысты:

а) егер сөз құрамында тек жуан дауыстылар болса, онда сөз жуан айтылады да, жуан қосымшаларды қабылдайды: бала+лар ~ бала+лар, оқу+шы+лар ~ уқу+чы+лар.

ә) егер сөз тек жіңішке дауыстылардан тұрса, онда ол жіңішке айтылады және жіңішке дауыстыдан басталатын қосымша қабылдайды: дәптер+лер ~ дәфтәр-ләр, сөз+дік-тер ~ сүз+лек+ләр.

Кірме сөздердің түбірінде жуан да, жіңішке де дыбыстар болуы мүмкін: кітап ~ китап; асхана ~ ашханә. Қосымшалар сөздің соңғы буынының ыңғайына қарай жалғанады. Соңғы буын жуан болса, онда жуан қосымша жалғанады: кітап-тар ~ китап-лар; егер жіңішке болса, онда жіңішке қосымша жалғанады: дәрісхана -лар; ашха-нә-ләр.

б) буын саны дауысты дыбыстардың санына байланысты болады. Сөзде қанша дауысты болса, сонша буын болады: ит ~ эт, бай-ла ~ бәй-лә;

¹ Жүнісбеков Ә. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1985; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: Фонетика, морфология. – Алматы, 1981; Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы, 1988; Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009; Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. т.б.

² Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдеби теле. – Казан: Мәгариф, 1994. – Б. 159 – 174; Әфлатунов Ә.Хәзерге татар теленең фонетикасы. – Казан, 1962; Сәлимов Х.Татар теленең аваз составы турында кайбер фикерлар. – Казан, 1982; Алпаров Г. Сайланма хезмәтләр. – Казан, 1945; Әфлатунов Ә. Хәзерге татар теленең фонетикасы. – Казан, 1962. Т.б.

в) қазақ тіліндегі *-ау/-еу*, татар тіліндегі *-ау/-әу* тіркесімі бір буынды білдіреді: *кеу-де ~ гәу-дә, тау-лы ~ таулы*.

Ескерту: Татар тіліне орыс тілінен және орыс тілі арқылы енген сөздерде орыс тілінің созылыңқы дауыстылары (ō, ы, э) татар тіліндегі осы әріптермен таңбаланатын дыбыстардан айтылуы бойынша ерекшеленеді: образ [ōбраз], сыр [сыр], экран [экрaн]¹.

Қазақ және татар тілдерінде дауысты дыбыстардың жалпы сипаты салыстырмалы тұрғыдан төмендегідей болып келеді:

А фонемасы.

Қазақ тілінде *а* – тіл арты (жуан), ашық, езулік дауысты дыбыс: *аға, ана, тау*. Езулік күші *ы, і* фонемаларына қарағанда әлсіз болып келетіндіктен, *о, ұ* жуан еріндік дауыстылардан кейін ашық айтылады: *отау, ұшақ*. Араб-парсыдан енген *Ділда, кітап, ләззат* сияқты кірме сөздерде *Ділдә, кітәп, ләззәт* түрінде жіңішке айтылады.

Татар тілінде *а* – артқы қатар, төмен көтеріліс, езулік, ұзын дауысты дыбыс. *А* дыбысы бірінші буында еріндік дауыстыға жақын дыбысталады. Келесі буындарда еріндік дыбысталу әлсізденіп, бірте-бірте жойылады: *ба-ла* [ба^ола] «бала», *ба-ла-лар* «балалар» (ба^ола^олар). Бұл дыбысты айтқанда тіл горизонталды бағытта артқа қозғалады, тілдің артқы бөлігі жұмсақ таңдайға қарай көтеріледі. Бұл дыбыстың бір түрі анық еріндік, бірінші, екінші буындарда оның ашық болатыны байқалады. Мұндай жағдай көмей, ерін, мұрын дауыссыздарынан соң (*қ, ғ, ң, х, м, б, п, м, н*) болады: *ка^ол* «қал», *ма^ол* «мал», *ба^ол* «бал». Екінші түрі орыс тілінің *а* дыбысына ұқсас айтылады: ол көп буынды сөздердің соңғы буынында және орыс сөздерінде анық естіледі: *кайтқаннар* «қайтқандар», *балаларда* «балаларда», *тарантастан* «жеңіл арбадан», *блокада, фабрика*.

Ә фонемасы

Қазақ тілінде *ә* – тіл ортасы (жіңішке), ашық, езулік дауысты дыбыс: *әдемі, тәтті, бәсең* т.б. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде

¹ Татарский язык в таблицах и схемах для русскоязычных учащихся начальных классов./ авт.– сос. Р.Н.Насибуллина.– Казань: Гыйлем, 2008.– 64 стр. – С.5.

де а мен ә дауыстыларының бірінің орнына бірі қолданылуы сирек те болса кездеседі¹.

Татар тілінде ә – алдыңғы қатар, төмен көтеріліс, езулік, ұзын дауысты дыбыс. Бұл дыбысты айтқанда, тіл алға қарай қозғалады, тілдің ұшы астыңғы тістерге тиіп тұрады, ауыз кең ашылады. Бұл дыбыс сөздің түбірінде де, қосымшаларда да актив қолданылады: әни «ана», әни-гә «ана-ға», кирәк «керек», кил-гән-нәр «келгендер». Бұл дыбыс көне түркі тіліндегі а дыбысын алмастырады (багла – бәйлә «байла», айлан – әйлән «айнал», айт – әйт «айт»); көне түркі тіліндегі ә орнына қолданылады (тәгәрмәч «дөңгелек», тәңре «тәңірі», чәчәк «гүл»); көне орыс сөздеріндегі а, о орнына қолданылады (кәрзинкә «кәрзеңке», әчмуха «әшмөшке», әвен «бау кептіргіш», шал «шәлі», кәрлә «ергежейлі»); араб-парсы тілдерінен енген кірме сөздерде қолданылады (әмер «әмір», тәфсир «тәпсір»).

Е фонемасы.

Қазақ тілінде е – тіл ортасы (жіңішке), ашық, езулік дауысты дыбыс: екі, ет, тек, тезірек т.б. Ә.Жүнісбек бәйге, әне, ешкім, міне т.б. сөздер бәйгі, әні, ішкім, міні түрінде айтылып, е мен і-нің ұқсастығын аңғартатынына мән береді, е фонемасының й және і дыбыстарының қосындысынан тұратынын айтады. Е дыбысы ә дауыстысының кедергі жасауынан жалаң, ашық дауысты болып айтыла алмайтынын, і дауыстысының кедергі жасауынан жалаң, қысаң дауысты бола алмайтынын, тек тіл арты ашық ә дауыстысына қарай икемделетінін алға тартады².

Татар тілінде е фонемасы – алдыңғы қатар, орта көтеріліс, езулік, қысқа дыбыс. Ол қысқа айтылады. Жиі қысқарып, жазуда түсіп қалады: бәренче «бірініші», кәреп «кіріп», әрәрәк «ірірек». Е дыбысы сөз түбірінде және қосымшаларда қолданылады: кер «кір», бел «бел», әт «ит», керде, белде, әте. Бұл дыбыс сөз түбірінде басқа түркі тілдеріндегі и және і дыбысының орнын алмастырады: бер - бир «бір», кеше – киши «кісі», теш – тиш «тіс».

¹ Омарбеков С., Жүнісбеков Н. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы: Мектеп, 1985. – Б. 32.

² Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 67.

Қазақ тіліндегі е дыбысымен дыбыстық сәйкестік құрайтын дыбыстың бірі – татар тіліндегі и фонемасы.

И фонемасы.

Татар тілінде и – алдыңғы қатар, жоғары көтеріліс, езулік, ұзын дауысты дыбыс. Сөз түбірінде ол көне тілдегі \bar{e} , \bar{o} дыбыстары орнына келеді: кил-кэл «кел», мин-мән «мен», син-сән «сен», биш-бәш «бес».

Қазақ тілінде и фонемасы – жіңішке (палаталь), езулік, қысаң дыбыс. И фонемасы орыс тілі арқылы енген сөздердің құрамында ғана кездесетін кірме дыбыс саналады: институт, университет, магазин, спутник, мина, филолог, билет т.б.

О фонемасы.

Қазақ тіліндегі тіл арты (жуан), еріндік, ашық о дауыстысы негізінен қазақтың байырғы сөздерінің бірінші буынында (от, қос, қой), екінші және үшінші буындарда -қор, -қой, -гой қосымшалары құрамында (еңбекқор, сәнқой, даңғой) кездеседі¹. Ә.Жүнісбек бұл дыбысты құрамында уұ дыбыстары орын алатын құранды дыбыс деп санайды².

Татар тілінде о – артқы қатар, орта көтеріліс, еріндік, қысқа дауысты дыбыс. Татар тілінде ол басқа түркі тілдеріндегі у дыбысына сәйкес келеді: озын – узун «ұзын», очкын – ушкун «ұшқын», колак – кулак «құлақ». Бұл дыбыс сөз басында, сөз ортасында келеді, дегенмен бірінші буында көбірек қолданылады: кол «қол», тол «тұл». Өзінен кейінгі буында келетін қысқа ы дыбысын еріндікке айналдырады: борын [борон] «мұрын», озын [озон] «ұзын».

Қазақ тіліндегі сөз басында кездесетін о дыбысын татар тілінде у дыбысы алмастырып, түбір сөздерде дыбыстық сәйкестік құрайды.

¹ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б. 139.

² Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 65.

Ө фонемасы.

Қазақ тілінде ө – тіл ортасы (жіңішке), еріндік, ашық дауысты дыбыс, негізінен сөздің бірінші буынында кездеседі: өш, төрт, төре т.б. Алайда -көй, -гөй қосышалары құрамында екінші және үшінші буындарда айтылып, жазылады: ақылгөй, қаскөй¹. Ө фонемасы еріндік буындардан кейін айтылады, бірақ жазуда е әрпімен таңбаланады: өзен (өзөн), үшеу (үшөу), үстеу (үстөу). Ә.Жүнісбек бұл дыбысты құранды дыбыстар қатарында қарап, құрамындағы дыбыстарды уу дей келе, бұл дыбыстың екінші сыңарына байланысты тілдің тік қалпына қарай қысаң екендігін айтады². Ал М.Томанов дифтонгіге ұқсас ө дыбысында алдымен жіңішке қысаң дауыстысының естілетінін, бұл ерекшелік сөздің абсолют басында айтылатын ө дыбысына қатысты болатынын, ал бітеу буындағы ө тек қана монофтонг екенін ескертеді³.

Татар тілінде ө – алдыңғы қатар, орта көтеріліс, еріндік, қысқа дауысты дыбыс. Татар тіліндегі бұл дыбыс шығу тегі жағынан басқа түркі тілдеріндегі ү дыбысына сәйкес келеді: көмеш - күмүш – күміс, төлке – түлкі, төн – түн – дүн. Ө дыбысы о дыбысынан қатары жағынан ғана өзгешеленеді және е дыбысының еріндік жұбы болып саналады. Ө дыбысы да өзінен кейін келетін е дыбысын еріндік дауыстыға жақындатады: төлке [төлкө] «түлкі», көзге [көзгө] «айна».

Ұ фонемасы.

Қазақ тілінде ұ – тіл арты (жуан), еріндік, қысаң дауысты дыбыс: ұн, ұшақ, құс. Бұл фонема жазуда бірінші буында ұ әрпімен таңбаланады, бірақ бірінші буындағы о, ү еріндік дауыстыларынан кейін ы әрпімен таңбаланады⁴: орын (орұн), құрық (құрұқ), мұрын (мұрұн). М.Томанов бұл дыбысты басқа

¹ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б.140.

² Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 58, 65.

³ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – Б. 45.

⁴ Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б.140.

түркі тілдерімен салыстыра келіп, қазақ тілінде у мен ы-ның арасындағы дыбыс екенін айтады¹. Ұ фонемасы татар тіліне тән емес.

Ү фонемасы.

Қазақ тілінде ү – тіл ортасы (жінішке), еріндік, қысаң дауысты дыбыс: үлкен, үлес, түк. Ү фонемасы бірінші буында ү әрпімен таңбаланады, екінші және кейінгі буындарда і түрінде жазылады²: өнім (өнүм), үміт (үмүт).

Татар тілінде ү – алдыңғы қатар, жоғары көтеріліс, еріндік, ұзын дауысты дыбыс. Ол у дыбысынан бір белгімен, яғни қатары бойынша ғана ажыратылады. Тілімізде ол көбінесе бірінші буындарда қолданылады; басқа түркі тілдеріндегі және көне түркі тіліндегі ө дыбысын алмастырады: күл- көл, сүз – сөз, күз – көз. Соңғы буындарда кездеседі: әйтү «айту», көлү «күлу», сизү «сезу». Бұл дыбыс алдыңғы у дыбысы сияқты -гү//-иг аффикстерімен барып тоғысады: билгү – белү «білу», кергү – керү «кіру».

У фонемасы.

Қазақ тіліндегі у – жінішке (палаталь), еріндік, қысаң дыбыс. Ол орыс тілінен енген кірме дыбыс саналады және тек орыс тілі арқылы енген сөздерде ғана айтылады: университет, ультра, уран, тунель, турбина, турнир, сувенир, сумка, пункт, пульт, прокуратура, пропуск, процедура, институт т.б.

Татар тілінде У – артқы қатар, еріндік, жоғары көтеріліс, ұзын дыбыс. Бұл дыбысты айтқанда, еріндер бүрісіп, алға созылады, ауыз қуысы кеңейіп, тілдің артқы бөлігі жұмсақ таңдайға көтеріледі. Бұл дыбыс сөз түбірінде бірінші буында келеді және көне түркі тіліндегі о дыбысын алмастырады (кол – кул «қол», он – ун «он», ол – ул «ол»). Сөз соңындағы қосымшаларда у дыбысы біраз дифтонгоид дыбыс реңкімен айтылады. Мұның тарихи себептері бар. Г. Алпаровтың айтуынша, көне тілімізде су, бу,

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – Б. 45.

² Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005. – Б.140.

алу сөздері суб, буғ, алғу болып айтылған, яғни олар қысқарған күрделі дыбыстар болады¹, демек у дыбысы көне тілдегі -y2//-ы2; -y//-ы тіркестерінен пайда болған.

Ы фонемасы.

Қазақ тілінде ы – тіл арты (жуан), езулік, қысаң дауысты дыбыс: ыстық, қыс, мың. Қысаң фонема болғандықтан, көп буынды сөздерде кейде көмескі естіледі: қат(ы)нас, аз(ы)рақ. Табыс септігінің жалғауын қабылдаған кезде кейбір сөздердің екінші буынында ы фонемасы түсіп қалады: қарын-қарны, халық-халқы.

Татар тілінде ы – артқы қатар, орта көтеріліс, езулік, қысқа дыбыс. Ол сөз басында, ортасында, соңында еркін қолданылады: ылыс, ыргак, урын, катлы, сулы. Бұл дыбыс қысқа айтылады, оның үстіне жиі редукцияға ұшырайды және жазуда түсіп те қалады: урыны (орны), кырығынчы (қырқыншы).

І фонемасы.

Қазақ тілінде і – тіл ортасы (жіңішке), езулік, қысаң дауысты дыбыс: іс, тіс, бір, екі. Қысаң фонема болғандықтан, көп буынды сөздерде кейде көмескі естіледі: кеш(і)рім, қас(і)рет. Жалғау жалғанған кезде екінші буынында і фонемасының түсіп қалуы орын алады: ерні, кейпі. М.Томанов қазіргі түркі тілдеріндегі и, і, ій дыбыстарының шығу, қалыптасу тегі жағынан бірыңғай және қолданылу жағынан да сәйкес келеді дейді². Татар тілінде і дыбысы кездеспейді. Сөз түбірінде қазақ тілінің і дыбысын татар тілінде е дыбысы алмастырады. Мысалы: бір - бер, кісі - кеше, тіс - теш т.б.

Э фонемасы.

Татар тілінің төл э дыбысы сөздің тек басында ғана айтылады: эш «іс», эссе «ыстық». Ескерту: тәэмин «жабдықтау, қамтамасыз ету», тәэсир «әсер, ықпал», маэмай «күшік» тәрізді кірме сөздерде сөз ортасында кездеседі.

¹ Алпаров Г. Сайланма хезмәтләр. – Казан, 1945. – Б. 43 - 44.

² Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – Б. 49.

Қазақ және татар тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі кірме дауыстылар.

Қазақ тіліндегі и, у, э фонемалары орыс тілінен енген кірме дыбыстар саналады және олар орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген кірме сөздерде ғана кездеседі: билет, магазин, спутник, ультра, уран, этап, поэт, эталлон т.б.

Қазақ тілінде и, у фонемаларының болмағанын орыс тілінен ертеректе енген сөздерден көруге болады: орыс «русский», қамыт «хамут», бөкебай «пуховый», көшір «кучор», сот «суд», шөген «чугун», үтік «утюк», сөтен «сатин», резеңке «резинка».

Қазақ тіліне орыс тілінен енген кірме и, у және ю, я әріптері қазақтың төл дауысты дыбыстарының тіркесін таңбалайды¹. Мысалы: и – ый, ий (ми – мый, ине – ийне), у – ұу, үу (суық – сұуық, сурет – сүүрет), я – йа, йә (яки – йәкий, яғни – йағный), ю – йүү, йүү (қою – қойүү, кю – күйүү).

Татар тіліндегі о̄, э̄, ы̄ дыбыстары орыс тілінен енген кірме дауыстылар саналады:

о̄ фонемасы.

о̄ – артқы қатар, орта көтеріліс, еріндік, ұзын дыбыс. Орыс тілінен енген сөздерде ғана ұшырайды.: кино, ток.

э̄ фонемасы.

э̄ – алдыңғы қатар дыбысы, орта көтеріліс, ұзын, езулік. Орыс сөздерінде түрлі буында қолданылады: поэма, этаж, этап, этика.

ы̄ фонемасы.

ы̄ – артқы қатар, жоғары көтеріліс, ұзын, езулік. Орыс сөздерінде сөз ортасында қолданылады. Татар тілінің өзінің төл ы дыбысына қарағанда тіл көтерілісінен ерекшеленеді. Татардың төл ы дыбысы – орта көтерілісте, ал орыстан енген ы̄ – жоғары көтерілісте: посылка, сыр.

Орыс тілінен бұрынырақтағы кезеңде енген сөздерде о̄, ы̄, э̄ дыбыстары татар тілінің айтылысына бейімделеді: а) абсолют сөз басында келмей, екпін түсетін жағдайда о̄ дыбысы у дыбысымен алмастырылған: лом – лум, калоши – калуш, поезд – пуйыз, гармонь – гармун, одеколон – адикалун; екпінді о̄ дыбысы сөз соңында келсе, а немесе э̄ дыбысымен алмастырылған: помело –

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 21.

пумала (қылқалам), клеймо – келәймә (таңба); ә) екпінді буын алдынан келген \bar{o} дыбысы а дыбысымен, екпінді буыннан соң келсе, ы дыбысымен алмастырылған: самовар – самавар, хомут – камыт, отчет – атчут, полковник – палковник, доктор – духтыр; б) екпінді \bar{e} дыбысы и-мен алмастырылған: купец – купис, билет – билит¹.

§6. Қазақ және татар тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жіктелісі

Белгілі бір тілдің дауыссыздар жүйесін *к о н с о н а н т и з м* (латын *consonans* – дауыссыз дыбыс) дейді. Дауыссыздар негізінен ауыз қуысында жасалады, дауыссыздарды жасауға кейде мұрын қуысы да қатысады.

Қазақ тілінде барлығы 26 дауыссыз дыбыс бар: б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, қ, ң, щ. Мұның он жетісі қазақтың төл дауыссыз дыбыстары болып есептелінеді: б, ғ, г, д, ж, з, й, қ, к, л, м, н, ң, п, р, с, т, у, ш. Қазақ тіліндегі в, ф, х, һ, ц, ч дауыссыздары кейіннен орыс тілінің әсерімен қосылған, байырғы сөздерде қолданылмайтын дауыссыз дыбыстар.

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар дауыстың қатысына қарай:

1) үнді (л, м, н, ң, р, й, у);

2) ұяң (б, в, г, ғ, д, ж, з);

3) қатаң (п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч) болып бөлінеді.

Дауыссыз дыбыстардың бұлай жіктелуіндегі ерекшелік дауыстың және салдырдың қатысуы дәрежесіне байланысты. Үнді дауыссыз дыбыстарда дауыс (тон) басым, салдыр аз болады, ал ұяңдарда керісінше салдыр басым, дауыс аз болады. Қатаң дауыссыз дыбыстар болса тек қана салдырдан жасалады.

Қазақ тілінде дауыссыз дыбыстар ауаның шығу жолына қарай:

1) шұғыл(п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң);

2) ызың (ф, в, с, ш, ж, з, х, һ, ғ, л, й, у);

¹ Богородицкий В.А. О заимствованных словах в татарском языке. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, Татгосиздат, 1953. – С. 209 – 212; Исхаков Ф.Т. Отдельных фонемах татарского языка. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч.І, Фонетика. – М., Изд – во АН СССР, 1955. – С. 231.

3) діріл (р) дауыссыз дыбыстар болып бөлінеді.

Шұғыл фонемаларды айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жабысып, ауа кілт үзіледі де, содан соң шұғыл қайта жалғасады. Ал ызыңдарды айтқанда дыбыстау мүшелері біріне-бірі жуысып, ауаның жолын барынша тарылтады, бірақ ауа бір жола үзілмейді, сыздықтап, сүзіліп шығады. Діріл дауыссыз (р) тіл ұшының дірілдеуінен пайда болады.

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар жасалу орнына қарай:

1) ерін (п, б, в, ф, м, у);

2) тіл (т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, к, г, қ, ғ, х, ң, л, р, й);

3) көмей (h) дауыссыздары болып жіктеледі.

Ерін фонемалары іштей еріндік (п, б, м, у) және ерін мен тіс (ф, в) болып бөлінеді, Еріндіктерді айтқанда екі ерін біріне-бірі жабысып (п, б, м,) немесе дөңгелене жуысып (у) тұрса, ерін мен тіс дыбыстарында астыңғы ерін үстіңгі (күрек) тіске жуысады.

Дауыссыз фонемалардың көпшілігі тілдің тікелей қатысуымен жасалады. Тіл фонемалары үшке бөлінеді:

1) Тіл алды (т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р);

2)Тіл ортасы (й);

3) Тіл арты (г, ғ, қ, к, ң, х). Тіл арты дауыссыздары тілдің артқы шенінің жұмсақ таңдайға жуықтасуынан жасалады.

Көмей (форингаль) h дауыссызы жұтқыншақ қуысында тілдің артқы шенінің кейін шегіну және жұтқыншақ қуысының таралуынан жасалады.

Қазақ тілінде		
Дауыссыз дыбыстар		б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, қ, ң, щ
Дауыстың қатысына қарай	үнді дауыссыз дыбыстар	л, м, н, ң, р, й, у
	ұяң дауыссыз дыбыстар	б, в, г, ғ, д, ж, з
	қатаң дауыссыз дыбыстар	п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч

Ауаның шығу жолына қарай	шұғыл дауыссыз дыбыстар	п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, н, ң
	ызың дауыссыз дыбыстар	ф, в, с, ш, ж, з, х, һ, ғ, л, й, у
	діріл дауыссыз дыбыс	р
Жасалу немесе айтылу орнына қарай	еріндік дауыссыз дыбыстары	п, б, м, у
	тіс пен ерін дауыссыз дыбыстары	в, ф
	тіл алды дауыссыз дыбыстары	т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, н, л, р
	тіл ортасы	й
	тіл арты	г, ғ, қ, к, ң, х
	көмей дауыссыз дыбысы	һ

Татар тіліндегі дауыссыздар бір-бірінен мынадай белгілері арқылы ажыратылады:

- 1) үн мен салдырдың қатысы;
- 2) кедергінің жасалу орны;
- 3) кедергінің жасалу тәсілі және ауа ағымының кедергіден өтіп кету тәсілі;
- 4) жұмсақ таңдайдың қатысу-қатыспауы, яғни резонаторға қатысы;
- 5) қосымша артикуляция.

1. Ү н (д а у ы с) мен с а л д ы р қ а т ы с ы н а (дауыс шымылдығының қатысына) қарай дауыссыздар сонор және шуыл деп бөлінеді. Шуыл дауыссыздар өз кезегінде ұяң және қатаң болып бөлінеді.

С о н о р (латын *sonorus* – ұяң) дауыссыздарды айтқанда, дауыс шымылдығы актив жұмыс жасайды, сөйлем каналында кедергі аздау және ауа ағымы әлсіз болады. Бұл – салдыр жоқ деген сөз.

¹ Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдеби теле. – Казан: Мәгариф, 1994. – Б. 166 – 174;

Демек, сонорларды айтқанда, салдырдың қатысқаны болмаса, үн артық болады. Осыған орай, оларды жартылай дауыстылар деп те атайды: м, н, л, р, ш, й, ң.

Ш у ы л дауыссыздарды айтқанда, салдыр басым болады. Ұяң дауыссыздарда салдыр басым болып, біраз үн де қатысады. Қатаң дауыссыздар тек салдырдан ғана тұрады. Ұяңдар жасалғанда, дауыс шымылдығы бір-біріне жақын келіп, дірілдейді, бірақ кедергі орнында күшті салдыр пайда болады да, ол дауыссыздың тембрін анықтайды.

Дауыссыздар төмендегідей жұп (ұяң және қатаң) құрайды:

ұяң	б	в	г	д	ж	з	ғ	ж
қатаң	п	ф	к	т	ш	с	қ	ч

щ, х, ц, ч (орыс) және *h* дауыссыздарының ұяң жұптары жоқ.

2. Ж а с а л у о р н ы н а (актив мүшеге, кедергінің жасалу орнына) қарай дауыссыздар мынадай топтарға бөлінеді:

а) е р і н - е р і н (латын *labium* – ерін), билабиаль: б-п, м, ш (*шали*);

ә) е р і н - т і с (лабиоденталь): в, ф;

б) т і л а л д ы д а у ы с с ы з д а р ы: с-з, т-д, н, л, р, ж-ч, ц, ш-ж, щ, ч. Олар тіл артының және тіл ұшының орналасуына қарай, д о р с а л ь д ы (латын *dorsum* – арқа, арт), а п и к а л ь д ы (латын *apex* – ұш), к а к у м и н а л ь д ы (латын *kakumen* – бас жақ) дыбыстарға бөлінеді. Дорсаль дыбыстарды айтқанда тіл ұшы төмендегі тістерге тиеді, тіл арты жоғарыға қарай бүгіледі: с, з, д, т. Апи-кальды дыбыстарды айтқанда тілдің ұшы үстіңгі тістерге немесе альвеолаларға тиіп тұрады: ч, л, ч (орыс). Какуминальды дыбыстарды айтқанда, тіл ұшы жоғарыға қарай көтеріледі, тілдің алдыңғы бөлігі түсіп, ішке қарай бүгіледі: р, ш, ж.

в) т і л о р т а с ы д ы б ы с т а р ы. Мұндай дыбыстарды айтқанда, тіл ортасы қатты таңдайға көтеріледі. Татар тілінде й (йод) дыбысы солай жасалады.

г) т і л а р т ы д ы б ы с т а р ы: к, г, х, ң. Бұл дыбыстар тіл артының жұмсақ таңдайға қарай қозғалуы кезінде пайда болады. Олардың

ішінде біраз алға қарай, біраз артына таман орналасқандары бар. Мәселен, татар және орыс тілдерінде к дыбысының айтылуы бірдей еместігі кино, кабель, кеше (кісі) сөздерінің айтылысында сезіледі; г дыбысы да солай ерекшеленеді: Гагры, гер, герб.

д) у в у л я р (кіші тіл) д а у ы с с ы з д а р. Бұлар кіші тілдің жұмсақ таңдайға қарай қозғалуы нәтижесінде пайда болады: қ, ғ, х, ң;


е) ф а р и н г а л ь (латын *farinks* – жұтқыншақ) д а у ы с с ы з д а р. Оған һ дыбысы жатады. Бұл дыбыс жұтқыншақ қабырғаларының бір-біріне жақын келіп, қысылуы нәтижесінде пайда болады.

ж) л а р и н г а л ь (латын *larinks* – көмей) д а у ы с с ы з. Ол біреу ғана, араб тілінде осылай аталатын дыбыс. Бұл дыбыс татар тілінде э әрпімен жазылады: маэмай (күшік), *тәэсир* (әсер), *тәэмин* (кепіл). Бұл дыбысты хэмзә, кноклаут деп атайды.

3. К е д е р г і н і ң с и п а т ы н а қарай және ауа ағымының кедергіден өтуі бойынша, яғни жасалу тәсілі бойынша дауыссыздар шұғыл, жартылай шұғыл, ызың және діріл (вибрант) болып бөлінеді:

а) ш ұ ғ ы л д а у ы с с ы з д а р жасалғанда, дыбыстау мүшелері бір-біріне жақын келіп, ауа тұйықталып барып, кілт үзіледі. Ауа ағымы тұйықталған жерді айналып өтеді, не болмаса шұғыл үзіліп, шығып кетеді. Осыған сәйкес оларды ж а б ы с ы ң қ ы, эксплозив (латын *explosio* – салдырмен ашылу) дауыссыздар деп те атайды. Бұл дыбыстар өз кезегінде ауыз және мұрын дыбыстарына бөлінеді. Шұғыл дауыссыздарды таза және аффрикат (латын *affricata* – кептелген, тығыздалған) деп те бөледі.

Кейбір ғалымдар л, р дыбыстарын шұғыл дауыссыздар қатарына қосады. Шұғыл дауыссыздардың өз ішіндегі бөліністерін төмендегі кесте анық көрсетеді:



ә) ж а р т ы л а й ш ұ ғ ы л (фрикатив, спирант, ызың) дауыссыздар жасалғанда, дыбыстау мүшелері бір-біріне жақын келіп, ауа ағымы олардың арасындағы ашық жерден қысылып шығады: в, ф, ш, ж, w, з, с, й, х, ғ, һ.

б) д і р і л (вибрант) д а у ы с с ы з д а р жоғары көтерілген тіл ұшының ауа ағымы әсерінен дірілдеуі арқылы жасалады. Бұл топқа р дыбысы жатады. Тіл ортасы дірілдегенде, неміс тіліндегі *r* дыбысы, кіші тіл дірілдегенде, француз тіліндегі *r* дыбысы жасалады.

4. Дауыссыздар бір-бірінен ж у а н д ы қ – ж і ң і ш к е л і к белгілерімен де ажыратылады. Бұл бөлініс дауыссыздардың қ о с ы м ш а а р т и к у л я ц и я с ы н а байланысты болады. Қосымша артикуляция дауыссыздар тембрінің құбылуына әсер етеді, салдырдың түпкі сипатын өзгертпесе де, оны байытады. Қосымша артикуляцияның бір мысалы ретінде палатальдануды (латын *palatum* – таңдай) көрсетуге болады. Татар тілінде дауыссыздардың жіңішкелігі көрші дыбыстарға байланысты болады: тара (ыдыс), тирә (төңірек), тәбәнәк (тапал).

Палатальдануға қарама-қарсы көріністі в е л я р л а н у (латын *velum palatum* – таңдай пернесі) деп атайды.. Велярланған дыбыстардың тембрі төмендеуі болады. Татар тілінде дауыстының жуан не жіңішке болуына қарай дауыссыздар палатальданады немесе велярланады.

Татар тіліндегі дауыссыз дыбыстардың кестесі

Үн мен салдыр қатысы	Жасалу тәсілі	Дауыс шымылдығы қатысы	Жасалу орны											
			Ерін		Тіл						уулыр	фарингалъ	ларингалъ	
			ерін-ерін	ерін-тіс	Тіл алды				тіл ортасы	Тіл арты				
					тіс арасы	тіл-тіс	альвеоляр	тіл-тандай		орта тандай	артқы тандай			
Шуыл	ЫЗЫҢ	ұяң		в	з	з		ж				ғ		
		қатаң		ф		с ч (<i>тат.</i>)		ш щ			х	х	һ	һәм- зә
	шұғыл	ұяң	б			д					г			
		қатаң	п			т					к	қ		
	аффри- каттар (шұғыл)	ұяң				ч								
		қатаң				ц (<i>орыс</i>)								
Соноп	шұғыл		м			н								
	ЫЗЫҢ		ш			л		й			ң			
	діріл					р								

§7. Қазақ және татар тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жалпы сипаты

Б фонемасы.

Қазақ тілінде б– ұяң, ерін, шұғыл, дауыссыз дыбыс. Сөздердің басқы және орта шенінде көп қолданылады: бала, балбал, бесік. Сөздің соңында кездеспейді, кірме сөздерде сөздің соңында б жазылғанымен п болып айтылады: клуб, куб. Бұл сөздерге қосымша жалғанғанда да қатаң дауыссызбен басталатын қосымша жалғанады: клубқа, кубты.

Татар тілінде б дыбысы – ерін-ерін, шұғыл, таза, шуыл, ұяң, ауыз дыбысы, п дыбысының ұяң жұбы. Бұл дыбыс сөз басында, буын басында көбірек қолданылады: әл-бә «алба – ұннан жасалған тәтті ботқа», *ба-ра-бара* «бара-бара, бірте-бірте», *бу-ла* «бола, соған бола», *та-бан* «табан». Араб, орыс тілінен енген сөздердің соңында қатаңданады: *китабун* – *китап* «кітап», *мәктәбүн* – *мәктәп* «мектеп», *клуб* – *клуб* «клуб».

В фонемасы.

Қазақ тілінде в – ұяң, ызың, ерін дауыссыз дыбыс. Қазақ тіліне орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы енген кірме сөздерде кездеседі: *вагон*, *ванна*.

Татар тілінде в дыбысы – ерін-тіс, ызың, шуыл, ұяң дауыссыз дыбыс. Ол орыс тілінен енген кірме сөздерде ғана қолданылады: *вышка* «мұнара, мінбе», *вагон*, *совет*. Сөйлеу тілі арқылы енген кірме сөздерде ерін-ерін *ш* дыбысымен айтылады: *кровать* – *карават* «кереует», *самовар* – *самовар* «самауыр», *церковь* – *чиркәв* «шіркеу», *плов* – *пылау* «палау».

W фонемасы.

Татар тілінде w дыбысы – ерін-ерін, ызың, сонор, ауыз дыбысы. Бұл дыбысты айтқанда, еріндерге күш түсіп, дөңгелене түседі, ауа тар жерден қысылып шығады. *w* дыбысы сөз басында, буын басында, сөз соңында келеді: *вакыт* «уақыт», *аваз* «дыбыс», *ауыл* «ауыл», *тау* «тау», *дәу* «дәу». Бұл дыбыс жазуда бастапқы буында және сөз басында, сөз соңында *у*, *ү* әріптерімен көрсетіледі: *тау*, *дәу*. Татар тіліндегі *w* дыбысы қазақ тіліндегі *у* дауыссызымен дыбыстық сәйкестік түзеді.

Қазақ тілінде *У* – үнді, ызың дыбыс, ерін дауыссызы. Көбінесе сөз соңында кездеседі: *тау*, *жау*, *сау*.

Г фонемасы.

Қазақ тілінде г – ұяң, шұғыл, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөз басында *гүріл*, *гуіл*, *гүрс* сияқты еліктеуіш сөздерде, *гүл*, *газ*, *газет* т.б. кірме сөздерде кездеседі.

Татар тілінде г дыбысы – шуыл, ұяң, шұғыл, тіл арты, ауыз дыбысы, к дыбысының ұяң жұбы. Бұл дыбыс та екі вариантта – жуан және жіңішке түрде қолданылады. Жуан варианты кірме сөздерде қолданылады: гараж, багаж. Жіңішке варианты татар сөздерінде алдыңғы қатар дауыстыларымен қатар қолданылады. Сөз басында, буын басында келеді: гел «үнемі», гүзәл «әдемі», гер «гір (гір тасы) », иген «нан», үгет «үгіт».

Ғ фонемасы.

Қазақ тілінде ғ – ұяң, ызың, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың байырғы төл лексикасында сөздің орта шенінде кездеседі (тағы, аға, ағаш т.б.), ал сөз соңында мүлдем қолданылмайды. Сөздің басында ғ дыбысы көбінесе араб-парсыдан енген кірме сөздерде қолданылады: *ғалым, ғұмыр, ғасыр*.

Татар тілінде ғ дыбысы – увуляр, ызың, шуыл, ұяң, ауыз дыбысы. Ол қ дыбысына қарағанда бәсең айтылады. Татар сөздерінде жуан варианты айтылады. Буын басында жиі қолданылады: аға, туған. Жіңішке варианты араб-парсы сөздерінде ұшырайды: ғөмер, игтибар, ғади, ғомуми.

Д фонемасы.

Қазақ тілінде д – ұяң, шұғыл, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақтың төл сөздерінің басқы және орта шенінде кеңінен қолданылады, сөз соңында мүлдем кездеспейді. Кірме сөздердің соңында д жазылғанымен, айтылуда *т* болып өзгереді: *сьезд, подъезд*.

Татар тілінде д дыбысы – тіл алды, дорсаль, таза, шұғыл, шуыл, ұяң дыбыс. Ол – т дыбысының ұяң жұбы, т дыбысына қарағанда бәсең айтылады. Татар сөздерінде сөз басында сирек қолданылады: дала «дала», дүрт «төрт», диңгез «теңіз», дәу «дәу». Араб-парсы, орыс тілдерінен енген сөздерде жиі кездеседі: данә «дана», дан «даңқ», дәвер «дәуір», дөнья «дүние», даһи «данышпан», дөрес «дәріс», директор «директор», дубляж «дубляж». Сөз соңында қатаңданады: завод-завут «зауыт», дәр-дәрт «дерт, албырт, желік», *азад-азат* «азат, еркін».

Ж фонемасы.

Қазақ тілінде ж – ұяң, ызың, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың төл лексикасында ең жиі қолданылатын дыбыстардың бірі: жаға, жазу, жібек, жоқ, жүрек т.б. Сөздің аяғында тәж, баж сияқты кірме сөздерде кездеседі. Ал қазақ тіліндегі ж дауыссызының дж варианты тек сөз басында ғана кездеседі¹.

Татар тілінде ж дыбысы – ш дыбысының ұяң жұбы. Бұл дыбыс, көбінесе, кірме сөздерде қолданылады: аждаһа «айдаһар», жирәбә «жеребе», журнал «журнал», багаж «багаж, жүк, юри «төреші, қазылар алқасы». Татар тілінің өз сөздерінде еліктеуіштер негізінде жасалған сөздерде ұшырасады: выжылдау, ыжылдау, ыжгыру, ажгыру.

З фонемасы.

Қазақ тілінде з – ұяң, ызың, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың төл лексикасында сөздің барлық шенінде (зу-зу, зып-зып, зыр-зыр, зіңкию, зыту, бозғылт, бозару, таз, күз т.б.), сондай ақ кірме сөздерде (заман, зейін, зор, қағаз т.б.) кездеседі.

Татар тілінде з дыбысы – тіл алды, ызың, бір фокусты ауыз дыбысы. Татар сөздерінде ол сирек, араб-парсы, орыс тілдерінен енген сөздерде актив қолданылады: зирәк «зерек», зәһәр «заһар, зәр», заман «заман», закон «заң», зебра «зебра». Сөз соңында қатаңданбайды: каз «қаз», таз «таз», без «біз». Татар әдеби тілінің минзәлә диалектісінде з орнына интерденталь (екі тіс арасы) ҙ дыбысы қолданылады: кызыл «қызыл», бозау «бұзау».

Й фонемасы.

Қазақ тілінде й – үнді, ызың дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Сөздің басында йод сияқты бірлі-жарым сөздерде болмаса, негізінен қолданылмайды, әйтседе сөз аяғында көптеп кездеседі: шай, май, тай.

Татар тілінде й дыбысы – тіл ортасы, ызың, сонор, ауыз дыбысы. Бұл дыбыс жасалғанда, тіл ұшы астыңғы тіс еттеріне

¹Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 26.

тиеді, тілдің орта бөлігі қатты таңдайға таман көтеріледі де, сонда саңылау пайда болады. Өкпеден келген ауа ағымы сол саңылау арқылы үрлене шығады. Бұл дыбыс сөз басында, буын басында, сөз және буын аяғында келе алады: йолдыз «жұлдыз», сай «саяз», көй «күй», ай «ай». Сөз басында күштірек айтылады. Сөз басында және буын басында бұл дыбыс орта диалектінің бірқатар сөйленістерінде тіл алды, ызың ж дыбысымен кезектесе айтылады: яза-жаза «жаза», яңа-жаңа «жаңа», дөнья-дөнжа «дүние». Айтылуы және естілуі жағынан и дыбысына жақын болғандықтан, оны жартылай дауысты немесе қысқа и дейді.

К фонемасы.

Қазақ тілінде к – қатаң, шұғыл дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Қазақ тілінің төл лексикасында сөздердің барлық шенінде кездеседі: кейін, кезу, кекілік, көбік, күш. Сөз соңында к дыбысы өзінен кейін дауыстымен басталатын қосымша жалғанғанда ұяң г дыбысына айналады: көк - көгі, көзілдірік - көзілдірігім.

Татар тілінде к дыбысы – шуыл, қатаң, шұғыл, тіл арты, ауыз дыбысы. Бұл дыбыс жасалғанда, тілдің артқы бөлігі жұмсақ таңдайдың алдыңғы жағына тиіп, шұғыл әрі жабысыңқы қимыл пайда болады. Осыған қарай бұл дыбысты жабысыңқы дыбыс деп те атайды. Татар тілінің өз сөздерінде к дыбысы алдыңғы қатар дауыстыларымен қатар қолданылады: кил «кел», кис «қапшық, сөмке», иләк «елек», күк «көк»; кірме сөздерде жуан дауыстылар жанында да, жіңішке дауыстылар жанында да қолданылады: коллектив, комбайн, кино, кемпинг. Бұл дыбыс сөз басында, сөз аяғында, буын басында, буын аяғында қолданылады. Дауыстылар арасында келгенде к ұяң г дыбысына айналады: тирәк-тирәге «терек», күк-күге «көк».

Қ фонемасы.

Қазақ тілінде қ – қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: қазан, қара, құйрық, қыс т.б. Сөз соңында қ дыбысы өзінен кейін

дауыстымен басталатын қосымша жалғанғанда ұяң ғ дыбысына айналады: жақ – жағы, дақ – дағы.

Татар тілінде қ дыбысы– шуыл, қатаң, шұғыл, увуляр (кіші тіл арқылы жасалатын көмей дыбыс), таза, ауыз дыбысы. Бұл дыбыс к дыбысына қарағанда едәуір артта, терең тіл артында жасалады. Кіші тіл жұмсақ таңдаймен келіп қосылғанда, шұғыл, жабысыңқы айтылады. Ү.Байчураның айтуынша, бұл дыбыс сөз басында келгенде, шұғыл әрі жабысыңқы айтылуы күштірек болады, екі дауысты арасында келсе, аса шұғыл айтылмайды, біршама аффрикат реңкімен айтылады: уқа, лақан. Татар тілінің өз сөздерінде қ дыбысы сөздің және буынның басында, сөз бен буын соңында артқы қатар дауыстыларының жанында актив қолданылады: қул, қар, ақ, сақ. Араб-парсы тілдерінен енген сөздерде, жуан және жіңішке дауыстылар жанында бірдей қолданылады: қәнәғәт, қәләм, иқбаль, инқилаб.

Л фонемасы.

Қазақ тілінде л – үнді, ызың дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Қазақтың тілінің төл лексикасы үшін лық, лып, лүпіл сынды азды-көпті еліктеуіш сөздерде болмаса, сөз басында қолданылмайды. Негізінен сөз ортасында және сөз соңында кездеседі: бала, қалу, қалқа, тал, тіл т.б.

Татар тілінде л дыбысы – тіл алды, жартылай шұғыл, жан-жақты сонант, ауыз дыбысы. Бұл дыбысты айтқанда, тілдің алдыңғы бөлігі біршама түсіп тұрады, тілдің ұшы үстіңгі тіс еттеріне келіп тиеді, ауа ағымы тілдің екі жағынан үрленіп шығады. Осыған сәйкес бұл дыбысты жан-жақты сонант дейді. Татар тілінің өз сөздерінде л дыбысы сөз басында сирек қолданылады, кірме сөздерде көбірек байқалады: ләкин («бірақ», *ләчтит* «бос сөз айту», лазем «лазым, қажет», *лампа* «лампа», *люкс* «люкс», *легенда* «аңыз». Татар тілінде еліктеуіш сөздерден жасалған етістіктерде сөз басында жиі қолданылады: лапылдау «шылпылдау»), лыкылдау «салдырлау», *лаштырдау* «сыбдырлау».

М фонемасы.

Қазақ тілінде м – үнді, шұғыл, ерін дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: мен, ми, мал, алмау, арман, балам, қадам т.б.

Татар тілінде м дыбысы – ерін-ерін, шұғыл, сонор, мұрын дыбысы. Сөз басында, ортасында, соңында келеді: мин «мен», алмаган «алмаған», улым «ұлым», көймә «қайық».

Н фонемасы.

Қазақ тілінде н дыбысы – үнді, шұғыл дыбыс, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: нар, негіз, не, моншақ, сен.

Татар тілінде н дыбысы – сонор шұғыл, мұрын жолды, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз. Сөз басында, ортасында, соңында келеді: ни? «не?», очкын «ұшқын», син «сен», *унбир* «онбір», т.б.

Ң фонемасы.

Қазақ тілінде ң – үнді, тілдің қатысуымен жасалатын шұғыл дауыссыз. Қазақ тілінде сөздің басында кездеспейді, көбіне-көп сөздің ортасы мен соңында кездеседі: таң, оң, күң т.б.

Татар тілінде ң дыбысы – сонор увуляр, таза, шұғыл, сонант, мұрын дыбысы. Жасалу орны бойынша ол басқа увуляр қ, ғ, х дауыссыздарына ұқсайды. Бұл дыбыс жасалғанда, кіші тіл тілдің артқы бөлігіне таман түсіп, ол жер тарылады, ауа ағымының бір бөлігі мұрын қуысы арқылы өтеді, кіші тіл жұмсақ таңдаймен бірге ауыз қуысын қаптап тұрады. Бұл дыбыс татар тілінде жуан және жіңішке түрде айтылады: таң «таң», *сеңел* «сіңлі», *иң* «ең», *аңа* «оған», *киңәш* «кеңес». Сөз басында қолданылмайды. Екінші буын басында, буын және сөз аяғында қолданылады. Араб-парсы, орыс сөздерінде қолданылмайды. Қазан диалектісінде н дыбысына көшеді: сенел, ин, балаларын.

П фонемасы.

Қазақ тілінде п – қатаң, ерін, шұғыл дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: пышақ, піспек, пішін, бап, апа.

Татар тілінде п дыбысы – б дыбысының қатаң жұбы. Ол – ерін-ерін, шұғыл, таза, жабысыңқы, шуыл, қатаң, ауыз дыбысы. Татар тілінде, көбінесе, буынның және сөздің соңында келеді: тап «дақ, із», туп «доп», капка «қапқа», упкын «түпсіз». Екі дауысты арасында ұяңданады: тап-таба, туп-тубы.

Р фонемасы.

Қазақ тілінде р – үнді, діріл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің орта және соңғы позицияларында кездеседі: қар, бір, қарсы, ара т.б. Ал сөз басында оның алдына дауысты дыбыстар қосылып айтылады: рет-ірет, ру-ыру,

Татар тілінде р дыбысы – діріл сонант. Орыс тілімен салыстырғанда бұл дыбыс татар тілінде бәсең айтылады, кедергілер тілде азырақ болады¹. Дауысты және сонор дыбыстар ортасында келгенде бұл дыбыс, көбінесе, түсіп қалады: берлән – белән «-мен», *ирде – иде* «еді». Татар тілінде сөз басында айтылмайды, кірме сөздерде ғана келеді: рәсем «сурет», рәхмәт «рахмет», радио, революция.

С фонемасы.

Қазақ тілінде с – қатаң, ызың, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: сары, сіз, сүт, тас.

Татар тілінде с дыбысы – тіл алды, ызың, бір фокусты ауыз дыбысы. Сөздің түрлі орнында қолданылып, екі дауысты арасында ұяңданбайды: сату «сату», сүз «сөз», бастырма «бастырма», *кисә «әмиян»*.

Т фонемасы.

Қазақ тілінде т – қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: *тарақ, тіс, тұз, ат, ет*.

Татар тілінде т – тіл алды, дорсаль, таза, шұғыл, шуыл, қатаң дыбыс. Сөздің барлық позициясында еркін қолданылады: таң

¹ Байчура У.Ш. Звуковой строй татарского языка: Экспериментально – фонетический очерк. – Казань: Изд – во ЮГУ, 1959. – Ч. I. – 183 с. – С. 124.

«таң», тән «тән», кату «кату», сөрт «сүрт». Екі дауысты арасында ұяңданбайды: ата «әке», утыр «отыр», тоту «түту, ұстау».

Ф фонемасы.

Қазақ тілінде ф – қатаң, ызың, ерін дауыссыз дыбыс. Қазақ тіліне орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздерде кездеседі: фургон, фуражка.

Татар тілінде ф дыбысы – ерін-тіс, ызың, шуыл, қатаң дыбыс. Ол в дыбысынан қатаңдық белгісімен ғана ерекшеленеді. Сөз басында, буын басында, сөз соңында келуі мүмкін: Фәрида «қыз есімі, Фарида», ефәк «жібек», туфрак «топырақ», саф «саф, таза». Көбінесе сөйленістерде п дыбысымен айтылады: йафрак-йапрак «жапырақ», керфек-керпек «кірпік», туфрак-тупрак «топырақ», Фатыйма-Патыйма (қыз есімі, Фатима/Бәтима). Орыс тілінен енген кірме сөздерде де п дыбысымен айтылады: фитиль-пилтә «білте», фонарь-панар «шам», конфет-кампет «кәмпит».

Х фонемасы.

Қазақ тілінде х – қатаң, ызың, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақ тілінде кірме сөздерде кездеседі: хабар, хикая, анархия т.б.

Татар тілінде х дыбысы – увуляр, шуыл, қатаң, ауыз дыбысы. Бұл дыбыс жасалғанда тілдің артқы бөлігі, кіші тіл жұмсақ таңдайға жақындайды, сондағы саңылаудан ауа үрленіп шығады. Бұл дыбыс араб-парсы, орыс тілдерінен алынған сөздердің басында көбірек қолданылады: харап «аянышты», Хәрәзм «Хорезм», хуҗа «қожа», халык «халық», ихтирам «құрмет», ахыр «ақыр, соңы». Орыс тілінен енген сөздерде жіңішкерек айтылады: архив, химик, хоккей, хиппи. Бұл дыбыс араб-парсы сөздерімен бірге кейінірек кірген дыбыстар болып саналады. Сөйлеу тілінде және жергілікті диалектілерде х дыбысы қ дыбысына айналады немесе бүтіндей түсіп қалады: қат (хат), (х)азер, (х)икәят-әкият.

Ц фонемасы.

Қазақ тілінде ц – қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақ тіліне орыс тілінен немесе орыс тілі

арқылы басқа тілдерден енген сөздерде кездеседі: *циклон, циркуль* т.б.

Татар тілінде *ц* – қатаң, шұғыл тіл алды, тіл-тіс, аффрикат дыбыс орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады: *циркуль, цистерна* т.б.

Ч фонемасы.

Қазақ тілінде *ч* – қатаң, шұғыл, тілдің қатысуымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақ тіліне орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген кірме сөздерде кездеседі: *чек, чемпион* т.б.

Татар тілінде *ч* дыбысы – тіл алды, ызың, созылмалы фокусты, ауыз дыбысы. Бұл дыбысты айтқанда, тілдің ұшы астыңғы тістердің артында болады, ал тілдің алдыңғы және орта бөлігі біршама сопақша қуыс жасай келіп, қатты таңдайға қарай көтеріледі. Сөздің, буынның басында және аяғында қолданылады: *чи «шикі», черем «көз шырымын алу, қалғу», чәч «шаш»*. Бұл дыбыс орыс тіліне қарағанда баяулау айтылады. Татар тілінің мишар диалектісінде *ч* дыбысы аффрикат *тч* болып айтылады: *пы'чак «пышақ», ө'ч «үш», о'ча «жамбас»*.

Орыс сөздерінде де аффрикат дыбыс қолданылады: *карточка «кәртiшке», почта «пошта»*.

Ж фонемасы.

Татар тілінде *ж* дыбысы – *ч* дыбысының ұяң жұбы. Ол сөз басында, буын басында жиі қолданылады: *жиләк «жидек», жимеш «жеміс», жил «жел», кәжә «ешкі»*.

Мишар диалектісінде оның орнына, көбінесе, а) *й* дыбысы қолданылады: *йиләк «жидек», йир «жер», йимеш «жеміс»; ә) аффрикат дж дыбысы қолданылады: джил, джиләк, джир, джимеш*.

Ш фонемасы.

Қазақ тілінде *ш* – қатаң, ызың, тіл дауыссыз дыбыс. Сөздің барлық позицияларында кездеседі: *шешек, шаш, шөл* т.б.

Татар тілінде ш дыбысы – тіл алды, ызың, шуыл, ұяң. Бұл дыбысты айтқанда, дыбыстау мүшелерінің бір-біріне жақындауы (фокус) екі орында болады. Бірінші фокус – тіл ұшы қатты таңдайға таман қозғалса, екінші фокус – тілдің артқы бөлігі де қатты таңдайға таман көтеріледі. ш дыбысы сөз басында сирек қолданылады, олардың көпшілігі кірме сөздер болып келеді: шәм «шам», шура «алқа, кеңес», шоколад «шоколад», шар «шар», шулпа «сорпа». Татар сөздерінің соңында, екінші буын басында жиі қолданылады: баш «бас», каш «қас», о-шаган «ұнаған».

Щ фонемасы.

Қазақ тілінде щ – қатаң, ызың, тілдің қатысымен жасалатын дауыссыз дыбыс. Қазақ тіліне орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген кірме сөздерде жиі кездеседі: борщ, щетка т.б. Өте сирек жағдайда қатар, қосақтаса келген ш дыбысын таңбалайды: ащы, тұщы т.б.

Татар тілінде щ орыс тілінен енген фонема щи, щетка тәрізді кірме сөздерде кездеседі.

Һ фонемасы.

Қазақ тілінде һ – қатаң, ызың, көмей дауыссыз дыбыс. Көбіне-көп қазақ тіліне араб тілінен енген кірме сөздердің орта шенінде кездеседі: гауһар, қаһарман.

Татар тілінде һ дыбысы – фарингаль (жұтқыншақ), ызың, бір фокусты, шуыл, қатаң ауыз дыбысы. Бұл дыбыс жасалғанда, фокус тіл артының жұтқыншақ қабырғаларына жақындайды да, ауа сол жерден үрлене шығады. Татар сөздерінде һ дыбысы өте сирек қолданылады: әһә, аһ. Көбінесе араб-парсы сөздерінде қолданылады: һәйкәл «мүсін, ескерткіш», һәр «әр», шәһәр «шаһар», һаман «әрқашан», һәм «және», әһамият «мән, маңыз». Бұл дыбыс татар тіліне араб-парсы кірме сөздері арқылы кейінгі кезеңдерде енген. Осыған байланысты ол сөйлеу тілінде түсіп те қалады, кейде й дыбысымен алмасады: һәйбәт-әйбәт, Фәһимә-Фәймә. Қазақ диалектілерінде һ орнына увуляр х қолданылады: хәм, хәрбер, шәхәр, хаман, т.б.

Һәмзә (ç) фонемасы.

Татар тілінде көмей дауыссызы – һәмзә (ç). Бұл дыбыс – ларингаль, шұғыл, таза, жабысынқы, шуыл, қатаң дауыссыз. «Гамза» немесе көмей дыбысы араб тілінен енген сөздерде және одағайларда кездеседі. Бұл дыбыс сөздің ортасында э әрпімен таңбаланады. Транскрипцияда [‘] белгісі қойылады: тәмин [тә‘мин] (жабдықтау), маэмай [ма°‘май] (күшік).

Бұл дыбысты айтқанда, фокус көмейде пайда болады. Дауыс шымылдығы бір-бірімен жабысады. Бұл дыбыс татар сөздерінде аз ұшырайды: мәхмәй, итәм , эç (мойындамау). Татар тілінің орта диалектісінің Касыйм говорында к, қ, ç, ғ дыбыстарын алмастырып қолдана береді: çара-карга (қарға), çушу-кушу «қосу», çүлмәç-күлмәк «көйлек».

Татар тіліндегі тұрақсыз әріптер туралы¹.

я	ю	ё	е	г	к	в	о	ы	э
йа йә	йу йү	йо	йы йэ	г гь	к кь	в в	о о̄	ы ы̄	э э̄

Татар тілінде я, ю, е, ё әріптері 3 жағдайда екі дыбысты білдіреді:

- 1) сөз басында: ярата [йа°ра°та] (жақсы көреді);
- 2) ь және ь айырым белгілерінен соң: дөнъя [дөнья] (дүние);
- 3) сөз басында, дауыстылардан соң: дөя [дөйә] (түйе).

[йа] – жуан сөздерде: ярата [йа°ра°та] (жақсы көреді)

я

[йә] – жіңішке сөздерде: яшел [йәшәл] (жасыл)

[йы] – жуан сөздерде: ел [йыл] (жыл)

¹ Татарский язык в таблицах и схемах для русскоязычных учащихся начальных классов./ авт.– сос. Р.Н.Насибуллина.– Казань: Гыйлем, 2008.– 64 стр. – С.9.

е

[йә] – жіңішке сөздерде: егет[йәгәт] (жігіт)

[йу] – жуан сөздерде: юл [йул] (дорога)

ю

[йү] – жіңішке сөздерде: юкә[йүкә] (жөке)

ё [йо] – бұл әріп байырғы татар тілінде жоқ, дегенмен сөйлеу тілінде ёлка [йолка] сөзі жиі қолданылады.

[гь] – жуан сөздерде, келесі тіркесімде: га, го, гу, гы, гый

г

[г] – жіңішке сөздерде, келесі тіркесімде: гә, гө, гү, ги, ге

[къ] – жуан сөздерде, келесі тіркесімде: ка, ко, ку, кы, кый

к

[к] – жіңішке сөздерде, келесі тіркесімде: кә, кө, кү, ки, ке

[в] – орыс сөздерінде: вагон [вагон]

в

[w] – татар сөздерінде: вакыт [wa°къыт] (уақыт)

О, ы, э әріптері татар тілінде де, орыс тілінен енген сөздерде де кездеседі. Орыс тілінен енген кірме сөздер транскрипциясында бұл дыбыстардың үстінен «-» белгісі қойылады:

[о] озын [озон] (ұзын)	[ы]ылыс [ылыс]	[э]эт[эт] (ит)
о	ы	э [э]экран[экран]
[о̄] борщ [борщ]	[ы̄]сыр [сыр]	[‘]маэмай[ма°‘май]

Қазақ және татар тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың салыстырмалы кестесі

		Қазақ тілінде	Татар тілінде	
Дауыссыз дыбыстардың жіктелісі		б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, л, м, н, п, р, с, т, у, ф, х, ц, ч, ш, қ, ң, щ	б, в, г, ғ, д, ж, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, ц, ч, ш, щ, һ, ы, «гамза»	
Қазақ тілінде дауыстың катысына қарай	үнді дауыссыз дыбыстар	л, м, н, ң, р, й, у	ярым сузыклар	л, м, н, ң, р, й, ы
	ұяң дауыссыз дыбыстар	б, в, г, ғ, д, ж, з	яңгырау	б, в, г, д, ж, з, ғ, ж
	(Татар тілінде үн мен салдырдың катысына қарай) қатаң дауыссыз дыбыстар	п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч	саңгырау	п, ф, к, т, ш, с, қ, ч, щ, х, ц, һ
Ауаның шығу жолына қарай	шұғыл дауыссыз дыбыстар	п, б, т, д, к, г, қ, ц, ч, м, ң, ң	йомықлар	б, п, т, д, г, қ, қ, м, ң, ң, ч, ц
	ызың дауыссыз дыбыстар	ф, в, с, ш, ж, з, х, һ, ғ, л, й, у	өрелмәле	в, ф, ы, л, й, з, с, ч (тат.), ж, ш, щ, х, ғ, һ
	діріл дауыссыз дыбыс	р	калты-раулы	р
Жасалу немесе айтылу орнына қарай	еріндік дауыссыз дыбыстары	п, б, м, у	ирен-ирен	б, п, м, ы
	тіс пен ерін дауыссыз дыбыстары	в, ф	ирен-теш	в, ф
	тіл алды дауыссыз дыбыстары	т, д, с, з, ш, ж, ц, ч, ң, л, р	тел алды	т, д, с, з, ш, щ, ж, ж, ц, ч, ң, л, р
	тіл ортасы	й	тел ұртасы	й
	тіл арты	ғ, ғ, қ, қ, ң, х	тел арты	к, г; терең тіл арты к, ғ, ң, х
	көмей дауыссыз	һ	фарингаль лорингаль	һ һәмзә (с)

§8. Қазақ және татар тілдеріндегі буын және оның түрлері

Буын – ауаның кілт үзілуінен немесе кедергіге ұшырауының нәтижесінде пайда болатын, бір демде айтылатын дауысты дыбыс немесе дауысты, дауыссыз дыбыстар тобы¹. Буынды тек дауысты дыбыс құрай алады. Бір буында бірден артық дауысты дыбыс болмайды. Дауыссыз дыбыстар дауысты дыбыстардың қатысынсыз буын құрай алмайды. Сөз ішінде екі дауысты дыбыс арасында келген дауыссыз дыбыс өзінен кейінгі дауысты дыбыспен бірігіп буын құрайды. Сол себепті бірінші буыннан кейінгі буындар дауыссыз дыбыспен басталады.

Дыбыстық құрамы тұрғысынан буынның 6 типі қазақ және татар тілдеріне ортақ болып келеді². Дауысты және дауыссыз дыбыстардың орын тәртібіне қарай буын түрлері қазақ тілінде ашық, тұйық және бітеу деп үшке, ал татар тілінде ашық (ачык ижек) және тұйық (ябык ижек) деп екіге бөлінеді³.

№	Буын типтері	Қазақ тілінде		Татар тілінде	
		буын түрі	мысалдар	буын түрі	мысалдар
1	V (бір дауысты)	ашық	а-лыс, ә-ке, е-ден, ұ-зын, ы-дыс, і-ні т.б.;	ачык	и-мән,ә-би, а-лай
2	CV (бір дауыссыз бір дауысты):	ашық	қа-ла, да-ла, та-ра	ачык	ке-ше, бе-лә, бу
3	VC (бір дауысты бір дауыссыз)	тұйық	от, ет, ән, үй, т.б.	ябык	ак, эш, ат, үл, эл
4	VCC (бір дауысты екі дауыссыз):	тұйық	өрт, ант т.б.	ябык	әйт, ант
5	CVC (дауыссыз, дауысты, дауыссыз):	бітеу	қол, той, сөз т.б.;	ябык	жир, киң, кал-ган, тор-ган

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 93.

² Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле.– Казан: Мағариф, 1994.– 320 б.– Б. 176.; Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 165.

³ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 169.

6	CVCC (дауыссыз, дауысты, дауыссыз):	бітеу	тарт, қарт, жұрт, жарқ-жұрқ,	ябық	қарт, қайт, йорт, қылт,
---	-------------------------------------	-------	------------------------------	------	-------------------------

Мұның сыртында қазақ және татар тілдеріне басқа тілдерден енген сөздерде CCV (екі дауыссыз бір дауысты), CCCV (үш дауыссыз бір дауысты), CVCCC (дауыссыз, дауысты, үш дауыссыз), CCVC (екі дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз), CCVCC (екі дауыссыз, бір дауысты, екі дауыссыз), CCVCCC (екі дауыссыз, бір дауысты, үш дауыссыз), CCCVC (үш дауыссыз, бір дауысты бір дауыссыз), CCCVCC (үш дауыссыз, бір дауысты, бір дауыссыз) тәрізді буын түрлері байқалады: пла-кат, гра-нат, стра-тегия, стра-тосферапункт, хрус-таль, спорт, спектр, спринт және т.б.

§9. Қазақ және татар тілдеріндегі буын жігі және тасымал

Қазақ тілінде бірінші буыннан басқа буындар дауысты дыбыстан басталмайды, яғни бірінші буыннан кейінгі буындар әрқашан дауыссыздан басталады, мұнда дауыссыз дыбыс өзінен кейінгі дауысты дыбыстан ажырамайды. Қазақ тілінде буын жігі мен тасымал тұрғысынан қиындық туғызатын и, у, я, ю әріптері бар буынды Ә.Жүнісбек әліпби жалған буын деп атайды¹. Татар тіліндегі буын жігі мен тасымалдау барысы² қазақ тілімен бірдей болып келеді.

Екі тілде де сөздер буын санына қарай тасымалданады: бақ-ша /бак-ча, ор-ман-дар /ур-ман-нар.

Жалғыз әріптен тұратын буынды бірінші жолда қалдыруға немесе екінші жолға шығаруға болмайды: қазақ тілінде: *о-рын, о-қу*; татар тілінде: *я-зу (жазу), у-куы* немесе *уку-ы* (оның оқуы).

Естілуі бойынша бір буынды құрайтын, бірақ жазылуы бойынша буын деп есептелмейтін өзге тілден енген сөздің

¹ Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009. – Б. 165.

² Татарский язык в таблицах и схемах для русскоязычных учащихся начальных классов./ авт.– сос. Р.Н.Насибуллина.– Казань: Гыйлем, 2008.– 64 стр. – С.5.

бөлігін бірінші жолда қалдыруға немесе екінші жолға шығаруға болмайды: октя-брь, дека-брь.

Қысқарған сөздерді («КамАЗ»), қысқартылып жазылған өлшем атауларын (3 кг), шартты графикалық қысқартуларды (т.б.), сандарға жалғанатын қосымшаларды (7нші/7нче) тасымалдауға болмайды. Екі мәнділік тудыратын сөздерді тасымалдауға болмайды: Бұл бес грам-м ба?)/ Бу биш грам-мы? Алтынның бір грамм-ы/ Алтынның бер грам-мы.

§10. Қазақ және татар тілдеріндегі екпін

Екпін сөздердегі мағынаның ерекшеленуін, сөйлеуші мән берген және тыңдаушының мән бөлуін қалаған сөз немесе сөздер тобын нақтылайды. Екпін фонетикалық тұрғыдан тегеурінді екпін, әуезді екпін және мөлшерлі екпін деп үшке бөлінеді¹.

Екпіннің сөйлеу жүйесіндегі қызметі кульминатив, делимитатив, сигнификатив, экспрессив болып жүйеленеді². Екпіннің кульминатив қызметі сөз ішіндегі буындар мен буын құрайтын дыбыстарды лебіздік (просодикалық) тұрғыдан біріктіруге негізделеді. Екпіннің делимитатив қызметі сөйлеудегі сөздердің шегі мен шекарасын ажыратады. Бұл да фразада қанша екпін болса, соншалықты сөз бар дегенді білдіреді³.

Қазақ тілінде екпінді өз бойына тартпайтын қосымшалар кездеседі. Олар:

1. Етістіктің болымсыз түрінің жұрнағы екпінді өзіне тартпайды, екпін алдындағы буынға түседі. Мысалы: алма, баспа, шығарма. Болымсыз етістіктен кейін басқа жалғаулар қосылғанның өзінде де екпін болымсыздық қосымшасының алдындағы буында қалады. Мәселен: алмаңыз, баспайық, шығармаймын. Алайда экспрессия-эмоциялық реңкі бар сөздерде, іс-қимылдың болымсыздық мәнін нақтылау үшін екпін болымсыздық қосымшасына түсуі мүмкін. Мәселен: айтпайсың, орындамаймын.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 99.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 100.

³ Мысалдар «Қазақ грамматикасынан» алынғанын ескертеміз.

2. Екпін түспейтін қосымшалардың бірі – жіктік жалғауы, екпін оның алдындағы буында болады: баламыз, үйдемін.

3. Екпін түспейтін қосымшалардың бірі көмектес септіктің қосымшасы (қазақ тілінде –мен) және қазақ тілінде мен жалғаулық шылауы. Мысалы: Үсенмен барды, қолымен басты.

4. Қазақ тілінде теңеу және салыстыру мәнді -дай қосымшасы (гүлдей жайнай бер, таудай жігіт, мамықтай жұмсақ), өтініш білдіретін -шы жұрнағы (айтшы, көрші) екпін қабылдамайды:

Қазақ тілінде бір ғана екпінге бағынып айтылатын сөздердің тіркесі кездеседі. Мысалы ит-құс, ине-жіп сияқты қос сөздер, мен ғана, жиырма шақты сықылды негізді сөздер мен көмекші сөздер тіркесі, бота көз, қыпша бел тәрізді тұрақты сөз тіркестері акцентуалдық жақтан бөлінбей, бір бүтін ритмикалық топ түрінде айтылады. Қазақ тілі білімінде акцентуалдық жақтан жігі ажырамай, бір ғана екпінмен айтылып, ритмикалық бір бүтін топ құраған сөз тіркесінің құрамындағы екпін түспеген сөз екпінді өз бойына тартқан сөздің алдында тұрса, проклитика, соңында тұрса энклитика деп аталады¹.

Қазақ тілінде күшейткіш үстеулер мен күшейтпелі буындар екпінді өзіне тартады да, өзінен кейінгі сөзді энклитикаға айналдырады. Мысалы қазақ тілінде: өте әдемі, аса қиын тәрізді сөздерде екпін күшейтпелі үстеулерде болса, қап-қара, сап-сары деген сөздерде күшейткіш буындар екпінді өз бойына тартқан. Сол себепті негізгі сөздер энклитикаға айналған.

Сөйлемде ырғақты екпінмен бірге, ой екпіні де қолданылады. Ой екпіні сөйлемнің мазмұнына байланысты болады да, бір сөздің мәніне ерекше назар аударуға жетелейді. Мәселен, Айгүл ауылға кеше кетті деген сөйлемді Айгүл кеше / ауылға кетті (басқа жаққа емес, ауылға). Кеше ауылға / Айгүл кетті (басқа біреу емес, Айгүл). Айгүл ауылға / кеше кетті (басқа бір күн емес, кеше) деген сөйлемдерде ой екпіні баяндауыштың алдында тұрған сөзге түседі.

Татар тілінде екпін (басым) соңғы буынға түседі²: кеше' (кісі), дәре'с (дәріс), уқытучы' (оқытушы). Түбір сөзге қосымша

¹ Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993. – Б. 246.

² Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле.– Казан: Магариф, 1994.– Б. 178-184; Татарский язык в таблицах и схемах для русскоязычных учащихся начальных классов./ авт.– сос. Р.Н.Насибуллина.– Казань: Гыйлем, 2008.– 64 стр. – С.13.

жалғанғанда екпін қосымшаға, яғни соңғы буынға жылжиды: кешелә'р, дәреслә'р, уқытучыла'р.

Екпін мынадай жағдайларда соңғы буынға түспейді:

1. Болымсыз етістік жұрнағына: бар (бар) – ба'рма (барма), ба'рмый (бармайды), ба'рмады (бармады).

2. Сұрау есімдіктерінің бірінші буынына: ка'йда? (қайда?), нә'рсә? (не?), ни'нди? (қайсы?), ни'чә? (неше?).

3. Күшейтпелі демеуліктерге: и'ң матур (ең әдемі), би'к күңелле (өте көңілді), са'п-сары (сап-сары).

4. Етістіктің 2-жақ бұйрық рай тұлғасының жекеше, көпше түрлерінің бірінші буынына: син у'қы (сен оқы), жы'рла (жырла), у'тыр (отыр), сез у'қығыз (оқыңыз), жы'рлагыз (жырлаңыз), у'тырығыз (отырыңыз).

5. Етістіктің осы және келер шақ жұрнақтарына:

мин бара'м, барача'кмын, бары'рмын	без бара'быз, барача'кбыз, бары'рбыз
син бара'сың, барача'ксың, бары'рсың	сез бара'сыз, барача'ксыз, бары'рсыз
ул бара', барача'к, бары'р	алар бара'лар, барачакла'р, бары'рлар

Ескерту: III жақ, көпше түрде барырла'р, барачакла'р (олар барады).

6.-мы//-ме сұраулық демеуліктермен жасалған сөздердің алдыңғы буынына: әни'ме? (ана ма?), бара'мы? (бара ма?), кызы'лмы? (қызыл ма?).

7. Кейбір шылаулардың бірінші буынына: ә'мма (бірақ), лә'кин (бірақ, алайда), чө'нки (себебі).

8. Қос сөздердің бірінші сыңарының соңғы буынына: бала'-чага (бала-шаға).

9. Біріккен сөздердің бір компонентіне: ташбака' (тасбақа), кө'ньяк (оңтүстік).

10. Соңғы буынына екпін түсетін орыс тілінен енген сөздерге қосымша жалғанғанда екпін қосымшаға жылжиды: фестива'ль – фестиваль+гә' (фестивальге). Егер екпін алғашқы буындарда тұрған болса, қосымша жалғанғанда сол орындарын сақтайды: па'рта – па'рта+га (партға), телеви'зор – телеви'зор+дан (телевизорға).

МОРФОЛОГИЯ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ТІЛДЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

§1. Морфология және оның зерттеу нысаны, мақсат-міндеттері

Морфология (грек. *morphe* түр, форма және *logos* сөз, ілім) сөзі екі мағынада қолданылады: тілдің морфологиялық құрылымы және осы құрылымды зерттейтін грамматиканың бір саласы. Бірінші мағынада морфология – сөздердің грамматикалық тобын (сөз таптары), осы топтарға тән грамматикалық (морфологиялық) категориялар мен сөздердің тұлғал-тұрпаттарын (форма) толық қамтитын тілдің грамматикалық құрылымының бір бөлігі. Демек, тілдің морфологиялық құрылымы дегеніміз – сөзтұлға, сипат, тұрпат меже және құрылым жағынан білдіретін грамматикалық мағыналарға тәуелді болатын сөздің құрылымы.

Морфология ғылым саласы ретінде тілдің морфологиялық құрылымын зерттейді. Оның зерттеу нысанына, біріншіден, сөздерді сөз таптарына таптастыру (классификация) және

олардың әрқайсысын іштей лексика-грамматикалық және морфологиялық разрядтарға жіктеу, екіншіден, нақты жүйелі формалар түрінде көрініс беретін морфологиялық категорияларды білу, түсіндіру және сипаттау, сондай-ақ осы формалардың өзіне жалпы классификация жасау алынады¹.

Морфология сөздің, сөзтұлғаның ішкі морфемдік құрылымын оның сыртқы формальдық (дыбыстық) құрылымымен байланыста алып қарастырады. Бұл морфологияның түбір мен тұтас сөздердің мағынасын зерттейтін лексикологиядан айырмасын көрсетеді. Сөздің мағынасы, атқаратын қызметі сөйлем ішінде анықталатындықтан, морфология сөзді синтаксиспен байланыста қарастырып, оның лексика-грамматикалық сипатын айқындайды².

Грамматиканың жеке бөлімі ретінде морфологияның қарастыратыны – сөздердің ең кішкентай ішкі мағыналық тіл бірліктерін білдіретін морфемалар мен морфтар. Сөйтіп, морфология сөздің, сөзтұлғаның ішкі морфемдік құрылымын оның сыртқы формальдық (дыбыстық) құрылымымен байланыста алып қарастырады. Бұл морфологияның түбір мен тұтас сөздердің мағынасын зерттейтін лексикологиядан айырмасын көрсетеді. Сөздің мағынасы, атқаратын қызметі сөйлем ішінде анықталатындықтан, морфология сөзді синтаксиспен байланыста қарастырып, оның лексика-грамматикалық сипатын айқындайды³.

Морфологияда сөз формаларының зерттелуі нәтижесінде сөздердің қандай грамматикалық категорияларға жататыны және оларға тән тұлғалық модельдер анықталады. Бұл сөздерді сөз таптарына қарай жіктеу мәселесімен ұштасады. Морфологиялық категорияларға етіс, түр, шақ, жақ, рай, септік т.б. жатады. Бұл категориялардың жүйелі түрлері сөздердің ірі грамматикалық топтарын (сөз таптарын) жасайды. Морфологияның негізгі міндеттерінің бірі – сөз таптарының тұлғалық-мазмұндық және грамматикалық-категориялық ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

¹ Закиев М.З. и др. Татарская грамматика в 3-х тт. Том 2. –Казань: Татарское книжное издательство, 1993.– 397 стр. – С.5.

² Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік– Словарь, 2005. – Б.220

³ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік– Словарь, 2005. – Б. 220.

§ 2. Грамматикалық категория, грамматикалық мағына және грамматикалық форма ұғымдары

Түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын зерттеу әлемдік лингвистиканың, түркі тіл білімінің грамматика саласының ғылыми-теориялық және методологиялық ұстанымдары мен ғылыми ұғымдарына негізделеді, сондай-ақ жалпы грамматикадан сараланған морфология бөлімінің ішкі заңдылықтары мен амал-тәсілдеріне сүйенеді. Морфологиялық құрылым болып табылатын лексемалық бірліктер тілдік материал (форма) мен форма мазмұнының бірлігіне негізделген сөз тұлғасын сомдайды. Әр түрлі мәндік ұғымдарды білдіруде дыбыстық құрылымның түрліше болып отыруы, яғни белгілі бір дыбыс тіркестерінің белгілі бір мағына, мән беруі немесе белгілі бір мән-мағынаның өзіндік дыбыстық құрылымының болуы, олардың өзіндік функциясының болуы сөз тұлғаларын іштей жіктеп, грамматикалық тұрғыдан топтастыруға негіз болды.

Грамматика (грек. *gramatike+gramma* әріп, жазу) – 1) тіл құрылысы, яғни морфологиялық категориялар мен формалардан, синтаксистік категориялар мен конструкциялардан, сөзжасам тәсілдерінен тұратын тіл жүйесі. Грамматикаға тілдің дыбыстық, лексикалық бірліктерінен басқа грамматикалық категорияларда, грамматикалық тіл бірліктерінде, грамматикалық формаларда берілгендердің бәрі де жатады; 2) тіл құрылысын зерттейтін тіл білімінің бір саласы грамматикада тіл бірліктері өздерінің нақты (заттық) мағыналарынан дерексізденіп, жалпылап жинақталып беріледі; 3) Грамматика термині кейде грамматикалық категорияларды білдіру үшін де қолданылады (етістік грамматикасы, септік грамматикасы)¹. Тілдегі грамматикалық бірліктерді және ол бірліктердің әрі басын қосып ұйымдастыратын, қатынас жасауда іске жарататын, әрі олардың бір-бірінен жігін ажырататын тәсілдерді, құралдарды зерттейтін² тіл білімінің грамматика

¹ Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – Б.75.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері.–Алматы: Санат, 1996. – Б.4.

саласының зерттеу аясы тілдік құрылымға қатысты бірнеше лингвистикалық заңдылықтар мен құбылыстарды қамтиды.

Тілдің морфологиялық құрылымын зерттеуде, әсіресе қосымша морфемалардың қалыптасу тарихын саралауда грамматикалану/ грамматикализация құбылысының мәні ерекше. Грамматикалану – дербес мағыналы сөздердің көмекші сөз қызметінде жұмсалуды нәтижесінде лексикалық дербестігінен айрылуы. Бұған лексикалық мағыналарын толық сақтамаған немесе жоғалтқан көмекші есімдер мен көмекші етістіктер жатады. Дербес лексемалық мағынасынан айрылған сөздер тірек сөзбен тұтас бір мәнде қолданылады, негізгі сөздің түрліше грамматикалық мәні мен сипатын білдіре отырып оларды басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түсіреді.

Грамматика саласының грамматикалық категория ұғымының сөздердің грамматикалық мағынасы мен лексикалық мағыналарының, сөз мазмұны мен сөз тұлғасының ара қатысын, өзара үйлесімділігін анықтауға, сөз таптарының ерекшеліктерін зерттеуге келгенде морфологияға тікелей қатысы бар.

Грамматикалық категория (грек. *grammatike* + *gramma* әріп, жазу, грек. *kategoria* пікір айту, пайымдау) – мағынасы біртептес грамматикалық тұлғалардың бір-бірінен өзгеше жүйесі. Бұл жүйеде категорияландыратын белгі басты қызмет атқарады. Категориялық белгіні тілдегі сөз таптарын әр бағытта түрлендіретін форманттардың жинақтық мәні құрайды. Тілдегі көптік, тәуелдік, шақ, жақ, етіс т.б. категориялардың әрқайсысының жинақталған мағыналары соларға сай тұлғалар жүйесін қалыптастыратын категориялық белгі болып табылады. Шын мәнінде грамматикалық категорияның ең басты сапалық нышаны тілдік көрсеткіштің мағынасы мен тұлғасының бірлігі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде грамматиканың екі жақты сипаты – морфологиялық және синтаксистік қырлары көрінеді.

Грамматикалық категория ұғымы морфологиялық бірлік болып табылатын тілдік материал негізінде қалыптасқанымен оның көпқырлылығы, жалпылығы, әмбебаптығы ерекше назар аударуды қажет етеді.

Тіл жүйесіндегі грамматикалық категориялардың өзара тығыз байланыстағы ерекшеліктеріне тоқталған Э.В.Севортян: «Как известно, в грамматике фигурируют весьма обобщенные категории, в которых необходимо различать две стороны, неразрывно связанные между собой: 1) универсальность категории (или форм), позволяющую охватывать все относящиеся к ним конкретные случаи и разновидности; 2) регулярную воспроизводимость категорий на основании правила или закона, что позволяет постоянно пользоваться ими в процессе общения» – деген ой айтады¹.

Тілдік деңгейге қатысты грамматикалық категориялар шартты түрде морфологиялық және синтаксистік категория, морфологиялық сипаты жағынан лексика-грамматикалық және таза грамматикалық болып бөлінеді². Мәселен, К.Аханов қазақ тіліндегі грамматикалық категориялар қатарына сан-мөлшер, септік, жақ, шақ, рай, етіс категорияларын жатқызады. Ал «Қазақ грамматикасында»: «Грамматикалық категория – грамматикалық мағыналар жиынтығының белгілі грамматикалық формалар жүйесі сияқты арнайы грамматикалық тәсілдер арқылы берілуі» деген анықтама беріліп, оны зат есімнің сан-мөлшер (көптік), тәуелдік, септік категориялары, сапалық сын есімнің шырай категориясы, етістіктің салт және сабақтылық, етіс, болымды-болымсыздық, рай, шақ, жақ (жіктік) категориялары деп жіктеу орын алады³.

Грамматикалық құрылыстың тілдік бірлігі (единица) деген ұғым грамматикалық категориямен тікелей байланысты. Бұл мәселе жөнінде тіл білімінде әр түрлі көзқарас бар. Бірқатар ғалымдар грамматикалық құрылыстың тілдік бірлігі морфема деп, енді бірсыпырасы сөз деп пайымдайды⁴. Орыс лингвистикасының өкілдері – А.М. Пешковский, Л.В.Щерба, В.В. Виноградов сынды ғалымдардың еңбектерінде тілдегі

¹ Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. – М.: Издательство Восточной литературы, 1962. – С. 11.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 436.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 431.

⁴ Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік– Словарь, 2005. – Б. 75– 76.

грамматикалық құрылыстың бірлігі ретінде грамматикалық категориялар қарастырылатындықтан кеңестік тіл білімінде (Кеңес Одағы құрамындағы түркі тіл білімінде де) түбір морфемалар мен грамматикалық категориялар жасаушы қосымша морфемалардың түрлері (жұрнақтар мен жалғаулар) морфологияның негізгі зерттеу нысанын құрайды. Жаңа сөз тудырушы қосымшалар дербес мағыналы лексема жасау қабілетіне байланысты таза морфологиялық сипатта болса, белгілі бір сөз табын жасау қабілетіне қарай таза грамматикалық сипатта қарастырылады.

Грамматикалық мағына – тілде қалыптасқан белгілі бір сипаты бар сөздер тобы мен сөз тұлғаларына тән, синтаксистік конструкцияларға қатысты жинақталған және дерексіз тілдік мағынаны білдіреді. Грамматикалық мағынаға сөз таптарында қалыптасқан жалпы сөзжасамдық мағыналар да жатады. Сөз тудырушы қосымшалардың лексика-семантикалық жүйеде қарастырылуы олардың дербес мағыналы сөзжасамдық қабілетімен сипатталады. Сөз таптарының жалпы мағыналары немесе сөз тұлғалары мен сөздердің жеке мағыналары морфология саласына тән морфологиялық категориялар дәрежесін сақтай отырып, бір-бірінен өзіндік белгілерімен ажыратылады. Грамматикалық мағына сөздерге немесе сөздердің белгілі топтарына ғана тән, дерексіздігі әлсіз лексикалық мағыналардан өзгешелеу, грамматикалық мағыналардың жүйесі болмыстағы заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің және олардың өзара байланыстары мен қатынастары туралы ұғымдардың дерексізденуі арқылы қалыптасады. Мысалы, қимыл ұғымы етістіктің жалпы мағынасымен бірге неғұрлым шағын категориялық мағыналарының (шақ, жақ, етіс т.б.) дерексізденуінен туады¹.

Грамматикалық мағына мен грамматикалық форманың арақатынасы, грамматикалық мағынаның бір түрі, яғни категориялық грамматикалық мағынаның берілуінен көрінеді. Мұндағы грамматикалық форма дегеніміз – грамматикалық

¹Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. – Астана, 2002; Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік–Словарь, 2005.

мағына туғызушы тілдік құралдар¹. Грамматикалық мағынаның қалыпты көрінісін білдіретін тілдік бірлік болып табылатын грамматикалық форма түрлі тілдік жүйелерде аффикстер (оның ішінде нөлдік), дыбыстық өзгерістер (ішкі флексия, фоносемантикалық, фонеморфологиялық құбылыстар, дыбыс сәйкестіктері мен дыбыс алмасулары), екпін, қайталау, көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі, интонация арқылы көрінеді. Сөздері түрленетін тілдердегі морфологиялық тұлғалар дегеніміз белгілі сөз таптарындағы сөздердің үнемі өзгеріп отыруы болып табылады.

Грамматикалық деңгейдегі ең шағын бірлік граммема ұғымы грамматикалық категориялардың тегіне қарай ажыратылатын түрлерін сипаттайды. Граммема да грамматикалық категория сияқты мағына мен оны білдіретін тұлғаның бірлігінен тұрады. Граммемалар ортақ мазмұнға негізделген тектік ортақтықтарды, яғни, сәйкес мағыналар болса да, қарама-қарсы мағына болса да ортақ құбылысқа, іс-әрекетке, сапа-қасиетке байланысты грамматикалық мазмұндық аяны сақтайды. Соған орай етістіктің осы шақ, өткен шақ, келер шақ формалары етістік категориясының тектес тұлғалары болса, зат есімнің жекеше, көпше түрлері зат есім категориясының тегі бір түрлері болып табылады.

§ 3. Морфема – морфологиялық ұғымдар кешенінің өзегі

Морфологияның негізгі ұғымы – морфема (грек. *morphe* форма) – ары қарай жіктелмейтін, ең кішкентай белгі ретінде танылатын негізгі тіл бірлігі. 1881 жылы түбір және аффикс ұғымдарына байланысты белгілі лингвист Бодуэн де Куртене ұсынған морфема ұғымы лингвистикалық ғылыми айналымға еніп, тілде қалыптасқан құрылымдық модельдерге сай үнемі қайталанып отыратын, белгілі бір орныққан мағынасы, дыбыс, дыбыс тіркестері құрайтын фонетикалық формалардан тұратын сөз бөліктерінің атауы ретінде қалыптасты.

Морфема сөз құрамында қолданылып, белгілі бір мағынаны білдіреді. Синхрондық тұрғыдан алғанда ол – сөздің ары

¹ Исаев С. Қазақ тілі жайында ойлар. – Алматы, 1997. – Б.227.

қарай бөлшектенбейтін, ең кіші мағыналық бөлшегі. «Сөз морфемалардан құралып, заттарды, құбылыстарды, іс-әрекетті, сапа-белгіні, олардың бір-біріне қатысын белгілейтін, даралық қасиетке ие болатын, басқа сөздермен саналуан қарым-қатынасқа, байланысқа түсетін және дыбысталу мен мағынаның бірлігінен тұратын единица»¹.

Диахрониялық түркі тіл білімінде белгілі бір морфологиялық құрылым деңгейінде бір морфеманың түрлі алломорфтарын қалыптастыратын фонемалар да морфемаға жатады. Мысалы, түркі тілдеріндегі *z~j* фонемалары: *söz~söj(le)*, *söj(lem)*.

Морфологиялық құрылымда морфема фонема тәрізді нақты морфтардың инварианты түрінде көріне отырып, мағыналық дербестік деңгейіне, формасына, қызметіне қарай бірнеше түрге бөлінеді: түбір морфема, лексикалық морфема, аффикстік морфема, нәлдік морфема, бірінші деңгейлі морфема, екінші, үшінші деңгейлі морфема, сегментті морфема, жалғастырушы морфема т.б.

Тіл біліміндегі морфологиялық ұғымдар кешенінің өзегін түбір сөзге де, қосымша сөзге де қатысты морфема ұғымы құрайтындықтан сөз құрамындағы морфемалардың өзара фономорфологиялық, лексика-грамматикалық тұрғыдан үйлесу амалдары, функционалдық-грамматикалық қызметі, белгілі бір лексика-грамматикалық ұғымды таңбалайтын морфеманың функционалдық-семантикалық уәждік негіздері толық қамтылуы қажет. Бұл тіл біліміндегі морфологиялық зерттеулер фонетика-фонологиялық, лексика-семантикалық, синтаксистік зерттеу нәтижелеріне де сүйенетінін дәйектейді.

Грамматикалық бірлік ретінде қарастырылатын сөздің қызметі басқа тілдік бірліктерден (морфема, сөз тіркесі, сөйлем) өзіндік ерекшеліктерімен ажыратылады. Тілдегі грамматикалық құбылыстардың барлығы да сөзге байлаулы. Сөз, біріншіден, грамматикалық жүйенің ішінде морфемамен бірлікте болып, өзара тығыз байланысқа түскен күйінде грамматикалық құрылымның морфологиялық саласын құраса, сөз тіркесі және сөйлеммен қарым-қатынасқа түсіп, грамматикалық

¹ Аханов Қ. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – Б. 4-5.

құрылымның синтаксистік саласын құрайды. Бұл туынды сөздерге ғана емес дербес қолданыстағы түбір морфемаларға да қатысты. Дербес лексикалық мағынаға ие морфемалар тұтас тілдік жүйенің негізін құрай отырып, грамматикалық мағынаға ие морфемаларды қабылдауы арқылы тілдік жүйені дамытады. Диахрониялық тұрғыдан саралағанда грамматикалық мағына беретін морфемалардың бастау көзінде лексикалық мағыналардың болу мүмкіндігі де дәйектелуде. Соңдықтан морфемаларды негізгі (түбір) морфема, қосымша (аффикстік) морфема деп жіктеудің өзі тілдің синхронды жағдайына негізделген теориялық тұжырым екенін көрсетеді.

Сөзге морфемалық талдау сөзжасамдық талдаумен бірге сөз құрылымын саралауға, лексемалық бірліктердің даму жолын анықтауға мүмкіндік береді. Морфемалық талдау сөз құрамындағы барлық морфтарды жіктеп, олардың мағыналарын анықтауды мақсат етеді.

Морфемалық талдаудың компоненттік-морфемдік амалы түбір морфемалардың лексикалық дербестігіне емес, аналогиялық негізде қалыпты буындар мен сөзжасам модельдерін ескере отырып, өлі түбірлер мен өлі жұрнақтарды саралауға; фономорфологиялық, фоносемантикалық заңдылықтарға сүйене отырып, архиморфемаларды реконструкциялауға, тұрпаттас-мазмұндас бірліктердің семантикалық және тұлғалық деривациясы аясында архиформалардың архисемаларын шамалауға жол ашады. Бұл түркі тілдерінің морфологиялық құрылымын таза морфологиялық заңдылықтар негізінде ғана саралаудың нәтижелі бола бермейтінін, тіл білімінің барлық деңгейлеріне қатысты құбылыстар мен заңдылықтарды да назарда ұстау қажеттігін көрсетеді.

§ 4. Сөздің морфологиялық құрылымы: түркі тілдеріндегі түбірлер мен түбір-негіздер

Атау тұлғадағы сөздерді, етістіктердің негізгі тұлғаларын, грамматикалық тұрғыдан түрленген сөздерді толық қамтитын түркі тілдеріндегі жалпылексиканың морфологиялық

құрылымы үш құрамдас бөліктен тұрады: түбір, жұрнақ, жалғау. Осыған байланысты сөздер де құрылымына қарай негізгі үш типке бөлінеді: түбір сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Соңғы тип іштей екіге бөлінеді: түбір және бір немесе бірнеше жұрнақтардан құралған сөздер; түбір мен бір немесе бірнеше жұрнақтан және бір немесе бірнеше жалғаудан құралған сөздер. Сондай-ақ, түркі тілдерінде негізгі үш типтің құрама элементтерінің кейбірінің орын ауыстыруы арқылы және қосымшалардың аралас түрлерінің қатысуымен жасалатын аралас типті сөздер де қолданылады.

Түбір нақты заттық мағынаны білдіріп, жеке сөз бола алады және сөз тіркесі немесе сөйлем құрамында өзінің атқаратын қызметіне сай белгілі бір грамматикалық тұрпат арқалайды. Лексика-грамматикалық сөзжасам жұрнақтары сөздің лексикалық мағынасын және ол сөздің белгілі бір сөз табына қатысын айқындайды. Түбір мен лексика-грамматикалық сөзжасам жұрнақтары бірігіп, сөздің алғашқы, біріншілік негізін құрайды. Негіз сөз де түбір тәрізді сөйлем немесе сөз тіркесі құрамында дербес сөз қызметінде жұмсала алады. Сөздің сөз тіркесі немесе сөйлем құрамындағы атқаратын белгілі бір қызметін айқындайтын функционалдық-грамматикалық сөзжасам жұрнақтарының сөздің алғашқы, біріншілік негізіне үстемеленуінің нәтижесінде туынды, екіншілік негіз пайда болады. Ал сөз түрлендіруші қосымшалар сөздің сөз тіркесі немесе сөйлем құрамындағы өзге сөздерге қатысын көрсетеді.

Аглютинативтік тілдерде, айталық, түркі тілдерінде сөздің онан әрі бөлшектенбейтін және өзгермейтін бөлігі, нақты заттық мағынаға ие түбір біріншілік, туынды емес, өлі болуы, яғни тек түбірлік ядродан тұруы мүмкін. Мысалы: түрк. *kel-* «келу» / (C+V+C), *je-* (<*jej-*) «жеу» / C+V+(+C)/, *ol-* (<*bol-*) «болу, істелу, жасалу, құрылу» / (C)+V+C, *e-* (<*jer-/jir-*) «болу» / (C+)V(+C) немесе екіншілік, туынды болуы, яғни түбірлік ядродан және өлі сөзжасам аффикстерінен құралуы мүмкін, мысалы: *qyz-yl, jur-(g) ek* т.б.¹.

¹ Баскаков Н.А. Алтайская семья языков и ее изучение. – М., 1981. – С.43

Түркі тілдеріндегі түбір морфемалар жайлы алғашқы зерттеулерде түркі, кең алғанда, алтай тілдері бойынша түбірдің дыбыстық құрылымы жайлы екі бағыт қалыптасты: 1. Моносиллабтық (В.В.Радлов, Г.Вамбери, Дж.Клосон, В.Котвич т.б.); 2. Дисиллабтық (В.Банг, К.Менгес, Б.Я.Владимирцов, Н.К.Дмитриев т.б.) түркі тілдері деректері негізінде морфемдік, компоненттік, семантикалық, логикалық талдау әдістері арқылы дисиллабтар мен полисиллабтар құрамындағы алғашқы буынды бастапқы тұлға ретінде қарауға теориялық негіз бар. Сондықтан моносиллабтық бағыт көптеген ғалымдар тарапынан (Н.Сауранбаев, Б.Юнусалиев, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, Э.В.Севортян, А.Н.Кононов, Ә.Т.Қайдар, Ә.Ибатов, М.Томанов, Б.Сағындықұлы, т.б.) қолдау тауып, зерттеу нәтижелері түркі тілдері бойынша түбір және түбір-негіздер жүйесін құрайтын құрылымдық модельді – V, VC, VCC, CV, CVC, CVCC – негізгі тұлғалар деп танығанмен, осы модельдердің қайсысы алғашқы (этимон түбір, этимологиялық түбір, архитүбір, өлі түбір, ілкі түбір, бастапқы түбір, т.б.) деген мәселе үлкен пікірталас өзегі болып отырғаны белгілі.

Барлық түркі түбірлері о баста үш дыбыстан тұратын CVC үлгісіндегі тұйық буын үлгісінде қолданылғанын көрсете отырып, Н.А.Баскаков өз ойын «Все остальные двузвучные или однозвучные корни в тюркских языках представляют собой редкие исключения и исторические восходят к трехзвучным корням с утраченным в результате фонетического развития начальным или конечным или тем и другим согласным»¹– деп тұжырымдайды. Ғалым төрт дыбыстан тұратын CVCC тұлғалы модельдерді CVC тұлғасына өнімсіз немесе өлі аффикстер жалғану арқылы жасалған негіздер, не басқа тілден енген кірме сөздер ретінде, бір ғана дауыстыдан тұратын *ö* «ойлау», *и* «ұйқы», *і* «өсімдік» тәрізді V тұлға модельдерді CVC тұлғасынан ықшамдалып *us* тұлғасына, онан ықшамдалып V моделіне айналған (*i < yi < jig* «қою, тығыз», *ö < ög ~ ök ~ oj ~ oj ~ od < *bög* «ойлау, пайымдау») негіздер ретінде қарайды². А.Н.Баскаков

¹ Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – М.: Наука, 1969. – С. 89.

² Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. – М.: Наука, 1969. – С. 146 – 151.

түбір құрылымы жайлы ұсынған теориясын кейінгі еңбектерінде де тереңдетіп, CV тұлғалы ашық буыннан тұратын түбірлердің де түркі түбірінің табиғатын анықтаудағы маңызына мән береді, бірақ сандық қатысына қарай SVC тұлғасы басымдық алатынын, тарихи түбір де осы тұлға болатынын қайталап көрсетеді, зерттеушінің статистикасы бойынша көне түркі тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де барлық моносиллабтардың төрттен үш бөлігін SVC модельді тұлғалар құрайды¹. Н.А.Баскаковтың көзқарасына қарсы А.Зайончковский орта ғасыр ескерткіштері тілінде CV тұлғалы модельдердің көп мөлшерде кездесетінін айта отырып, тарихи түркі түбірі V, VC, CV, SVC тұлғаларында қолданылғанын айтады².

SVC тұлғалы түбір-негіздер құрамындағы соңғы дауыссызды аффикстік деңгейде қарастырған А.Н.Кононов түркі түбірінің ең шағын тұлғасы V, CV, VC модельдері екенін морфологиялық талдау нәтижелері көрсетіп отырғанын айтады³. Э.А.Макаев түркілік түбір құрылымы жөніндегі даулы пікірлерді шешудің жолы ретінде хронологиялық стратиграфия әдісін қолданудың қажеттігін ұсынса⁴, И.В.Кормушин CV тұлғасын тектіл дамуының алғашқы кезеңіне, (CV+C>) SVC екінші кезеңіне сәйкес келсе, келесі кезеңінде кейбір түбір құрамындағы соңғы дауыссыздар қайта түсіп қалуы мүмкін деген болжам ұсынады⁵.

Түркілік түбірдің прототипі CV моделі болуы мүмкін екенін алғаш айтқан В.В.Радловтың пікірін тереңдетіп, мысалдар арқылы дәйектеген ғалымдар Г.И.Рамстедт, Э.В.Севортян, А.М.Щербак, А.Н.Кононов, Б.М.Юнусалиев, В.Котвич т.б. болды. Олар VC, V модельдерінің тарихилығына күмән

¹ Баскаков Н. А. Историко– типологическая морфология тюркских языков (структура слова и механизм аглютинации). –М.: Наука, 1979. – С. 145 – 146.

² Зайончковский А. К вопросу о структуре корня в тюркских языках: глагольные основы моносиллабические (односложные) типа C+Г (согласный + гласный) // Вопросы языкознания. 1961. № 2. – С. 28 – 29.

³ Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VIII– IX вв.). – Л.: Наука, 1980. – С. 108.

⁴ Макаев Э. А. Вопросы построения сравнительной грамматики и тюркских языков // Советская тюркология. 1971, № 2. – С. 21– 25.

⁵ Кормушин И. В. Лексико – семантическое развитие *qa в алтайских языках // Тюркская лексикология и лексикография. – М.: Наука, 1971. – С. 11– 13.

келтірмейді. Мәселен, алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде алтай тілдері аралық морфологиялық параллельдер жүйесінде түбір негіздердің дыбыстық құрылымында бірдейлікпен қатар, азды-көпті айырмашылықтар да кездесетіні айтылады. В.Котвич түркі және моңғол тілдерінде көптеген бір буынды түбір сөздер өздерінің бастапқы қалпын сақтағанын, ал екі буынды түбір негіздердің тұлғасы негізінен бірдей болып келетінін көрсетеді¹: түрк. *yül*~ моңғ.*žil* «жыл»; түрк. *bal*~ моңғ.*bal* «бал»; түрк. *šaq*~ моңғ. *šay* «өлшем, уақыт»; түрк. *käp*~ моңғ.*kep* «кеп, кейіп, түр»; түрк. *yol*~ моңғ.*žol* «жол»; түрк. *qara*~ моңғ.*χara* «қара»; түрк. *yaqa*~ моңғ.*žaxa* «жаға», түрк. *qada*, *qaya*~ моңғ. *χada* «қия, жартас», түрк. *täkä*~ моңғ.*teke* «теке», түрк. *böksä*~ моңғ.*bögse* «бөксе», түрк. *qobuz*~ моңғ. *χuyur* «қобыз», түрк. *bökä*~ моңғ.*böke* «күшті» т.б. Мұның сыртында, түркі тілдерінде дауыссызға аяқталған бір буынды сөздердің моңғолдық параллельдері үстеме дауысты дыбыспен көмкерілгені байқалады. Мысалы: түрк. *ab,av*~ моңғ.*aba* «аң аулау», түрк. *kök*~ моңғ. *köke* «көк», түрк. *qat*~ моңғ.*χata* «қатып қалу, кебу», түрк. *mäñ*~ моңғ.*mäñge* «мең», түрк. *bas*~ моңғ.*basu* «басу», түрк. *qan*~ моңғ.*qanu* «қану, қанағаттану», түрк. *qon*~ моңғ.*χopo* «қону», түрк. *saq*~ моңғ.*saki* «шабу, жону», түрк. *šoq*~ моңғ.*šoqi* «соғу» т.б. Бұл құбылыс туралы Б.Я.Владимирцов: «Түркі тілдері бұл типтес сөздерде соңғы дауыстыны жоғалтқан болса, дауыстымен келген ашық буын тектіге жақын қалып күйін моңғол тілдерінде сақтаған»² – дейді. Ал В.Л.Котвич түркі тілдерінде әу баста бірінші буынға түскен екпіннің кейінгі буындарға жылжуы арғытүркі кезеңінде жүрілгенін ескеріп, «бұл процесс соңғы дауыстының жоғалып, жойылуына емес, керісінше беки түсуіне әсер етуі керек еді, олай болса түркілік қысқа тұрпат арғытүркі тілінде болды, ал моңғол тілдеріндегі қосымша дауысты арқылы ұзартылған форма дамудың кейінгі кезеңдеріне тән құбылыс» деп санайды.

Қосымша элементтер арқылы сөз тұлғасының ұзартылуын моңғол тіліндегі жалпы үдеріс деп тани отыра, В.Л.Котвич түркі-моңғол лексикалық параллельдерінің мынадай түрлерін көрсетеді³:

¹ Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. – М.,1962. – С.43

² Владимирцов Б.Я. Турецкие элементы в монгольском языке// ЗВО ИРАО, 1911, XX, 2-3. – С. 157.

³ Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. – М.,1962. – С.39 – 42

1) түркі тілдерінде екі дауыссызға аяқталған сөзбен сәйкестік құрайтын моңғол сөзінің соңында дауысты дыбыстың үстемеленуі: түрк. *ärk* ~ моңғ. *erke* «күш, билік», түрк. *bärk* ~ моңғ. *berke* «қиын», түрк. *qirk-* ~ моңғ. *kirya-* «қырқу», түрк. *kärt-* ~ моңғ. *kerçi-* «керту, кесу», түрк. *yort-* ~ моңғ. *yorçi-* «жорту», түрк. *tart-* ~ моңғ. *tata-* «тарту» т.б.

2) түркі-моңғол лексикалық параллелдерінің моңғолдық сыңарында дауыстыдан кейін қосымша *n* дыбысының болуы: түрк. *bai* ~ моңғ. *bayan* «бай», түрк. *küç* ~ моңғ. *küçün* «күш, қуат», түрк. *yüz* ~ моңғ. *žisün* «өң, жүз, бет», түрк. *say* ~ моңғ. *sayın* «сау, жақсы», түрк. *qoi-* ~ моңғ. *хopin* «қой», түрк. *muz, buz* ~ моңғ. *mösün* «мұз», түрк. *oi* ~ моңғ. *ouun* «ой, ақыл» т.б.

3) моңғол тілінде түбірлердің шығу тегі белгісіз элементтермен ұзаруы: түрк. *qut* ~ моңғ. *хуту* «құт», түрк. *ant* ~ моңғ. *andayar* «ант», түрк. *at* ~ моңғ. *adayun* «ат, жылқы», түрк. *yaş-* ~ моңғ. *žalayun* «жас (бала, жігіт)», түрк. *taş* ~ моңғ. *čilayun* «тас», түрк. *qoş* ~ моңғ. *хошіюн* «қос, бөлімше» т.б..

Ал қазіргі түркі тілдерінің ішінен қазақ тіліндегі *qart, qarija, käri; ajt, ajtis, ajqaj* т.б. сөздерінің құрамынан *qar, aj* тұлғаларын морфема ретінде ажыратып, *-t, -ja, -i, -t, -is, -qaj* тұлғаларын түбір құрамына қатысы жоқ элементтер ретінде таныған М. Томанов «... осы азғана фактілер тобына жасалған талдаудың өзі де (және тек бір тіл ыңғайында) қазіргі тіл нормалары бойынша бөліп-жаруға келмейтін жалаң түбір деп қаралатын сөздердің недәуір тобы «мағынасыз» түбірлер мен «белгісіз қосымшаларға ажырайтындығын көрсетеді» – деп қорытады¹. Сондай-ақ ғалым түбір құрылымын анықтауда біраз дау-дамай туғызып жүрген протезалық дыбыстардың «екінші дәрежелі дифтонгілер мен созылықтардың қалыптасуы да түбір құрамын фонетикалық басқа сипатқа алып келгені мәлім»² – деп бастапқы түбір құрамына аталған құбылыстардың аса қатысы жоқтығын меңзейді.

Орта ғасыр ескерткіштері тілі деректері негізінде бір буынды сөздердің де туындылар қатарына жатуы мүмкін екенін көрсеткен қазақ ғалымдарының бірі Ә.Ибатов ХІҮ ғасыр ескерткіштері

¹ Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 140.

² Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 141.

тілінде V, VC, CV, VCV, CVC, VCC, VCVC, CVCC тұлғалы түбірлер мен түбір-негіздер тән екенін айтады¹.

Түркі тіл білімінде бір буынды түбірлер мен түбір-негіздерді арнайы зерттеу нысаны ретінде алып, ауқымды тілдік материал негізінде түбір табиғатын тұлғалық әрі семантикалық, статистикалық тұрғыдан кешенді түрде зерттеген академик Ә.Т.Қайдар түбір құрылымы туралы бұрын-соңды айтылған пікірлер мен тұжырымдарға талдау жасай отырып, үш дыбыстан тұратын тұйық буынды моносиллабтардың қалыптасуы жайлы өз көзқарасын былай білдіреді: «Во-первых, потому, что изменения и сдвиги в структуре корней разноплановы и разнонаправленны: СГС теоретически и практически в языковом развитии могут превращаться в ГС или СГ, точно так же как последние могут, наоборот, перейти в СГС. В каждом конкретно случае они могут иметь свои причины. ... Во вторых, всякие изменения корневых морфем в сторону расширения и сужения их структуры представляют собой результат вполне закономерных фонеморфологических факторов, действующих на всем протяжении исторического развития тюркских языков»².

Түркі тілдеріндегі гомогенді моносиллабтарды етіс-есім омонимиясы тұрғысынан зерттеп синкретизм құбылысының теориялық сипаттамасын ауқымды тілдік дерек негізінде дәйектеп берген Е.Қажыбек: «Түркі тілдеріндегі сөз таптары синкретизмінің іздері грамматикалық деңгейде де, – дериваттардың етістік-есім омонимиясы немесе сөзжасам аффикстері негізінде де аңғарылады» – дей отырып, соңғы құбылысқа аса мән беру қажеттігін, яғни аффикс арқылы жасалған етістік, есім мәнді моносиллабтар құрамында кездейсоқ сәйкестіктердің де кездесіп қалуы мүмкін екенін көрсетеді³. Моносиллаб синкретизмдер табиғаты негізінде түбірлердің көп функционалды болу құбылысын жалғамалылық кезеңге дейін

¹ Ибатов Ә. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983. – Б. 67.

² Қайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма – Ата: Наука, 1986. – С. 14.

³ Қажыбеков Е. З. Глагольно–именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма – Ата: Наука, 1986. – С. 244.

қолданыста болған сөзжасам тәсілі ретінде қарастырған зерттеуші: «Семасиологиялық тұрғыдан қарағанда түркі түбірінің синкретті семантикасы ең ежелгі тектілдің семантикалық жүйесінің сілемі. Сондықтан түркі тілдері лексикасын диахрондық негізде саралауда түркілік сөз мағынасының жалпыдан нақтылыққа қарай даму бағытына ерекше мән беру қажеттігін»¹ ескертеді.

Тек өлі түбірлер ғана емес қазіргі қосымшалардың да кезінде дербес мәнді лексемалық дәрежеде қолданылғаны туралы гипотезалық идеялардың негізділігін қолдайтын Б.Сағындықұлы «Түркі тілдері флексиялық құрылым дәуірін басынан өткізген. Ішкі флексия қалдықтары бір буынды түбірлер көлемінде едәуір дәрежеде қазірде де бар. Бұдан кейін полисинтетикалық құрылым (түбір тіл) дәуірі келген. Түркі тілдері мұндай құрылымды өз басынан кешіргенін белгілі түркологтардың көпшілігі мойындайды. Қазіргі агглютинативті қалпы бүкіл жұртшылыққа белгілі»²— деп түркі тілдері дамуындағы жалғамалылыққа дейін флексиялық, синтетикалық кезеңдердің ақиқаттығын көрсетеді.

Башқұрт ғалымы А. Шайхулов Еділ-Жайық аумағын мекендеуші түркі халықтары тіліндегі моносиллабтарды фонетикалық, морфологиялық, фоно-семантикалық тұрғыдан саралау барысында аталған аймақтағы қыпшақ тобына енетін тілдерде қолданылатын 4000-нан аса түбір-негіздердің жартысына жуығы этимологиясы күңгірт, дербестігінен айрылған бірліктер деген қорытындыға келеді³.

Түркі лингвистикасындағы түбіртану мәселесі бойынша айтылған ой-пікірлер, түбірлер мен түбір-негіздердің жекелеген аспектілерін қарастырған зерттеу нәтижелері де кешенді түрде жүгізілген зерттеулер де тілдегі түбірлік деңгейдің қалыптасуы мен дамуы фонетика-фонологиялық, морфологиялық, семанти-

¹ Кажыбеков Е. З. Глагольно–именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма – Ата: Наука, 1986. – С.245.

² Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994.– Б.5.

³ Шайхулов А. К проблеме корневых основ и корневых слов в тюркских языках // Түркология. –2004. №2. – С. 56.

калық және ономазиологиялық құбылыстардың өзара тығыз байланысына негізделетінін, түбір табиғатын тереңірек тани түсу үшін бір буынды түбір морфемалардың сыртқы тұлғасы мен ішкі мазмұнын сабақтастыра қарастырудың қажеттілігін көрсетіп отыр.

§5. Түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың сөзжасамдық және тұлғажасамдық әлеуеті

Морфологиялық құрылыстың негізі – аффиксация. Мәні мен қызметі әр түрлі аффикстер бір-біріне қабаттасып, қосарланып жалғана береді. Түркі тілдеріндегі сөз таптары жалпы лексика-семантикалық, грамматикалық-функционалдық түр (тип) жағынан басқа жүйедегі тілдердің сондай типтеріне негізінен сәйкес келгенімен, морфологиялық тұрғыдан сөз элементтерінің (бірліктердің) тіркесімділігі, қолданылу ыңғайы жағынан ажыратылады.

Қосымша морфемалардың тұлғалық және мағыналық, функционалдық сипатының өзгерістері жалпы тілдің даму эволюциясымен бірге жүріп отырады. Қосымшалардың эволюциялық дамуы олардың тұлғалық өзгерістері, мағыналық тұрақтылығы немесе өзгергіштігі, көпфункционалдылығы немесе бір ғана қызметте қолданылуы, тұлғалық және семантикалық жағынан сараланып бірізге түсуі тәрізді күрделі процестерді қамтиды. «Түркі тілдеріндегі барлық аффикстік морфемалардың жасалу амалдары мен тәсілдері, аглютинациялық және сингармониялық жүйеге, альтернациялық, фузиялық және секреция құбылыстарына бейімделу ыңғайында жүреді»¹. Сондықтан сингармониялық жүйеге негізделген аглютинативті түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың тұлғалық құрылымының қалыптасуы да фонеморфологиялық, фонетика-фонологиялық, морфологиялық және лексика-семантикалық заңдылықтардың аясында жүзеге асады.

Қосымша морфемалардың эволюциялық түрленулері олардың семантикалық және грамматикалық жағынан соны өзгерістерге ұшырауымен тығыз байланысты. Қосымшалардың

¹ Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол). – Ленинград: Наука, 1981. – С. 158– 160.

құбылуы сөз тұлғалары шеңберінің кеңеюі негізінде пайда болатын көпқызметтілік пен көпваленттілік себептермен түсіндіріледі¹.

Қосымша морфемалардың семантикалық және грамматикалық жағынан сонылануы олардың тұлғалық-құрылымдық тұрғыдан өзгерістерге ұшырап фонетикалық варианттылық түзуімен қатар жүретін құбылыс. Қосымшалардың вариациялануы, корреляциялануы өздері жалғанатын түбірлер мен түбір-негіздердің фоно-морфологиялық, лексика-грамматикалық ерекшеліктеріне, қалыптасқан жаңа сөздің немесе түрленім, өзгерім категорияларының уәждік негіздеріне сәйкес те өзгерістерге ұшырап отырады.

Қосымшалардың тұлғалық-құрылымдық варианттарын үндестік заңының ықпалымен орныққан фонетикалық нұсқалар, өзгерген морфемалардың арасына қыстырма дыбыстардың қолданылуы арқылы қалыптасқан фонетикалық варианттар, құранды-күрделі қосымшалар компоненттерінің кірігуінен пайда болған жаңа формалардың басқа формалармен тұлғалық сәйкестік түзуінен тұратын кездейсоқ варианттар құрайды. Түркі тілдерінің агглютинативті сапасына сай бірнеше вариациялы жалаң қосымшалар күрделі қосымшалар құрамында түрлі өзгерістерге ұшырай отырып қолданылады, үндестік заңына және өзі жалғанатын түбірдің, түбір-негіздің қасиеттеріне байланысты жаңа форманың да бірнеше тұлғалық варианттары қалыптасады. В.Котвич алтай тілдеріндегі түбір сөз құрамындағы дауыссыз дыбыс пен қосымша құрамындағы дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуіне байланысты *t, d, l, n* дыбыстарынан басталатын қосымшалардың төрт түрлі варианты қалыптасса, олардың құрамындағы дауысты дыбыстардың сингармониясы нәтижесінде *t, d, l, n* дыбыстарынан тұратын әр варианттың тағы да төрт түрлі нұсқасы қалыптасатынын көрсетеді². Мәселен, түркі тілдеріндегі көптік мәнді *-tar/-ter/-tär, -dar/-der/-där, -lar/ler/-lär, -nar/ner/när* қосымшасы.

Қазақ тіліндегі сөзжасам және тұлғажасам қосымшалары жайлы К.Аханов: «Форма тудырушы жұрнақтардың сөз

¹ Тектіғұл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 4.

² Котвич В. Исследование по алтайским языкам. – Москва, 1962. – С.32.

тудырушы жұрнақтардан табиғаты басқаша болады. Сөз тудырушы жұрнақтар жалғанған сөзінің мағынасын өзгертіп, онан мүлдем жаңа мағынаны білдіретін басқа бір туынды сөз жасаса, форма тудырушы жұрнақ өзі жалғанған сөзіне сәл ғана қосымша мағына үстейді. Екінші сөзбен айтқанда, форма тудырушы жұрнақ жалғанған сөзінің мағынасын бұзбайды, өзгертпейді, түбірден лексикалық мағынасы басқа, жаңа лексикалық бірлік тудыра алмайды»¹– деп тұжырымдайды. Ғалымның көзқарастары бойынша: «Аффикстік морфемалардың екінші түрі – жалғаулар жалғанған сөздің құрамындағы негізгі морфема (түбір) мен көмекші морфеманың (жалғау) мағыналары бір-бірімен жымдаса кірігіп кетпейді, аффикстік морфеманың сөзге жалғанып, соған ілесіп жүрген қосалқы элемент екені аңғарылып тұрады. Сөз құрамында түбір мен жұрнақтар бір-біріне әбден кірігіп, біртұтас лексикалық бірлік ретінде ұғынылса, жалғаулар сөздердің түбіріне немесе негізіне сіңісіп кетпей, жай ғана селбесіп, қосақталған элемент ретінде ұғынылады. Жалғаулардың сөздің түбіріне мағыналық жақтан кірігуі және онымен байланысы жұрнақтарға қарағанда анағұрлым солғын, әлсіз»².

Қазақ тіліндегі қосымша морфемаларды кеңінен зерттеген ғалым Ы.Маманов қосымшаларды екі топқа жіктеуді жөн санайды: «қосымшалар негізінен, екі-ақ түрлі қызмет атқарады: бірі – сөз тудыру, екіншісі – сөздің грамматикалық формасын тудыру»³.

Қосымшаларды үш топқа бөліп қарастырған профессор Ә.Ибатов сөзжасам қосымшаларына түбір-негіздер мен туынды негіздерден жаңадан туынды сөз тудыратын қосымша морфемаларды; тұлғажасам қосымшаларына зат есімнің экспрессивті-эмоционалды мән беретін жұрнақтарын, сын есімнің шырай категориясын, реттік сан есімнің және үстеудің кейбір жұрнақтарын; сөзбайлам қосымшаларына зат есімге немесе субстантивтенген басқа да сөз таптарына жалғанатын көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларын жатқызады⁴.

¹ Аханов К.Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат,1996. – Б. 33.

² Аханов К.Грамматика теориясының негіздері. – Алматы,1996. – Б. 34.

³ Маманов Ы.Е. Қазақ тілі (лекциялардың текстері). –Алматы., 1973. – Б. 51.

⁴ Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. –Алматы: Ғылым, 1983. – Б. 16– 17.

Қарашай-балқар тілдеріндегі есім сөздер морфологиясын зерттеген М.А.Хабичев сөзжасам мен тұлғажасам ұғымдарының өзіндік ерекшеліктерін саралап көрсетеді: «Сөзжасам жүйесінің аффикстері жаңа лексикалық бірлік жасайтын болса, тұлғажасам негізгі және туынды түбірге жалғанып, сөзге жаңа грамматикалық мағына үстейді. Ол мағына әр түрлі болады: тәуелдік, салыстыру, ұқсату, кішірейту, қатыстық т.б. Тұлғажасамның кейбір аффикстері көп мағыналы болып, синкреттік сипатта да қолданылады. Кейде тұлғажасам аффикстері жалғанған сөздер дербес лексемаға айналып сөзжасам қосымшасына трансформацияланады»¹. А.М.Щербак та түркі тілдерінде сөзжасам мен сөзтүрленім аралығында жүретін морфологиялық көрсеткіштердің жиі кездесетінін атап көрсетеді².

Түркітанушы-лингвистер түркі тілдеріндегі тұлғажасам аффикстерінің басты ерекшеліктерін мынадай белгілері бойынша сипаттайды³:

1) тұлғажасам аффикстері негізінен сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерінің алдында қолданылады; тұлғажасам аффикстерімен келген есімдер өзіне сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерін қабылдайды;

2) тұлғажасам аффикстерінің мағынасы сөзтүрленім/сөзөзгерім аффикстерінің мағынасына қарағанда кеңірек; есімдердің тұлғажасам аффикстері тек есімдер мен субстантивтенген сөздерге ғана жалғанады;

3) тұлғажасам аффикстеріне аяқталған сөздер сөйлемде бастауыш, толықтауыш, анықтауыш және пысықтауыш қызметін

¹ Хабичев М. Карачаево–балкарское именное формообразование и словообразование. –Черкесск, 1977. – С.71–72

² Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. –Ленинград, 1977. – С.33.

³ Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно– историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979; Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников IX века. Ленинград, 1986; Есенқұлов А. Көнетүркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым. 1976; Хабичев М. Карачаево– балкарское именное формообразование и словообразование. – Черкесск, 1977. – С.71–72; Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. – Ленинград, 1977.– С.33; Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986, №2. – С. 7– 8.

атқарады; кейбір тұлғажасам аффикстері үндестік заңына бағынбайды;

3) кей жағдайда тұлғажасам аффикстері негізгі сөздің (түбір, түбір-негіз, туынды сөз) құрамына кіреді;

4) тұлғажасам аффикстері бірінен кейін бірі қабатталып қолданыла береді; тұлғажасам аффикстерінен кейін сөздің грамматикалық мағынасы әрі қарай дамиды.

Қорыта айтқанда түбір морфема да, қосымша морфема да тіл бірліктері, екеуі де тілдің ішкі заңдылықтары негізінде дамып, жетіліп қалыпқа түседі. Түбір сөздер адамзат тілінің алғашқы жемісі дегенімізбен, жүйелі агглютинативтік сипат алған түркі тілдерінің даму эволюциясында агглютинативтік құрылымның да өте ерте кездерден бастау алғандығы дау тудырмайды. Алғашқы қосымшалардың да тұлғалық өзгерістерге түсу мүмкіндігінің шектеулігіне орай бір форманттың бірнеше грамматикалық мәнде немесе бірнеше лексикалық (етістік – есім) мәнде қолданылуы мүмкін. Бұл құбылыс түбір сөздердің семантикалық дамуында ерекше орын алғандығы белгілі, әрі қосымша морфемалардың бір кездері толық мағыналы дербес сөз болғандығын қолдайтын зерттеушілердің пікіріне сүйенсек, синкретизм құбылысының қосымша морфемаларды да қамту мүмкіндігін теріске шығаруға болмайды.

Фонетика-фонологиялық, фоно-морфологиялық және фоно-семантикалық процестерді қамтитын грамматикалық даму барысында күрделі және жалаң қосымша морфемалардың тұлғалық-мазмұндық деривациясының түрлі бағытта, әртүрлі деңгейде жүруі гомогенді қосымшалардың байланыстарының көмескіленуіне алып келіп, синхронды тұрғыдан геторогенді сипат дарытады. Бұл түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың барлық тобына, сөзжасам жүйесіне де, сөзтүрленім мен тұлғажасамға да тән құбылыс.

§6. Қазақ және татар тіл білімі салаларында сөздерді таптастыру мәселесінің өзектелуі

Сөз таптары – тілдегі сөздерді олардың жалпы грамматикалық мағыналарының, лексика-семантикалық сипатының, түрлену жүйесінің, синтаксистік қызметінің ортақтығына қарай жіктейтін (жүйелейтін) лингвистикалық категория. Сөздерді «сөз таптарына тікелей қатысты және оның мәнін айқындай алатын тұрақты белгілерінің негізінде жан-жақты жіктеу үшін жүйелі принциптер негізге алынады. Осы принциптер сөздердің ортақ грамматикалық сипаттарына негізделуі тиіс»¹.

Сөздерді таптастыру мынадай 3 принципке негізделеді: 1) семантикалық принцип (сөздің лексикалық мағыналарының жалпылануы арқылы пайда болатын жалпы грамматикалық мағына); 2) морфологиялық принцип (белгілі грамматикалық топқа тән түрлену жүйесі, парадигмалық тұлғалану арқылы берілетін категориялық-грамматикалық мағына); синтаксистік принцип (сөйлемдегі сөздердің белгілі сөйлем мүшесі қызметін атқара алуы мен сөздің байланысқа түсіп тіркесуі арқылы пайда болатын қатыстық грамматикалық мағына)².

Сөздерді таптастыру мәселесі қазақ тіл білімінің іргетасы қаланған кезден-ақ ең өзекті мәселе ретінде зерттеудің күн тәртібіне қойылды. Мәселен, А.Байтұрсынов қазақ тіліндегі сөздерді атауыш сөздер, шылау сөздер деп екіге бөліп, бірінші топқа зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, екіншісіне үстеу, демеу, жалғаулық, одағай сөздерді жатқызған болса³, Қ.Жұбанов қазақ тілінің теориялық мәселелеріне арналған алғашқы зерттеулерінде-ақ, тілдегі сөздердің қай-қайсысы болса да өзіндік лексика-грамматикалық сипатына қарай үнемі біркелкі болып келе бермейтінін, олар іштей бірнеше жікке бөлініп жататынын және ол жіктердің белгілі бір тұрақты заңдылықтарға негізделіп, соның ыңғайында топтасып келетінін сөз етті. Қ.Жұбанов сөздерді: 1) лексикалық қасиеттеріне қарай; 2) морфологиялық

¹ Исаев С. Сөз таптары// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. –Б. 362.

² Исаев С. Сөз таптары// Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – Б.363.

³ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992. – Б.160 –168.

қасиеттеріне қарай: қандай қосымша, қандай қосалқы ертетіндігіне қарай; 3) сөйлемде қай мүше болатындығына, қай орында тұратындығына қарай классификациялау қажеттігін алға тартты. Қ.Жұбанов: «Тілдегі барлық сөздерді грамматикалық жағынан топтастырғанда екі түрлі нысана негізге алынуы тиіс. Біріншіден, ол сөздердің лексикалық, яғни семантикалық жағы, екіншіден, грамматикалық жақтары ескерілуі қажет» - деп атап көрсетті¹. Қ.Жұбановтың бұл ұстанымдары бүгінге дейін қазақ тіл білімінде маңызын жоймаған теориялық қағидаттар саналып, қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне арналған зерттеулердің теориялық –методологиялық негізіне алынып келеді.

А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов еңбектері арқылы қазақ тіл білімінің морфология саласының теориялық негізінің іргетасы қаланды десек, Н.Сауранбаев, А.Ысқақов, Ы.Маманов, Н.Оралбаева, С.Исаев, т.б. ғалымдардың зерттеулері арқылы қазақ тілінің морфологиялық құрылым-құрылысының өзіндік заңдылықтары айқындалып, сөздерді таптастыру ұстанымдары жетілдірілді, сөз таптарының аражігі ашланып, әр сөз табы кіші жүйе тұрғысынан сараланды. Мәселен, сөздерді сөз таптарына таптастыруда семантикалық, морфологиялық және синтаксистік принциптерді тоғыстырудың қажеттілігі А.Ысқақов еңбектерінде басты теориялық тұжырым түрінде көрініс береді. «Басқа тілдердегі сөздер сияқты, қазақ тіліндегі барлық сөздер семантикалық және морфологиялық белгілеріне қарай, ең алдымен, атауыш, көмекші және одағай сөздер болып үш үлкен топқа бөлінеді» - дей келіп, А. Ысқақов атауыш сөздерді есімдер және етістіктер деп бөліп, алғашқысына зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, еліктеу сөздер, екіншісіне етістіктерді жатқызады. Көмекші сөздерді жалғаулықтар, демеуліктер, септеуліктер деп бөліп, оған шылау сөздерді қосады, ал одағай сөздерді өз алдына жеке бір топ ретінде қарастырады. Көмекші сөздер қатарына көмекші есім мен көмекші етістікті де қосады. Сөздерді таптастыруда семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілердің барлық сөздерде бірдей дәрежеде көрініс бермеуіне байланысты, кей жағдайларда олардың біріне

¹ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1999. – Б.185 – 186.

басымдылық беруге тура келетіні, айталық, одағай, еліктеу, шылау және модаль сөздердің жеке сөз табы ретінде танылуындағы негізгі ұстаным ретінде сөздердің мағынасы, яғни семантикалық белгі алынатыны ғалым назарынан тыс қалмайды. «Мұндай жағдайларға қарамастан, сөздерді сөз таптарына таптастыруда семантикалық, морфологиялық және синтаксистік принциптер негізге алынады» - дейді А. Ысқақов¹.

Қазіргі қазақ тілінің морфологиясында семантикалық, морфологиялық және синтаксистік принциптер негізінде айқындалып, тұрақтанған сөз табының саны он: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, үстеу, етістік, еліктеу сөздер, шылау, одағай, модаль сөздер².

Қазақ тіліндегі он сөз табының лексика-грамматикалық сипаты, қызметі, тілдің морфологиялық жүйесіндегі алатын орны т.б. бірдей емес. Олардың ішінде таптастырудың барлық ұстанымдарына сай келетіндері де, сәйкес келе бермейтіндері де, грамматикалық категориялары бар түрленетіндері де, я болмаса грамматикалық категориялары жоқ, түрленбейтін сөз таптары да, сөйлемде синтаксистік қызмет атқаратыны да, атқара алмайтыны да бар. Мәселен, үстеу, еліктеу, одағайлар түрленбейді, бірақ үстеу мен еліктеу сөздер сөйлем мүшесі қызметін атқарады, ал одағай сөздер сөйлемде синтаксистік қызмет атқармайды.

Сөздерді таптастыруда татар тіл білімінде пікір қайшылығы орын алады. «Татар морфологиясында сөздерді таптастыруда көп жағдайда лексикалық принципіне басымдылық беріліп келеді. Бұл принцип бойынша дербес, толыққанды мағынаға ие сөздер атауыш (толық мағыналы) сөз табына, тек грамматикалық мағына арқалайтын сөздер (мағынасы толық емес) көмекші сөз табына біріктіріледі. Сөздердің мұндай негізгі екі түріне одағайлар мен еліктеу сөздер қосылады. Осылайша о бастағы классификациялаудың лексикалық ұстанымы ақыр аяғында жоққа тән болады» -дей келіп, «Татар грамматикасының» (1993) авторлары атауыш сөздер (толық мағыналы дербес) мен көмекші сөздердің құрамы мәселесінде де пікір қайшылықтары орын алатынын

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі: Морфология. – Алматы, 1992. – Б.439.

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.440.

айтады¹. Кейбір зерттеулерде атауыш сөз табы іштей: 1) заттың, құбылыстың немесе олардың белгілерін атайтын сөз таптары; 2) затты, олардың сапасы мен санын нақты атамайтын, тек нұсқайтын сөз табы (есімдік); 3) сөйлеушінің айтылған ойдың мазмұнына деген қатынасын, сезім, ерік-күшінің әр түрлі сипатын білдіретін (модаль сөздер және одағайлар) сөз таптары деп бөлінеді.

XX ғасырдың 30 жылдары В.А.Богородицкий сөздерді таптас-тырудың басқашалау ұстанымын алға тартты. Ол барлық сөздерді алдымен: 1) заттар мен құбылыстарды атау қызметін атқаратын сөздер; адамның сезім-күйін еріксіз білдіретін сөздер деп бөлді. Оның пікірі бойынша, бірінші топқа біздің әлем туралы түсінігімізді білдіретін сөздер жатады. Олардың өзін іштей толық мағыналы сөздер (өте көп) және сөйлем ішіндегі толық мағыналы сөздер арасындағы әртүрлі қатынасты көрсетуге қызмет ететін толық емес мағыналы сөздер (онша көп емес) деп екіге бөлуге болады. Екінші топқа жататын лепті сөздер В.А.Богородицкийдің пікірінше, адам көңіл - күйінің белгілі бір сәтінде (қуанғанда, таңқалғанда, қайғырғанда, ренжігенде т.б.) адам аузынан еріксіз шығатын сөздер².

Татар тіліне арналған XIX ғасырдағы алғашқы грамматикаларда татар тіліндегі сөз таптарына сипаттама беруге талпыныстар жасалады. Мәселен, А.Казем-Бектің грамматикасында³ тоғыз сөз табы көрсетіледі: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, жалғаулықтар, шылау, үстеу, одағай. Мұнда зат есім, сын есім және сан есім дербес сөз таптары ретінде, ал есімше етістіктің құрамында қарастырылады.

XIX ғасырдың соңына қарай араб грамматикаларының әсерімен жазылған грамматикаларда 3-5 сөз табы көрсетіледі, сөз таптарын атауда араб терминологиясының ізі байқалады: исем, фигыль, хәреф, исме зат, исме сыйфат, исме гадэт т.б. Г.Фаезханов өзінің грамматикасында 5 сөз табын көрсетеді: исем (есім), сыйфат (сын есім), киная (есімдік), фигыль (етістік),

¹ Закиев М.З. и др. Татарская грамматика в 3-х тт. Том 2. – Казань: Татарское книжное издательство, 1993. – 397 стр. – С.5.

² Богородицкий В.А. Введение в татарское языкознание. – Казань, 1953. – С.139.

³ Казем-Бек А. Общая грамматика турецко-татарского языка. – Казань, 1846. – 467 стр.

адәт (көмекші сөздер)¹. К. Насири грамматикасында 3 сөз табы көрсетіледі: исем (есім), фигыль (етістік), хәреф (көмекші сөздер)².

XIX ғасырдың басында жазылған грамматикаларда да сөз таптарын анықтауға айрықша ден қойылады. Бұл кезеңдегі татар тіліндегі сөз таптарына қатысты мәселеде Г.Нугайбәк грамматикасының орны ерекше деуге болады. Г. Нугайбек тоғыз сөз табын көрсетеді: зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, жалғаулықтар, шылау, үстеу, одағай және әр сөз табының морфологиялық қасиеттерін ескере отырып, біршама кең сипаттама береді³.

Г.Ибрагимов зерттеулерінде сөздерді таптастырудың семантика-грамматикалық принципі басшылыққа алынып, тоғыз сөз табы көрсетіледі. Зат есім іштей жалпы және жалқы есімдерге жіктеледі, зат есімнің жекеше және көпшетүрі грамматикалық категория ретінде айқындалады⁴.

Татар тілінің сөз таптары мәселелері Дж.Валидидің «Татар теленең имла һәм сарыф вә нәхү кагыйдәләре» (Орфография, морфология және синтаксис ережелері) (1915), «Татар теленең грамматикасы» (1919) зерттеулерінде сөз болады. Ол исем, сыйфат, сан, фигыль тәрізді 4 сөз табын көрсете отырып, олардың әрқайсысына тән семантикалық айырмашылықтарды анықтайды.

Татар тіліндегі сөз таптарын зерттеуде Г.Алпаров еңбектерінің орны ерекше. Ол сөз таптары үшін сөздің тұлғалық құрылымына ерекше мән беру қажеттігін, мұнда сөздің семантикасы да маңызды екенін айтады. Ол ең алдымен сөздерді мағыналық тұрғыдан: 1) толық мағыналы сөздер; 2) мағынасы толық емес сөздер; 3) одағайлар деп үшке ке бөледі. Толық мағыналы сөздерді іштей: 1) етістік; 2) есімдер; 3) сын есімдер; 4) үстеулер; 5) сан есімдер, 6) уақыт-мерзімді білдіретін сөздер; 7) кеңістік-орынға қатысты сөздер; 8) есімдіктер; 9) сұраулар деп жіктейді. Ол сөздерді тұлғалық жағынан өзгеретін және өзгермейтін деп

¹ Фаезханов Г. Татар телига кыскача гыйльми сарыф. (Араб графикасында) – Казань, 1887.– 32 стр.

² Насыри К. Әнмүзаж. – Казань, 1895.– 86 б.

³ Нугайбәк Г. Төрлек. – Казань, 1911.– Б. 80.

⁴ Ибраһим Г. Татар телен тикшерү юлында //Имлә, тел, әдәбият мәсьәләләре. – Казань, 1924. –Б. 96– 116.

екіге бөліп, өзгертін сөздерді: 1) етістіктер; 2) есімдер деп екіге ажыратады. Есімдерді: 1) зат исеме (зат есім), 2) сыйфат исеме (сын есім); 3) сан исеме (сан есім); 4) урын-вақыт исеме (орын-уақыт есім); 5) алмашлық (есімдік) деп жіктейді. Тұлғалық жақтан өзгермейтін сөздерге Г.Алпаров үстеуді, одағайды, көмекші сөздерді жатқызады¹. В.Н.Хангилдин грамматикасында 12 сөз табы көрсетіледі. Ол зат есім, сын есім, сан есімдерді дербес сөз таптары ретінде қарастырады².

Ф.С.Сафиуллина, М.З.Закиевтер татар тілінде 12 сөз табын көрсетеді және сөйлеуді рөліне қарай сөз таптарын: 1) мөстәкыйль сүз төркемнәре (атауыш сөз таптары); 2) бәйләгеч сүз төркемнәре (байланыстырушы сөз таптары); 3) Модаль сүз төркемнәре (модаль сөз таптары) деп жіктейді³. Атауыш сөз таптарын: исем (зат есім), сыйфат (сын есім), сан (сан есім), алмашлық (есімдік), рәвеш (үстеу), фигыль (етістік), ал байланыстырушы сөз таптарын: теркәгечләр, бәйлек (жалғаулық), модаль сөз таптарын: хәбәрлек, кисекчә (демеулік), ымлыкла (одағай) деп бөледі.

Ф.М.Хисамова 12 сөз табын көрсетеді⁴: 1) Исем; 2) Сыйфат; 3) Сан; 4) Алмашлық; 5) Рәвеш; 6. Фигыль; 7. Аваз ияртемнәре; 8) Бәйлек; 9) Теркәгеч; 10) Кисәкчә; 11) Ымлык; 12. Модаль сүзләр.

Қазақ және татар тілдеріндегі сөз таптарының аталуы			
Қазақ тілінде		Татар тілінде	
1	Зат есім	1	Исем
2	Сын есім	2	Сыйфат
3	Сан есім	3	Сан
4	Есімдік	4	Алмашлық
5	Үстеу	5	Рәвеш;
6	Еліктеу сөздер	6	Аваз ияртемнәре
7	Етістік	7	Фигыль

¹ Алпаров Г. Сайланма хезмәтләр. – Казань, 1945. – 380 б.

² Хангилдин В.Н. Татар теле грамматикасы. – Казань, 1959. – 641б.

³ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – 320 б.

⁴ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – 335 б.

8	Шылау	8	Теркәгеч
9	Одағай	9	Ымлык;
10	Модаль сөздер	10	Модаль сүзләр.
		11	Бәйлек (септеуліктер)
		12	Кисәкчә (демеуліктер)

§7. Зат есім (Исим)

Зат есімнің құрамдық-құрылымдық жіктелістері.

Сөз таптарының ішінде грамматикалық құрылысы, синтаксистік қызметі жағынан ерекшеленетін негізгі сөз таптарының бірі – зат есім. Зат есім – заттың атын, жанды-жансыз ұғымдардың атауын білдіріп, сөйлемде негізінен бастауыш пен толықтауыш болатын толық мағыналы сөздер табы¹.

ЗАТ ЕСІМ	
Заттың атын, жанды-жансыз ұғымдардың атауын білдіреді, қазақ тілінде кім? не?, татар тілінде кем?, нәрсә? деген сұрақтарға жауап береді, сөйлемде негізінен бастауыш пен толықтауыш болады.	
қаз. кім? /тат. кем?	қаз. не?/ тат. нәрсә?
Сұрақ тек адамдарға қатысты қойылады: кісі // кеше, оқушы// укучы, оқытушы// укутучы т.б.	Сұрақ адамдардан басқа жанды және жансыз заттар мен құбылыстарға қатысты қойылады: кітап//китап, ит//эт, қыс//кыш т.б.

Зат есімдердің жеке сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшеліктері оның мағыналық және құрылымдық топтарын анықтауға мүмкіндік береді.

Зат есімдер мағыналық сипатына қарай деректі және дерексіз, жалпы және жалқы, көптік мәнді, реңдік және үстеулік мәнді деп бірнеше топқа бөлінеді, морфологиялық құрылымы жағынан түбір, туынды және күрделі болып үш үлкен топқа жіктеледі².

¹Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы, 1998. – Б.95.

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.442.; Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.81 – 86.

Қазақ және татар тілдерінде зат есімдер морфологиялық құрылымы жағынан түбір (тамыр), туынды (ясалма) және күрделі (кушма) болып үш үлкен топқа жіктеледі. Күрделі зат есімдер іштей біріккен, қосарланған, құрама және қысқарған бөліп бөлінеді.

Түбірзатесімдер (тамырисем) – ешқандай жұрнақ жалғанбаған түбір күйіндегі есімдер. Түбір – сөздің морфологиялық тұрғыдан бөлшектенбейтін бөлігі. Мысалы: қазақ тілінде: шаш, қол, ағаш, құс, тас, бас, ат, су т.б.; татар тілінде: *saç, kol, ağaç, göz, kuş, taş, baş, at, su*.

Туынды есімдер (ясалма) – түбір-негізге сөз тудырушы жұрнақтың жалғануы арқылы жасалатын зат есімдер. Мұнда түбір сөз бен оның негізінде туындаған жаңа туынды сөз арасында мағыналық байланыс тұрғысындағы жақындық көп жағдайда сақталады. Мысалы: көз – көзілдірік, тара – тарақ.

Туынды есімдер есім және етістік түбірінен есім тудыратын жұрнақтар арқылы жасалатындықтан, олар: 1) есім негізді зат есімдер; 2) етістік негізді зат есімдер деп екі топта қарастырылады.

Қазақ тіліндегі зат есімнің құрылымы:					
Түбір зат есім	Туынды зат есім	Күрделі зат есім			
сөз, ыдыс, қалам т.б.	құмырашы, білімпаз т.б.	Біріккен сөз	Қос сөз (қайталама қосарлама)	Қысқарған сөз	Тіркесім арқылы
		Жезқазған, белбау.	бала-шаға, кнім-кешек	ҚР, ІІМ.	сужылан, суықторғай

Татар тілінде зат есімнің жасалуы жағынан түрленуі ¹ (Исемнәрнең ясалышы ягынан төрләрә)					
Тамыр	Ясалма исем	Кушма исемнәр			
		Саф кушма	Парлы	Тезмә	Кыскартылма
аш	ашлык	ашгъяулык	аш-су	каен жиләге	ТИҮ

Қазақ тілінде есімнен зат есім тудыратын өнімді жұрнақтар қатарына -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік; -шы/-ші; -шылық/-шілік; -лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес; -лақ/-лек, -дақ/-дек, -тақ/-тек; -ақ/-ек, -ық/-ік, -қ/-к; -шық/-шік қосымшаларын жатқызуға болады. Мысалы: жақсылық, тілші, оқытушылық, замандас, қыстақ, бұтақ, талшық т.б.

Ал-шақ/-шек; -сыз/-сіз; -ған/-ген, -қан/-кен; -ша/-ше, -са/-се; -дырық/-дірік; -ым/-ім; -пар/-мар; -ман/-мен, -пан/-пен; -стан; -хана; -нама; -паз; -қор; -дар; -гер/-кер; -кеш; -қай/-кей; -ай/-ей/-й; -аң/-ең/-ң; -ыш/-іш; -ыл/-іл; -ыр/-ір; -кер; -қой; -т, -ат, -айт/-ейт; -қал – есімнен зат есім тудыратын өнімсіз жұрнақтар саналады. Мысалы: келіншек, жеңсіз, желкен, белдемше, табалдырық, мейірім, шоқпар, оқпан, Қазақстан, дәмхана, жылнама, өнерпаз, парақор, құлағдар, саудагер, арбакеш, күнгеі, маңай, босаң, түйреуіш, тосқауыл, шымшуыр, қызметкер, тайлақ, түйекеш, әуесқой, сызат, құмайт, шатқал т.б.

Етістік-негізден зат есім тудыратын қазақ тіліндегі өнімді жұрнақтарға -ма/-ме, -па/-пе, -ба/-бе; -ым/-ім, -м; -ғы/-гі, -ыс/-іс, -с; -у; -ақ/-ек, -ық/-ік, -қ/-к; -ынды/-інді; -ғыш/-гіш, -қыш/-кіш, -қаш/-кеш; -ыш/-іш, -ш; -уыш/-уіш (бума, сенім, сыпырғы, айтыс, байқау, тарақ, қорытынды, сүзгіш, қуаныш, бастауыш) қосымшаларын, ал өнімсіз жұрнақтарға -мақ/-мек, -пақ/-пек, -бақ/-бек; -сын/-сін; -мыс/-міс, -мыш/-міш; -мал/-мел; -ман/-мен, -бан/-бен; -ыр/-ір, -ар/-ер, -р; -ат/-ет, -ыт/-іт, -т; -уыл/-уіл; -қын/-кін, -ғын/-гін; -асы/-есі; -ын/-ін, -н; -шақ/-шек; -ашақ/-ешек; -ғақ/-гек, -қақ/-кек; -ан/-ен, -н; -ғыш/-гіш, -қыш/-кіш, -қаш/-кеш; -а; -й;

-л; -қа/-ке, -ға/-ге; -дақ/-дек; -маш/-меш, -паш/-пеш, -баш/-беш (құймақ, борасын, тұрмыс, орамал, шекпен, шұқыр, жанар, шабыт, тасқын, аласы, келін, бөлшек, алашақ, жабысқақ, боран, тегістегіш, жыра, орай, болжал, тұтқа, қуырдақ, жаңылтпаш) аффикстерін жатқызуға болады.

Татар тілінде¹:

1) есімнен есім тудыратын өнімді қосымшаларға: *-лык/-лек, -чы/-че, -даш/-дәш, -таш/-тәш* (алшық, комлық, эшче, авылдаш, чордаш);

2) етістіктен есім тудыратын қосымшаларға: *-ма/-мә,-ым/-ем, -м, -к/-ык/-ек, ак/-әк, -гак/-гәк, -гы/-ге, -кы/-ке, -ыш/-еш, -ш, -ыч/-еч, -гын/-ген, кын/ кен*: бұлмә, ярма, кискеч, угыч, кыргыч, керем, чыгым, утырыш, төзелеш, көрәк, тарак, урак, куыныч, чапкын, себерке, пычкы һ.б. жатады.

Күрделі зат есімдер.

Қазақ тіліндегі екі немесе одан да көп түбір морфемадан құралған күрделі зат есімдерді А.Ысқақов іштей біріккен, қосарланған, құрама, қысқарған зат есімдер деп, ал татар тіліндегі күрделі зат есімдерді Ф.С.Сафиуллина мен М.З.Закиевтер *кушма, тезмә, парлы*, қысқартылма исимләр деп жіктейді². Күрделі сөздерді құрылымдық тұрғыдан жіктеудегі бұл пікірлерге сүйеніп, екі тілдегі күрделі зат есімдердің мынадай салыстырмалы сипаттамасын беруге болады:

Біріккен зат есімдер (Кушма исим) – кем дегенде екі түбір морфеманың бірігуі арқылы жасалған зат есімдер. Олардың жасалуында екі тілге ортақ моделдер орын алады:

а) зат есім + зат есім: *сабантой, сенімхат* т.б. // *и с е м + и с е м н ә н* торған кушма сүзләр: *сабантуй, көньяк, төньяк, тукранбаш, елъязма, жиржиләк, ташкүмер, тимерчыбык, кулъяулык, ашъяулык* һ.б.;

ә) сын есім + зат есім: *қаз. жауынкұрт, ақтамыр* т.б. // сыйфат + исемнән торған кушма исемнәр: *аккош, акбур, актамыр, терекөмеш, озынборын, сорыкорт, кызылтүш* һ.б.;

¹ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 220.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991.– Б.148; Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 221.

б) сан есім + зат есім: қаз. бесбармақ, қырықаяқ т.б. // с а н + исемнән торган кушма исемнәр: өчпочмак, өчаяк, бишбармак, кыргаяк, тугызбуын (гөл исеме) һ.б.;

в) есімдік + зат есім (а л м а ш л ы к + и с е м н ә н торган кушма исемнәр: ұзаң, үзидарә, ұзагач һ.б.);

г) зат есім + есімшенің -ар/-ер жұрнағы арқылы: ізбасар, елтабар т.б. // и с е м + -ыр/-ер кушымчалы сыйфат фиғыльдәнт орган кушмаисемнәр: субүләр, илбасар, юлбасар, эзтабар, Илсөяр һ.б.;

д) зат есім + етістік: Айтуған, Жанкелді т.б. // исем + фиғыль калыбында шулай ук күп кенә ялғызлык исемнәр дә ясалған: Иштуған, Гөлүсә, Айтуған, Ханкилде һ.б. Татар тілінде біріккен сөздер біртұтас сөз ретінде бірігіп жазылады.

Қазақ және татар тілдерінде қосарланған зат есімдер (Парлыисемнәр) – екі түбір морфеманың қосарлануынан жасалады және олардың арасына жазуда дефис қойылады. Мысалы, қазақ тілінде: ата-ана, бала-шаға, қыз-қырқын, бау-бақша, тау-тас, шаң-тозаң, ыдыс-аяқ т.б.; татар тілінде: туган-тумача, бала-чага, кыз-қырқын, савыт-саба, агай-эне, дус-иш, аң-белем, жыл-давыл, горейф-гадәт, буй-сын, моң-зар, жыләк-жимеш, ут-су, жир-күк, карты-яше, олысы-кечесе, сату-алу, алыш-биреш, керем-чығым, юк-бар һ.б.

Құрама зат есімдер екі немесе одан да көп түбір сөздердің әр қилы жолмен тіркесуі негізінде жасалады. Тіркесім арқылы жасалған зат есімдер бөлек жазылады. Мысалы, қазақ тілінде: темір жол, күн тәртібі, сары май, т.б.; татар тілінде: кура жыләге, бал корты, ишек алды (ишегалды), күз кабагы, эт балыгы, чүп үләне һ.б. Екі тілде де кейбір зат есімдердің тіркесім түрінде және біріккен сөз ретінде екі нұсқада қатар қолданылуы кездеседі. Мысалы: қазақ тілінде: сарымай (сарымайдай сақтау) – сары май, темір жол – теміржол билеті; татар тілінде: сабан туе – сабантуй, ишек алды «сени» – ишегалды һ.б.

Қысқарған зат есімдер (Қыскартылма) – бірнеше сөзден құралатын күрделі сөздер құрамындағы сыңарлардың қысқартылып айтылуы немесе жазылуы. Қазақ және татар тілдерінде

сөздердің қысқартылуы негізінен бірдей болып келеді: см, пединститут, медколледж, филфак, ҚР, ТА т.б.

Зат есімнің категориялары.

Зат есімдердің түрлену жүйесі оның грамматикалық категорияларымен сипатталады. Зат есімдердің сан-мөлшерлік, тәуелділік немесе меншіктілік-объективтілік сияқты грамматикалық мағыналары және олардың сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық қарым-қатынасқа түсуі көптік, тәуелдік және септік жалғаулары арқылы жүзеге асады.

Көптік жалғауының жалғануы зат есімдерді тек жекеше, көпшеге жіктеуге негіз болып қана қоймайды, сонымен қатар өзі жалғанған сөздерге көптік мағынамен қатар жинақтау, тұспалдау, болжау мағыналарын да үстемелейді.

Зат есімдер грамматикалық және кеңістікті білдіретін септік жалғаулары арқылы түрленеді. Септік категориясы – есім сөздердің ішінде зат есімдерге ғана тән грамматикалық категориялардың бірі. Ал басқа сөз таптарының септік жалғауларын қабылдауы заттану, яғни субстантивтенумен байланысты болып келеді. Септік жалғаулары арқылы зат есімдер өзара бір-бірімен немесе басқа сөздермен байланысқа түседі. Соның нәтижесінде грамматикалық тұрғыдан құрылымдық және мағыналық өзгеріске ұшырайды.

Тәуелдік категориясы арқылы белгілі бір заттың иеленуші үш жақтың біріне меншікті екені айқындалады. Мұнда меншіктеуші жақ пен меншіктелуші зат қатар көрсетіледі, басқаша айтқанда, тәуелдеу категориясы бір заттың екінші затқа меншіктелуін ғана білдіріп қоймайды, сонымен бірге оның қай жаққа қатысты екендігін де білдіреді.¹

Зат есімнің грамматикалық тұрғыдан өзгеріске түсуінің бір жолы – оның жіктелуі². Бірақ зат есімдердің барлығы бірдей жіктік жалғауын қабылдай бермейді. Олардың ішінде адамға, оның кәсібіне, қызметіне, тегіне, мамандығына қатысты зат есімдер ғана баяндауыш қызметінде жіктік жалғауларымен түрленеді. Қазақ тілінің морфологиясы бойынша жіктік жалғаулары зат

¹ Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996. – Б.150

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 458.

есімнің категориясына тән болатын болса, татар морфологиясы бойынша жіктік етістік категориясында зат-санменен түрлену шеңберінде қарастырылады.

Зат есімнің көптік категориясы.

Түркі тілдерінде көптік категориясы арнайы қосымша морфемалар арқылы да, семантикалық мазмұнында жұптық, көптік және жинақтау-топтау мәні бар дербес лексемалар арқылы да сипатталады. Бірқатар есім сөздер (зат есім, сан есім, жалпылау есімдіктері) жекеше тұрып та, тіркесіп келіп те, қосарланып, қайталанып келіп те лексикалық-семантикалық композиция құрап, көптіктің топтау, жинақтау, болжау тәрізді логикалық ұғымын білдіре алады. Мысалы: түркі тілдерінде: көне түрк. *jilqı* «жылқы», сары ұйғыр. *altı jegirma* «он алты», қаз. *qız-qırqın* «қыз-қырқын» т.б.

Қазақ және татар тілдерінде көптік мән зат есімдердің көпше түрін жасайтын жалғаулар арқылы жүзеге асады. Екі тілде де көптік мағынаны білдіретін негізгі морфологиялық форма *-лар*. Алайда қазақ тілінде көптік жалғауының *-лар/-лер*, *-дар/-дер*, *-тар/-тер* деген алты формасы болса, татар тілінде тек қана *-лар/-ләр*, *-нар/-нәр* деген төрт формасы қолданылады¹.

ЗАТ ЕСІМНІҢ КӨПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ	
Қазақ тілінде	Татар тілінде
<i>-лар/-лер</i> ; <i>-дар/-дер</i> ; <i>-тар/-тер</i> : ормандар, сулар, құстар, күндер, таңдар, апталар, қолдар	<i>-лар/-ләр</i> , <i>-нар/-нәр</i> : урман-нар, су-лар, кошлар, көннәр, таңнәр, атналар, куллар
<i>-лар</i> , <i>-дар</i> , <i>-тар</i> жуан сөздерге, <i>-лер</i> , <i>-дер</i> , <i>-тер</i> жіңішке сөздерге жалғанады.	<i>-лар</i> , <i>-нар</i> жуан сөздерге, <i>-лер</i> , <i>-нәр</i> жіңішке сөздерге жалғанады.

Қазақ тілінде көптіктің *-лар/-лер*, *-дар/-дер*, *-тар/-тер* көрсеткіштерінен басқа көне *-ыз/-із*, *-з* және *-қ/-к* формалары кездеседі. А.Ысқақов қазақ тіліндегі жедел өткен шақ, бұйрық рай, шартты райдың көпше түрлерінің бірінші жағына қосылатын жіктік жалғауының *-қ/-к* тұлғасы бұрындары көптік мағынаны білдіретін морфологиялық көрсеткіштердің бірі болуы мүмкін

¹ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 217.

деп біледі.¹ Ал көптіктің *-ыз/-із, -з* қосымшасы біз, сіз тәрізді жіктеу есімдіктері құрамында, жіктік жалғауының 1 және 2-жақ көпше *-мыз, -міз, -сыз, -сіз* қосымшалары құрамында, көз, егіз тәрізді жұптық мәнде қолданылатын сөздерде ұшырасады. Бұл құбылыс татар тіліне де тән болып келеді.

Түркі тілдеріндегі *-lar /-lär* қосымшасының құрамы мен шығу тегі туралы пікірлерге зер салсақ, алтайтанушылар мен түркітанушы ғалымдардың пікірі негізінен бір бірімен тоқайласып жатады. *-lar/-ler* формантының шығу тегі, қалыптасуы мен дамуы, архиформасы Г.Й.Рамстедт, Н.Поппе, К.Менгес, Д.Синор, А.Н. Кононов Б.А. Серебренников, Н.А.Баскаков, А.М.Щербак, А.Н.Кононов т.б. ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты сөз етіледі². Олардың көбі *-lar /-lär* қосымшасы көптіктің екі дербес **-l* мен **-r* форманттарының кірігуінен жасалған деп санайды.

Көне түркі, орта түркі тілдерінде кең таралған өнімді жалғау *-lar* қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі дыбыстық вариантта актив қолданыста. Мысалы: көне түрк. *begler* «бектер», *kunçujlar* «әйелдер», *atlar* «аттар», орта түркі. *ügüzlar* «сулар», *taylar* «таулар» (МК), *kişilär* «кісілер» (көне ұйғыр), қарах-ұйғ. *quşlar* «құстар», хорезм. *közlär* «көздер», шағат. *ağalar* «ағалар», мамлүк. қыпш. *tunlar* «мыналар», арм. қыпш. *bular* «бұлар», қарашай-балқ. *zatlar* «заттар», ноғ. *üjler* «үйлер», қара-қалп. *qatillar* «әйелдер», барабин. *paşlar* «бастар», өзб. *işçilar* «жұмысшылар» т.б.

Татар тілінде мұрын жолды м, н, ң дыбыстарына аяқталған сөздерге жалғанатын көптіктің *-нар/-нәр* көрсеткіші татар тілінде ғана емес, сарыұйғыр тілінде де кездеседі.

С.Е.Малов сары ұйғыр тілінде көптік жалғауының *-lar/-ler, -tar/-ter, -ner* деген бес түрлі тұлғасын көрсетсе³, Э.Р.Тенишев *-lar/-ler*

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.41.

² Сравнительно – историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М.: Наука, 1988; Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы, 1988; Кононов А.Н. Показатели собирательности – множественности в тюркских языках. – Л., 1969; Серебренников Б.А. О некоторых частных деталях процесса образования аффикса множественного числа – *lar* в тюркских языках. – Советская тюркология. 1970. – № 1; Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков: (Имя). – Л., 1977.

³ Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. Словарь и грамматика. – Алма – Ата: «Издательство АН Каз ССР», 1957. – С.171.

жалғауы өзі жалғанатын негіздің соңғы дыбысына байланысты *-lar/-ler, -nar/-ner, -tar/-ter, -dar/-der* болып түрленетінін және бұл тұлғалардың жуан-жіңішке варианттары бір ғана сөзге кезек жалғана беретінін айтады¹: *aqa* «қария» – *aqalar//aqaler* «қариялар», *ker* «кесе» – *kerler//kerlar* «кеселер», *eren* «ер адам» – *erenner//erennar* «ерлер, ер адамдар, еркектер», *qiz* «қыз» – *qizdar//qizder* «қыздар», *terek* «ағаш» – *terekter//terektar* «ағаштар». Мұның себебін Э.Р.Тенишев сары ұйғыр тілінде көптік көрсеткіштері дауыссыздар линиясы бойынша бірегейленуге (унификация) бет алғанымен түсіндіреді².

Г.Й.Рамстедт көптіктің **-nar* қосымшасының тегін бұрындары моңғол тілінде болған **nar* «тобы, жиынтығы» сөзімен байланыстырып, ол сөз якут тілінде **na:r* «бірлесіп, бірге» түрінде сақталып қалған деп санайды³. Қазіргі моңғол тілінде *-nar* қосымшасы – көптіктің актив көрсеткіші: *aqanar* «ағалар», *bagšnar* «ұстаздар», *ekener* «әйел; аналар» т.б.

Зат есімнің септік категориясы.

Септік категориясы – есімдердің түрлену жүйесіне тән грамматикалық категориялардың бірі. Септелу – сөйлемдегі сөздердің септік жалғаулары арқылы бір-бірімен байланысқа түсіп, дәнекерлесу⁴. Септік жалғаулары – сөздерді бір-бірімен байланыстыратын түрі көп, мағыналары мен қызметі әр алуан морфологиялық тұлға.

Септік жалғаулары тек зат есімге немесе зат есімдердің орнына жүретін сөздерге ғана жалғанады. Ал басқа сөз таптарының септік жалғауларын қабылдауы олардың заттануына, яғни субстантивтенуіне байланысты болып келеді.

Түркі тілдерінде септеу жүйесі септіктер санының көптігімен, септік тұлғаларының сан алуандығымен ерекшеленеді. Түркітану, саласындағы зерттеулер бойынша түркі тілдерінде септіктер саны әртүрлі болып келеді, кейбір тілдерде 6, енді

¹Тенишев Э.Р., Тодаева Б.Х. Язык желтых уйгуров. – Москва, 1966. – С. 17.

²Тенишев Э.Р., Тодаева Б.Х. Язык желтых уйгуров. – Москва, 1966. – С. 18.

³Рамстедт Г.Й. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.– М., 1957. – С.60

⁴Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.456.

біреулерінде 7 немесе 8 септік көрсетіледі¹. Түркі тілдерінің бастау-арнасы ретінде танылатын көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі септік жалғауларының саны жайлы әртүрлі пікірлер қалыптасқан: А.Н.Кононов 11 септікті – негізгі, табыс, барыс-орын, орын-шығыс, шығыс, құралдық, ілік, бағыттық, орын-бағыттық, барыс-бағыттық, барыс-шектік көрсетсе², Ғ.Айдаров 7 септікті – атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес/құралды ажыратады³.

Қазақ тілінде септік жалғауының жеті түрі бар: атау, ілік, барыс, табыс, жатыс, шығыс, көмектес. Септік жалғаулары грамматикалық (атау, ілік, табыс) және кеңістікті білдіретін (барыс, жатыс, шығыс, көмектес) септік жалғаулары деп екіге бөлінеді. Ал татар тілінде 6 септік бар: баш килеш, иялек килеше, юнәлеш килеше, төшем килеше, чыгыш килеше, урын-вакыт килеше. Бұлардың арасынан юнәлеш, чыгыш және урын-вакыт септіктері кеңістікті білдіретін септіктер болып саналады⁴.

СЕПТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ					
Қазақ тілінде			Татар тілінде		
Септік аттары	Сұрақтары	Жалғаулары	Септік аттары	Сұрақтары	Жалғаулары
Атау септік	Кім? Не?	(нөлдік форма)	Баш килеш	Кем? Нәрсе?	(нөлдік форма)

¹ Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание: Морфология / Пер. с нем.–М., 1957; Рамстедт Г.И. Грамматика корейского языка. / пер. А.А.Холодовича. – М., 1995; Котвич В.Л. Исследования по алтайским языкам. – М., 1962; Санжеев Г.Д. Сравнительная грамматика монгольских языков. – М., 1953; Санжеев Г. Д. Современный монгольский язык.– М., 1960.; Санжеев Г. Д. Старописьменный монгольский язык. – М., 1964; Цинциус В.И. Негидальский язык. – Л., 1982; Пашков Б.К. Маньчжурский язык. – М., 1963; Сравнительно– историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. т.б

² Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников (VIII– IX вв.). – Л.: Наука, 1980. – С.149.

³ Айдаров Ғ. Тоникуқ ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000. – Б. 59-62.

⁴ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 217.

Ілік септік	Кімнің? ненің?	-ның/-нің, -дың/-дің, -тың/-тің	Иялек килеше	Кемнен? Нәрсәнен?	-нең/-ның
Барыс септік	Кімге? неге?	-ға/-ге, -қа/-ке, -а/-е, -на/-не	Юнәлеш килеше	Кемгә? Нәрсәгә?	-га/-гә, қа/-кә
Табыс септік	Кімді? Нені?	-ны/-ні, -ды/-ді, -ты/-ті, -н	Төшем килеше	Кемне? Нәрсәне?	-ны/-не
Жатыс септік	Кімде? Неде?	-да/-де, -та/-те	Урын-вақыт килеше	Кемдә? Нәрсәдә? -	да/-дә, -та/-тә
Шығыс септік	Кімнен? Неден? Қайдан?	-дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен	Чыгыш килеше	Кемнән? Нәрсәдән?	-дан(нан)/-дән(нән), -тан/-тән
Көмектес септік	Кіммен? немен?	-мен, -бен, -пен; -менен, -бенен, -пенен	-	-	-

Зат есімнің тәуелдік категориясы.

Зат есімдерге және субъстантивтенген басқа сөз таптарына тән тәуелдік категориясы бір нәрсені меншіктеу, иемдеу мағынасында жұмсалатын жаққа қатысты категория болып саналады және үндестік заңына сәйкес қалыптасқан бірнеше вариантты аффикстерді қамтиды.

Тәуелдік жалғауы көне түркі тілінде бірінші жақ жекешеді *-m*, *-im/-it*, *-um/-üt* (*ayılat* → *ayıl(a)+m* «қорам», *jilqim* → *jilqim+m* «жылқым», *beglerim* → *begler+im*; *ögüm* → *ög+üm* «шешем»; *qınçıjım* → *qınçıj+ım* «бикешім»); көпшеде *-miz/-miz*, *-imiz*, *-imiz* (*jaüimiz* → *jaü+imiz* «жауымыз») тұлғаларында кездеседі.

Қазақ тілінде тәуелдік бірінші жақ жекешеді *-ым/-ім*, *-м* (қыз-ым, үміт-ім, әке-м), көпшеде *-мыз/-міз*, *-ымыз/-іміз*

(қыз-ымыз, үміт-іміз, әке-міз), татар тілінде жекешеді -ым,-ем,-м (балам, дәфтәрем), көпшеде -ыбыз,-ебез,-быз,-без (балабыз, дәфтәребез) жалғауларының көмегімен жасалады¹.

Екінші жақ қазақ тілінде жекешеді -ң/-ың/-ің (әкең, шешен, ағаң, ұлың) және сыпайы формада -ңыз, -ңіз, -ыңыз, -іңіз (әкеңіз, шешеніз, ағаңыз, ұлыңыз) және көпшеде -(лар)ың/ -(лер)ің (әкелерің, шешелерің, ағаларың, ұлдарың, қыздарың), -(лар)ыңыз, -(лер)іңіз (әкелеріңіз, шешелеріңіз, ағаларыңыз, ұлдарыңыз) қосымшалары арқылы, ал татар тілінде жекешеді -ң/-ың/-ең (балаң, дәфтәрең, күзләрең), көпшеде -ығыз,-егез,-ғыз,-гез (балағыз, дәфтәрегез) жалғаулары арқылы жасалады².

Тәуелдіктің үшінші жағы қазақ тілінде жекешеді: -ы/ -і, -сы/-сі (әкесі, шешесі, ағасы, ұлы) және көпшеде -лары/-лері (әкелері, шешелері, ағалары, ұлдары), ал татар тілінде жекешеді -ы/-е,-сы/-се (баласы, кітабы, дәфтәре), көпшеде -лары/-ләре (балалары, дәфтәрләре) жалғаулары арқылы жасалады³.

ТӘУЕЛДІК ЖАЛҒАУЫ		
Жақ	Қазақ тілінде	Татар тілінде
Жекеше / Берлек		
I жақ	-м,-ым/-ім әкем, ағам, ұлым, дәптерім	-ым,-ем,-м балам, дәфтәрем
II жақ	-ң/-ың/-ің: әкең, шешен, ағаң, ұлың сыпайы форма: -ңыз, -ңіз, -ыңыз,-іңіз әкеңіз,шешеніз,ағаңыз, ұлыңыз	-ң /-ың/-ең, балаң, дәфтәрең,күзләрең,
III жақ	-ы/ -і, -сы/-сі: әкесі, шешесі, ағасы, ұлы	-ы/-е,-сы/-се: баласы, кітабы, дәфтәре
Көпше / Күплек		
I жақ	-мыз/ -міз, -ымыз/-іміз: әкеміз, шешеміз, ағамыз, ұлымыз	-ыбыз, -ебез,-быз,-без: балабыз, дәфтәребез,

1 Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 218.

2 Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 221.

3 Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б.218.

II жақ	-(лар)ың/ -(лер)ің: әкелерің, шешелерің, ағаларың, ұлдарың, қыздарың -(лар)ыңыз, -(лер)іңіз: әкелеріңіз, шешелеріңіз, ағаларыңыз, ұлдарыңыз	-ығыз, -егез, -ғыз, -гез: балағыз, дәфтәрегез
III жақ	-лары/-лері: әкелері, шешелері, ағалары, ұлдары	-лары/-ләре: балалары, дәфтәрләре

Қазақ тілінде зат есім оңаша және ортақ тәуелденеді:

Тәуелденудің түрі	Жақ	Тәуелді заттың иесі	Тәуелдік жалғаулы сөздер		Жалғаулар
		жекеше	Жекеше	Көпше	
оңаша тәуелдену	I	менің	ел-ім	ел-дер-ім	-м, -ым, -ім
			бала-м	бала-лар-ым	
	II	Сенің	ел-ің,	ел-дер-ін.	-ң, -ың, -ің
	анайы		бала-ң	бала-лар-ың	
	сыпайы	сіздің	ел-іңіз	ел-дер-ініз	-ңыз, -ңіз,
			бала-ңыз	балаларыңыз	-ыңыз, -іңіз
	III	Оның	ел-і	ел-дер-і,	-сы, -сі,
		бала-сы	бала-лар-ы	-ы, -і	

ортақ тәуелдену	1	біздің,	<i>ел-іміз</i>	<i>үй-лер-іміз</i>	-мыз, -міз,
		біздердің	<i>бала-мыз</i>	<i>бала-лар-ымыз</i>	-ымыз, -іміз,
	II	сендердің	<i>ел-ің,</i>	<i>үй-лер-ің</i>	-ын, -ің, -ң
	<i>анайы</i>		<i>бала-ң.</i>	<i>бала-лар-ың.</i>	
	<i>сытайы</i>	сіздердің	<i>ел-іңіз,</i>	<i>үй-лер-іңіз,</i>	-ыңыз,- іңіз,
				<i>бала-ңыз</i>	<i>балаларыңыз</i>
	III	олардың	<i>ел-і</i>	<i>үй-лер-і</i>	-сы, -сі
		<i>бала-сы,</i>	<i>бала-лар-ы</i>	-ы, -і	

Қазақ және татар тілдерінде зат есімнің септеліп барып тәуелденуі
(Тартымлы исемнәрнең килеш белән төрләнүе)

Септіктер	1 жақ	2 жақ	3 жақ
Атау с./ Баш к.	<i>кітабым/</i> <i>кітабым</i>	<i>кітабың/</i> <i>кітабың</i>	<i>кітабы/</i> <i>кітабы</i>
Лік с./ Иялек к.	<i>кітабымның /</i> <i>кітабымның</i>	<i>кітабыңның /</i> <i>кітабыңның</i> (нең)	<i>кітабының/</i> <i>кітабының</i> (нең)
Барыс с./ Юнеләш к.	<i>кітабыма/</i> <i>кітабыма</i>	<i>кітабыңа/</i> <i>кітабыңа (ә)</i>	<i>кітабына/</i> <i>кітабына (нә)</i>
Табыс с./ Төшем к.	<i>кітабымды/</i> <i>кітабымны</i>	<i>кітабыңды/</i> <i>кітабыңны</i> (не)	<i>кітабын/</i> <i>кітабын (н)</i>
Шығыс с. / Чыгыш к.	<i>кітабым нан/</i> <i>кітабымнан</i>	<i>кітабыңнан/</i> <i>кітабыңнан</i> (нән)	<i>кітабынан/</i> <i>кітабыннан,</i> (ннән)
Жатыс с. / Урын-вакыт к.	<i>кітабымда/</i> <i>кітабымда</i>	<i>Кітабыңда/</i> <i>кітабыңда (дә)</i>	<i>кітабында/</i> <i>кітабын-да</i> (ндә)
Көмектес с.	<i>кітабыммен/</i>	<i>кітабыңмен /</i>	<i>кітабымен/</i>

Жіктік категориясы.

Түркі тілдерінде зат есімдерге және субъстантивтенген басқа сөз таптарына тән жіктік жаққа қатысты (іс-әрекетті орындаушы) категория болып саналады және үндестік заңына сәйкес қалыптасқан бірнеше вариантты аффикстерді қамтиды. Сөздің жіктелуі оның грамматикалық үш жақтың әрқайсысына тән жіктік жалғауын қабылдауы арқылы объектінің субъектіге қатысын айқындайды және сөйлем мүшелерінің синтаксистік қарам-қатынасқа түсуін қамтамасыз етеді¹. Жаққа қатысты үш түрлі модификациямен берілетін жіктік категориясымен зат есімдер, субстантивтенген басқа да сөз таптары және етістіктер түрленеді.

VI-IX ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінде зат есімдердің жіктік мағынасы бірінші жақ жекешеді *men/ben*, +көпшеде *tiz, biz*, екінші жақ жекешеді *sen*, көпшеде *siz* жіктеу есімдіктері арқылы беріледі де, 3 жақ нөлдік тұлғада қалады: *jılanmen* «жыланмын», *Qırqız oylımen* «Қырғыз ұлымын (ұрпағымын)», *jul teñrimen* «жол тәңірімін», *açsiq-tosiq etez sen* «аштықта тоқтықты түсінбейсің» т.б. Орхон, Енисей, Талас ескерткіштері тілінде зат есімдердің жіктік мағынасының жіктеу есімдіктері арқылы берілуі жіктік мағынасының көне түркі тілінде дербес грамматикалық категория ретінде толық жетілмегенін көрсетеді.

Қазақ тілінде жіктік жалғаулары бірінші жақ жекешеді *-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін* (ұлмын, қызбын, студентпін), көпшеде *-мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-пыз* (ұлмыз, қызбыз, дәрігерміз, студентпіз); екінші жақ жекешеді *-сың/-сің, -сыз/-сіз* (ұлсың, дәрігерсің, студентсің); көпшеде *-сыңдар/-сіңдер, -сыздар/-сіздер* (дәрігерсіздер, студентсіздер, анасыздар) тұлғалы болып келеді. Қазақ тілінде III жақта есім сөз жіктік жалғауымен көмкерілмейді,

Татар тілінде жіктік заттанған етістіктерге (затланышлы фигыльләр), яғни баяндауыш қызметінде жұмсалатын есімдерге қатысты категория саналады. Бірінші жақ жекешеді *-м/-мын/-мен*, көпшеде *-быз/-без*, екінші жақта жекешеді *-сың/-сең*, көпшеде *-сыз/-сез* жалғауларымен көмкеріледі. Үшінші жақ жекеше және көпшеде жалғау қабылдамайды².

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 448.

² Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 229.

Қазақ және татар тілдеріндегі жіктік жалғаулары				
	Қазақ тілінде		Татар тілінде	
	Жекеше	Көпше	Жекеше	Көпше
I жақ	-мын,мін, -бын,-бін, -пын,-пін	-мыз,-міз, -быз,-біз, -пыз,-піз	-м/-мын/- мен	-быз/-без
II жақ	-сың, -сің -сыз,-сіз	-сыңдар, -сіңдер; -сыздар,- сіздер	-сың/-сең	-сыз/-сез
III жақ	Ø	-лар/-лер, -тар/-тер, -дар/дер + Ø	-	-лар/-ләр/- нәр/-нәр + Ø

§8. Сын есім (Сыйфат)

Сын есімнің (сыйфатның) семантикалық-құрылымдық сипаты. Заттың, құбылыстың, кейде іс-қимылдың қалыпты жағдайдағы сан алуан сын-сипаттық қасиетін білдіретін сөздердің лексика-грамматикалық тобы сын есім сөз табын құрайды.

Сын есімдер семантикалық сипаты бойынша белгілі бір заттың әр түрлі сапалық белгісін, сыр-сипатын, қасиетін, көлемін, ауқымын, түр-түсін және асқа бір затқа, құбылысқа, іс-әрекетке қатыстығын білдіріп, көбіне зат атауын анықтап тұрады.

Морфологиялық табиғаты жағынан басқа есім сөздерге қарағанда сын есімдердің түрлену парадигмасы шағын болып келеді. Мәселен, шырай категориясы сын есімдердерді толық қамтитын түрлену жүйесі емес, сын есімдердің бір ғана мағыналық топтарына – сапалық сын есімдерге ғана тән, қатыстық сын есімдер шырай формасымен түрленбейді. Көптік, тәуелдік, жіктік, септік жалғаулары сын есімдердің субстантивтеніп, зат есімнің орнына жұмсалған тұлғаларына ғана жалғанады. Сөйлем құрамындағы сын есімдерге септік, көптік, тәуелдік, жіктік жалғауларының бірі жалғанатын болса, ол лексема сын есімдік сапасынан ажырайды.

Түркі тілдеріндегі сын есімдер жүйесі мән-мағынасы жағынан, субстантивтенуге бейімділігі жағынан зат есімдермен сабақтастықта болса, қызметі жағынан есімше категориясымен, кейде үстеу категорияларымен ұштасып жатады.

Сын есімдердің кейбір түрлерінің есімшелермен немесе үстеулермен сабақтастығы сын-сапаны білдіретін лексемалық топтардың әрі сын есім, әрі зат есім, кейде есімше, кейде үстеу ретінде қалыптасуы тілдің интралингвистикалық даму үдерістеріне сай танымдық-логикалық негізде жүзеге асатын құбылыс. Мысалы, *ақ* – түр-түсті білдіретін сын есім, *ақ* – сүт тағамдарының жалпы атауын білдіретін зат есім; *көк* – түр-түсті білдіретін сын есім, *көк* – аспан әлемінің атауын білдіретін зат есім.

Түркі тілдерінде сын есім сөз табы тұрақты емес, зат есім мен үстеуге жеңіл ауыса алады. Зерттеу жұмыстары сын есімнің үстеумен жақындығы якут, қазақ, қырғыз, түрік, чуваш, татар, гағауыз, өзбек, ескі осман тілдерінде анық байқалатынын көрсетеді (Д.И. Чиркочев, Г.Г. Мусабаев, Б.Д. Уметалиева, Л.А. Покровская, Н.К. Дмитриев, Ф.Г. Исхаков, А. Эйвазов, Г.С. Абдурахманов, В.Г. Гузев т.б.).

Есімдер жүйесіндегі сын есімдердің дербес сөз табы ретінде даралануы есім тұлғалардың анықтауыштық қызметке ие болуына, соның нәтижесінде сындық-сапалық мазмұнның тұрақталуына негізделеді. О баста заттық-сапалық біртұтас мағыналы атау сөздің бертін келе заттардың, құбылыстардың типтік белгілеріне қарай зат атауларына, өзіне тән қасиетіне байланысты сындық белгілердің атауына ажырауының нәтижесінде зат есім мен сын есім жеке-жеке сөз табы ретінде қалыптасқанын лингвист-мамандардың көбі мойындайды. Мәселен, Э.Р. Тенишев «зат есім мен сын есімдердің негізінде бұрынғы кездерде заттық-сапалық мағыналарға жіктелмеген есім болды, кейіннен ол заттың атау және сын белгінің атауы болып дарланды» – дейді¹.

¹Тенишев Э.Р. Строй саларского языка. – М.: Наука, 1976. – С. 250.

Қазақ тіл білімінде сын есімдердің сөз табы ретіндегі ерекшелігін, өзіне тән белгілерін айқындауға қатысты әртүрлі көзқарастар да бар. Мәселен, «Қазақ тілінің грамматикасында» (І б, 1934) І. Кеңесбаев, С. Аманжолов анықтауыш қызметіндегі сөздердің барлығын (күміс қасық, шай қасық) сын есім деп қарастырды. Сын есімдерді мағыналық жағынан бөлгенде де екі зат есімнің тіркесіндегі анықтауыш қызметін атқарып тұрған алдыңғы зат есімді тек сындық сипаттағы сөз және функционалдық сын есім деп таныды. Сондай-ақ зат есімнің грамматикалық категорияларын сын есімге де ортақ деп санайтын пікірлер де болды. Мұндай пікірлердің қалыптасуына сын есімнің зат есімнен толық бөлініп шығуына және оны жеке сөз табы ретінде тануға негіз болатын басты белгілердің анықталмауы себеп болды.

Қазақ тіл білімінде сын есімді өз алдына жеке сөз табы ретінде тануға Ғ.Мұсабаев, Ж.Шәкенов т.б. ғалымдардың пікірлері негіз болды. Ғ.Мұсабаев сын есімді зат есімнен бөліп алуға негіз болатын себеп, біріншіден, онда арнайы форманттың жоқтығы болатын болса, екіншіден, сын есімнің сөйлемде атқаратын басты синтаксистік қызметі – анықтауыш екенін алға тартты.¹ Қазіргі кезде сын есімді өзге сөз таптарынан даралайтын және оның дербес сөз табы екенін дәйектейтін басты белгілері ретінде: сын есімнің заттың түр-түсін білдіруі; заттың көлемдік, аумақтық, салмақтық белгісін білдіруі; заттың сапалық белгі сипатын білдіруі; заттың дәмі, иісі және басқа сипаттарына байланысты белгілерін білдіруі; затқа, қимыл, іс-әрекетке, мезгіл, мекенге қатысты сынын білдіруі тәрізді маңызды белгілері атап көрсетіледі².

Сын есімдер татар тілінің алғашқы грамматикаларында жеке сөз табы ретінде бөлініп шықты. И.Гиганов, М.Иванов, К.Насыри грамматикаларында татар тіліндегі сын есімдердің мағынасы, қолданысы, түрленісі және типологиялық ерекшеліктері туралы сөз болады. Сын есімдер түрленісі Ф.А.Ганиев еңбектерінде терең зерттелген болатын.

¹ Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сын есімдер категориясы. – Алматы, 1961. – Б.3.

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 460.

Сын есім заттың қалыпты сыр-сипатын айқындайды, яғни кең мағынасында ол заттың құрамын, сапасын, адамның немесе заттың сыртқы сипатын (матур – әдемі, сепкилле – секпiлдi), адамның iшкi қасиеттерiн (оялчан – ұялшақ, рәхимсез – мейiрiмсiз, рақымсыз), кеңiстiк қатынастарды (тәбәнәк – төмен, кыска – қысқа), уақыт қатынастарын (жәйге – жаздық, еллык – жылдық), түстi, дәмдi, пішiндi (кара – қара, төче – тығыз, сыек – сүйiк, түгәрәк – дөңгелек) т.б. қасиеттерiн айқындап көрсетедi.

Татар тiлiндегi сын есiмнiң ерекшелiктерiн былайша топтап көрсетуге болады¹:

1. Лексика-семантикалық мағынасы бойынша сын есiмдер заттың сын белгiсiн бiлдiредi. *Яңа киём – жаңа киiм, кояшлы көн – ашық күн, зәңгәр чәчәк – көгiлдiр гүл, озын юл – ұзын жол.*

Морфологиялық жағынан сын есiм - түрленбейтiн сөз табы. Оған тек қана ш ы р а й к а т е г о р и я с ы (дәрәжәк категориясы) ғана тән.

Синтаксистiк жағынан сын есiмдер көбiне көп зат есiмдердiң ерекше белгiлерiн анықтап, а й ы р ғ ы ш рөлiнде қолданылып, хабар берiп тұрады:

а) *Тәрәз ачып, бер чибәр кыз толымын тарап тора* (Бiр сүлу қыз шашын тарап тұр). *Зәңгәр күктә ак бер болыт тукталып карап тора* (Көк аспанда бiр ақ бұлт қарап тұр) (Р.Фәйзуллин);

б) *Вак яңгыр сибәли. Үләннәр, яфрақлар юеш (Жапырақтар дымқыл). Аяк асты тайгак, пычрак* (И.Гази) (Аяқтың асты тайғақ, лас). *Түреш өстендә ефәктәй юка гына ак томан тибрәнә. Көн тымызык, эссе, бөркү* (Ә.Еники) (Күн қапырық, ыстық).

Кейбiр сын есiмдер етiстiктi анықтап пысықтауыш қызметiнде де келуi мүмкiн: *яхшы укый – жақсы оқиды, матур яза - әдемі жазады, төз йөри – тез жүредi. Аума, аума тун-туры тор* (тiп-тiке тұр). *Төз утыр, яхшы утыр* (тез отыр, жақсы отыр) (Г.Тукай).

Сын есiм анықтаған сөз анықталған деп аталады. Морфологиялық жағынан сын есiм зат есiмдермен бiрдей өзгерiске ұшырамайды: Мысалы, *яхшы китап, яхшы китапны, яхшы китаплар*. Орыс тiлiнде болса, сын есiмдер көптiк, септiк,

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.148-149.

жақ категориялары бойынша түрлене береді: *хорошая книга, о хорошей книге, хорошие книги, хороший урок.*

Сөйлем ішінде сын есімдер сөзді анықтаудан басқа, з а т т а н ы п та қолданылады, бұндай жағдайда олар зат есімдерше түрлене бастайды: Бұл түрлену к о н т е к с т е з а т т а н у деп аталады: Мәсәлән: *Ялғыз ял күрмәс, күмәк ару белмәс* (мәкаль) (Жалғыз жал көрмес, Көп ару білмес). *Ялғызның кәясе дә югалыр, күмәкнең угы да югалмас* (мәкаль). Сын есім субстантивтенгенде зат есімнің категориялық белгілерін қабылдайды: септеледі, көптеледі, жекеше, көпше түрде қолданылады және зат есімнің синтаксистік қызметін де атқарады¹: Әйбернең яңасы яхшы, дусның искесе яхшы (мәкаль) (Заттың жаңасы жақсы, достың – ескісі). Олыларга хәрмәт кыл, кечеләргә шәфкәть кыл (Үлкенге қызмет, кішіге ізет қыл).

Бұл жағдайда сын есім сипаттаған сөз оның алдында келеді және иелік сипатта тұрады: *күлмәкнең яңасы (көйлектің жаңасы), алманың кызылы (алманың қызылы), кызларның матуры (қыздардың әдемісі)* т.б.

Кей жағдайларда сын есім сипаттаған сөз сөйлемде берілмеуі де мүмкін, ол әдетте контекстен көрінеді: *Аклысын кия ярың, Карасын кими әле...* (Х.Туфан) (күлмәкнең, киемнең аклысын, карасын; көйлектің, киімнің ағын, қарасын). *Илшат өчен иң авыры шунда иде: ул үз-үзен төшенә алмый башлады* (Г.Әпсәләмов) (кичерешнең иң авыры). Илшат үшін ең ауыры мынада: ол өз-өзін түсіне алмай келеді (жағдайдың ең ауыры).

Татар тілінде сын есімнің белгілі бір тұлғалық көрсеткіштері жоқ²:

1. Сын есім әдетте анықтайтын сөзінің – зат есімнің алдында келеді: *кызыл алма – кызыл алма, тату гаилә – тату отбасы.*

2. Егер сын есім сөйлемнің соңында келсе, баяндауыштың қызметінде жұмсалады: *Бүген көн аяз (Бүгін күн аяз).*

3. Сын есім сөйлемде анықтауыш қызметін атқарады: *Болында матур чәчәкләр үсә (Шалғында әдемі гүлдер өсіп тұр).*

¹ Закиев М.З. и др. Татарская грамматика в 3-х тт. Том 2. – Казань, 1993. С. – 62.

² Закиев М.З. и др. Татарская грамматика в 3-х тт. Том 2. – Казань, 1993. С. – 66.

Сын есімнің болымсыздық формасы төмендегідей жасалады:

1) түгел (емес) көмекші сөзі арқылы: матур –матур түгел (әдемі – әдемі емес), зур – зур түгел (үлкен - үлкен емес);

2) *-сыз/- сіз* қосымшалары арқылы: тәмле – тәмсіз (дәмді – дәмсіз, ақыллы – ақылсыз (ақылды – ақылсыз)).

Заттың нақты қандай белгісін білдіруіне қарамастан сын есімдер татар тілінде мынадай лексика-семантикалық топтарға бөлінеді:

Заттың қасиеттерін білдіруі	Татарша - қазақша
Заттың түсін	яшел «жасыл», кызыл «қызыл», сары «сары»
Заттың дәмін	тәмле «дәмді», ачы «ащы», татлы «тәтті»
Заттың иісін	ароматлы «хош иісті», исле «иісті»
Кеңістік белгісін	чиксез «шексіз», кыска «қысқа»
Уақыт белгісін	кичке «кешке», язгы «жазғы»
Адамның сыртқы белгілерін	ямьсез «ұсқынсыз», гүзәл «әдемі», аксак «ақсақ»
Адамның мінезін, психологиялық ерекшеліктерін	усал «зұлым», тупас «дөрекі», явыз «жауыз», хәйләкәр «айлакер»
Заттың пішінін	түгәрәк «дөңгелек», яссы «жіңішке»
Заттың физикалық күйін	каты «қатты», йомшак «жұмсақ»
Заттың көлемін	зур «үлкен», тулы «толық»

Қазақ және татар тілдерінде сын есімдер синтетикалық (морфологиялық) және аналитикалық (синтаксистік) жолдармен жасалады, соған сай түбір және туынды болып бөлінеді³ :

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.161.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.153.

³ Түймебаев Ж.Қ. Қазақ тілі. Грамматикалық анықтағыш. – Алматы, 2004. – Б.35-37; Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.163.

Сын есімдердің жасалуы		
Татар тілінде		Қазақ тілінде
1. Түбір/ Тамыр	<i>ак, кара, яшь, зур, кечкенә, усал, кыю</i>	ақ, кара, сары, тар, ауыр, жеңіл, қалың, жуан
2. Туынды / Ясалма	<p>1. Есімнен сын есім тудыратын:</p> <p>-лы/-ле: <i>яңғырлы, бәхетле, дымлы, моторлы, белемле, инсафлы, кайғылы;</i></p> <p>-гы, -ге: <i>борынгы, көзге, кышкы, язгы, кәйге, көндезге;</i></p> <p>-сыз, -сез: <i>болытсыз, тәмсез, тактасыз, тәрәзәсез, түбәсез;</i></p> <p>-лык/-лек : <i>атналык, еллык, бишъеллык ;</i></p> <p>-чан, -чән: <i>уйчан, эшчән, сүзчән, эшчән, кызыксынучан;</i></p> <p>-даш/-дәш : <i>аһәңдәш, аваздаш, тиңдәш ;</i></p> <p>-сыл/-сел: <i>сусыл</i></p> <p>-лач/-ләч : <i>итләч, йонлач;</i></p> <p>-чак/-чәк: <i>басымчак</i></p> <p>-и, -ви: <i>тарихи, тәрбияви;</i></p> <p>-чыл/-чел: <i>сакчыл, ярдәмчел;</i></p> <p>-дагы/-дәге: <i>урмандагы йорт;</i></p> <p>-тагы/-тәге: <i>мектептәге хәлләр;</i></p> <p>2. Етістіктен сын есім тудыратын:</p> <p>-ык/-ек: <i>ватык, сынык, китек, йөгерек, бозык, ачык;</i></p> <p>-ыч/-еч: <i>кызганыч, аяныч, куркыныч;</i></p> <p>-гыч/-геч: <i>искиткеч,</i></p>	<p>1. Есімнен сын есім тудыратын:</p> <p>-лы/-лі, -ды/-ді, -ты/-ті: <i>гүлді, бұлтты, атақты, пайдалы;</i></p> <p>-лык/-лік: <i>қалалық, жылдық;</i></p> <p>-сыз, -сіз: <i>сусыз, бұлтсыз, дәмсіз;</i></p> <p>-қы/-кі, -ғы/-гі: <i>жазғы, күзгі, бұрынғы;</i></p> <p>-шыл/-шіл: <i>турашыл, көпшіл;</i></p> <p>-дай/-дей, -тай/тей: <i>таудай, үйдей;</i></p> <p>-лас/-лес, -дас/-дес, -тас/-тес: <i>пікірлес, қызметтес, көршілес;</i></p> <p>-шаң/-шең: <i>көйлекшең, киімшең;</i></p> <p>-и: <i>әдеби, мәдени, тарихи;</i></p> <p>-қой: <i>сәнқой, әзілқой;</i></p> <p>-қор: <i>жемқор, жалақор, ызакор;</i></p> <p>-паз: <i>өнерпаз, білімпаз, жағымпаз;</i></p> <p>-лар/-тар: <i>қарыздар, хабардар</i></p> <p>2. Етістіктен сын есім тудыратын:</p> <p>-к/-к, -ык/-ік, -ақ/-ек: <i>сынық, жабық, ашық, ісік;</i></p> <p>-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш: <i>сенгіш, сезгіш, тапқыш, тұтқыш;</i></p> <p>-қыр/-кір, -ғыр/-гір: <i>тапқыр, өткір, білгір;</i></p> <p>-нды/-нді, -ынды/-інді: <i>туынды, жаттанды, жасанды;</i></p> <p>-нқы/-нкі, -ыңқы/-іңкі: <i>ісіңкі, басыықы, көтеріңкі;</i></p>

	<p><i>шаккаткыч, коточкыч;</i> -чак/-чәк, -чык/-чек: иренчәк, уенчак, кыланчык, бәйләнчек; <i>;</i> -гын/-ген: кискен, үткен; -ынкы/-енке: күтәренке, төшенке, басынкы; -гыр/-гер: өлгер, сизгер; -дам/-дәм : бердәм, күндәм; -нак/-нәк: тыйнак, кыйнак</p>	<p>-ма/ме, -ба/-бе, па/-пе: қызба, бөспе, даурықпа, құрама; -малы/-мелі, -балы/-белі, -палы/-пелі: серіппелі, бүрмелі, таңдамалы; -улы/-улі: бүктеулі, ерттеулі; -ымды/-імді, -мды/-мді: сенімді, жарамды, қонымды; --шак/-шек: мақтаншак, еріншек; -қак/-ғак: жабысқак, тоңғак; -қы/-кі, -ғы/-гі: жинақы, күлдіргі, бұралқы; -аған/-еген: қабаған, сүзеген, қашаған.</p>
3. Парлы сыйфатлар	аллы-гөлле (ала құла) осчыз-қырыйсыз (ұшы киырысыз)	3. Қос сөзді сын есімдер: үлкен-үлкен, телегей-теңіз, жақсы-жаман
4. Кушма сыйфатлар	үзсүзле (қырсық), халыкара (халықаралық)	4. Біріккен күрделі сын есімдер: қонақжай, отансүйгіш, балажан
5. Тезмә сыйфатлар	қиң күнелле (кең көңілді)	5. Тіркесті күрделі сын есімдер: ақ сары, көк шалғын, балдай тәтті, ұзын бойлы, қолы ашық

Сын есімнің түрлері: сапалық (асыл) және қатыстық (нисби) сын есімдер.

Қазақ тіл білімінде сын есімді мағынасына қарай жүйелеуде әртүрлі көзқарастар орын алады. Мәселен, А. Байтұрсынов сын есімді заттың сынын білдіретін, заттың сыр-сынын білдіретін тобы деп екіге бөлсе, Н.Сауранбаев оның сыр-сыны, қатыстық сын, өнер сыны, салыстырмалы сын тәрізді төрт түрін көрсетеді. Қазіргі кезде заттың, құбылыстың сыр, сипатын, түрлі белгілерін білдіру сипатына қарай қазақ тіліндегі сын есімдер сапалық және қатыстық болып үлкен екі топқа бөледі¹.

Сын есімдер татар тілінде де қазақ тіліндегідей сапалық (асыл) және қатыстық (нисби) деп екіге бөлінеді².

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.460.

² Закиев М.З. и др. Татарская грамматика в 3-х тт. Том 2. – Казань, 1993. С. – 66.;

Сапалық сын есімдер.

Сапалық сын есімдер мағынасы жағынан заттың әр алуан сыр-сипатын білдіретін сын есім сөз табының негізгі ұйтқысы болып табылады.

Қазақ тіліндегі сапалық сын есімдер:

1. Заттың түрі мен түсін (қызыл, жасыл, қара);
2. Заттың сапасын (жақсы, жаман);
3. Заттың көлемі мен аумағын (үлкен, шағын, ауыр);
4. Заттың дәмі мен иісін (ащы, тәтті) білдіреді¹.

Сапалық сын есімдер татар тілінің грамматикаларында «заттың саф белгісін білдіріп» тұрған сын есімдер деп те аталады (Д.Г.Тумашева). Олар іштей екі топшаға бөлінеді:

а) кісінің сезім-түйсік органдары арқылы қабылданатын белгілер: *яшел яфрак (жасыл жапырақ), якты көн (ашық күн)*. Мұндай сапалық сын есімдерді тура сезім-түйсік арқылы қабылданатынына қарап, эмпирикалық сын есімдер деп атайды;

б) сезім-түйсік қабылдауы арқылы жасалмай, затты бір нәрсемен салыстыру, ұқсату, ассоциациялау негізінде пайда болған белгілер: *акылы бала (ақылды бала), белемле студент (білімді студент), хәйләкәр төлке (айлакер түлкі)* т.б. Мұндай сын есімдер рационалды сын есімдер деп аталады.

Қазақ және татар тілдерінде сапалық сын есімдер басқа затқа немесе әрекетке қатыссыз заттың сапасын, қасиет-белгісін білдіреді: жақсы кісі –яхшы кеше, үлкен қала – зур шәһәр; қатыстық сын есімдер басқа затқа немесе әрекетке қатысты белгіні білдіреді: қысқы жол – кышкы юл, музыкалық шығарма – мукыкаль әсер.

Сапалық сын есімдерге шырай категориясы тән: ақ–ақ, ағырақ–аграқ, ақшыл – аксыл, аппақ – ап-ак. Сапалық сын есімдер негізінен түбір тұлғалы болып келеді: көк–зәңгәр, таза – саф, жас – яшь.

Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.150 – 152.

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991.– Б.168.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.153.

Қатыстық сын есімдер.

Қазақ тіліндегі қатыстық сын есімдер белгілі бір заттың белгісін басқа бір заттың я іс-әрекеттің қатысы арқылы білдіреді. Қатыстық сын есімдердің сапалық сын есімдерден ерекшелігі – олардың мағынасы өздерінің жасалуына негіз болатын сөздермен тығыз байланысты болып келетіндігінде.

Қатыстық сын есімдер негізінен сөз тудырушы жұрнақтар арқылы басқа сөз таптарынан жасалатындықтан, қатыстық сын есімдер сапалық сын есімдерден морфемдік құрам жағынан да өзгешелеу болып келеді. Қатыстық сын есімдер, негізінен, есім сөздер мен етістіктерден жұрнақ арқылы жасалады: сулы жер, ойнағыш бала, егістікті алқап т.б.

Қазақ тіліндегі қатыстық сын есімдер былайша топтастырылады¹:

1. Мекен, қонысты білдіреді: астаналық студент, ауылдық маман;

2. Орынды көрсетеді: алдыңғы бөлме, үстіңгі қабат;

3. Оқиғаның болу мезгілін танытады: кешкі спектакль, түскі тамақ;

4. Мерзімді аңғартады: апталық бағдарлама, айлық жоспар;

5. Адамға тән белгіні білдіреді: балалық шақ, жігіттік намыс;

6. Адамның көңіл күйіне байланысты қасиеттерді көрсетеді: көңілді қыз, тартымды мінез;

7. Затқа, құбылысқа тән белгілерді танытады: кітаби тіл, әскери тәртіп.

8. Бұл жіктеліске төмендегідей тағы бірнеше топты қосуға болады:

9. Бір қасиеттің кем болып тұрғанын білдіретін сын есімдер: балықсыз көл, тұзсыз тамақ, белгісіз адам.

10. Іс-қимыл мен шақтық мәнді қатар білдіретін сын есімдер: естілмеген хабар, тұратын үй, айтпақ сөз.

Қатыстық сын есімдер татар тілінде де заттың сыртқы қасиеттерін танытады, басқа сөз таптарының қатысы арқылы жасалады²: *машиналы* «машиналы», *урманлы* «орманды», *жимешле*

¹ Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.32 – 33.

² Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 221.

«жемісті», язғы «жазғы», өйдәге «үйдегі», тешсез «тіссіз», еллык «жылдық» т.б.

Бірақ бұдан қатыстық сын есімдер ғана туынды түбірлі болып келеді, ал сапалық сын есімдер тек негізгі түбірлерден ғана жасалады деген ұғым тұмауы керек. Ы.Маманов туынды сын есімдердің барлығын жаппай қатыстық деп танитын жалаң формальды көзқарасты сынға ала отырып, сапалық сын есімді қатыстық сын есімнен ажыратудың басты белгісі ретінде сын есімдердің шырай формаларымен түрлену-түрленбеуін негізге алуды ұсынады.¹ Сондықтан шырай жұрнақтарын қабылдайтын негізгі және туынды сын есімдер сапалық, ал шырай жұрнақтарын қабылдамайтын сын есімдер қатыстық болып табылады.

Сын есімнің мағыналық топтары арасындағы айырмашылық сапалық сын есімдердің заттың әртүрлі белгісін ғана емес, қимылдың да сынын анықтауы және түрленуі, ал қатыстық сындардың тек заттың басқа затқа не қимыл-әрекетке қатысты белгілерін анықтаумен шектелетініне байланысты болып келеді.

Сапалық сын есімдер қимылды анықтап, үстеу қызметінде жұмсалса, қатыстық сын есімдер өте сирек жағдайда үстеу қызметін атқарады. Алайда сапалық және қатыстық сын есімдердің арасы орнықсыз, себебі сапалық сын есімдер зат есімдер арқылы жасалған қатыстық сын есімдермен толығып отырады: басты – башлы, күшті – кочле еркіндіксіз – ихтыярсыз. Сапалық сын есімдер сөйлемде анықтауыш, баяндауыш және пысықтауыштың синтаксистік қызметтерін атқарады. Татар тілінде сапалық сын есімдер сияқты үстеудің де қызметін қатар атқаратын сөздер бар, бір жағдайда заттың белгісін білдірсе, енді бір жағдайда қимылдың белгісін білдіреді: яхшы кеше – жақсы кісі, яхшы эшли – жақсы жұмыс жасайды, түбән кластар – төмен кластар, түбән қарау – төмен қарау.

Сапалық сын есімдерге қарағанда қатыстық сын есімдердің синтаксистік қызметі шектеулі, олар көп жағдайда анықтауыштың рөлін ғана атқарады. Мысалы, Безнең халыкнын, бөтен рухи дөньясы урман белән бәйле (М.Мәһдиев). біздің халықтың рухани дүниесі орманменен байланысты. Ахияр белән гармун

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.– Б.11.

кинәт кенә әкесе ниндидер бер сихри музыкаль инструментка әйләнә дә куя (М.Мәһдиев), Кенет ахияр мен гармон қосылады да ғажап бір музыкалық инструментке айналады¹.

Сын есімнің шырай категориясы.

Сын есімдердің шырай категориясы бір немесе бірнеше белгінің әр түрлі затта көріну ерекшелігін білдіреді. Шырай – заттың әртүрлі сындық белгілерінің көріну дәрежелерін білдіретін лексика-грамматикалық категория. Түбірге жалғанатын шырай қосымшалары, түбір білдіретін мағынаны мүлдем өзгертпейді, оған қосымша реңк үстемелейді.

Тіл үнемі даму үстінде болатындықтан, сөз таптарының лексика-семантикалық топтары арасында өзара ауысулар болып отырады. Бұл құбылыс қатыстық сын есім мен сапалық сын есімдерге де тән. Шырай қосымшаларын қабылдау арқылы сын есімдерде қатыстық мағынадан сапалық мәнге ауысу жүріледі. Сол себепті сапалық сын есімдердің түрленуі оны қатыстық сын есімдерден ажырататын басты белгілерінің бірі болып саналады.

Қазақ тілінде шырай категориясының мағыналық құрамы әртүрлі болып келеді. Соған орай ол бірнеше түрге бөлінеді. Мәселен, Ж.Шәкенов сын есімнің жай, салыстырмалы, бәсең, күшейтпелі, таңдаулы тәрізді бес түрін, А.Ысқақов жай шырай, салыстырмалы шырай, күшейтпелі шырай, асырмалы шырай деген төрт түрін², Н.Оралбаева жай, салыстырмалы және күшейтпелі шырай тәрізді үш түрін көрсетеді.³ М.Серғалиев, А.Айғабылов, О.Күлкеновалар жай шырайдың басқа шырайдағы сөздердің мағынасын айырудағы қызметі айрықша екеніне мән береді.⁴ «Қазақ грамматикасында» сапалық сын есімнің лексика-грамматикалық категориясы ретінде шырайдың екі түрі көрсетіледі: салыстырмалы және күшейтпелі шырай. Ал асырмалы шырай күшейтпелі шырай құрамында қарастырылады.⁴

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.153.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б.278.

³ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – Б.148.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.467.

Қазақ тіл білімінде шырай жұрнақтарының қызметіне қатысты әртүрлі пікірлер орын алады. Мәселен, Ғ.Мұсабаев *-ғыл, -ғылт, -ғылым, -шыл, -шіл* жұрнақтарын шағын шырай деп қараса, Ы.Маманов оларды сөз тудырушы қосымшаға жатқызады. Ғалым оған дәлел ретінде: «аталған қосымшалардың, біріншіден, сапалық сын есімдердің бәріне жалғана бермей, сөз тудырушы жұрнақтар тәрізді сөзге талғап жалғанатынын, екіншіден, бұл қосымшалардан соң *-лау/-леу, -рақ/-рек* формаларының жалғана беретінін» келтіреді.¹

Татар тілінде бұл категория ерекше грамматикалық және лексикалық құралдар арқылы беріледі. Бұл тілде мынадай 4 шырай түрі бар²:

Жай шырай (төп дәрежә) – сын есімнің басқа затқа қатыссыз белгіні білдіретін бастапқы формасы, бұл мағынаны беруде арнайы көрсеткіші жоқ: *нечкә жеп* – жіңішке жіп, *кечкенә авыл* – кішкентай ауыл, *ак күлмәк* – ақ көйлек.

Салыстырмалы шырай (чагыштыру дәрежәсе) – заттың бір белгісінің басқа заттың сол белгісінен қарқынды екендігін білдіреді. *-рак, -рек* көрсеткіші жасалады: *аграк* (ағырақ), *нечкә* (жіңішкерек), *кечкенәрәк* (кішірек).

Күшейтпелі немесе асырмалы шырай (артыклык дәрежәсе) заттың белгісін күшейтіп немесе тым асырып көрсетеді және арнайы көрсеткіші жоқ. *Иң* (ен) сөзі арқылы немесе түбірдің алдынан келетін күшейткіш буындар арқылы жасалады. Ондай буындар татар тілінде көптеп кездеседі: *чем-, шыр, дәм, чалт, тома, ап-, кап-, зәп-, кып-, яп-, ямь-, түп-, күм-, чип-* т.б. Көп жағдайда олар сын есімнің алғашқы буынының *п, м* дыбыстарына аяқталуымен жасалып отырады. Мысалы, *Пароходлар Казанга житкендә, пристань элеккечә буп-буш иде* (К.Нәжми) (*Пароходтар Қазанға жеткенде, пристань сол күйінде боп-бос еді*).

Қарқындылықтың ерекше формасысын есімдердің қайталануы болып табылады. Алайда олар заттардың, адамдардың

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007. – Б.10.

² Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 222; Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.150 – 153.

бірнешеуінің белгісін білдіруімен ерекшеленеді: зур-зур ташлар (үлкен-үлкен тастар), чибәр-чибәр қызлар (әдемі-әдемі қыздар).

Кішірейту шырайы (кимлек дәрежә) заттың қалыпты белгісінен кішірек белгісін білдіреді. Бұл шырайдың өзгеру формасы тұрақсыз. Негізінен заттың түсін, дәмін; физикалық күйін білдіретін сын есімдері болып табылады. Заттың белгісін әлсіретуде мынадай формалар қолданылады: *-кылт, -келт, -гылт, -гелт* (кызгылт – қызғылт), *-сыл, -сел, -шыл, -шел, -су* (күксел – көкшіл)¹.

Сапалық сын есімдердің шырайлары		
	Қазақ тілінде	Татар тілінде
Жай шырай/ Гади дәрежә	әдемі, жақсы, ақ, көк, қызыл, сары, суық, жыл, жасыл, қара, жуан, жіңішке, т.б.,	матур, сары, биек ак, кара усал, суык, кылы, кызыл, яшел
Салыстыр- малы шырай/ Чагыштыру дәрежәсе	-рақ/-рек, -ырақ/ірек: тәттірек, күштірек, салқынырақ; -лау/-леу, -дау/-деу, -тау/- теу: жақсылау, үлкеңдеу; -қыл/-ғыл, -қылт/-ғылт: қуқыл, бозғыл, сұрғылт; -ғылым/-қылым: сұрғылым, сарғылым, қызғылым; -шыл/-шіл, -шылтым: ақшыл, ақшылтым; көкшіл, көкшілтім -ілдір: көгілдір; -ғыш: сарғыш -аң: бозаң, қартаң	-рак/-рәк (жұрнақ алдында п-б, к-г дыбыс алмасулары орын алады): матуррак, сарырак, түгәрәгрәк, озынрак, нурлырак;

¹ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 223; Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.157.

<p>Күшейтпелі шырай / Артықлық дәрежәсе</p>	<p>1) күшейткіш буындар арқылы: қап-қара, қып-қызыл; 2) ең, өте, тым, аса сөздері арқылы: ең сұлу, аса жақсы, тым биік</p>	<p>1) сөздің алғашқы буынының қайталануы (бір немесе екі дыбыс п, м дыбыстары қосылуымен қайталады): сап-сары, ямь-яшел, түп-түгәрәк; <i>дәм караңғы, тып-тын, қып-қызыл, япа-ялғыз;</i> 2) иң (ең), бик (өте) күшейткіштері арқылы: бик матур, иң кадерле, <i>иң бөек иң ачысы;</i> 3) үтә (өте), гаять (тіпті), артык (тым) сөздерінің қосылуы арқылы: үтә сизгер (өте сезімтал), гаять зур (тіпті үлкен)</p>
<p>Татар тілінде: Кимлек дәрежәсе (Кішірейту шырайы)</p>		<p>-кылт/-келт, -гылт/-гелт: яшькелт, кызгылт, сар-гылт -сыл/-сел: ак-сыл -су: алсу <i>зәңгәрсү;</i> -кылым/ -келтем: төч-келтем, эч-келтем -ча: кыскача</p>

§9. Сан есім (Сан)

Сан есімнің морфологиялық құрылымы.

Заттың немесе заттық ұғымдар мен құбылыстардың санын, мөлшерін, бөлшегін, ретін білдіретін сан есімдер өзіндік лексика-семантикалық ерекшеліктері, морфологиялық белгілері, синтаксистік қызметі бар дербес сөз табын құрайды. Сан есімнің басқа сөз табынан айырмашылығы – зат есіммен тіркесіп, заттық ұғымның сандық сипатын анықтайды; зат есімсіз қолданылып сандық атауды білдіреді; етістіктермен тіркесіп, іс-әрекет пен қимылдың сандық сапасын сипаттайды; сан есімдер басқа сөз таптарынан жасалмайды; күрделі сан есімдер жасайтын дара сан есімдердің көлемі (саны) айқын болады.

Түркі тілдерінде құрылымына қарай дара және күрделі, тұлғасына қарай негізгі, туынды және қосарлы, мағынасына қарай есептік, реттік, жинақтық, бөлшектік, болжалдық сан есімдер болып жіктелетін сан есімдер қолданылады.

Дара сан есімдерді түбір және негіздерден тұратын жалаң тұлғалы сан есімдер, мәселен, көне түрк. *bir* «бір», *eki* «екі», *üç* «үш», *tört* «төрт», *bes/beş* «бес», *altı* «алты», *jetı* «жеті» т.б., күрделі сан есімдерді дара сан есімдердің тіркесуі арқылы жасалған сан есімдер құрайды. Мысалы: көне түрк. *sekiz on* «сексен», *toquız on* «тоқсан», *eki jегirmi* «он екі», *üç jегirmi* «он үш», *altı jегirmi* «он алты», *bir otuz* «жиырма бір», *beş otuz* «жиырма бес», *jemti jüz* «жеті жүз» т.б.

Түркі тілдері сандық жүйесі тарихында күрделі сан есімдерге байланысты екі түрлі санау дәстүрі бар: санақ жеткен ондыққа бірлікті қосып қолдану (қырық екі «42») және санақ бара жатқан алдағы ондыққа бірлікті тіркеп қолдану (еккі елік «42»). VI-IX ғасыр түркі жазба мұралары тілінде күрделі сан есімдерге сандық жүйенің екінші түрі сәйкес келеді. Қазақ және татар тілдерінің сандық жүйесінде күрделі сандардың жасалуы бірінші түрге сай келеді.

Қазақ тілінде сан есім – заттың санын, саналу ретін, мөлшерін білдіретін есімдер тобына жататын сөз табының бірі. Сұрақтары: **қанша?, неше?, нешеу?, нешінші?**

Татар тілінде жалпы лексикалық мағынасы бойынша сан есім заттардың санын, есебін білдіреді. Сұрақтары: *ничә?, ничәү?, ничәнче?*

Татар тілінде жазылған ежелгі грамматикада сан есімдер үшін әр түрлі терминдер қолданылды: *исмә гадәт* (Г.Фәесханов, К.Насыри), *сан атлары* (Г. Нугайбек), *сан, сан исеме* (Дж. Валиди), *саң, саннар* (Г. Ибраһимов, Г.Алпаров). қазіргі әдеби тілдің ғылыми терминологиядағы нормасы ретінде *саң, саннар* термині қолданылып келеді.

Татар тілі сан есімдерінің сөздік қоры жиырма (халықаралық миллион, миллиард және одан жоғары сөздерді қоспағанда) сөзден құралады¹. Олар бірліктер//берәмлекләр: *бір // бер, екі // ике, үш // өч, төрт // дүрт, бес // биш, алты // алты, жеті // жіде, сегіз // сигез, тоғыз // туғыз; ондықтар // дистәләр: он // ун, жиырма // егерме, отыз // утыз, қырық // қырык, елу // илле, алпыс // алтмыш, жетпіс // жітмеш, сексен // сиксән, тоқсан // туксан; жоғары разрядтар// юғары разрядлар: жүз // йөз; мың // мен; миллион// миллион.*

Қазақ және татар тілдеріндегі бірліктер жүйесі		Қазақ және татар тілдеріндегі ондықтар жүйесі	
Бірліктер // берәмлекләр		Ондықтар // дистәләр	
бір	бер	он	ун
екі	ике	жиырма	егерме
үш	өч	отыз	утыз
төрт	дүрт	қырық	қырык
бес	биш	елу	илле
алты	алты	алпыс	алтмыш
жеті	жіде	жетпіс	жітмеш
сегіз	сигез	сексен	сиксән

¹ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 223 – 225.

тоғыз	туғыз	тоқсан	туксан
Жоғары разрядтар//югары разрядлар: жүз //йөз; мың//мең; миллион// миллион			

Сан есім тұлғасына қарай екіге бөлінеді:

1. негізгі сан есімдер // тамыр саннар: бір // бер, екі // ике, үш // өч,

бес // биш, он // ун, жиырма // егерме, отыз // утыз, қырық // кырык, елу // илле, алпыс // алтмыш, тоқсан // туксан, жүз //йөз; мың // мең; миллион // миллион.

2. туынды сан есімдер // ясалма саннар: біреу // берәу, екеу // икәу,

үшеу (үшеулеп) // өчәу (өчешәрләп), бестен (бесеуден) // бишәр, (бишешәрлап), жетінші // жиденче, жиырмалап // егермеләп, отыздап // утызлап, жүздеген // йөзләгән.

Сан есім құрамына қарай екіге бөлінеді:

1) дара сан есім //тезмә саннар;

2) күрделі сан есім // кушма саннар.

1. Дара сан есім //тезмә саннар – бір түбірден құралған негізгі және туынды сан есімдер. Мысалы екі // ике, үш // өч, бес // биш, он // ун, жиырма // егерме, үшеу (үшеулеп) // өчәу (өчешәрләп), бестен (бесеуден) // бишәр, (бишешәрлап), жетінші // жиденче, жиырмалап // егермеләп, мың // мең.

2. Күрделі сан есім // кушма саннар:

а) екі немесе одан да көп түбірдің тіркесуінен: жиырма бес // егерме биш, қырық шақты // кырыклаган, сексен алты // сиксэн алты, тоғыз бүтін алтыдан үш // туғыз бөтен алтыдан өч, жүз мыңдай // йөз меңләгән.

Қазақ тілінде		Татар тілінде		
Сан есімнің түрлері	Мысалы	Саннарының төзелеше	Мисаллар	
Тұлғасына қарай	Негізгі сан есімдер	бір, екі, бес, жеті, он, жиырма, отыз, алпыс, жүз, мың	Тамыр саннар	бер, ике, биш, жиде, ун, егерме, утыз, алтмыш, йөз, мең
	Туынды сан есімдер	біреу, екеу, үштен, бестен, жетінші, жиырмадай, отыздай, жүздеген, мыңдап	Ясалма саннар	берәу, икәу, өчәу, (өчешәрләп), бишәр, (бишешәрләп), жиденче, егермеләп, утызлап, йөзләгән, меңләп
Құрамына қарай	Дара сан есімдер	бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, жиырма, жүз, мың	Тезмә саннар	бер, ике, өч, дүрт, биш, алты, жиде, сигез, тугыз, ун, егерме, йөз, мең
	Күрделі сан есімдер	он бір, он екі, он үш, он төрт, он бес, жиырма сегіз, отыз жеті, қырық тоғыз	Кушма саннар	унбер, уника, унөч, ундүрт, унбиш, егерме, сигез, утыз жиде, кырық тугыз

Ескерту: Татар тілінде он бірден он тоғызға дейінгі сан есімдер бірге жазылады. Мысалы: унбер, уника, унөч, ундүрт, унбиш, уналты, унжиде, унсигез, унтуғыз.

Сан есімнің мағыналық түрлері (Сан төркемчәләре).

Сан есімдер қазақ тілінде мағынасына қарай алты түрге бөлінеді: есептік сан есім, реттік сан есім, жинақтық сан есім, болжалдық сан есім, топтау сан есім, бөлшектік сан есім.

Татар тіліндегі сан есімдерді **Ф.М. Хисамова** мағыналары мен грамматикалық белгілеріне қарай есептік сан есім (микъдар саны), реттік сан есім (тәртип саны), топтау сан есім (бүлем саны), болжалдық сан есім (чама саны), жинақтық сан есім (жыю саны), бөлшектік сан есім (өлеш саны) деп 6 лексика-грамматикалық топтарға бөледі және олардың әрқайсысының жасалу жолы мен мағыналық ерекшеліктеріне арнайы тоқталады¹. Татар тіліндегі сан есімдердің жалпы сипатын лексика-грамматикалық негізінде саралап көрсеткен **Ф.М. Хисамова** пікіріне сүйене отырып, сан есім сөз табының қазақ және татар тілдеріндегі салыстырмалы сипаттамасын төмендегі үлгіде беруге болады:

1. **Есептік сан есім // микъдар саны заттың нақты санын, есебін білдіреді.** Сұрағы: **қазақ тілінде қанша? неше? // татар тілінде ничә?, күпме?** Есептік сан есім екі тілде дара (тезмә): **төрт // дүрт, жетпіс // житмеш, мың // мең, сегіз // сигез, бес // биш, тоғыз // тугыз; күрделі (кушма): алпыс үш // алтмыш өч, жетпіс тоғыз // житмеш тугыз, он бес // унбиш, отыз жеті // утыз жиде, қырық тоғыз // кырық тугыз** болып келеді. Есептік сан есім сан есімнің басқа түрлерін жасауға негіз болады.

Татар тілінде кейбір есептік сан есімдер, айталық, биш (бес), жиде (жеті), кырық (қырық) сандары сандық мағынада емес, басқа бір белгісіздік мағынасында да қолданылады. Мысалы: биш былтыр (бұрынғы кезде), бишектәге бишкә төрләнә (бірнеше рет өзгеру), жиде юл чаты (көптеген жолдың қиылысы), жиде ят (өте алыс), кырық ата баласы (көптеген ата-ананың балалары), кырыкка түнтәрү (көп рет өзгерту).

2. **Реттік сан есім // тәртип саны заттың саналу ретін білдіріп, қазақ тілінде нешінші? // татар тілінде ничәнчә? деген сұраққа жауап береді.**

Реттік сан есім қазақ тілінде есептік сан есімге -ыншы/-інші, -ншы/-нші, татар тілінде есептік сан есімге -ынчы/ -енче, -нчы/ -нче қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады: **қырық тоғзыншы // кырық тугзынчы, алпысыншы // алтмышынчы, оныншы // унынчы, отыз бесінші // утыз бишенче, үшінші**

¹ *Хисамова Ф.М.* Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.173-180.

// өченче, жүзінші // йөзенче, алпыс алтынышы // алтмыш алтынчы, алтыншы // алтынчы, қырық екінші // қырық икенче, жетінші // жиденче. Мысалы: Мин сезне менә дүртенче ай инде ээлим (Ф. Әмирхан) // Мен сізді іздегеніме төртінші айдың жүзі болды. Дүртенчесен узып китәсен, ә бишенче йорт әбиләрнеке (А.Алиш) // Төртіншісін өткізіп жібересің, ал бесіншісі әжемдікі.

3. Жинақтық сан есім // жыю саны заттың жинақталған санын көрсетеді. Сұрағы: қазақ тілінде нешеу? // татар тілінде ничәу?

Жинақтық сан есім қазақ тілінде бірден жетіге дейінгі сан есімге *-ау/ -еу* жұрнағы жалғану арқылы жасалынады. Ал татар тілінде бірден онға дейінгі сан есімге *-ау/-әу* жұрнағы жалғану арқылы жасалынады. Мысалы: *біреу // бирәу, екеу // икәу, үшеу // өчәу, төртеу // дүртәу, бесеу // бишәу, алтау // алтау, жетеу // жидәу.*

Екі тілде де дауысты дыбысқа аяқталған екі // ике, алты // алты, жеті // жиде сан есімдеріне -ау, -еу // -ау, -әу жұрнағы жалғанғанда, түбірдегі соңғы дауысты дыбыс түсіп қалады: екі+еу // ике+әу → екеу // икәу; алты+ау // алты+ау → алтау // алтау; жеті+еу // жиде+әу → жетеу // жидәу. Мысалы: Жидәу идек, инде хәзер унбиш булдык // Жетеу едік, енді қазір он бес болдық. Мин ике кызым белән килдем: Разия, Мәрьям, - өчәу килдек (Ф.Әмирхан) // Мен екі қызыммен: Рәзия Мәрияммен – үшеуіміз келдік. Жидәу барып, алтау кайттык – беребезне калдырдык (Жиде кыз бәсте) // Жетеуіміз барып едік, алтауымыз қайтып келдік – біреуімізді қалдырдық.

Татар тіліндегі жинақтық сан есімінің *-ау, -әу* жұрнағынан кейін, кейде *-лап-ләп; -лашып, -ләшеп* жұрнағы үстемелене жалғану кездеседі. Мысалы: *Икәүләшеп эшлибез // Екеулесіп істейміз. Кичләрен без икәүләшеп жырлайбыз (Г.Кутуй) // Кешке қарай біз екеуіміз бірге (екеулесіп) ән айтамыз. Сигезәүләп яттык бер палатада // Сегізі бір палатада жатты.*

4. Болжалдық сан есім // чама саны заттың санын дәл білдірмейді, шамамен болжап көрсетеді. Сұрағы: қазақ тілінде қазақ тілінде қанша? неше? қай шамалы? қаншадан? // татар тілінде ничәләп?

Болжалдық сан есімнің жасалу жолдары:

- қазақ тілінде *-дай/-дей, -тай/-тей, -даған/-деген, -таған/-теген*, ал татар тілінде - *лаған/- ләгән қосымшалары арқылы жасалады: қырықтай, елудей, жетістей, жүздеген, мыңдаған // кырықлаған, иллеләгән, жітмешләгән, йөзләгән, меңләгән. Мысалы: Унлаған мәктүпләремә каршы бер жавабыңны дип өмит итәм (Г. Ибраһимов) // Менің жазған ондаған хатыма бір жауабыңды берерсің деген үміттемін. Бу вақытта университет каршына йөзләгән халык жаслаганиде (Г. Әпсәләмов) // Бұл уақытта университеттің алдында жүздеген адамдар жиналып қалған. Һәр көн юлдан дистәләгән юлчы уза, тузан туза (М. Жәлил) // Күнде жол бойымен ондаған жүргіншілер өтеді де, шаң көтеріліп жатады. Керү белән очырыйсың син аңда йөзәрләгән хатын-кызларга (М. Гафури) // Қалай онда кіресің сен ол жерден жүздеген әйелдерді көресің. Меңәрләгән халык арасында кемне табасың? // Мыңдаған адамдардың ішінен кімді табасың?*

- қазақ тілінде *-лап/-леп*, ал татар тілінде *-лап/-ләп: бір-бірлеп, екеулеп, жиырмалап, отыздан // бер-берләп, икәүләп*, егермеләп, *утызлап. Мысалы: Бишләп китап калған // Шамамен бес китап қалған. Унлап кеше // Шамамен ондай адам. Барачак жирем алты чакырымлап булыр (Г. Ибраһимов) // Менің жүріп өткелі тұрған жолым шамамен алты шақырымды құрайды. Унбиш еллап вақыт үткән бу хәлләргә (Г. Әпсәләмов) // Бұл уақиғадан соң он бес жылға жуық уақыт өтіпті.*

Қазақ және татар тілдерінде болжалдық сан есімдер екі есептік сан есімдердің қосарлануы арқылы да жасалады. Мысалы: *ике-өч // екі-үш; биш-ун // бес-он; өч-дүрт // үш-төрт. Өч-дүрт бүре утырганнар каршы утка (Г. Тукай) // Үш-төрт бөрі оттың маңайында жортып жүр. Картның унсигез-унтуғыз яшьлек бик матур, мөлаем бер қызы бар икән (К. Тинчурин) // Қарт шалдың шамамен он сегіз-он тоғыздардағы өте әдемі, сүйкімді қызы бар екен.*

Сан есімнің осы түріне татар тілінде -лап // -ләп жұрнағын жалған та қолдануға болады. Мысалы: Артыкбикә белән бергә алты-жиде башкорт кызы һәм биш-алтылап мәктәп малайлары килгән иде (М. Әмир) // Артықбикемен бірге алты-жетідей башқұрт қыздары мен бес-алтыдай мектеп оқушылары келген.

Аларның биш-алты баш сыерлары, илле-алтмышлап сарықлары бар (М.Гали) // Олардың шамамен бес-алты бас сиырлары мен елу-алпыс шақты қойлары бар.

Болжалдық сан есімдер қазақ тілінде *-лар/-лер, -дар/-дер, -тар/-тар*, татар тілінде *-лер/-ләр; -нар/-нәр* көптік жалғауының қосындысымен де жасалынады. Мысалы: Сағат уннарда алар Ослан перевозына килеп жіттеләр (М.Гали) // *Сағат* ондарда олар Ослан перевозына келіп жетті. Мин ул чакта жігермеләргә жіткән киз идем. Мен ол кезде шамамен жиырмалардағы қыз едім.

Татар тілінде кез келген сан есімдердің алдынан тіркесіп жазылатын бер (бір) сөзі арқылы болжалдық сан есімдерді жасауға болады. Мысалы: Мин бер жегерме жыл эшладем тракторда // Мен шамамен бір жиырма жылдай тракторда жұмыс істедім. Бер илле кеше килер туйга // Тойға шамамен бір елудей адам келеді.

Болжалдық сан есімдер татар және қазақ тілдерінде лексикалық параллель түзетін чамасы // шамасы; тирәсе // шамамен; яқын // жақын, жуық; ары, артық // артық; ким // кем сөздері арқылы да жасалады. Мысалы: Йозгә яқын кеше // Жүзге жуық адам. Иртәнге сәгать уннар тирәсе // Таңертеңгі сағат ондар шамасында. Әле төн бик иртә иде, сәгать уннарда ары булмағандыр (М. Гали) // Әлі өте ерте болатын, шамамен кешкі сағат ондарға жуық кез еді.

5. **Топтау сан есім** // бүлем саны заттың санын топтап көрсетеді де, қазақ тілінде **нешеден? қаншадан?** // татар тілінде **ничәшәр? сұрақтарына жауап береді.**

Топтау сан есімдер дара сан есімдерге *-дан, -ден, -таң* – тен қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады: *үштен, төрттен, екіден, алтыдан*, т.б.

Татар тілінде топтау (бүлем саны) сан есімі дара сан есімдерге *-ар/-әр, -шар/-шәр* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалып, *заттардың бөліктерге теңдей бөлінуін білдіреді: өч-әр китап, ике-шәр дәфтәр, үн-ар сум*, т.б.

Қазақ тілінде *-дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен*, татар тілінде *-ар/-әр, -шар/ -шәр, -лап/ -ләп* аффикстері күрделі сан есімдердің соңғы сөздеріне жалғанып топтау сан есімін жасайды. Мысалы:

қырық бестен // қырық бишәр; йөз илле бишәр // жүз елубестен. Татар тілінде ірі дөңгелек сандарға бұл аффикстер бірінші компоненттерге жалғанады. Мысалы: очар йөз (үш жүзден), жидешәр мең (жеті мыңнан).

Қосарланған сан есімдерге қазақ тілінде *-дан/-ден, -тан/-тен, -нан/-нен*, татар тілінде *-ар/-әр, -шар/ -шәр, -лап/ -ләп* қосымшалары қосылып топтау сан есімін құрайды: *екі-екіден, бес-бестен, он-оннан, жүз-жүзден, отыз-отыздан // икешәр-икешәр, бишәр-бишәр, унар-унар, йөзәр- йөзәр, утызар- утызар*. Мысалы: Доктор тышкы, ягыннбишәр йөзлекакчабелән төргән кәгазьләрнеикешәр-икешәрике кулына тотып Сиражетдин артына килә (Г Камал). (Екі қолына әр қайсысы елу сомдық қағаз бумасын оралған ассигнацияны екі-екіден ұстаған дәрігер Сиразеттің артқы жағынан келді). Барысының да күкрәгендәбишәр-алтышар йолдыз (Ә. Исхак). (*Барлығының кеуделерінде бес-алтыдан жұлдыз*).

Татар тілінде топтау сан есімдерге сөз түрлендіретін де, сөз тудыратын да қосымшалар қосылмайды. Мысалы: Әби кулына икешәр алма тоткач та, өстәлдә биш алма калды (А. Алиш). (Әжем екі қолына екі алмадан алса да әлі үстелдің үстінде бес алма қалды). *Быел безнең һеркайсыбызга кимендә өч йөз утызар хезмәт көне эшләргә туры киләчәк* (Г. Бәширов). (Биылғы жылы әр қайсымызға үш жүз отыздан кем емес еңбеккүнін өтеуіміз қажет).

6. Бөлшектік сан есім заттың бөлшек санын білдіреді. Бөлшектік сан есімдер құрамы жағынан тек күрделі ғана болады. Бөлшектік сан есімдер екі түрде қолданылады:

1) жай бөлшек: *оннан бес // уннан биш, тоғыздан үш // тугыздан өч, үштің бірі // өчнен бери*.

2) ондық бөлшек: *үш бүтін оннан бір // өч бөтен уннан бер, жеті бүтін төрт ондық // жиде бөтен дүрт ундык, (7,04), он бүтін мыңнан екі жүз алпыс тоғыз (10, 269) // ун бөтен миңнән ике йөз алтмыш дугыз*.

Қазақ тілінде бөлшектік сан есімді жасауға *-нан/-нен, -дан/-ден, -тан/-тен*, татар тілінде өлеш санды жасауға *-тән, -дән, -нан// -нән*

қосымшалары қатысып, бөлгіш санға жалғану арқылы жасалады: биштән ике // бестен екі, нуль бөтен уннан өч // нөл бүтін оннан үш (0,3), т.б.

Белгілі бір заттың тиісті бөлшегін атау үшін есептік сан есімдерге қазақ тілінде *жарым, ширек, жарты*, татар тілінде *ярым, чирек, ярты*, әчмұха: сөздері тіркеседі. Мысалы: қазақ тілінде *үш жарым мың, жиырманьң жартысы, алты жарым, төрт ширек, үш ширек*; татар тілінде: *ике ярым // екі жарым; алты ярым // алты жарым; мең ярым // мың жарым (1500); ике ел ярым // екі жарым жыл; ун чакырым ярым // он жарым шақырым; биш кило ярым // бес жарым келі; чирек кадак // ақшаның жартысы; әчмұха чай // 50 грамм шай*.

Қазақ және татар тілдеріндегі сан есімнің мағыналық түрлері

	Қазақ тілінде			Татар тілінде		
	Мағыналық түрлері	Қосымшалары	Мысалдар	Төркем чөнең исеме	Кушым чалар	Мисаллар
1	Есептік сан есімдер		төрт, бес, алты, жеті, сегіз, он тоғыз, жиырма үш, алпыс, жүз екі, мың бір	Микъдар саны		дүрт, биш, алты, жиде, сигез, унтуғыз, егерме өч, алтмыш, йөз ике, мең бер
2	Реттік сан есімдер	-ыншы, -інші; -ншы, -нші	тоғызыншы, он бірінші, алтыншы жетінші	Тәртип саны	-ынчы, -енче; -нчы, -нче	туғызынчы, унберенче, алтынчы, жиденче
3	Жинақтық сан есімдер	-ау, -еу	алтау, біреу, екеу, төртеу	Жыю саны	-ау, -әү	алтау, берәү, икәү, дүртәү

4	Тоқтау сан есімдер	-дан, -ден; -тан, -тен; -нан, -нен	жиырмадан, елуден, қырықтан, жетпістен, мыңнан, сексеннен	Бүлем саны	-ар, -әр; -шар, -шәр; -лап, -ләп	туғызар, берәр, өчәр, алтышар, икешәр, туғызарлап, дүртешәрләп, егермешәрләп
5	Болжалдық сан есімдер	-дай, -дей, -тай, -тей; -дап, -деп; -тап, -теп; -лап, -леп; -даған, -деген; -таған, -теген; -лаған, шақты, жуық	алтыдай, елудей, қырқтай, үштей, ондап, сексендеп, алпыстап, жетпістеп, жиырмалап, екілеп, мыңдаған, жүздеген, алпыстаған, жетпісте ген, жиырмала ған қырық шақты тоқсанға жуық	Чама саны	-лап, -ләп, -лаған, -ләгән; -ларча, -ләрчә; -нәрчә	унлап, икеләп, туғызлаған, меңләгән, алтмышларча, йөзләрчә, меңнәрчә
6	Бөлшек тік сан есімдер	-дан, -ден; -тан, -тен; -нан,	жиырмадан сегізден бір, қырықтан үш, төрттен екі, мыңнан елу, бір бүтін	Өлеш саны	-дан, -дән; -тан, -тән; -нан,	туғыздан алты икедән бер, қырықтан өч, өчтән ике, уннан биш, бер бөтен

Ескерту: Жинақтық сан есім қазақтілінде бірден жетіге дейінгі сан есімдерге *-ау, -еу* жұрнағы жалғану арқылы жасалынады. Мысалы: біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу. Ал татар тілінде бірден онға дейінгі сан есімге *-ау, -әу* жұрнағы жалғану арқылы жасалынады. Мысалы: берәу, икәу, өчәу, дүртәу, бишәу, алтау, жидәу, сигезәу, туғызау, унау.

§10. Есімдік (Алмашлық)

Есімдіктің лексика-морфологиялық сипаты.

Есімдік басқа сөз таптары арасында ерекше орын алып тұрады.

Лексика-семантикалық сипаты, морфологиялық ерекшелігі, тілдегі қолданысы жағынан есімдіктер есім сөз таптары қатарынан ерекше орын алады. Есімдіктер сан жағынан аса көп болмағанымен, зат есім, сын есім, сан есімдердің орнын басатын сөз табы ретінде көп жұмсалады. Есімдік заттың өз атауын да, белгісінің, санының да атын білдірмейді, тек соларды нұсқап, меңзеп көрсетеді де, солардың орнына қолданылады¹. Лексика-семантикалық жақтан ақиқат өмір көріністерін тура атамай, жалпылама түрде көрсетеді, не болмаса ишара түрінде басқа сөз таптарының орнына алмасып қолданылады.

Есімдіктердің нақты мағыналары өздерінен бұрын айтылған сөйлемге немесе сөйлем ыңғайына қарай айқындалады².

Қазақ тіл білімінде есімдіктер біршама тереңірек зерттелген сөз таптарының бірі деуге болады. Есімдіктердің қалыптасу тарихы, құрамы мен сөзжасам жүйесі, мағыналық сипаты Н.Сауранбаевтың («Есімдіктер»), Ш.Сарыбаевтың («К вопросу о местоимении в казахском языке»), Ә.Төлеуовтың («Қазақ тіліндегі есімдіктер»), Ә.Ибатовтың («Қазақ тіліндегі есімдіктер») зерттеулерінде жан-жақты қарастырылады³.

Лексика-семантикалық тұрғыдан есімдіктердің мынадай негізгі белгілерін атап көрсетуге болады:

1. Есімдіктердің мағыналық жақтан жалпылануы өте жоғары дәрежеде болып келеді;

2. Есімдіктер сөйлеушінің сөйлемдегі айтылған ойға, құбылысқа қатысын көрсетуші ретінде әр уақытта субъектімен байланысты болады⁴. Есімдіктің субъектімен байланысы оның мағыналық сипатына әсер етеді. Мәселен, жіктеу, өздік есімдіктерінде оның

¹ Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – Б.224.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.207.

³ Ибатов Ә. Қазақ тіліндегі есімдіктердің тарихынан. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2008. – Б.4.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Елорда, 2002. – Б.48.

тура мағынасы көрініс беретін болса, сілтеу есімдіктерінде нұсқаулық мән басым болды т.с.с.

Есімдіктер, мағыналық тұрғыдан жалпылануына қарамастан, қандай сөздің орнына қолданылуына орай сол сөздің негізгі мағынасына сәйкес заттық ұғыммен немесе заттық белгімен ұштасады. Осы ерекшелігіне қарай олар субстантивтік және атрибутивтік есімдіктер болып бөлінеді¹. Субстантивтік есімдіктер заттық ұғымды, атрибутивтік есімдіктер заттың белгісін білдіретін сөздер орнына қолданылады.

Субстантивтік есімдіктер көптік, септік, тәуелдік, жіктік жалғауларымен түрлене алатын болса, атрибутивтік есімдіктер тек субстантивтенген жағдайда ғана аталған грамматикалық формаларды қабылдайды. Н.Оралбай жалпы грамматикалық ұғымдардың түрлеріне қарай есімдіктерді заттық есімдіктер, белгі есімдіктері және сандық есімдіктер деп үш түрге бөледі².

Қазақ тіліндегі есімдіктерді А.Ысқақов байырғы түбір есімдіктер мен соңғы кездері қалыптасқан есімдіктер деп екі топқа бөліп қарастырады³. Алғашқы топқа мен, сен, ол, біз, сіз, қай? кім? не? міне, бұл, осы, сол сияқты тіл дамуының қазіргі деңгейінде бөлшектеп, талдап жатуға келмейтін түбір тұлғалы есімдіктерді, екінші топқа: а) лексикалық жолмен жасалған: бір, бар, біреу, бүкіл, түгел; ә) морфологиялық тәсіл арқылы жасалған: мынау, анау, сонау, барлық, қанша, қандай, нешінші; б) синтаксистік тәсіл арқылы жасалынған: бірдеңе, бірнеше, кейбіреу, әлдеқашан, әлдеқайда, әрбір, ешкім, ешқайсы тәрізді есімдіктерді жатқызады.

Есімдіктердің түрленуінде, әсіресе септелу жүйесінде бірқатар өзіндік ерекшеліктер орын алады. Ол ерекшеліктер жіктеу, сілтеу есімдіктерінің септелуінде жиі кездеседі. Синтаксистік қызметі жағынан есімдіктер, орынбасар сөз табы ретіндегі мағыналық ерекшеліктеріне қарай белгілі бір сөйлем мүшесі қызметінде жұмсалады.

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы, 1992. – Б.301.

² Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – Б.183.

³ Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.209.

Атрибутивтік есімдіктер негізінен анықтауыштық қызмет атқарады, тек субстантивтенген кезде ғана басқа сөйлем мүшелері қызметінде жұмсалатын болса, субстантивтік есімдіктер сөйлемде көбіне тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелер қызметін атқарады.

Татар тіл білімінде «алмашлык» (есімдік) термині алғаш рет М.Корбангалиев пен Х.Бәдигый тарапынан жазылған «Татар теле сарыфы» («Татар тілі морфологиясы») оқулығында қолданылады (1918). Г.Ибраһимов, К.Вәлиди грамматикаларында «алмаш» термині, ал басқа грамматикаларда «замир», «исме замир» түрінде беріледі.

Ф.М. Хисамова татар тіліндегі есімдіктердің морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктеріне кеңінен тоқтала келіп, м о р ф о л о г и я л ы қ ж а қ т а н есімдіктер өздері алмастырған сөз таптарының грамматикалық белгілерін алатынын айтады¹. Мәселен, олар есім сөздер сияқты септеледі, тәуелденеді, көптеледі: кем (кім), кемгә (кімге), кемең (кімің), кемнәр (кімдер), т.б. Зат есім орнына жүргенде, олар тәуелденбейді. Өйткені олар өздері затты білдіреді. Сын есімді немесе үстеуді алмастыратын есімдіктер түрленбейді, олардың тек ішінара белгілерін көрсетеді: *шулай ~ шулайрак* (солай-солайырақ), *шундый ~ шундыйрак* (сондай-сондайырақ), т.б.

Синтаксистік жақтан есімдіктер сөйлемде өзі алмастырған сөздердің қызметін басқарады, демек, түрлі сөйлем мүшесі бола алады. Сөз – *беренче фронтовик* (З.Зәйнуллин) – Сіз – бірінші майдангерсіз – бастауыш; *Мондый хәбәрне ишеткәч, халыкның шатлығы эченә сыймады* (М.Галәү) – Мұндай хабарды естіп, халықтың қуанышы ішіне сыймады – анықтауыш; *Юк инде, безнең заманда кыз урлап китеп, әллә кая бара алмассың* (Ф.Хәсни) – Жоқ енді, біздің заманда қыз ұрлап кетіп, әлдеқайда бар алмассың – анықтауыш, мекен пысықтауыш. *Бу егетне сез таныйсызмы? Ул яшь чагында сезнең авылда көтү көтте. Сез аны кьерсытмадыгызмы?* (М.Мәһдиев) – Бұл жігітті сіз таныйсыз ба? Ол жас шагында сіздің ауылда үміт күтті. Сіз оны ренжіткен жоқсыз ба? – бастауыш, анықтауыш, толықтауыш².

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.183.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.184.

Осылайша: е с і м д і к – зат, белгі мағыналарын жалпылама түрде көрсетіп, з а т е с і м, с ы н е с і м, с а н е с і м, ү с т е у сөз таптарын алмастыратын және сол сөз таптарының грамматикалық ерекшеліктерін өзі білдіретін сөз табы.

Есімдіктерді топтастыру мәселесі.

Татар тіл білімінде есімдіктер өз ішінде қандай сөз табын алмастыруына және мағыналарына қарай бөлінеді.

I. Қ а н д а й с ө з т а б ы н а л м а с т ы р у ы н а қ а р а й есімдіктер төмендегі топтарға бөлінеді¹:

1. З а т е с і м есімдіктері.
2. С ы н е с і м есімдіктері.
3. С а н е с і м есімдіктері.
4. Ү с т е у есімдіктері.

«Татар тілі грамматикасының» II томында [2002: 308-310] есімдік топтарына қосымша «етістік есімдіктері», «жалғаулық есімдіктері», «демеулік есімдіктері» деген топтар берілгенін айта келе, **Ф.М. Хисамова** бұл пікірдің қисынсыздығын, ғылыми жақтан нақты емес екеніне тоқталады²:

Біріншіден, типологияға жүгінсек, ешбір тілде «етістік есімдіктері» деген түсінік жоқ. Түркі тілдері грамматикаларында да ондай көрініс тіркелмеген.

Екіншіден, етістік есімдіктері деп келтірілген итү (ету), ниту, т.б. сөздердің негізінде *-и (-ир)* көмекші етістігі жатыр және ол татар тілінде бірнеше түрдегі грамматикалық формада қолданылады: *иде (ир-де) – еді, икән (ир-кән) – екен, т.б.; итү(ету) – бұл етістіктің өзгелік етіс формасы, қазіргі татар тілінде ол көмекші етістік ретінде құрамды етістік жасауға актив қатысады: тәмин итү(қамтамасыз ету), тәэсир итү(әсер ету), кабул итү(қабыл ету), т.б. Ал нитү(нету/бірдеңені жасау), фалән итү(пәлен ету)– бұлар әдеби тіл үшін емес, ауызекі сөйлеу тіліне тән бірліктер. Ал «жалғаулық есімдіктері» делінетін шунысы(онысы),*

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.185.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.185.

шуну(оны), шунуың(оның) сөздері сын есімді алмастырып тұрған сілтеу есімдіктерінің түрленген формалары, сондықтан сын есім есімдіктері сын есімдер сияқты контексте заттанып, септеледі, тәуелденеді, көптеледі.

1. Зат есім есімдіктері зат мағынасын жалпылама түрде білдіреді. Оларға көбіне ж і к т е у, с ұ р а у, б о л ы м с ы з д ы қ және б е л г і с і з д і к есімдіктері жатады: мин (мен), син(сен), ул (ол), без (біз), сез (сіз), алар (олар), кем (кім), нәрсә (нәрсе), үзе (өзі), һичкем (ешкім), һичнәрсә (ешнәрсә), әллә кем (әлдекім), нәрсәдер (бірдеңе, бір нәрсе), т.б. Зат есім есімдіктері зат есімге тән морфологиялық категорияларға ие болады, яғни олар септеледі (сез-сіз, сезнең-сіздің, сезне-сізді, сездән-сіден, сездә-сідде) және тәуелденеді (кемем-кімім, кемең-кімің, кеме-кімі, кемебез-кіміміз, кемебез-кіміңіз, кемнәре-кімдері), бірлік және көптік түрде келеді (кем-кемнәр – кім-кімдер, нәрсәдер-бір нәрсе – нәрсәлердер-бір нәрселер). Мәселен: Без акны-қараны күрмәстән, қая басқанны белмәстән, Зәңгәр Чишмәгә чаптык (Г.Ибраһимов) – Біз ақ-қараны көрместен, қайда тұрғанымызды білместен, Заңғар Чишмаға шаптық. Айрылып китсәм дә синнән гомремнең таңында мин, И Казан арты! Сиңа қайттым сөеп тағын да мин (Г.Тукай). – Айырылып кетсем де сенен өмірімнің таңында мен, О, Қазан! Саған қайттым сүйіп тағы да мен. Туып-үскән шушы кірнең ямен Алыштырмый икән һичнәрсәң... (С.Хәким) – Туып-өскен осы жердің әсемдігін, алмастырмайды екен ешнәрсәң...

2. Сын есім есімдіктері – бу (бұл), шушы (осы), теге (анау, сонау), ул (ол), шул (сол), андый (ондай), мондый (мұндай), һинди (қандай), қайсы (қайсы), бары (бәрі), барлык (барлық), бөтен (бүтін), һәммә (барша), һәр (әр), қайбер (қайбір), т.б. Жалпылама алғанда, заттардың белгілеріне ишара етіледі; сын есімдер зат есім сияқты жанасу жолымен байланысады: бу эш (бұл іс), һәр бала (әр бала); салыстыру дәрежесі көрсеткіші бойынша нақты емес, жақынырақ белгі мағынасын да білдіре алады: андыйрак (андайлау, сондайлау), әлләһиндирәк (әлдеқандайлау). Контексте зат есімдерше келеді. Мысалы: һавалар тын торғанда, бигрәк тә төнге сәғәтләрдә чыгып, игътибар белән тыңласаң, авылның

теге ягыннан да, бу ягыннан да машина гөре ишетелеп тора (Ф.Хәсни) – Ауа тынып тұрғанда, әсіресе, түнгі уақыттарда шығып, ықыласпен тыңдасаң, ауылдың анау жағынан да, бұл жағынан да машина гүрілі естіліп тұрады. Бер кїрдә юк андый ак каеннар, Бер кїрдә юк андый урманнар (Һ.Такташ) – Бір жерде жоқ ондай ақ қайыңдар, Бір жерде жоқ ондай ормандар. Бөтен болын өстенә күз күреме кїрне чуарлап, әллә никадәр печәнче сибелгән. Әле тегендә, әле моңда кояшка каршы яшен яктысыдай чалгы йөзе ялтырап китә (Г.Бәширов) – Бүтін шабандық үстінде көз көрер жерді шұбарлап, әлденеше пішенші себілген. Біресе анда, біресе мұнда күнге қарсы шалғы жүзі найзағай жарқылындай жалтырап кетеді.

Сын есім есімдіктеріне мағына жағынан сілтеу, анықтауыш, белгісіздік, сұрау есімдіктері жатады.

3. Сан есім есімдіктеріне ничә (неше), ничәнче (нешінші), ничәләп (нешелеп), ничәшәр (қаншалап), ничаклы (қанша), никадәр (қанша), күпме (қанша) сияқты сұрау есімдіктері кіреді. Олар заттардың, нәрселердің мөлшеріне, тәртіп жағынан санына ишара етеді, сан есімдер зат есімдер сияқты жанасу жолымен байланысады және дәйекті түрде болмаса да сан есім топтарының қосымшаларын алады. Сөйлемде бұл есімдіктер сан есімдердің функцияларын атқарады, яғни анықтауыш, пысықтауыш, баяндауыш болып келеді. Мысалы: Ничә мәртәбәләр Казанның китап кибетендә очраштык (Г.Бәширов) – Неше мәрте қазанның китап дүкенінде ұшырастық. Ничә ел тормыйлар балалар Иделдә һәм Дунай ярында... (Р.Әхмәтқанов) – Неше жыл тұрмаса да, балалар Еділ мен Дунай жағасында. Моннан соң ул ничаклы тырышса да, артык сикерә алмаячак (Ф.Хәсни) – Бұдан соң ол қанша тырысса да, артық секіре алмайды. Күпме яу, сугышлар аркылы Син кїңеп чыккансың, Ватаным (Р.Вәлиев) – Қанша жау, соғыстарды Сен жеңіп шыққансың, Отаным.

4. *Үстеу есімдіктеріне* ничек (қалай), кайчан (қашан), кайда (қайда), кая (қайда), алай (олай), болай (былай), шулай (солай), тегеләй (солай), әллә ничек (әлдеқалай), ничектер (қалайша), ник (неліктен), нигә (неге), берничек (ешбір), ничничек (ешбір),

ешқандай), *беркайда* (ешқайда), *беркайчан* (ешқашан), т.б. есімдіктері жатады. Бұл есімдіктер іс-әрекет белгілерін білдіріп, үстеулер сияқты етістікке, сын есімге, басқа бір үстеуге, хабарлы сөзге тіркесіп байланысады және жүйелі, дәйекті болмаса да, салыстыру дәрежесі қосымшасымен белгілердің қосымша реңкін шамалап білдіреді.

Үстеу есімдіктеріне негізінде сілтеу, сұрау және белгісіздік есімдіктері жатады. Мысалы: *Абзый, бу турыда үзенең қавабын әллә кайчан әзерләп куйған төсле, тиз һәм салмак тавыш белән қавап кайтарды* (М.Әмир) – Аға, бұл тұрғыда өзінің жауабын әлдеқашан әзірлеп қойған түрде тез әрі салмақты дауыспен жауап қайтарды. *Болай эшләргә аны Сәлим өйрәткән иде* (Г.Гобәй) – Бұлай істеуге оны Сәлім үйреткен еді. *Кыз кырлавыннан кайчан туктады, қаршыдағы эшелон кайчан тавыш-тынсыз ғына кузгалып китте, егет моны сизмәде* (Ә.Еники) – Қыз жырлауын қашан тоқтатты, қарсыдағы эшелон қашан дыбысы шықпай қозғалып кетті, жігіт мұны сезбеді. *Кошлар әллә кая китеп югалды* (Г.Бәширов) – Құстар әлдеқайда кетіп жоғалды.

Есімдіктердің мағыналық топтары.

Қазақ тіліндегі есімдіктерді семантикалық тұрғыдан классификациялау Ахмет Байтұрсынұлынан басталады деуге болады. А.Байтұрсынов есімдіктерді мағыналық сипатына қарай беске бөлінеді: 1) жіктеу есімдігі; 2) сілтеу есімдігі; 3) сұрау есімдігі; 4) жіктеу есімдігі; 5) танықтық есімдігі.¹ Ғалымның бұл топтастыруында жіктеу есімдігі деп берілетін есімдіктер тобында өз және бәрі, барша тәрізді есімдіктер, ал танықтық есімдіктер қатарында қазір белгісіздік және болымсыздық аталып жүрген есімдіктер көрсетіледі.

Қазіргі қазақ тіліндегі есімдіктер мағыналық сипатына қарай жеті топқа бөлінеді: жіктеу есімдіктері, сілтеу есімдіктері, сұрау есімдіктері, өздік есімдіктері, белгісіздік есімдіктері, болымсыздық есімдіктері, жалпылау есімдіктері. Есімдіктерді таптастыруда лексика-семантикалық және грамматикалық ұстанымдар негізге алынады.

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б.226.

Татар тіл білімінде де есімдіктер мағыналары бойынша жеті топқа бөлінеді:

1. Ж і к т е у есімдіктері (зат алмашлықтары): *мин* (мен), *син* (сен), *ул* (ол), *без* (біз), *сез* (сіз), *алар* (олар);

2. С і л т е у есімдіктері (күрсәту алмашлықтары): *ул* (ол), *бу* (бұл), *шул* (сол), *шушы* (осы), *теге* (сонау), *мондый* (мұндай), *андый* (ондай), *тегенди* (сондай), *шундый* (осындай), *алай* (олай), *болай*(бұлай), *тегеләй* (солай), *шушылай* (осылай);

3. С ұ р а у есімдіктері (сорау алмашлықтары): *кем* (кім), *ни* (не), *нәрсә* (не), *кай* (қай), *кайсы* (қайсы), *кая* (қайда), *нинди* (қандай), *ник* (неліктен), т.б.;

4. Ж а л п ы л а у есімдіктері (билгеләу алмашлықтары): *бары* (бәрі), *барлык* (барлық), *барча* (барша), *һәммә* (барша), *һәр* (әр), *һәрбер* (әрбір), *һәркем* (әркім), *бөтен* (бүтін), *үз* (өз);

5. Б е л г і с і з д і к есімдіктері (билгесезлек алмашлықтары): *кемдер* (әлдекім, біреу), *нәрсәдер* (әлдене, бірдене), *кайсыдыр* (әлдеқандай, қайсыбір), *әллә кем* (әлдекім), *әллә нәрсә* (әлдене), т.б.;

6. Б о л ы м с ы з д ы қ есімдіктері (юклық алмашлықтары): *һичкем* (ешкім), *һичнәрсә* (ешнәрсә), *һичнинди* (ешқандай), *һичкайчан* (ешқашан), *беркем* (ешкім), *бер*,(ешбір), т.б.;

7. Т и і с т і л і к есімдіктері (тартым алмашлықтары): *минеке* (менікі), *синеке* (сенікі), *безнеке* (біздікі), *сезнеке* (сіздікі), *моныкы* (мүнікі), *тегенеке* (сонікі), *әллә кемнеке*(әлдекімдікі), т.б.

В.Н. Хангильдин есімдіктерді сегіз түрге бөледі: жіктеу, сілтеу, сұрау, жалпылау, белгісіздік, болымсыздық, тиістілік, қатыстық (мөнәсәбәт алмашлықтары) есімдіктері. «Татар тілі грамматикасында» олар алтыға бөлінген: жіктеу, сілтеу, сұрау, белгісіздік, болымсыздық, жалпылау есімдіктері. Соңғы зерттеуде есімдіктер топтарына тиістілік есімдіктері енбеген, ал В.Н. Хангильдин грамматикасында қатыстық есімдіктері деп көрсетілген *кем*(кім), *нәрсә*(не), *нинди*(қандай), *кайсы*(қайсы), т.б. есімдіктерін жеке лексика-морфологиялық топ деп тануға негіз жоқ. Бұл жақтан олар сұрау есімдіктері. Бағыныңқы құрмалас сөйлем құрамында ғана бұл есімдіктер қатыстық сөздер ретінде

¹ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 225.

қолданылады. Мәселен, *Кая карама, шунда эш кайный – Қайда қарамасаң да, сонда іс қайнап жатырдеген сөйлемде кая (қайда) сұрау есімдігі сондай қызмет атқарып тұр*¹.

Қазақ және татар тілдеріндегі есімдіктің мағыналық түрлері бойынша салыстырмалы кесте:

Мағыналық түрлері	Қазақ тілінде	Мағыналық түрлері	Татар тілінде
Жіктеу есімдіктері	мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар	Зат алмаш-лықтары	<i>Мин (мен), син (сен), ул (ол), без (біз), сез (сіз), алар(олар)</i>
Сілтеу есімдіктері	бұл, сол, ол, осы, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне	Күрсөту алмашлықтары	<i>ул (ол), бу (бұл), шул (сол), шушы (осы), теге (сонау), мондый (мұндай), андый (ондай), тегенди (сондай), шундый (осындай), алай (олай), болай (бұлай), тегеләй (солай), шушылай (осылай)</i>
Сұрау есімдіктері	кім? не? қай? қайсы? қандай? неше? қанша? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан?	Сорау алмаш-лықтары	<i>кем (кім), ни (не), нәрсә (не), кайсы (қайсы), нинди (қандай), кая (қайда), кайдан (қайдан), кайчан (қашан), ник (неліктен),нигә (неге), ничек (қалай), ничә (неше), ничәнче (нешінші), ничәшәр (қаншалап), ничаклы (қанша), никадәр (қанша), күпме (қанша)</i>
Өздік есімдігі	Өз	-----	Ескерту: үз есімдігі татар тілінде жалпылау есімдіктерінің құрамына кіреді.

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.188.

Белгісіздік есімдігі	біреу, кейбір, қайбір, әрбір, бірнеше, біраз, бір, әр, әркім, әрқайсы, әрқалай, әлдекім, әлдене, әлдеқайда, әлденеше, әлдеқалай, кімде-кім	Билгесезлек алмаш-лықтары	<i>кемдер</i> (әлдекім, біреу), <i>нәрсәдер</i> (әлдене, бірдеңе), <i>нидер</i> (әлдене), <i>ниндидер</i> (әлдеқандай), <i>қаядыр</i> (әлдеқайда), <i>қайчандыр</i> (әлдеқашан), <i>әллә кем</i> (әлдекім), <i>әллә нәрсә</i> (әлденәрсә), <i>әллә қая</i> (әлдеқайда), <i>әллә ни</i> (әлдене), <i>әллә қайчан</i> (әлдеқашан)
Болымсыздық есімдігі	еш, ешкім, ештеме, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайсы, дәнеңе	Юклық алмаш-лықтары	<i>һичкем</i> (ешкім), <i>беркем</i> (ешкім), <i>һичберкем</i> (бірдебір), <i>һичнәрсә</i> (ешнәрсә), <i>бернәрсә</i> (ешнәрсә), <i>һичбернәрсә</i> (ешбір нәрсә), <i>берни</i> (дым, ештеңе), <i>һични</i> (ешнәрсә), <i>һичнинди</i> (ешқандай), <i>бернинди</i> (ешқандай), <i>һичничек</i> (ешбір), <i>берничек</i> (ешбір), <i>һичқая</i> (ешқайда), <i>берқая</i> (ешқайда), <i>һичқайчан</i> (ешқашан), <i>берқайчан</i> (ешқашан), <i>һичқайда</i> (ешқайда), <i>берқайда</i> (ешқайда)
Жалпылау есімдігі	бәрі, барлық, барша, бар, күллі, бүкіл, түгел, тегіс	Билгеләу алмаш-лықтары	<i>бары</i> (бәрі), <i>барлық</i> (барлық), <i>барча</i> (барша), <i>һәммә</i> (барша), <i>һәр</i> (әр), <i>һәрбер</i> (әрбір), <i>һәркем</i> (әркім), <i>бөтен</i> (бүтін), <i>үз/үзем/үзең/үзе</i> (өз/өзім/өзің/өзі).
		Тартым алмаш-лықтары (тиістілік есімдіктері)	<i>минеке</i> (менікі), <i>синеке</i> (сенікі), <i>анықы</i> (онікі), <i>безнеке</i> (біздікі), <i>сезнеке</i> (сіздікі), <i>аларнықы</i> (олардікі), <i>монықы</i> (мүнікі), <i>шунықы</i> (сонікі), <i>үземнеке</i> (өзімдікі), <i>үзенеке</i> (өзінікі), <i>һәммәбезнеке</i> (баршамыздікі), <i>һичкемнеке</i> (ешкімдікі), <i>беркемнеке</i> (ешкімдікі)

Қазақ және татар тілдеріндегі есімдіктерді мағыналық сипатына қарай топтастырғанда, екі тілде де жеті есімдік тобы бар екенін көреміз. Мұндағы назар аударатын басты ерекшелік – қазақ тілінде меншіктілікті білдіретін *-нікі, -тікі, -дікі* қосымшалары татар тілінде түбір есімдіктерге жалғанып, жеке есімдік тобын (тартым алмашлықтары-тиістілік есімдіктері) құрайтыны. Татар тілінде бұл қосымшаның тек сонор *-н* дыбысымен айтылатын *-ныкы/-неке* (*шуныкы, минеке*) варианты ғана қолданылады.

Қазақ тілінде сингармонизм заңдылығына бағынбайтын, жіңішке дауыстылармен жасалған нұсқада (*-нікі*) қолданылатын бұл қосымшаның татар тіліндегі жуан (*-ныкы*) варианты *-і~-ы* сәйкестігін, сондай-ақ жіңішке варианттары арасында *-і ~ -е* (*-нікі ~ -неке*) сәйкестігін құрайтынын көреміз.

Татар тілінде ерекше топ түрінде қаралатын тиістілік есімдігі жайлы ғалымдардың түрлі пікірлері қалыптасқан. Мәселен, В.Н. Хангильдин оны есімдіктің тәуелденуінің екінші нұсқасы ретінде қараса, Н.И. Ирисов ілік септігінің екінші формасы дейді. Ал Ф.М. Хисамова бұл есімдіктің затты иесіне қатысты айтылатынын ескере отырып, қатыстық есімдіктері деп атауды ұсынады.

Екі тілдегі есімдіктер тобында үз есімдігі назар аударады. Қазақ тілінде өздік есімдігі ретінде қаралатын бұл сөз татар тілінде жалпылау есімдігінің құрамына кіреді. Қазақ тіліндегі өз есімдігі мен татар тілдеріндегі үз есімдігінің арасында *ө~ү* сәйкестігі орын алатынын байқаймыз.

Ж і к т е у е с і м д і к т е р і (зат алмашлықтары).

Белгілі бір жақтық ұғыммен байланысты қолданылатын есімдіктің түрі жіктеу есімдігі деп аталады¹. Жіктеу есімдіктері сан жағынан аз болғанымен, өте жиі қолданысқа түсетіндігімен ерекшеленеді.

Қазақ және татар тілдерінде жіктеу есімдіктері мағыналық-тұлғалық жақтан, жекеше және көпше түрде бір-бірімен біршама сәйкес түсіп жатады: қазақ тілінде: мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар.

¹ Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – Б.225.

Татар тілінде жіктеу есімдіктерінің лексикалық құрамы үлкен емес, олар бар-жоғы алты сөзден тұрады және жабық жүйені құрайды: *мин* (мен), *син* (сен), *ул* (ол), *без* (біз), *сез* (сіз), *алар* (олар).

Татар тілінде жіктеу есімдіктері зат есімді алмастырады және септікпен түрленіп, түрлі грамматикалық формаларда келуіне қарай сөйлемде едәуір актив қолданылады. Мәселен: *Бүген минем эти Казаннан кайта. Улмы? Ул миңа саплы калач китерә. Аннары миңа читек китерә, өр-яңа читек* (Г.Исхакый). – *Бүгін менің әкем Қазаннан қайтады. Ол ма? Ол мағаннан сабағын әкелді. Сосын маған мәсі әкелді, жап-жаңа мәсі. Сез, татарлар, табигать законына каршы килеп, ничек алай кичел генә төрле милләт кешесенә әверелә аласыз, ә?* (М.Галиев). – Сіздер, татарлар, табиғат заңына қарсы келіп, қалайша олай оп-оңай түрлі ұлт адамына айнала аласыз, а?

Морфологиялық тұрғыдан жіктеу есімдіктеріне зат есімнің септік категориясымен түрлену ғана тән.

Қазақ тілінде жіктеу есімдіктері былайша септеледі:

А.с.	мен, сен, ол, біз, сіз, сендер, сіздер, олар	Т.с.	мені, сені, оны, бізді, сізді, сендерді, сіздерді, оларды
І.с.	менің, сенің, оның, біздің, сіздің, сендердің, сіздердің, олардың	Ш.с.	менен, сенен, одан, бізден, сізден, сендерден, сіздерден, олардан ән (менен), синнән (сенен)
Б.с.	маған, саған, оған, бізге, сізге, сендерге, сіздерге, оларға	Ж.с.	менде, сенде, онда, бізде, сізде, сендерде, сіздерде, оларда
		Көм. с.	менімен, сенімен, онымен, бізбен, сізбен, сендермен, сіздермен, олармен.

Татар тілінде бірлік-көптік түсінігі I, II жақта қосымшалармен

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.188.

емес, ерекше жолмен беріледі: *мин(мен) ~ без(біз), син(сен) ~ сез(сеңдер)*. Ал тарихи тұрғыдан *без (біз), сез (сеңдер)* есімдіктерінің құрамында көне көптік қосымшасы *-з* болған деп болжамданады. I, II жақ *мин (мен), син (сен)* жіктеу есімдіктері септелгенде, қосымшаларда кейбір өзгерістер пайда болады.

Татар тілінде жіктеу есімдіктері былайша септеледі:

А.с.	мин (мен), син (сен)	Т.с.	мине (мені), сине (сені)
I.с.	минем(менің), синең(-сеңің)	Ш.с.	миннән (менен), синнән (сенен)
Б.с.	миңа (маған), сиңа(саған)	Ж.с.	миндә (менде), сиңдә (сеңде)

Түрлену парадигмасынан көріп отырғанымыздай, барыс (юнөлеш килеше) және табыс (төшем килеше) септіктерінде фонетикалық өзгерістерге ұшырайды (*мин + га → миңа, син + га → сиңа; мин + не → мине, син + не → сине*), ал ілік (*иялек килеше*) септігі қосымшасы *-ем* (*мин-ем*) табыс (*тартым килеше*) септігі қосымшасына аналогия ретінде өзгерген деп саналады, сондықтан ілік септігінде бұл есімдік әр уақытта тәуелдік жалғаулы зат есіммен қолданылады²: *минем дәфтәрем* (менің дәптерім), *минем энием* (менің анам), т.б.

III жақ ұл (*ол*) есімдігі татар тілінде кейіннен, сілтеу есімдігінен пайда болған. Оның көне түбірі *оп-ип (-ән/-ин)* формасында болған³. Септелгенде және көптелгенде III жақ есімдігінің түбірі өзгереді:

А.с.	ұл (ол)	Т.с.	аны (оны)
I.с.	аның (оның)	Ш.с.	аннан//аңардан (одан)
Б.с.	аңа//аңар//аңарға (оған)	Ж.с.	аңда//аңарда (онда)

Парадигмадан көріп отырғанымыздай, мекенді білдіретін

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.189.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.189.

³ Сравнительно – историческая грамматика тюркских языков: Региональные конструкции. – М.: Наука, 2002, – С.319.

септіктерде III жақ есімдігі бірнеше вариантта қолданылады. Қосымшалардағы *-р* элементі көне барыс септігінің қалдығы: *аңа~аңар~ аңарға*.

Семантикалық жақтан барыс септігінің түрлі варианттары грамматикалық синонимдер түрінде қолданылады¹: *аңа әйттем, аңар әйттем, аңарға әйттем* – (оган айттым).

Шығыс (чығыш килеше) және жатыс (урын-вақыт килеше) септіктерінде мағыналық тұрғыдан жіктеледі. *Анда түрі, көбінесе, жансыз нәрселерге, түрлі көріністерге қатысты айтылады, ал аңар ~ аңарға ~ аңардан ~ аңарда түрлері, әдетте, адамға қарата айтылады*²: *аннан (алдым), аңардан (алдым)– одан алдым; минем китабым анда (аңарда) – менің кітабым онда*.

Ул (ол) есімдігінің түрлі септік формалары да адамға қатысты қолданылады. Жанды нәрселерге, көріністерге ишара етіп, үстеулерге жақын мағына білдіреді³: *Анда ул, анда ул суларның Гомеремнең эзеннен акканы... (С.Хәким) – Онда ол, онда ол сулардың Гомерімнің өзенінен аққаны... Шәһадәтнамә кулыма кергәннен соң, мин аны мең тапқыр укыган, анда ни барын яттан ук белә идем (Г.Ибраһимов) – Куәлік қолыма тигеннен соң, мен оны мың рет оқыған, онда не барын жатқа білетін едім. Кем-кем генә тамчылы кар, Анда йолдыз қылысы бар (Р.Рахман) – Жалтылдап қана жауады қар, Онда жұлдыз жылуы бар. Бұл есімдіктің шығыс (чығыш килеше) септігіндегі аннан формасы нәрсе атын алмастырып, тура өз мағынасында да қолданылады. Мәселен: *Минем китап шкафта, аннан ал!* (сөйл.т.). – *Менің кітабым шкафта, одан ал! Мезгіл мағынасында да келуі мүмкін (конверсия): Әйдүк көтүне бер қиргәрәк қыярга, аннан бәрәңге пешерергә уйлады (Һ.Такташ) – Мархабат, күту үшін бір жерге жиналыңдар, сосын (одан соң) бәріңе пісіреміз деп ойлады. Көпше түрдегі есімдіктердің түрленуі структуралық жақтан зат есім түрленуінен ерекшеленбейді: : без ~ безнең ~ безгә...; сез ~ сезнең ~ сездән...; алар ~ аларға ~ алардан.**

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.190.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.191.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.191.

Жіктеу есімдіктері септелуінің салыстырмалы кестесі:

Септік	Қазақ тілінде	Татар тілінде	
Атау	мен, сен, ол, біз, сіз, сендер, сіздер, олар	Баш килеш	мин, син, ул, без, сез, алар
Ілік	менің, сенің, оның, біздің, сіздің, сендердің, сіздердің, олардың	Иялек килеше	минем, синең, аның, безнең, сезнең, аларның
Барыс	маған, саған, оған, бізге, сізге, сендерге, сіздерге, оларға	Юнәлеш килеше	миңа, сиңа, аңа, безгә, сезгә, аларга
Табыс	мені, сені, оны, бізді, сізді, сендерді, сіздерді, оларды	Төшем килеше	мине, сине, аны, безне, сезне, аларны
Жатыс	менде, сенде, онда, бізде, сізде, сендерде, сіздерде, оларда	Урын-вакыт килеше	миндә, синдә, анда, аңарда, бездә, сездә, аларда
Шығыс	менен, сенен, одан, бізден, сізден, сендерден, сіздерден, олардан	Чыгыш килеше	миннән, синнән, аннан, аңардан, бездән, сездән, алардан
Көмектес	менімен, сенімен, онымен, бізбен, сізбен, сендермен, сіздермен, олармен	-----	-----

Сілтеу есімдіктері (күрсәту алмашлықтары).

Сілтеу есімдіктері сілтеу, нұсқау, меңзеу, көрсету мағыналарын білдіреді де, қазақ тілінде қай? қайсы? деген сұрақтарға жауап береді. Қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктері: бұл, сол, ол, осы, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне.

А.Ысқақов қазақ тіліндегі сілтеу есімдіктерінің мағыналарын екі тұрғыдан қарау керектігін, біріншіден сілтеу есімдіктерінің кеңістік аралықты немесе топографиялық кеңістікті, екіншіден

уақыт аралығын немесе хронологиялық мерзімді білдіретіндігін атап көрсетеді¹. Топографиялық кеңістікті білдіру тұрғысынан жақындағы затты немесе құбылысты сілтеп көрсету үшін осы, бұл, мына, мынау, осынау, міне есімдіктері қолданылса, бұларға қарағанда алысырақ тұрған зат пен құбылыстарды нұсқау үшін ол, сол, ана, анау, сонау, сона, түү есімдіктері қолданылады.

Қазақ тілінде сілтеу есімдіктерінің заттанып, септелген кездегі төрт ерекшелігін ғалым С.Исаев төмендегідей атап көрсетеді²:

1) бұл, сол, ол сілтеу есімдіктері мен, сен, ол жіктеу есімдіктері сияқты септеледі. Мұнда: а) ілік, табыс, шығыс септіктерде түбірдегі л дыбысы түсіп қалады; ә) жатыс септікте түбірде л дыбысы н-ға айналады; б) көмектес септікте түбір мен жалғаудың арасында -ы дәнекері пайда болады (дұрысында түбірдегі л дыбысы түсіп қалып, көмектес септік жалғауы ілік септіктің дыбыстық өзгеріске түскен -ны (н) тұлғасының үстіне жалғанады); е) барыс септік жалғауы түбірдегі л дыбысы түсіп қалған түбірге *-ған* түрінде жалғанады;

2) барыс септік жалғауы *-ған* түрінде осы, мына, ана деген сілтеу есімдіктеріне де жалғанады;

3) жатыс септікте осы сілтеу есімдігіне *-нда* жалғауы жалғанады;

4) бұл сілтеу есімдігінің түбірі ілік, табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктерде мұ түрінде де қолданылады.

Қазақ тілінде сілтеу есімдіктері төмендегідей септеледі:

А.с.	бұл, осы, ана	Т.с.	бұны, осыны, ананы
І.с.	бұның, осының, ананың	Ш.с.	бұдан, осыдан, анадан
Б.с.	бұған, осыған, анаған	Ж.с.	бұнда, осыда, анада
		Көм. с.	бұнымен, осымен, анамен

Татар тіліндегі сілтеу есімдіктері мыналар: ул (ол), бу (бұл), шул (сол), шушы (осы), теге (сонау), мондый (мұндай), андый (ондай), тегенди (сондай), шундый (осындай), алай (олай), болай (бұлай), тегеләй (солай), шушылай (осылай), т.б. Бұлар заттарға,

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.213.

² Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – Б.228.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.191.

нәрселерді көрсету, сын есім немесе үстеулерге ишара ету үшін қолданылады. Мәселен: Якуп тұп-туры шул йортка китте (И.Гази) – Якуп тұп-тура сол үйге кетті. Менә бу иптәшнен исемен белмим (Ш.Камал) – Міне, бұл жолдастың есімін білмеймін. Әнә кроватъ башында букчасы эленеп тора (А.Шамов) – Әне, кереует басында кенеп сөмкесі ілініп тұрады. Гариф белән Муса монда куну тиешлекне сөйләсәләр дә, башкалар якын да килмәделәр (Ш.Камал) – Гариф пен Муса мұнда қонуға тиісті екендігін сөйлессе де, басқалар жақын да келмеді.

Бу (бұл), шул (сол), шушы (осы), теге (сонау), әнә (әне), менә (міне) есімдіктері, әдетте, сөйлеушіден түрлі аралықта болған заттар мен көріністерді көрсетеді. Грамматикалық зерттеулерде олардың семантикалық ерекшеліктеріне мән беріледі: бу (бұл), шушы (осы), менә (міне) есімдіктері ең жақын аралықты көрсетеді; теге (сонау), әнә (әне), әнә теге (әне анау) есімдіктері салыстырмалы түрде ең алыс аралықты, ал шул (сол), ул (ол) есімдіктері орташа аралықты білдіреді¹. Мысалы: бу китап (бұл кітап), шушы китап (осы кітап), әнә теге китап (әне анау кітап), әнә шул китап (әне сол кітап), т.б.

Жасалуы жағынан сілтеу есімдіктерінің т ү б і р және т у ы н д ы түрлері болады. Қазіргі татар тіліндегі ул, бу, шул, шушы, әнә, менә, теге есімдіктері түбір болып саналады². Тарихи тұрғыдан ежелгі түбір есімдіктер қатарына бу, ул жатады, көнеден келе жатқан бірліктер болып теге, әнә, менә (диалектілік тиге ~ ана ~ мона ~ мына) сөздері саналады³. Қазіргі татар тілінде түбір болып саналатын шул, шушы есімдіктерінің жасалуын тарихи тұрғыдан былайша көрсетуге болады: шу (ежелгі түбір) + ул → шул: шу+ уш (ежелгі түбір) → шушы.

Сөз таптарына қатысы бойынша сілтеу есімдіктері, негізінде, с ы н е с і м мен ү с т е у д і алмастырады. Сын есім есімдіктері

¹ Хангильдин В.Н. Татар теле грамматикасы. Морфология һәм синтаксис. – Казан, 1954. – Б. 149.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.191.

³ Сравнительно– историческая грамматика тюркских языков: Региональные конструкции. – М.: Наука, 2002, – С.319-320.

түбір сілтеу есімдіктеріне -дый/-ди қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады: *андый* (оңдай), *мондый* (мұндай), *шундый*(соңдай), *тегенди* (анадай), т.б. Үстеу есімдіктері де түбір сілтеу есімдіктеріне -лай/-ләй қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады: *болай* (бұлай), *шулай* (солай), *алай* (олай), *тегеләй* (солай), т.б.

1. Сын есімді алмастырған сілтеу есімдіктері, көбінесе, зат есіммен берілген демеулікті айқындап, анықтауыш рөлінде қолданылады: *Бу тавыш бик ачты күңлем, Шатлығымнан кан яна...* (Г.Тукай) – Бұл дауыс көңілімді көтерді, Шаттығымнан жаным жайланды.... *Егет менә шул утта янды. Шул көрәшләр, шул газаплар, шул қаһарманлықлар эчендә кайнап, аның яшь йөрәге... үзен бер көрәшче итеп үстерү дәрте белән тулып ялкынланды* (Г.Ибраһимов) – Жігіт, міне, сол отта жанды. Сол күрес, сол азап, сол қаһармандық ішінде қайнап, оның жас жүрегі...өзін бір күрескер етіп биік рухымен толып жалындады. *Үткәннәрдән бары шул кыр калды. Ул кыр безгә яшьлек яджяре* (Р.Вәлиев) – Өткендерден бар-жоғы сол жыр қалды. Ол жыр бізге жастық жәдігері. *Тимербулат шундый егет, Караклыкны кичермәс. Сөюенә тап төшсә дә, Эшенә тап төшермәс* (М.Кәлил) – Темірболат сондай жігіт, залымдықты кешірмес. Махаббатына дақ түссе де, ісіне дақ түсірмес. Кей жағдайларда сілтеу есімдіктері тіркескен формада да қолданылады: *менә шул* (міне сол), *әнә шушы* (әне осы), т.б. Мысалы: *Менә шул бабай үләр алдыннан үзенә чакырды да, миңа, бер уч тутырып, орлықлар бирде* (Г.Ибраһимов) – Міне сол ата өлер алдында өзіне шақырды да, маған, бір алақанымды толтырып, бидай берді.

Стилистикалық жақтан *андый* (оңдай), *шундый* (соңдай) есімдіктері үстеу немесе етістікті айқындап, күшейткіш демеулік түрінде де келеді: *Илсәяр шундый каты кычкырды, инде егерме-утыз адым китеп өлгергән рота командиры туктап артына борылды* (Г.Гобәй) – Илсәяр сондай қатты айқайлады,

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.192.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.192.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.193.

жиырма-отыз адым кетіп үлгірген рота командирі тоқтап, артына бұрылды. *Шундый сағындырдың син, Айсылу апа! – диде* (Г.Бәширов) – Сондай сағындырдың сен, Айсұлу апа! – деді.

2. Үстеуді алмастырған сілтеу есімдіктері етістікті айқындап, көбінде амал пысықтауыш қызметін атқарады: *Алай бик карышсаң, Алмачуарыңны тотарбыз да урманга кибәрербез, – дип куркыталар* (Г.Ибраһимов) – Олай өте қарсылассаң, Алмачуарыңды ұстаймыз да, орманға жібереміз, - деп қорқытады.

Сын есіммен қатысты *бу, шул, теге* есімдіктері, сонымен бірге *андый, мондый, шундый* сияқты есімдіктер контексте заттанып, *зат есімдер* сияқты септеліп, тәуелденіп, көптік жалғауын қабылдап түрленеді.

Бу есімдігі септелгенде, *б~м сәйкестігі* пайда болады, ал шул есімдігінде -л дыбысы қысқарады, ол көне шу вариантында түрленеді.

А.с.	бу (бұл)	шул(сол)	теге (сонау)	шундый (сондай)
І.с.	моның (бұның)	шуның (соның)	тегенең (сонаудың)	шундыйның (сондайдың)
Б.с.	моңа (бұған)	шуңа (соған)	тегеңә (сонауға)	шундыйға (сондайға)
Т.с.	моны (бұны)	шуны (соны)	тегене (сонауды)	шундыйны (сондайды)
Ш.с.	моннан (бұдан)	шуннан (содан)	тегеннән (сонаудан)	шундыйдан (сондайдан)
Ж.с.	монда (бұнда)	шунда (сонда)	тегендә (сонауда)	шундыйда (сондайда)

Бұл есімдіктердің әрқайсысы жекеше және көпше түрде келе алады, тәуелдік жалғауларын қабылдайды: *бу (бұл) – боларны (бұларды) ~ болары (бұлары); шул (сол) ~ шулары (солары); мондыйларга (мұндайларга) ~ мондыйларын (мұндайларын), т.б.*

Сонымен, қазіргі татар тілінде баска есімдіктер сияқты сілтеу есімдіктерінің қызметі күрделі және түрліше. Мұның өзі татар тілінің грамматикалық жақтан мүмкіндіктері мол екендігінен хабар береді.

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.194.

Сілтеу есімдіктері септелуінің салыстырмалы кестесі:

Септік	Қазақ тілінде	Татартілінде	
		Баш килеш	бул, шул, теге
Атау	бұл, сол, осы, ана	Баш килеш	бул, шул, теге
Ілік	бұның, соның, осының, ананың	Иялек килеше	моның, шуның, тегенең
Барыс	бұған, соған, осыған, анаған	Юнәлеш килеше	моңа, шуна, тегеңә
Табыс	бұны, соны, осыны, ананы	Төшем килеше	моны, шуны, тегене
Жатыс.	бұнда, сода, осыда, анада	Урын-вакыт килеше	монда, шунда, тегендә
Шығыс	бұдан, содан, осыдан, анадан	Чыгыш килеше	моннан, шуннан, тегеннән
Көмектес	бұнымен, сонымен, осымен, анамен	-----	-----

Сұрау есімдіктері (Сорау алмашлықлары).

Жауап алу мақсатымен сұрау мағынасында қойылған сұрақтар сұрау есімдігі болады¹.

Қазақ тіліндегі сұрау есімдіктеріне: кім? не? қай? қайсы? қандай? неше? қанша? нешеу? нешінші? қайда? қайдан? қалай? қашан? қайдағы? қашанғы? т.б., ал татар тілінде сұрау есімдіктеріне: кем (кім), ни (не), нәрсә (не) – зат есім есімдіктері, кайсы (қайсы), нинди (қандай) – сын есім есімдіктері, кая (қайда), кайдан (қайдан), кайчан (қашан), ник (неліктен), нигә (неге), ничек (қалай) – үстеу есімдіктері, ничә (неше), ничәнче (нешінші), ничәшәр (қаншалап), ничаклы (қанша), никадәр (қанша), күпме (қанша) – сан есім есімдіктері жатады. Олар затты, белгіні білдіретін және іс-әрекеттің орындалу формасы, орны, уақыты, себебі, мақсаты жағынан айқындайтын сөздерді көрсетіп, ишара етеді². Мысалы: *Без тормышның төбеннән күтәрелдек. Кем күтәрде? Кайчан? Ничек? – Сезгә менә шул турыда сөйләп бирергә телим... Кайдан килеп, кая баруы ничкемгә билгеле булмаган бер үткенче мөсафир бабай*

¹ Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – Б.228.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.194.

бездә, хал кыярга туктаган вакытта үлеп калды (Г.Ибраһимов) – Біз тұрмыстың төменінен көтерілдік. Кім көтерді? Қашан? Қалай? – Сізге, міне, сол тұрғыда айтып беруіңізді сұраймын... Қайдан келіп, қайда баратыны ешкімге белгісіз бір өткінші қонақ аға бізде, хал жыярға тоқтаған уақытта өліп кетті. *Ник елуйсыз, сез урамнар, Ник елуйсыз! Туктагыз!* (Һ.Такташ) – Неге жылайсыз, сендер көшелер, Неге жылайсыз! Тоқтаңыз! *Кайда да йөрәктә, йөрәктә, Төшләргә кереп гел йөдәтә Нигә соң бу Кырлай яклары?!* (С.Хәким) – Қайда да жүректе, жүректе, Түстерге кіріп әрдайым мазалайды. Неге содан соң Кырлай жақтары?

Сұрау есімдіктері септеледі, тәуелденеді, көптік және жіктік жалғауларын қабылдай береді. Десе де қазақ тілінде кім? не? қайсы? нешеу? сұрау есімдіктерінен басқалары тәуелденбейді. Қазақ тілінде тек кім? не? неше? сұрау есімдіктері көптік жалғауын қабылдайды, кім? не? қайсы? нешеу? сұрау есімдіктері ғана септеледі, кім? не? қандай? қанша? қалай? нешінші? қайсы? нешеу? жіктеледі.

Қазақ тіліндегі кім? сұрау есімдігі былайша жіктеледі: кіммін? кімсің? кімсіз? кім? кімбіз?/кімдерміз? кімдерсіңдер? кімдерсіздер? кімдер?

Қазақ тілінде кім, не, неше тәрізді кейбір сұрау есімдіктері төмендегідей септеледі:

А.с.	кім? не? неше?	Т.с.	кімді? нені? нешені?
І.с.	кімнің? ненің? нешенің?	Ш.с.	кімнен? неден? нешеден?
Б.с.	кімге? неге? нешеге?	Ж.с.	кімде? неде? нешеде?
		Көм. с.	кіммен? немен? нешемен?

Қазіргі татар тілінде көп санды, түрлі-түрлі мағынаға болған сұрау есімдіктері тарихи тұрғыдан үш түрлі түбір есімдіктен – кем, нә ~ ни, кай есімдіктерінен пайда болған. Тілдің дамуы барысында бұл есімдіктердің түрлі грамматикалық формалары морфологиялық жақтан жекешеленіп, жеке лексикалық бірлікке айналған. Мысалы: *нә~*ни есімдігінен нәрсә (нә+ирсә), нәчә~ничә, нигә (нә~ни+гә), ничек (нә~чик) т.б. есімдіктер жасалған. *кай есімдігінен: кая (кай+а,

барыс септігінің жалғауы), кайда, кайсы (кай+сы, тәуелдік жалғауы), кайчан (кай+чаг+ын), кайдан есімдіктері пайда болған. Кем сұрау есімдігі, көнеден өзгеріссіз келе жатқан есімдік, татар тілінде барлығы з а т қ а, а д а м ғ а қарата қолданылады.

Татар тіліндегі кем (кім), не (не), *нәрсә* (не) есімдіктеріне Ф.М.Хисамова кеңінен тоқталады. Ол кем (кім) есімдігі зат есімді алмастыра отырып, оның барлық грамматикалық категорияларын өзіне алатынын, сөйтіп септелетінін, тәуелденетінін, сан есіммен түрленетінін айтады¹: кем (кім), кемнең (кімнің), кемгә (кімге), кемне (кімді), кемең (кімің), кемегез(кіміңіз), кемнәре(кімдері), кемнәр (кімдер), т.б.: *Кемнәрең бар, кемне уйлыйсың, кемнәрең сағындыра (қыр) – Кімдерің бар, кімді ойлайсың, кімдерің сағындырады (жыр). Кемгә сөйлим серләремне, йөрәгем ялкын кебек...* (Ф.Кәрим) – Кімге айтам сырларымды, жүрегім жалындай... *Алар кем соң? – дигән ачуланып староста...* (А.Алиш) – Олар кім? – деген ашуланып староста.

Кем (кім) есімдігі шул (сол), шунда (сонда) сілтеу есімдіктерімен бағыныңқы сөйлемдерді бас сөйлемге байланыстырып тұрған сөз ретінде татар тілінде актив қолданылады. Мәселен: *Кем эшләми, шул ашамый* (мәкаль) – Кім еңбектенбесе, сол тамақтанбайды. *Кем иген игә, шул кырлап яши* (мәкаль) – Кім егін ексе, сол жырлап өмір сүреді.

Татар тілінде не (не), *нәрсә* (не) есімдіктері кісіден басқа тірі жан иелеріне және жансыз нәрселерге қатысты айтылады, олар да зат есімдер сияқты түрленеді²: *нәрсә~нәрсәне* (не~нені), *нәрсәдән* (неден), *нәрсәләре* (нелері); *ни~ниләр* (не~нелер), *нидән* (неден), т.б. Мысалы: *Шуның өстенә тагын Бәдертдинов үзе дә ямансылатмый... кайсы бригаданың нәрсәдә алдырғанлығын, кайсының нәрсәдә калышуын күрсәтә тора* (Ф.Хәсни) – Оның үстіне тағы Бәдертдиновтің өзі де қамықтырмайды... қайсы бригаданың неде шақырылғандығын, қайсысының неде қалып жатқанын көрсетіп тұрады.

Грамматикалық еңбектерде нәрсә есімдігіндегі заттық

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.195.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.195.

ұғымның едәуір күшті екендігі де айтылады. Мәселен: *Алда бер ак нәрсә күренә башлады* (Ш.Камал) – Алдымызда бір ақ нәрсе көріне бастады.

Сөйлеу тілінде және сирегірек әдеби тілде де нәрсә, нәмәрсә сөздері зат есім рөлінде, “әлдеқандай зат” ұғымында жиі қолданылады¹. Мәселен, *Мә, менә бу нәмәрсәләрне ераграк яшереп куй әле, – дин, әтисенә пулемет ленталары һәм наган бирде* (Г.Гобәй) – Мә, мына бұл нәрселерді алысырақ жасырып қой - деп әкесіне пулемет пен наган берді.

Ни есімдігі қазіргі татар тілінде сөйлеу тіліне тән²: *Ни сөйлисең син? Ни булды? Нидән шулай курыктың? – Не айтып тұрсың, сен? Не болды? Неден солай қорықтың?* Дегенмен ол мақал-мәтелдерде едәуір жиі ұшырайды: *Ни чәчсәң, шуны урырсың* (мақал) – Не шашсең, соны оарарсың. Оясында ни күрсә, очканында шул булыр (мақал) - Ұясында не көрсе, ұшқанда сол болар.

Кай (қай) – *кайсы* (қайсы), *нинди* (қандай) сұрау есімдіктері нәрсенің белгісін көрсетіп, сипатын, яғни басқа зат белгісін білдірген сөздерге қатысты қолданылады³: *Кай тарафларга юл тотасың?* (Р.Мөхәммәдиев) – Қай тараптарға жол жүресің? *Сез кайсы халықтан дисәләр, Батырлар исемен атадым* (Р.Вәлиев) – Сіз қайсы халықтан дегенде, Батырлар есімін атадым. *Нинди уеннар башлап ташлаганбыздыр, анысын хәтерли алмыйм...*(Г.Ибраһимов) – Қандай ойындар бастап тастағанбыз, онысын есіме түсіре алмаймын...

Кайсы (қайсы), *нинди* (қандай) есімдіктері контексте зат есімдерше түрленеді⁴: *ниндиләрен (қандайларын) аласың; кайсылары яхшы? – қандайларын (қайсыларын) аласың; қайсылары жақсы? Төш авышкач, өйдәге кешеләр кайсысы кая таралып беткәч, киенеп, ясанып... хыялларым әйдәгән якка юналдем* (Ф.Шәфигуллин)

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.196.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.196.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.196.

⁴ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.196.

– Түс ауғалы, үйдегі кісілер қайсысы қайда таралып біткелі, киініп, жасанып...қиялдарым айдаған жаққа жөнелдім. Қызу қаным уйнар оланнарда, Уйларымның қалыр қайсысы? (Ф.Сафин)
– Қызу қаным ойнар балаларда, Ойларымның қалар қайсысы?

Кая (қайда), *кайда* (қайда), *кайчан* (қашан), *ник* (неліктен), *нигә* (неге), *ничек* (қалай) есімдіктері үстеуді алмастырады және контексте түрленбейді: Боз пәрдәсен умырзая **Ничек** ача, күрсәйдең, Әнке гөлдән мәңге шиңмәс Тәкыялар үрсәйдең (С.Сөләйманова) – Мұз пердесін бәйшешек қалай ашады, көрсен еді, Инжу гүлден мәңгі өлмес Кесенелер өрсе еді. Әнә күреге: ул **ничек** көмеш тавыш белән яңгыратып кешни (Г.Ибраһимов) – Әне, көріңіз: ол қалай күміс дауыспен жаңғыртып ...**Нигә, нигә, синең шаян күзләр Күзләремә болай багалар?! (Һ.Такташ)** – Неге, неге сенің ерке көздерің, Көздеріме бұлай сүйкімді көрінер?!

Өздік есімдігі.

Қазақ тілінде өз, татар тілінде үз (өз) сөзі өздік есімдігі болады. Бұл есімдік тәуелденіп, септеліп, көптеліп те қолданылады. Жіктеу есімдіктерінің немесе зат есімнің орнына жүре алатындығымен ерекшеленеді. Өздік есімдігі тәуелденген соң септеліп, жіктеледі.

А.Ысқақов өздік есімдігінің тәуелдеулі формасының қолданысында екі түрлі ерекшелікті атап көрсетеді:

1) жіктеу есімдіктері қабаттасып та (тіркесіп те), қабаттаспай да қолданылады. Өздік есімдігі тәуелдіктің қай жағында тұрса, қабаттасатын жіктеу есімдігі де сол жақта қолданылады (өзім – мен өзім, өзіміз – біз өзіміз);

2) тәуелдеулі өздік есімдік сөйлемде бастауыш болса, жақ жағынан жіктік жалғауды тікелей өзіне бағындырады (өзім келдім, өзіңіз келдіңіз).

Қазақ тіліндегі өздік есімдігі былайша жіктеледі: өзіммін, өзімсің, өзімізсіз, өзім; өзіңмін, өзіңсің, өзіңізсіз, өзің; өзімін, өзісің, өзісіз, өзі; өзімізбіз, өзімізсіңдер, өзімізсіздер, өздеріміз.

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.196.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.218.

Қазақ тілінде өздік есімдігі төмендегідей септеледі:

А.с.	өзім, өзің, өзі	Т.с.	өзімді, өзіңді, өзін
І.с.	өзімнің, өзіңнің, өзінің	Ш.с.	өзімнен, өзіңнен, өзінен
Б.с.	өзіме, өзіңе, өзіне	Ж.с.	өзімнен, өзіңнен, өзінен
		Көм. с.	өзіммен, өзіңмен, өзімен

Татар тілінде үз (өз) есімдігі көнеден келе жатқан түбір есімдік саналады. Ол:

а) нәрселердің белгісін көрсетіп, анықтауыш қызметінде келеді (үз иле, үз илем – өз елі, өз елім). *Яуса да қарлар, табигать эшли инде үз эшен...* (Г.Тукай) – Жауса да қарлар, табиғат өз ісін жасауда. *Башсыз малай түгел, үз қаен белә булыр* (Г.Ибраһимов) – Бассыз бала емес, өз жайын білетін болар.

ә) бұл есімдік татар тілінде көбіне тәуелдік жалғауымен түрленіп, заттарды көрсету үшін қолданылады: *үзем (өзім), үзең (өзің), үзе (өзі), үзебез (өзіміз), үзегез, (өзіңіз), үзләре (өздері)*. Мұндай жағдайда олар жіктеу есімдіктерімен қатар келіп, кейде жеке тұрып та қолданылады: *мин үзем (мен өзім), син үзең (сен өзің), ул үзе (ол өзі), без үзебез (біз өзіміз), сез үзегез (сіз өзіңіз), алар үзләре (олар өздері)*, т.б. және сөйлемде сөйлеуші немесе іс басқарушы затты б ө л і п к ө р с е т е д і³, басым мағына рентерін білдіреді: *Мин үзем Мостафа атлы булам, авылда «Мостай» деп кенә йөриләр ие, хәзер дә шулай деп кенә йөрергә була.* (Ф.Хәсни) – Мен өзім Мұстафа есімді боламын, ауылда «Мостай» деп қана жүреді, қазір де солай деп қана атауға болады. *Сез үзегез дә рухи Геркулеслар, Сез үзегез дә рухи титаннар!* (Х.Туфан) – Сіз өзіңіз де Геркулес рухтассыз, Сіз өзіңіз де титан рухтассыз.

Дербес қолданылған жағдайда да үз есімдігі зат есімдерше септеледі: *үзем (өзім), үземне (өзімді), үземә (өзіме), үзләренә (өздеріне)*, т.б. Мысалы: *Башка берни дә кирәкми, Үзем чапқан печәннәрне бер туйғанчы иснәсам* (С.Хәким) – Басқа бір нәрсе керек пе, Өзім шапқан пішенді бір тойғанша иіскесем. *Кайларданкилә дә инде,*

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.197.

² ³Соңғы уақытта грамматикалық зерттеулерде мұндай көрініс «выделительная форма» деп белгілене бастады.

Үзләрен күрәсе юк; Башларын сөеп, кочаклап, күзләрен үбәсе юк (Х.Туфан) – Қай жақтардан келсе де енді, Өздерін көруі жоқ / көру мүмкін емес/, Бастарын сүйіп, құшақтап, көздерін өбуі жоқ (өбу мүмкін емес).

Қазақ және татар тілдерінде өз есімдігінің септелуі

Септік	Қазақ тілінде	Татар тілінде (Ескерту: үз есімдігі татар тілінде жалпылау есімдіктерінің құрамына кіреді)	
Атау с.	өзім, өзің, өзі	Баш килеш	үзем
Ілік с.	өзімнің, өзіңнің, өзінің	Иялек килеше	үземнең
Барыс с.	өзіме, өзіңе, өзіне	Юнәлеш килеше	үземә
Табыс с.	өзімді, өзіңді, өзін	Төшем килеше	үземне
Жатыс с.	өзімде, өзіңде, өзінде	Урын-вакыт килеше	үземдә
Шығыс с.	өзімнен, өзіңнен, өзінен	Чыгыш килеше	үземнән
Көмектес с.	өзіммен, өзіңмен, өзімен	-----	-----

Жалпылау есімдіктері (билгеләу алмашлықлары):

Жалпылау есімдіктері екі не одан да көп заттар мен құбылыстарды жинақттау, жалпылау үшін қолданылады.

Қазақ тілінде бәрі, барлық, барша, бар, күллі, бүкіл, түгел, тегіс сөздері жалпылау есімдіктері болатын болса, татар тіліндегі *бары* (бәрі), *барлык* (барлық), *барча* (барша), *һәммә* (барша), *һәр* (әр), *һәрбер* (әрбір), *һәркем* (әркім), *бөтен* (бүтін), *үз/үзем/үзең/үзе* (өз/өзім/өзің/өзі) сөздерін жалпылау есімдіктері ретінде көрсетуге болады.

Жалпылау есімдіктері көптеледі, септеледі және тәуелденеді. Жіктік жалғауын қабылдамайтын жалпылау есімдіктерінің субстантивтенген түрлері тәуелденіп, септеледі.

Тарихи тұрғыдан жалпылау есімдіктерінің лексикалық құрамы кейіннен қалыптасқан деп ойлауға негіз бар, сондықтан

олардың арасында үз (өз) есімдігінен басқа барлық бірліктер басқа сөз таптарынан көшкен (бары, барлық, бөтен, т.б.), немесе кейбірі кірме сөздер (һәр, һәрбер, һәркем, т.б.).

Жалпылау есімдіктерінің көпшілігі сын есім сөз табымен байланысты және олар сөйлем ішінде нәрсенің белгісін көрсетеді¹: *Аның ана йөрәге улы турындагы һәрбер сүзне, улына булган һәрбер карашны ычкындырмыйча аулап тора иде* (Ә.Еники) – Оның ана жүрегі ұлы туралы әрбір сөзді, ұлына деген әрбір көзқарасты жібермей бағып тұратын еді. *Бер минут эчендә бөтен күл өсте малайлар белән тулды* (И.Гази) – Бір минут ішінде бүтін көл үсті балалармен толды. *Һәр кир карланган, сулар бозланган* (Г.Тукай) – Әр жерге қар жауып, суларға мұз қатқан.

Контексте заттанғанда, жалпылау есімдіктері, зат есімдерше септеледі, тәуелденеді, көптеледі: *Без колхозга кергәч мал-туарлар һәммәбезнең күмәк ителде...* (Һ.Такташ) – Біз колхозға кіргелі мал-тауарлар баршамыздың ұжымдық /мүлкіміз/ болды. *Иң яхшысы, беркая да китмәскә. Барыбыз бергәләп, киң сызганып тотынырга да, барлық авылларны, барлық өйләрне электричестволы итәргә, яктыртырга* (Ф.Хөсни) – Ең дұрысы, ешқайда кетпеу. Бәріміз бірге жеңді сыбанып, барлық ауылдарды, барлық үйлерді электрлендіруге, жақтыруға кірісу.

Қолданылу ерекшеліктері бойынша, әсіресе, семантикалық жақтан жалпылау есімдіктері арасында айырмашылықтар бар²:

Барлық (барлық), *барча* (барша), *һәммә* (барша), *һәрбер* (әрбір), *һәркем* (әркім) есімдіктерін семантикалық жақтан екі топқа бөліп қарастырылады:

а) *Барлық* (барлық), *барча* (барша), *һәммә* (барша), *бөтен* (бүтін) есімдіктері нәрселерді жинақтап, біртұтас етіп көрсетеді: *барча кош-корт* (барша құс-құрт), *барлық кешеләр* (барлық кісілер), *бөтен авыллар* (бүтін ауылдар), т.б.

ә) *һәр* (әр), *һәрбер* (әрбір), *һәркем* (әркім), *һәрнәрсә* (әр нәрсе) сияқты есімдіктер заттарды немесе олардың топтарын

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.197.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.198.

бөлектеп, айырып көрсетеді: *һәр кеше* (әр кісі), *һәрбер авыл* (әрбір ауыл), *һәркем белә* (әркіммен), т.б.

Авил халкы барысы да эштә (Р.Сибат) – Ауыл халқының бәрі де жұмыста. *Олыгайгач ул китапларның каталогын төзедем: барлығы 258 китап сақланган иде* (М.Мәһдиев) – Ұлғайған шағымда кітаптарымның каталогін түздім: барлығы 258 кітап сақталған еді. *Бөтен капкалардан йөгерешеп, хатын-кызлар, бала-чагалар чыкты* (Ә.Еники) – Бүтін қақпалардан жүгірісіп, қатын-қыздар, бала-шағалар шықты. *Саргаядыр көз көнендә һәр ағач яфрақлары...* (Г.Тукай) – Сарғаяды күз күнінде әр ағаштың жапырақтары... *Туған якта һәр тал кырлыһ...* (С.Хәким) – Туған жақта әр тал жырлайды... *Укып барган һәрбер юлым, һәрбер сүзем Була минем юл күрсәткүче йолдызым* (Г.Тукай) – Оқып барған әрбір жолым, әрбір сөзім, Болар менің жол көрсеткіш жұлдызым.

Д.Г. Тумашева жалпылау есімдіктерінің қолданысы бойынша тағы бір ерекшелігін көрсетеді. Мәселен, жинақтау мағынасын білдіретін *барлык* (барлық), *һәммә* (барша) сияқты кейбір есімдіктер көпше түрдегі зат есімдерді нақтыласа (*барлык кешеләр – барлық кісілер, һәммә авыллар – барша ауылдар*), ал *бөтен* (бүтін), *бар* (бар) есімдіктері жекеше түрдегі зат есімдерді нақтылап көрсетеді¹: *бөтен халык* (бүтін халық), *бар көчем* (бар күшім), *бар кырым* (бар жырым), т.б.]. Мысалы: *Сөләйман карт белән Гөлчирә гөлләр яратканга, барлык бұлмәләр гөлләр белән тулган иде* (Г.Әпсәләмов) – Сүлеймен карт пен Гүлшара гүлдерді жақсы көргендіктен, барлық бөлмелер гүлдермен толған еді. *Очкан кошның барысы да шоңқар түгел...* (Дәрдемәнд) – Ұшқан құстың барлығы да сұңқар емес.... *Бар кырымны илгә багышладым, Гомеремне дә бирәм халқыма* (М.Кәлил) – Бар жырымды елге бағыштадым, Гомерімді де берем халқыма.

Жалпылау есімдігі мағынасында *бар* модаль сөзі де қолданылады²: *Бар кир карланган, Сулар бозланган...* (Г.Тукай) – Бар жерге қар жауған, суларға мұз қатқан. *Ашарга утырса, ни гақәп – бар тәмле монның алдында иде* (М.Мәһдиев) – Асарға /асқа/ отырса, не ғажап – бар тәтті мұның алдына еді.

¹ Тумашева Д.Г. Хәзерге татар әдәби теле. Морфология. Казань, 1978. – Б.112.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.199.

Белгісіздік есімдіктері (билгесезлек алмашлықтары).

Заттар мен құбылыстарды нақты білдірмей, белгісіз етіп, жорамалдап, тұспалдап айтатын сөздер белгісіздік есімдіктері деп аталады.

Қазақ тіліндегі белгісіздік есімдіктерінің жасалуына бір, әр, әлде сөздері ұйтқы болады¹: біреу, кейбіреу, кейбір, қайбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме, біраз, бір, әр, әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай, әрқашан, әлдекім, әлдене, әлдеқайда, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан, кімде-кім.

Қазақ тіліндегі белгісіздік есімдіктерінің төрт ерекшелігін ғалым С.Исаев былай деп көрсетеді²: 1) әлде, әр, кей, қай, бір сөздері екінші есімдіктермен (біреу, кім, не, бір, қашан, қалай, қайда, аз) тіркескенде, бірге жазылады да, басқа сөз таптарымен (мысалы, зат есімдермен) тіркескенде бөлек жазылады; 2) біреу, кейбіреу, қайсыбіреу, бірдеме, әрне, кімде-кім, әлдекім, әркім, әлдене тәрізді белгісіздік есімдіктер зат есім орнына жұмсала отырып, көптік, септік, тәуелдік жалғауларын қабылдайды; 3) қайсыбір, кейбір, әр, әрбір, қайбір деген белгісіздік есімдіктер сын есім орнына жұмсалып, әлденеше, бірнеше, біраз деген белгісіздік есімдіктер сан есім орнына қолданылады; 4) әрқашан, әрқалай, әлдеқашан, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқайдан деген белгісіздік есімдіктері үстеу мәнінде мезгіл, мекен мағыналарын білдіреді.

Татар тіліндегі белгісіздік есімдіктерінің барлығы да түрлі жолдармен жасалған есімдіктер және есімдіктердің бұл түрін тілдің дамуы барысында кейіннен пайда болған деп ойлауға негіз бар. Олар екі түрлі жолмен жасалады³:

а) сұрау есімдіктеріне белгісіздікті білдіретін *-дыр/-дер* қосымшасы жалғанады: *кемдер* (әлдекім, біреу), *нәрсәдер* (әлдене, бірдеме), *нидер* (әлдене), *ниндидер* (әлдеқандай), *каядыр* (әлдеқайда), *кайчандыр* (әлдеқашан), т.б.

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.219.

² Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – Б.232.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.199.

ә) сұрау есімдіктері алдынан әллә сөзі келеді: *әллә кем* (әлдекім), *әллә нәрсә* (әлденәрсе), *әллә кая* (әлдеқайда), *әллә ни* (әлдене), *әллә кайчан* (әлдеқашан), т.б.

Белгісіздік есімдіктерінің бір тобы зат есіммен қатысты, яғни олар зат есімді немесе түрлі нәрселерді білдіреді және зат есімше түрленеді: *әллә кем* (әлдекім), *әллә кемнәр* (әлдекімдер), *әллә кемгә* (әлдекімге), *әллә кемең* (әлдекімің), *кемеңдер* (кімің), *кемгәдер* (кімге), *нәрсәдер* (әлдене), т.б.

Әдетте, *-дыр/-дер* қосымшасы септік, тәуелдік, көптік қосымшаларынан кейін жалғанады¹: *Хәлим аңлап бетерә алмады: кемнәрдер туптан атып, ниндидер пароходны батырғаннар...* (И.Гази) – Хәлим аңдап, түсіне алмады: әлдекімдер зеңбіректен атып, әлдеқандай пароходты батырғандарын... *Нәрсәдәндер күз әленгән, һәм тәмам басқан йокы...* (Г.Тукай) – Әлденеден көз ілінген және тәмамдалған ұйқы... *Кемгәдер яшьлеге кайтты, кемнеңдер заяга узган гомере күз алдыннан кичте* (Ә.Еники) – Әлдекімнің жастығы қайтты, әлдекімнің зая кеткен гомері көз алдынан кетті. *Федько чыннан да нидер хәтерләргә тырышқандай, кашларын кыерып, уйланып торды* (Ә.Еники) – Федько, шынында да, әлденені есіне түсіруге тырысқандай, қастарын жиырып, ойланып тұрды. *Әллә нәрсә генә йөрәкне чеметеп алды...* (Г.Бәширов) – Әлдене ғана жүректі шымырлатып жіберді...

Ничектер (қалайша), *әллә ничек* (әлдеқалай), *кайдадыр* (әлдеқайда), *ниндидер* (әлдеқандай), *кайчандыр* (әлдеқашан), т.б. белгісіздік есімдіктері с ы н е с і м мен ү с т е у г е қатысты болып келеді. Олар, әдетте, нәрсенің белгісін немесе іс-әрекеттің орнын, уақытын, себебін, т.б. көрсетеді. Мәселен: *Ерактан, әллә кайдан, ишетелә күк күкрәгән аваз* (Г.Тукай) – Алыстан, әлдеқайдан, аспанның күркіреген дауысы естіледі. *Кайчандыр икебез бер ишеккә сыеп үскән балалар бит без!* (Г.Насрый) – Бір кездері екеуміз бір есекке сыйып өскен балалармыз ғой. *Бүген никтер борчылып торам* (И.Гази) – Бүгін неліктен тынышсызданып тұрмын. *Бөтен*

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.200.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.200.

болын өстенә, күз күреме кiрне чуарлап, әллә никадәр печәнче сибелгән (Г.Бәширов) – Бүтін шабандық үстінде көз көрер жерді шұбарлап, әлденеше пішенші себілген. Кошлар әллә кая китеп югалды (И.Гази) – Құстар әлдеқайда кетіп, жоғалды.

Белгісіздік есімдігі мағынасында сан есімнің түрлі топтары – бер(бір), бер-бер (бір-бір), берәу (біреу) сөздері қолданылады: Дөнъяны кiмерердәй бер көч, бер дәһшәт белән күк күкрәде (Г.Әпсәләмов) – Дүниені төңкерердей бір күш, бір сұмдықпен аспан күркіреді. Югары очтан берәу килә, Иңбашында урагы... (жыр) – Жоғарғы жақтан біреу келеді, Иығында орағы... Тегермәннәр берәр тавыш тыңлаган шикелле туктап калған иделәр (Ш.Камал) – Диірмендер қандай да бір дауыс естігендей тоқтап қалған еді. Әгәр басса сине бер-бер заманны Еламый йомшамас хәсрәт вә кайғы... (Г.Тукай) – Егер қинаса сені әлдеқандай уақытта, Жыламай жұмсармас қасірет пен қайғы...

Белгісіздік есімдіктері септелуінің салыстырмалы кестесі:

Септік	Қазақ тілінде	Татар тілінде	
Атау с.	біреу, әлдекім	Баш килеш	кемдер, әллә кем
Лік	біреудің, әлдекімнің	Иялек киле- ше	кемнеңдер, әллә кемнең
Барыс	біреуге, әлдекімге	Юнәлеш килеше	кемгәдер, әллә кемгә
Табыс	біреуді, әлдекімді	Төшем ки- леше	кемнедер, әллә кемне
Жатыс.	біреуде, әлдекімде	Урын-вакыт килеше	кемдәдер, әллә кемдә
Шығыс	біреуден, әлдекімнен	Чыгыш ки- леше	кемнәңдер, әллә кемнән
Көмектес	біреумен, әлдекіммен	-	-

Болымсыздық есімдіктері (юклык алмашлықтары).

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.200.

Болымсыздық есімдіктері қазақ тілінде еш деген сөзбен негізінен кім, қашан, қандай, қайдан, қайда, қайсы тәрізді есімдіктерінің бірігуі арқылы жасалады да, бірге жазылады. Қазақ тілінде еш, ешкім, ештеме, ештеңе, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайсы, дәнеңе, дәнеме тәрізді сөздерболымсыздық есімдіктері болып табылады.

Қазақ тіліндегі ешкім, ешқайсы, ештеңе, дәнеңе зат есімнің орнына; ешқандай, ешбір сын есімнің орнына; ешқашан, ешқайдан үстеу немесе мезгілдік, мекендік мағынаны білдіретін сөздердің орнына қолданылады¹.

Татар тілінде болымсыздық есімдіктері²: *ничкем* (ешкім), *беркем* (ешкім), *ничберкем* (бірде-бір), *ничнәрсә* (ешнәрсә), *бернәрсә* (ешнәрсә), *ничбернәрсә* (ешбір нәрсә), *берни* (дым, ештеңе), *нични* (ешәрсә) – зат есім есімдіктері, *ничнинди* (ешқандай), *бернинди* (ешқандай) – сын есім есімдіктері, *ничничек* (ешбір), *берничек* (ешбір), *ничкая* (ешқайда), *беркая* (ешқайда), *ничкайчан* (ешқашан), *беркайчан* (ешқашан), *ничкайда* (ешқайда), *беркайда* (ешқайда) – үстеу есімдіктері.

Болымсыздық есімдіктерінің семантикасы жайлы В.Н.Хангилдин былай дейді³: Нәрселердің немесе олардың белгілерінің, неболмаса іс-амалмен байланысты жай-күйлерінің (орын, уақыт, себеп, т.б.) бүтіндей табылмауын, жоқтығын білдіретін есімдіктер болымсыздық есімдіктер тобына кіреді”

Болымсыздық есімдіктері тіл дамуының соңғы кезеңдерінде пайда болып, қалыптасқан. Лексикалық құрамы бойынша олардың барлығы да туынды, сұрау есімдіктері негізінде пайда болған. Бұл есімдіктердің екі құрылымдық типі бар. Олар сұрау есімдіктеріне бер және нич сөздерінің қосылуы арқылы жасалады⁴:

- а) *беркем, берни, бернәрсә, бернинди, беркая, т.б.*;
- ә) *ничкем, ничнәрсә, ничкайчан, ничкая, т.б.*

¹ Исаев С.М. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер, 2007. – Б.231.

² Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 227.

³ Хангильдин В.Н. Татар теле грамматикасы. Морфология буенча очерклар. – Казань, 1954. – 335 с. – Б. 158.

⁴ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.201.

Сөйлемде бер, һич сөздері жеке өздері ғана да, болымсыздық мағынасында да қолданылуы мүмкін. Мәселен: *Бер сүз дә әйтмәде* (сөйл.т.) – Бір сөз де айтпады. *Барча байлыкны кыячаклар, имеш, һич һөнәрсез бай булачаклар, имеш* (Г.Тукай) – Барша байлықты жинап алады-мыс, еш өнерсіз бай болады-мыс. *Кычкырасым килә киргә минем: һич туймадым сіндә яшәп, дип...* (С.Хәким) – Айқайлағым келеді жерге менің: еш тоймадым сенде жасап, деп...

Һичкем (ешкім), *берни* (ештеңе, ешнәрсе), *бернәрсә* (ешнәрсе) сынды зат есіммен байланысатын және һичниңди (ешқандай), *бернинди* (ешқандай) сияқты сын есімді алмастыратын есімдіктер заттану арқылы зат есімдер сияқты септік формаларын қабылдай алады, тәуелдікпен түрленеді¹. Мәселен: *Моңа беркем дә гакәпләнми Дошманнан нәрсә көтәргә мөмкин соң?* (Н.Дәүли) – Бұған ешкім де таңданбайды, бұдан соң дұшпаннан не күтуге болады? *Күрдем хәзер: әшкә һичнәрсә тиң түгел* (И.Гази) – Қазір көрдім: іске ешнәрсе тең емес. *Һичнигә карамый, яңа хукалар үзләренчә кан-фәрман тырышкан булалар* (А.Алиш) – Ешнәрсеге қарамай, жаңа қожайындар өздерінше жан-пәрмен тырысқан болуда. *Көннәремнең һичберен дә чөнки Ак ди алмадым* (Г.Тукай) – Күндерімнің ешбірін де сондықтан Ақ дей алмадым.

Беркайчан (ешқашан), *һичкая* (ешқайда), *һичничек* (ешбір), т.б. сияқты үстеуге қатысты есімдіктер, әдетте, түрленбейді, сөйлемде көбіне етістікті айқындап, амал қызметін атқарады². Мәселен: *Әмма ләкин бер генә теләген үл һичничек тә киңә алмады...* (Ә.Еники) – Алайда бір ғана тілеген үл ешбір жеңе алмады.... *Беркайчан әйтмә син авыр сүз, Йөрәк бит болай да яралы...* (жыр) – Ешқашан айтпа сен ауыр сөз, Жүрек онсыз да жаралы ғой...

Татар ауызекі сөйлеу тілінде және сирегірек әдеби тілінде болысыздық есімдігі кем де сөзімен, яғни сұрау есімдігі және күшейткіш демеулігімен берілуі мүмкін³: *Мин урынымнан*

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.201.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.201.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.202.

торганда, бакчада кем дә қалмаган иде (Ш.Камал) – Мен орнымнан тұрғанда, бақшада ешкім де қалмаған еді. *Кем дә белми, кем дә әйтми: Уңғаракмы, сулғарак? Исә қилләр, кая иссә, Шунда китә бу кораб* (Р.Рахман) – Ешкімде білмейді, ешкімде айтпайды: Оңға таман ба, солға таман ба? Жел қайда қарай ессе, Сонда кетеді бұл кеме.

Тиістілік есімдіктері (тартым алмашлықтары).

Есімдіктердің бұл түрі қазақ тілінде көрсетілмейді. Татар грамматикасына арналған еңбектерде кейіннен орын ала бастады. Жіктеу, сілтеу, жалпылау, т.б. есімдіктерге субстантив формада *-ныкы/-неке* қосымшасы жалғану арқылы жасалған *минеке* (менікі), *синеке* (сенікі), *безнеке* (біздікі), *сезнеке* (сіздікі), *моныкы* (мүнікі), *үзенеке* (өзінікі), *аллә кемнеке* (әлдекімдікі), т.б. сияқты сөздерін Н.К. Дмитриев өзінің «Башқұрт тілі грамматикасында» тәуелдік есімдіктері деп санайды¹. Татар тілінде Д.Г. Тумашева сол көзқарасты жақтай отырып, тиістілік есімдіктерінің төмендегі түрлерін көрсетеді²:

а) ж і к т е у есімдіктерінен жасалған есімдіктер: *минеке* (менікі), *синеке* (сенікі), *аныкы* (оныкі), *безнеке* (біздікі), *сезнеке* (сіздікі), *аларныкы* (олардікі).

ә) заттанған с і л т е у есімдіктерінен жасалған есімдіктер: *моныкы* (мүнікі), *шуныкы* (сонікі), т.б.;

б) ж а л п ы л а у есімдіктерінің субстантив формасынан жасалған есімдіктер: *үземнеке* (өзімдікі), *үзенеке* (өзінікі), *барысыныкы* (барлығынікі), *һәммәбезнеке* (баршамыздікі), т.б.;

в) б е л г і с і з д і к есімдіктерінен жасалған есімдіктер: *кемнекедер* (әлдекімдікі), *аллә кемнеке* (әлдекімдікі), *нәрсәнекедер* (бір нәрсенікі), т.б.

г) б о л ы м с ы з д ы қ есімдіктерінен жасалғандары: *һичкемнеке* (ешкімдікі), *беркемнеке* (ешкімдікі), т.б.

Башқұрт тілінің академиялық грамматикаларында мұндай сөздер осылайша тиістілік есімдіктері есебінде қаралады³.

¹ Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. – М.-Л. -1948. – 276стр. – С.109

² Тумашева Д.Г. Хәзерге татар әдәби теле. Морфология. – Казань, 1978. – Б.115.

³ Грамматика современного башкирского литературного языка. – М.- Л., 1948.– С. 109.

Дегенмен есімдіктердің бұл тобы “Татар грамматикасының” II томына кірмеген және бұл татар тіл білімінде зат есімдер мен есімдіктерге жалғанып келе жатқан *-ныкы/-неке* қосымшаларының орны туралы ғылымда түрлі көзқарастардың болуына байланысты болса керек.

Бұл қосымша туралы ғалымдардың пікірі түрлі. Қазіргі грамматикалық зерттеулерде, сондай-ақ мектеп грамматикаларында да *-ныкы/-неке* қосымшасы с өз ж а с а м д ы қ қ о с ы м ш а деп беріледі, яғни ол тиістілік сипаттары (*әнинеке (ананікі), апаныкы (әпкенікі)*, т.б.) және тиістілік есімдіктерін (*минеке (менікі), синеке (сенікі)*, т.б.) жасайды. В.Н. Хангилдин бұл қосымшаның тәуелділікке жақын болуын көрсете отырып, оларды “есімдіктің тәуелдікпен түрленуінің екінші варианты” деп санайды¹. Ал соңғы уақыттағы ғылыми зерттеулерде оны септік қосымшасы, яғни ілік септігінің екінші формасы деп түсіндіру бар².

Дәстүрлі грамматика көзқарасы тұрғысынан, бұл мәселе, шынында да, біршама күрделі. Мағынасы және құрылымдық ерекшелігі жағынан, мәселен, зат есімге және есімдікке жалғанып келген *-ныкы/-неке* қосымшасы тәуелдік қосымшасы болудан бұрын, септікке жақын тұрады. Себебі тәуелдік жалғауы, әдетте, нәрсенің өзіне жалғанады, яғни бір сөз ішінде нәрсенің өзі де, оның қайсы заттікі болуы да білдіріледі: *кітабым (кітабым), кітабың (кітабың)*, т.б. *-ныкы/-неке* қосымшасы нәрсеге емес, оның иесін білдірген сөзге жалғанады: *кітап минеке (кітап менікі), кітап аныкы (кітап онікі)*, т.б. Салыстырыңыз: *аның кітабы (оның кітабы), минем кітабым (менің кітабым)*. Бірақ оның септіктен айырмасы сонда, бұл қосымшаны алған сөздер бұдан кейін де септік, тәуелдік, көптік жалғауларымен түрлене алады: *минеке (менікі), минекенең (менікінің), минекеләрне (менікілерді)*, т.б. Ал септік қосымшалары, жалғану тәртібі бойынша, сөзге ең соңынан жалғанады, өйткені олардың сөйлемде негізгі қызметі – сөздерді байланыстыру. Осыған сәйкес, бұл тұрғыдан да, яғни

¹ Хангильдин В.Н. Татар теле грамматикасы. – Казань, 1978. – 276стр. – Б.140.

² Ирисов Н.И. Генитив в современном татарском литературном языке. – Казань, 1983.

жалғану тәртібі бойынша да бұл қосымшалар сөз жасағыштарға жақын тұрады¹.

Біздің пікірімізше, жоғарыда келтірілген есімдіктердің түрлі топтарына *-ныкы/-неке* қосымшасы жалғанып, жасалған есімдіктерді (минеке, безнеке, шуныкы, һәммесенеке, т.б.) олардың ерекше тобы деп қарастыруға болады. Бірақ мынаны да ескеру қажет, оларды қалай атау мәселесі біраз ойлануды қажет етеді. «Тиістілік есімдіктері» атауындағы тиістілік сөзі мен тәуелдік категориясындағы сол сөз арасында жоғарыда айтылған себептерге байланысты толық ұқсастық болмай жатыр. Тиістілік есімдіктері, шындығында да, нәрсені оның иесі болған заттарға қатысты айтады: *кітап минеке* (кітап менікі), *дәфтәр аныкы* (дәптер онікі), *болар һәммә безнеке* (бұлар бәріміздікі), т.б., бірақ бұл зат есімдердегіше тәуелдеу емес. Соны есепке алып, бізше, есімдіктердің бұл тобын **қ а т ы с т ы қ е с і м д і к т е р** (н и с б ә т л ә ү а л м а ш л ы к л а р ы) деп атау дұрысырақ болар еді².

Қатыстық (тиістілік) есімдіктерінің тілде қолданысына мән берілді. Татар әдеби туындыларында, сондай-ақ фольклор тілінде де мұндай формалар өз алдына жетерлік, жеке лексемаларға ұқсас қалыпта қолданылады³: *Миңнулла абзый, синең фикер? – дип сорады Якуп. – Минем фикерме? Синеке ничек, минеке шулай* (И.Гази) – *Миңнулла аға, сенің пікірің? – деп сұрады Якуп. – Менің пікірім бе? Сенікі қалай, менікі солай.*

Есімдіктердің морфологиялық құрылымы.

Есімдіктер – ерекше сөз табы. Жасалуы бойынша да есімдіктердің түрлі топтары тілдің даму процесінде бірте-бірте пайда болған, олардың жасалуы да, негізінде, есімдік лексикасының өз ішінде болады.

Жасалуына қарай олар **т ү б і р, т у ы н д ы, к ү р д е л і, қ о с а р л а м а және б і р і к к е н** есімдіктер болып бөлінеді.

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.203.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.204.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.204.

Қазақ тіліндегі есімдіктерді А.Ысқақов байырғы түбір есімдіктер мен соңғы кездері қалыптасқан есімдіктер деп екі топқа бөліп қарастырады¹. Алғашқы топқа мен, сен, ол, біз, сіз, қай? кім? не? міне, бұл, осы, сол сияқты тіл дамуының қазіргі деңгейінде бөлшектеп, талдап жатуға келмейтін түбір тұлғалы есімдіктерді, екінші топқа: а) лексикалық жолмен жасалған: бір, бар, біреу, бүкіл, түгел; ә) морфологиялық тәсіл арқылы жасалған: мынау, анау, сонау, барлық, қанша, қандай, нешінші; б) синтаксистік тәсіл арқылы жасалынған: бірдеңе, бірнеше, кейбіреу, әлдеқашан, әлдеқайда, әрбір, ешкім, ешқайсы тәрізді есімдіктерді жатқызады.

Татар тілінде түбіресімдіктер²: *мин, син, ул, шул, кем, ни, ник, кай, үз* – бір буынды; *нәрсә, шушы, теге* – екі буынды. Мәселен: *Тукта, кая барасың? Ник кузгалдың? – дип паровозга таба станция начальнигы йөгереп килә иде инде* (Г.Кутуй) – *Токта, қайда барасың? Неліктен қозғалдың? – деп паровозға қарай станция начальниги жүгіріп келеді енді.*

Туынды есімдіктердің көпшілігі сілтеу есімдіктері негізіне *-дый/-ди, -дыр/-дер, -лай/-ләй* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады³: *андый, мондый, тегенди, нинди, ниндидер, болай, тегеләй, алай*, т.б. Мәселен, *Андый авылларда кызлар чая була торганнар иде* (М.Мәһдиев) – *Ондай ауылдарда қыздар өткір болатын еді. Болай булгач, без Босфорга кадәр дә барып китә алмаячакбыз* (Г.Бәширов) – *Бұлай болса, біз Босфорға да жете алмаймыз. – Юк, алай түгел, анасы... Бу «Кәрван» чәе торып торсын әле... (Ф.Әмирхан) – Жоқ, олай емес, анасы... Бұл «Кәрван» шәй тұра тұрсын әлі...*

Күрделі есімдіктердің жасалуына сұрау есімдіктері және *бер, һәр, һич* сөздері қатысады. Бұл есімдіктердің көбісі қосылып жазылады⁴: *беркем, беркайда, кайбер, һәркем, һәртөрле, һичкайчан,*

¹ Ысқақов. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.209.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.205.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.205.

⁴ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.205.

Һәрқайсы, т.б. Мысалы: *Һичнигә бирешмичә, сыгылмыйча яшәүче, бернинди кыенлыклар алдында да каушап-каушап калмый торган хатын икән Хәят* (М.Хәсәнов) – Ешнәрсе беріспей, қысылмай өмір сүріп келген, ешқандай қиындықтар алдында қаусап қалмай тұрған әйел екен Хәят.

Біріккен есімдіктердің көпшілігі сұрау есімдіктерімен қатысты жасалады: *әллә кем, әллә нәрсә, әллә кайчан, әллә кайда, теләсә кайсы, теләсә нинди, кем дә булса, т.б.* Мысалы: *Әллә каян, даладан яз киле исеп китте һәм Габдулла күзләрен чет-чет йомгалап, күккә карады* (Ә.Фәйзи) – Әлдеқайдан, даладан жаз желі есіп кетті және Габдулла көздерін жыпылықтатып, аспанға қарады. *Кайдадыр әллә нинди шомлы тавыш белән ябалак кычқыра башлады* (Г.Әпсәләмов) – Әлдеқайдан әлдеқандай жұмбақ дауыспен жапалақ бақыра бастады.

Қосарлама есімдіктер. Ерекше жағдайларда есімдіктер қайталанып, қосарланып та қолданылуы мүмкін. Мәселен, белгісіздік немесе болымсыздық есімдігі мағынасында *ул-бу, аны-моны, алай-болай, анда-мондасияқты қосарланып келеді*¹: *Без хәзер аңа эшләгән кйрендә ул-бу булмагае дип, тагын куркуда яшибез* (А.Расих) - Біз қазір оған істеген жерінде ол-бұл болмасын деп, тағы қорқып отырмыз. *Долгоруков Илсәяргә, аны-моны белмәгән кебек, чирәмдә утырып торырга кушты* (Г.Гобәй) – Долгоруков Илсәяргә, оны-мұны білмеген сияқты шөпте отыра тұруға көшті. *Алай-болай булса дип, кесәмә биш кадаклы гер тыккан идем, кирәкмәс йөк кенә булды* (Ф.Хәсни) – Олай-бұлай болса деп, қалтама бес шегелі гip тыққан едім, керексіз жүк болды. Бұл жағдайда *ул-бу, аны-моны, алай-болай сөздері белгісіздік есімдігі мағыналарын білдіреді. Кейбір қосарлама есімдіктер мағына жағынан бөлектеніп, үстеуге айналуы мүмкін: аннан-моннан (оннан-мұннан істеу), үзеннән-үзе (өзінен-өзі түсінікті болу), анда-санда (анда-санда еске алу), т.б.*

Жоғарыда морфологиялық жолмен (конверсия) есімдіктерге көшкен *бер (бір), берәү (біреу), бер-бер (бір-бір), берәр (біреп)*

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.2054.

(белгісіздік есімдіктері), *бар (бар) модаль сөзінен көшкен бары (бәрі), барысы (бәрісі, барлығы), барча (барша), барчасы (баршасы)* (жалпылау есімдігі) және сол мағынадағы *бөтен (бүтін) сөзі белгіленген еді.*

Есімдіктер өз кезегінде осылайша басқа сөз таптары рөлінде, дағдылы болмаған позицияда қолданылуы мүмкін. Мәселен, *ул → шул, шуның, шундый, шулай, андый сілтеу есімдіктері өздері ғана немесе сұрау есімдіктері демеуліктермен бірлікте бағыныңқы құрмалас сөйлемдерде жиі байланыстырушы қызметін атқарады. Мысалы¹: Ни чәчсәң, шуны урырсың (мақал) – Не шашсаң, соны орасың. Кем иген игә – шул кырлап яши, кем сату итә – ул чирләп яши (мақал) – Кім егін ексе – сол жырлап өтеді, кім сату етсе – ол ауырып өтеді. Бәхетле шул баладыр, кайсы дәресенә күңел бирсә... (Г.Тукай) – Қайсыбір дәрістеріне көңіл бөлсе, сол бала бақытты.*

Қазақ және татар тілдеріндегі есімдіктердің жасалуы бойынша салыстырмалы кесте:

Есімлік					
Қазақ тілінде			Татар тілінде		
Тұлғасына қарай	Негізгі	мен, кім, неше, өз, сол	Жасалуына қарай	Түбір (тамыр)	<i>мин, син, ул, шул, кем, ни, ник, кай, үз</i>
	Туынды	біреу, нешінші		Туынды (ясалма)	<i>андый, мондый, тегенди, нинди, ниндидер, болай, тегеләй, алай</i>
Құрамына қарай	Дара	ол, қандай, түгел		Күрделі (кушма)	<i>беркем, беркайда, кайбер, һәркем, һәртөрле, һичкайчан, һәркайсы</i>
	Күрделі	әлдеқалай, бірнеше, ешқашан		Қосарлама (парлы)	<i>ул-бу, аны-моны, алай-болай, анда-монда</i>
			Біріккен (тезмә)	<i>әллә кем, әллә нәрсә, әллә кайчан, теләсә кайсы, теләсә нинди, кем дә бұлса</i>	

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казань, 2006. – Б.205.

§11. Етістік (Фигыль)

Етістік және оның морфологиялық құрылымы.

Етістік – ең күрделі сөз табының бірі. Бұл оның лексика-семантикалық ерекшелігінен, түбір тұлғасы мен оған үстелетін грамматикалық формаларының алуан түрлілігінен, олардың арақатынасынан, грамматикалық категорияларынан, сөзжасам жүйесінен, қолданылу аясынан, сөйлемдегі қызметінен т.с.с. лексика-грамматикалық қасиеттерінен көрінеді.

Етістік деп қимыл-әрекетті, қалып пен күйді білдіретін, етіс, рай, шақ, жақ, сан, болымсыздық категорияларын арнайы морфологиялық тұлғалар жүйесі арқылы білдіре алатын сөз табы аталады¹.

Етістікті есім сөздерден бөліп алып, жеке сөз табы ретінде қарауға негіз болатын оның сөз тудыру тәсілдері, болымды және болымсыз түрлері, сабақты және салт етістік, етіс, сипат (көрініс) категориялары, шақ пен рай, есімше мен көсемше т.б. ерекшеліктері бар². Етістіктің сөз табы ретіндегі ерекшеліктері, ең алдымен, етістіктің түбір тұлғасының лексикалық, грамматикалық сипатына байланысты болып келеді.

Қазіргі қазақ тілінде етістіктің түбір тұлғасы (мейлі ол негізгі немесе туынды түбір болсын) етістіктің кейбір грамматикалық категориясының формаларымен, атап айтқанда, бұйрық райдың 2-жақ анайы тұлғасымен тұрпат, меже тұрғысынан сәйкес келеді. Сондықтан қазақ тілінің грамматикалық құрылым-құрылысына арналған зерттеулерде «етістіктің түбіріне қимылды білдірумен бірге бұйрықтық және 2-жақ анайы жекешелік мағына тән» деп көрсетіледі. Мәселен, Н.Оралбаева: «Бұйрық мағына түбір етістіктің өзінде берілген, сондықтан бұйрықтың қай жаққа қатысын білдіру үшін етістікке тек жіктік жалғау жалғанады» десе, Ә.Төлеуов: «Етістіктің морфологиялық белгілері мынадай: етістіктің түбірі 2-жақтың бұйрық райы болады да, оның басқа

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – Б.137.

² Хасенова А. Етістіктің лексика-грамматикалық сипаты. – Павлодар: С.Торайғыров ат. ПМУ, 2010. – Б.38.

түрлері осы формасына қосымшалар қосылу арқылы жасалады. Яғни оның морфологиялық категориялары бұйрық райдан өрбіп жатады» деген пікір айтады¹. С.Исаев: «Етістіктің түбірі білдіретін мағына – етістіктің барлық басқа тұлғаларында сақталып тұратын қимылды білдіру мағынасы да, ал 2-жақ бұйрықтық мағына етістіктің белгілі сөздермен сөйлемде белгілі бір қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын мағына» дейді². Олай болса, біріншіден, етістіктің түбір тұлғасы мен бұйрық райдың 2-жақ тұлғасы бір емес, олар сыртқы тұрпаты жағынан ғана сәйкес келетін тілдік ерекшелік. Екіншіден, етістік түбірлері тікелей жіктелмейді, етістіктің түбір тұлғасы белгілі бір мағынаны (қимыл) білдіргенімен, түбір күйінде тікелей сөйлем ішінде қолданылмайды, тек етістіктің белгілі грамматикалық тұлғаларымен (есімше, көсемше т.б.) көмкеріліп, оның үстіне жіктеліп, барып жұмсалады³.

Қазақ тіліндегі етістіктерді грамматикалық семантикасына және соған сәйкес қалыптасқан негізгі функциясына қарай А.Ысқақов үшке бөледі⁴:

1. Негізгі лексикалық мағынасын толығымен сақтап, дербес грамматикалық қызметін түгелімен атқаратын түбір етістіктер: аз, айт, ас, аш, бақ, кір, күл т.б.;

2. Негізгі лексикалық мағынасын толық сақтағанымен, басқа жетекші (негізгі) етістікпен тіркескенде, лексикалық мағынасын жартылай не бүтіндей жоғалтатын жәрдемші (әрі жетекші, әрі көмекші) етістіктер: ал, бар, баста, бер, бол, де, ет, жат, жүр т.б.;

3. Тек қана грамматикалық мағынада келіп, бірыңғай көмекші есебінде ғана жұмсалатын етістіктер: е, еді, екен, жазда-, т.б.

Етістіктердің грамматикалық мағынасы мен атқаратын қызметіне қарай толық лексикалық мағына арқалаған негізгі етістіктер (мөстәкыйль: *утыру, эшләү, бару, сөйләү, уку, язу* т.б.) және тек грамматикалық мағынада жұмсалатын көмекші (ярдәмче: *иде, итте, кыл, торган* т.б.) болып бөлінуі татар тілінде де орын алады⁵.

¹ Төлеуов Ә. Сөз таптары. – Алматы, 1982. – Б.72.

² Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. – Б.239.

³ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. – Б.245.

⁴ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.225.

⁵ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 217.

Қазақ тілінде етістік морфологиялық құрлымы жағынан түбір етістік, туынды етістік, күрделі етістікболып үшке, татар тілінде тамыр фиғыль, ясалма фиғыль, кушма фиғыль және тездә фиғыль болып төртке бөлінеді¹.

Түбір етістік ары қарай морфемаларға бөлінбейтін түбір тұлғалы болып келеді. Етістіктің түбір тұлғасы (негізгі тұлғасы) қимылды, іс-әрекетті, процесті білдіреді және ол етістіктің жеке сөз табы ретіндегі жеке тұрғандағы семантикалық белгісі, негізгі жалпы грамматикалық мағынасы, ал бұйрық райдың екінші жағы сол етістіктің сөйлеу процесінде басқа сөздермен қарым-қатынасқа түсудің нәтижесінде пайда болатын, грамматикалық нөлдік форма арқылы көрінетін түрлену мағынасы, яғни категориялық грамматикалық мағынасы болып табылады². Мәселен, қазақ тілінде: кел-, сал-, бас-, бар-, отыр-, жүр- т.б.; татар тілінде: кил-, сал-, бас-, бар-, - утыр-, йөггер- һ.б.

Туынды етістіктер түбір етістіктерден немесе есім негізді сөздерден етістік тудыратын арнайы жұрнақтар арқылы жасалады: қазақ тілінде: ой-ла, сан-а, шат-тан-, бас-та-, киме-, түз-е т.б.; татар тілінде: уй-ла, сан-а, шат-лан-, эшлә-, башла-, аша-, киме-, бае-, югал-, төзал-, һ.б.

Қазақ және татар тілдеріне ортақ етістік тудыратын қосымшалар ретінде төмендегі жұрнақтарды көрсетуге болады:

-ла/-ле-: затесім, сын есім, үстеу және еліктеу сөздерге жалғанады. Қазақ тілінде -ла/-ле-, -да/-де-, -та/-те варианттарында (байла, уқала, ойла, жаула, істе, жаманда, қымта, үрле, быжылда, т.б.), татар тілінде -ла/-ле- (үтүклә, тырмала, китмәнлә, кадакла, сукала, ташла, тешлә, тозла, майла борчыла, агула, пыялала, коймала, түгәрәклә, үткенлә, төркемлә, чуарла, кышла, жәйлә, соңла, буйла, үрлә, яманла, хурла, хөрмәтлә, чыжла, гөрлә, мияула, шартла, дула, выжла, гырла, мырла һ.б.) тұлғаларында көрініс береді.

-лан/-лен-: зат есім, сын есім сөздерге жалғанып етістік тудырады. Қазақ тілінде -лан/-лен-, -дан/-ден-, -тан/-тен варианттарында (мұңдан- ашулан-, дерттен-, шаттан-, өжеттен-,

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 214.

² Қазақ грамматикасы. Фонетика. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. –Астана: Астана полиграфия, 2002. – 496– бет.

шабалан- аттан-, т.б.), татар тілінде -лан-/-лән- (моңлан-, горуурла-, дулкынлан-, кәефлән-, рухлан-, дәртлән-, шатлан-, үжәтлән-, ачулан-, хафалан, миңгерәулән-, мескенлән-, ваклан-, тупаслан-, ялкаулан-, атлан-, тезлән-, өйлән-, чәбәлән-, кабалан-, сырпала-н, өтәлән- һ.б.) тұлғаларында көрініс береді.

-лас/-лес: Қазақ тілінде -лас-/-лес-, -дас-/-дес-, -тас-/-тес- варианттарында (ақылдас-, қастас-, өштес- т.б.), татар тілінде -лаш-/-ләш- (серләш, бәхәсләш, вәгдәләш, хәбәрләш, дошманлаш, душлаш һ.б.) тұлғаларында көрініс береді.

Күрделі етістіктер көсемше, есімше, шартты рай тұлғаларымен көмкерілген негізгі етістіктердің тұр, айт, игі еді, екен т.б. көмекші етістіктердің тіркесуі, я болмаса негізгі етістік түбірлердің -ғы, -гі, -қы, -кі қосымшаларының тәуелденген тұлғасымен көмкеріліп келіп кел көмекші етістігімен тіркесуінен жасалады және бір ғана етістіктің орнына жұмсалады: алдына келтірді, қарсы болды, барса игі еді, айт-қы-сы келді, барғым келген еді т.б.¹ Бұл модель татар тіліндегі кушма және тезмә фиғыль түрінде көрініс беретін күрделі етістіктерге де тән болып келеді: татар тілінде: түбір етістік + түбір және сөз тудырушы қосымшалардан тұратын кушма фиғыль: буй-сын, сау-бул-лаш, һ.б.; екі немесе үш сөзден құралатын тезмә фиғыль: тәэммин ит-, баш ват, қарар қыл-, авыз ит-, аяқ чал-күз алдына китер, игътибар ит, кырт кис һ.б.²

Қазақ және татар тілдеріндегі етістіктің морфологиялық құрылымының салыстырмалы кестесі

Нысана	Қазақ тілінде		Татар тілінде	
Грамматикалық мағынасы мен атқаратын қызметіне қарай	негізгі етістік	<i>ал, бар, бас-та, бер, бол, де, ет, жат, жүр т.б.;</i>	мөстәкыйль	<i>утыру, эшләу, бару, сөйләу, уку, язу һ.б</i>
	көмекші етістік	<i>е-ді, е-кен, жазда-, т.б.</i>	ярдәмче	<i>иде, итте, қыл, торған һ.б.</i>

¹ Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. – Б.247.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 214.

Құрамына қарай	жалаң етістік	<i>аш, бар, бас, бол</i>	тезмә	<i>бар, сөйлә, уку</i>
	күрделі етістік	<i>отыра қал, оқып жібер</i>	кушма және тезмә	<i>қарар қыл-, авыз ит-,</i>
Құрылымына қарай	түбір етістік	<i>тұр, жүр, аш, кел-, сал-, бас-, бар-, отыр-, жүр-, жүгір т.б.;</i>	тамыр фиғыль	<i>кил-, сал-, бас-, бар-, - утыр-, йөггер- һ.б.</i>
	туынды етістік	<i>ойна, баста, ашулан-, дерттен-, шаттан-, ақылдас-, қастас-, қымта, үрле, быжылда</i>	ясалма фиғыль	<i>рухлан-, дәртлән-, шатлан-, коймала-, серләш-, бәхәсләш-, вәгьдәләш-,</i>
	күрделі етістік	<i>алдына келтірді, қарсы болды, барса игі еді, айт-қы-сы келді, барғым келген еді</i>	кушма фиғыль	<i>буй-сын, сау-бул-лаш</i>
тезмә фиғыль			<i>тәэмин ит-, баш ват, күз алдына китер, игьтибар и,</i>	

Етістіктің сөз табы ретіндегі тағы бір ерекшелігі – оның күрделі грамматикалық сипаты мен түрлену тұлғасында. Осы орайда етістіктің грамматикалық категорияларының атқаратын қызметтері мен етістік жүйесіндегі орны ерекше. Жалпы басқа сөз таптарымен салыстырғанда, етістік – грамматикалық категорияларға бай сөз табы.

Етістіктің грамматикалық категорияларының бір-бірінен өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер етістіктің грамматикалық формаларының етістік түбіріне үстейтін мағыналарының табиғатынан, түрлену жүйесінен көрінеді. Осыған сай олар бірнеше топқа бөлініп, қарастырылады. Мәселен, Ғ.Әбуханов етістік категорияларын лексика-семантикалық және грамма-

тикалық деп екі топқа бөліп, лексика-семантикалық категорияларға болымды, болымсыз етістік, көсемше, есімше, салт, сабақты етістік, етіс түрлерін, ал грамматикалық категорияларға етістіктің шақтарын, рай түрлерін жатқызады¹. Ал А.Ысқақов «етістік формаларының жүйесін» төмендегідей бірнеше грамматикалық категорияларға бөледі: 1) етістік негізі; 2) қимыл атауы категориясы; 3) салттылық-сабақтылық категориясы; 4) етіс категориясы; 5) болымдылық және болымсыздық категориясы; 6) амалдың өту сипаты категориясы; 7) есімшелер категориясы; 8) көсемшелер категориясы; 9) рай категориясы; 10) шақ категориясы².

Татар тілінде етістіктің түрлену жүйесіне қатысты: 1) барлық-юклық категориясы (болымдылық және болымсыздық категориясы); 2) зат (жақ) категориясы; 3) наклонение (рай) категориясы; 4) заман (шақ) категориясы; 5) юнәлеш (етіс) категориясы; 6) сыйфат фигыль (есімше) категориясы; 7) хәл фигыль (көсемшел) категориясы аталып көрсетіледі³.

Етістіктің болымды - болымсыз (барлық-юклық) тұлғасы.

Қимыл, іс-әрекеттің іске асу, аспауын етістіктің арнайы грамматикалық амал-тәсілдері арқылы жасалған тұлғалары білдіреді.

Етістік білдіретін іс-әрекеттің болмауы, жүзеге аспауы етістіктің түбірлеріне, етіс тәрізді лексика-грамматикалық категориялардың тұлғаларына қазақ тілінде *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе*, ал татар тілінде *-ма/-мә* қосымшаларының қосылуы арқылы жасалады. Бұл қосымша арқылы тек етістіктің болымсыздық түрі ғана емес, етістіктің болымсыздық категориясы да жасалады⁴.

Етістіктің болымды – болымсыздық (барлық-юклық) категориясы негізінен етістіктің барлық формаларына тән болып келеді. Мысалы, қазақ тілінде: *кел-келме, келді-келмеді, келер-келмес, келсе-келмесе, келу-келмеуі* т.б.; татар тілінде: *бар-барма, барды-бармады, баргач-бармагач, барса-бармаса, бару-бармау*, һ.б.

¹ Әбуханов Ф. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1982. – Б.137–149.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.274.

³ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 229-239.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 511.

Татар тілінде етістіктің кейбір формаларында *-ма/-мә* қосымшасы әдеби тілде фонетикалық жақтан өзгеріске түседі: *бар-а~бар-мый* (*бар-ма-й*); *кил-ә~кил-ми* (*кил-мә-й*).

Болымсыздық мән қазақ тілінде аналитикалық жолмен де беріледі:

1) есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен* тұлғасымен көмкерілген етістікке жоқ модаль сөзінің тіркесуі;

2) есімшенің *-ған, -ген, -қан, -кен; -атын, -етін, -йтын, -йтін; -ар, -ер, -р; -мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек* тұлғалары жалғанған етістіктерге емес көмекші етістігінің тіркесуі.

Қазақ және татар тілдерінде етістік тұлғаларынан ажырап (изоцияланып) есімге айналған сөздер әдетте етістіктің грамматикалық белгілерін жоғалтып, есімдер тәрізді түрлене бастайды. Грамматикалық тұрғыдан бұл өзгеріс ең алдымен болымды-болымсыздық категориясында түгіл /түгел сөзмен тіркескен етістіктерде айқын көрініс береді. Мысалы:

Қазақ тілінде		Татар тілінде	
Етістік	Есім	Фигыль	Исем
жазу-жазбау	жазбақ түгіл	язу – язмау	язу түгел
бояу -бояму	боямақ түгіл	буяу – буямау	буяу түгел
өлшеу -өлшемеу	өлшемек түгіл	үлчәү – үлчәм- әү	үлчәү түгел
көру -көрмеу	көрмек түгіл	күру-күрмәу	күргән түгел
<i>бару- бармау</i>	бармақ түгіл	бару- бармау	барачак түгел.

Етістіктің жақ категориясы (фигыльдын зат категориясе).

Жақ категориясы іс-әрекеттің, қимылдың кімге, қай жаққа қатысты екенін білдіреді. Мұнда іс-әрекеттің белгілі бір жаққа қатысын арнайы грамматикалық формалар білдіреді.

Жақ категориясы мен жіктелу ұғымын бір деп қарауға болмайды. Сөздің жіктелуі оның грамматикалық үш жақтың әрқайсысына тән жіктік жалғауын қабылдауы арқылы объектінің субъектіге қатысын айқындайды және сөйлем мүшелерінің син-

таксистік қарам-қатынасқа түсуін қамтамасыз етеді¹. Жаққа қатысты үш түрлі модификациямен берілетін жіктік категориясымен зат есімдер, субстантивтенген басқа да сөз таптары және етістіктер түрленеді. Бірақ олардың жіктелу жүйесіндегі басты айырмашылықтары – жіктік жалғауларын тікелей немесе қосымшадан соң қабылдауында. Есім сөздердің жіктелуі етістікке қарағанда өзгешелеу болады. Жіктік жалғау есім сөздерге тікелей жалғанатын болса, етістік жүйесінде қалып етістіктерінен басқа етістіктердің түбіріне тікелей жалғана алмайды.

Қазақ тіл білімінде жақтық мағына мен жіктік жалғауының арақатынасы жөнінде әртүрлі пікірлер бар. Мәселен, Ы. Маманов жіктік жалғауының өзі жалғанған сөзге тек жақтық мағына ғана үстейтіндігін, яғни предикативтік рең беретінін айтса², А. Ысқақов: «етістік формаларына қосылатын жіктік жалғаулардың қосымшалары тек жақ көрсеткіштері ғана емес, құрамдарына сандық көрсеткіштерді де бөлінбейтін компонент етіп алуы – олардың шақтық мәнді білдіруге қатысы барын айғақтайды» - дейді³. Жіктік жалғауы субъектімен қиыса байланысып, ойды тұжырымдап, сөйлемді аяқтап тұратындықтан баяндауыш қосымшасы немесе баяндауыш категориясының тұлғасы деп аталады⁴.

Қазақ тіліндегі жіктік жалғауларының шығу тегі мен қалыптасу тарихын зерттеушілер жіктеу есімдіктерімен байланыстырып, *-мын/-мін, -бын/-бін, -пын/-пін* жіктік жалғаулары мен есімдігіне, *-сың/-сің* жалғаулары сен есімдігіне, *-сыз/-сіз* тұлғалары сіз есімдігіне, *-мыз/-міз, -пыз/-піз, -быз/-біз* тұлғалары біз есімдігіне, *-сындар/-сіңдер, -сыздар/-сіздер* тұлғалары көптіктің *-дар/-дер* көрсеткішімен түрленген сен және сіз есімдіктеріне барып саятынын айтады. Ал жіктік жалғауларының екінші түрі *-м, -ң, -ңыз/-ңіз* тұлғаларын *бара-мын* дегеннің сөйлеу тілінде *бара-м* болып ықшамдалатыны тәрізді жіктік жалғауларының дыбыстық өзгерістерге ұшыраған түрі деп көрсетеді⁵.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – 448– бет.

² Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 71.

³ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 346.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 520.

⁵ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 522.

Қазақ тілінде етістіктің жіктелісі төрт түрлі болып келеді¹:

1. Етістіктің есімше тұлғалы түрі (-ған/ -ген/-қан/-кен, -атын/-етін/-йтін/ -йтін, -ар/-ер, -р, -мақ/-мек/-бақ/-бек/-пақ/-пек және отыр, тұр, жүр, жатыр, -уда/-уде) есім сөздерше жіктеледі: 1-жақ жекеше –мын/-мін, -пын/-пін, көпше –мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз; 2-жақ анайы жекеше -сың/-сің, көпше -сыңдар/-сіңдер, сыпайы түрі жекешеді -сыз/-сіз, көпшеде -сыздар/-сіздер; 3-жақта арнайы жалғау жоқ.

2. Етістіктің көсемше тұлғалы түрі (-а, -е, -й және -ып/-іп, -п) 1-және 2-жақтарда есімдерше жіктеледі де, 3-жақта арнайы -ды/-ді, -ты/-ті деген жалғауы болады.

3. Етістіктің шартты рай (-са/-се) және жедел өткен шақ (-ды/-ді, -ты/-ті) тұлғалы түрлері ықшамдалғандалған қосымшалар жалғану арқылы жіктеледі: 1-жақ жекеше -м, көпше -к/-қ; 2-жақ анайы түрі жекешеді -ң, көпшеде -ңдар/-ңдер, сыпайы түрі жекешеді -ңыз/-ңіз, көпшеде -ңыздар/-ңіздер; 3-жақта арнайы жалғау жоқ.

4. Етістіктің бұйрық рай тұлғасының жіктелуі төртінші түр болып саналады.

С.Исаев қазақ тілінде етістіктің ерекше жіктелетін бесінші түрі ретінде қалау рай тұлғасын көрсетеді де, қалау рай тұлғасының тәуелдік жалғау арқылы жаққа жіктеліп, қимыл, іс әрекет иесі, жақ иесі атау тұлғада емес, ілік септігінде тұратынын айтады².

Татар тілінде жақ пен жіктік категориясы біртұтасып келіп, етістіктің зат категориясын қалыптастырады және оның үш түрлі структуралық типі көрсетіледі³.

Етістіктің жаққа қатысты жіктік жалғауларын қабылдап түрленуінің қазақ және татар тілдеріндегі салыстырмалы сипаты төмендегідей болып келеді:

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 524 –525.

² Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. – Б. 314.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 221.

I (тура түрлену)				
Жақ	Қазақ тілінде		Татар тілінде	
	жекеше	көпше	Берлек	Күплек
I	-мын/-мін, -пын/-пін	-мыз/-міз, -быз/-біз, -пыз/-піз;	-мын/-мен	-быз/-без
II	-сың/-сің, сыпайы түрі: -сыз/-сіз,	-сыңдар/-сіндер; сыпайы түрі: -сыздар/-сіздер;	-сың/-сең	-сыз/-сез
III	-Ø	Ø	Ø	-лар/-ләр.
II (қысқа түрлену)				
Жақ	Қазақ тілінде		Татар тілінде	
	жекеше	көпше	Берлек	Күплек
I	-м	-к/-қ;	-м	-к
II	-ң сыпайы түрі: -ңыз/-ңіз,	-ңдар/-ңдер, сыпайы түрі: -ңыздар/-ңіздер;	-ң	ғыз/-ғез
III	Ø	Ø	Ø	-лар/-ләр
Бұйрық райдың түрленуі				
Бұйрық рай II, III жақта ғана қолданылады. Себебі I жақ өзіне өзі бұйрық бере алмайды.				
II	- Ø	-ыңдар/-іңдер сыпайы түрі: -ңыздар/ -ңіздер;	Ø	-ығыз/-егез, -ғыз/-ғез
III	-сын/-сін	-сын/-сін	-сын/-сен	-сыннар/ сеннәр.

Етістіктің етіс (юнәлеш) категориясы.

Етіс – қимыл, іс-әрекеттің субъекті мен объекті арасындағы әртүрлі қатынасты білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы жасалатын семантикалық–синтаксистік сипаттағы етістік

категориясы¹. Етістің негізгі қызметі іс-әрекеттің қимыл иесі мен істелетін іске қатысын айқындау. Етістер қызметі мен мағынасына орай төрт түрге бөлінеді: өздік етіс, өзгелік етіс, ырықсыз етіс, ортақ етіс. Түркі тілдерінің басым көпшілігінде етіс негізгі, өздік, өзгелік етіс, ырықсыз, ортақ болып беске бөлінеді.

Негізгі етіс/Төп юнәлеш. Етістіктің лексикалық негізімен бірдей түсіп жататын және оның нәлдік формасы ретінде көрініс беретін негізгі етістің етістік категориясындағы жетекші рөліне түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасында айрықша мән беріледі: «В ней прежде всего и главным образом функционирует любой глагол как часть речи, имплицитно выражая соотнесенность обозначаемого им действия или состояния с подлежащим, которое в глаголах активного действия совпадает с реальным субъектом, а в глаголах состояния олицетворяет носителя данного состояния. ... Остальные залого исторически и по своему существу представляют собой трансформацию и модификацию основного залога по дифференцированному выражению субъективных отношений в рамках самого глагола с помощью специальных аффиксов»².

Өздік етіс/Кайтым юнәлеш етістіктің негізіне қазақ тілінде *-ын, -ін, -н*, татар тілінде *-ын, -н, -ен* жұрнақтарының қосылуы арқылы жасалып, қимылдың іс-әрекет иесіне тікелей бағытталғанын, қатыстылығын білдіреді. Басқаша айтқанда өздік етісісті, қимылды істеушінің басқа біреу арқылы емес, тікелей өзі жүзеге асырғанын немесе жүзеге асыратынын көрсетеді. Өздік етістің жасалуы кей жағдайда шұғыл түрде өтетін семантикалық жылжулармен, сөз тудырушы түбір-негіздің бастапқы лексикалық мағынасының сапалық тұрғыдан өзгеріске түсуімен қатар жүріледі³. Мысалы: көне түрк. *bürün-*, қаз. *bürken-*, тат. *bürkän-* «бүркену, орану» < *bür* «бүру, тарту, созу»; тат., қаз. *jasan-* «жасану» < *jasa-* «істеу, жасау»; тат. *čišen-*, қаз. *šešin-* «шешіну» < *čiš-/šeš-/tiš-* «пешу, ағыту, босату» т.б.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 507.

² Сравнительно– историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.269.

³ Сравнительно– историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.296.

Өзгелік етіс/Йөкләтү юнәлеш қазақ тілінде *-т; -ғыз/ -гиз, -қыз/-киз; -дыр/ -дир, -тыр/ -тир; -ыр, -і*, татар тілінде *-дыр/-тыр/-тер, -т, -ер/-р, -гер/-қыр/-кер* жұрнақтарының көмегімен жасалып, іс-әрекеттің басқа біреу арқылы істелгенін білдіреді. Өзгелік етістің *-qiz-/kiz-/γiz-/giz-/quz-/ku-z/-γuz-/gúz- > -k (°)z-* және *-qar-/kär-/qir-/ker- > -k (°)r-* қосымшалары қазіргі түркі тілдерін тұтастай қамтиды деуге болады. Өзгелік етістің бұл жұрнақтары қарлұқ және қыпшақ тобы тілдерінде жаппай, оғыз тобына жататын тілдерде сирек, солтүстік-батыс түркі тілдерінде ішінара хақ. *-qiz-* және *-qir-*, сары ұйғ. *-qir-*, тува *-qiz-*, як. *-ïar-(<*-gar-)* кездеседі. Мысалы: қаз. *jetkiz-*, қырғ. *jetkiz-* *> et- ~ jet* «жету»; өзб. *kijrgijz-*, қаз. *kirgiz-*, қырғ. *kirgiz-* *> kir-* «кіру»; қаз. *sojğiz-*, қырғ. *sojguz-*, өзб. *süjguz* *> soj-* «сою»; қаз. *jazğir-*, қырғ. *jazgir-* *> jaz-* «жазу, жаңылу»; қаз. *azğir-* (*azdir-*), қырғ. *azgir-* (*azdir-*) *> az-* «азғындау, тура жолдан таю» т.б.

Ырықсыз етіс/Төшем юнәлеш етістіктің негізіне қазақ тілінде *-ыл, -іл, -л; -ын, -ін, -н* қосымшасының, ал татар тілінде *-ыл, -ел, -л* жұрнағының қосылуы арқылы жасалып, іс-әрекет, қимыл өздігінен істелгендігіндей мән тудырады. Мұнда істің, қимылдың нағыз иесі – субъект көбінесе нақты көрсетілмейді, бірақ оның тасада тұрғаны айқын сезіледі. Ырықсыз етістің *-л* қосымшасы көне тұлға болып саналатын болса, *-н* тұлғасының фонетикалық шартты қолданысы, яғни якут, қазақ, түрік сияқты жекелеген қазіргі түркі тілдерінде, сондай-ақ кейбір жазба ескерткіштер тілінде кездесуі оның диссимиляцияға қатысты алломорф ретіндегі екіншілік тегін көрсетеді. Мысалы: көне түрк. *alın-* «алыну» *> al-* «алу», *başlan-* «басталу» *> başla-* «бастау», *itil-* «жетілу, өсу» *> it-* «итеру», *üzäl-* «өлу, үзіліп кету» *> üz-* «үзу, жұлу»; қаз. *kijin-*, түрік. *gijin-* «киіну» *> kij-/gij-* «кию», қаз., тат., ұйғ. *šayıl-* «шағылысу (күнге)» *> šaq-* «ұшқын шығару»; қаз. *šešil-*, башқ. *sisel-* «шешілу» *> šeš-/sis-* «шешу, ағыту» т.б.

Ортақ етіс/ Уртақлық юнәлеш. Ортақ етіс қазақ тілінде *-ыс, -іс, -с*, ал татар тілінде *-ш, -ыш, -еш* жұрнақтарының көмегімен жасалып, екі немесе онан да көп субъектілердің бірлесіп жасаған іс-әрекет, қимылын білдіреді. Түркі тілдерінің түтеліне жуығында екі немесе онан да көп субъектілердің бірлесіп жасаған іс-әрекетін, қимыл-қозғалысты білдіруде бір-бірімен тығыз сабақтастықтағы

ортақ және біргелік етістердің *-ш, -ыш, -іш, -ұш, -үш* [- (i/i, u/ü)š] және *-ыс, -іс, -с*[- (i/i)s] жұрнақтары қолданылады. Түркологиялық әдебиеттерде *-š*- түрік, түркімен, гагауыз, өзбек, ұйғыр тілдерінде және ертеректегі жазба ескерткіштер тілінде сақталған көне тұлға ретінде көрсетіледі де, ал оның басқа алломорфтары таңдай алды (i/i, u/ü, e) және ерін дауыстылардың (башқ. *e > ø, y > ø*) үндесуіне негізделген варианттылық, я болмаса олардың кеңеюі (мәселен, әзерб. *-aš < -iš < *-uš, - aš < -iš < *-üš*; башқ. *-laš/ -läš, қаз. -las/ -les (-la/ -le + -š/ -s)*, кей жағдайларда, айталық, **š > s* (қаз., ққалп, ноғ., сал. хак., яқ. т.б.) *> h* (яқ. **š > тув. z*) тәрізді фонеморфологиялық дамудың нәтижесі ретінде түсіндіріледі.

Қазақ және татар тілдеріндегі етіс категориясы					
Етіс түрлері	Қазақ тілінде		Татар тілінде		
Өздік етіс	<i>-ын, -ін, -н</i>	киінді, тараңды, мақтанды	Кайтым юнәлеш	<i>-ын, -н, -ен</i>	ю-юын, бизә-бизән, сөрт-сөртен
Ырықсыз етіс	<i>-ыл, -іл, -л; -ын, -ін, -н</i>	басталды, жазылды, тазалаңды	Төшем юнәлеш	<i>-ыл, -ел, -л</i>	кара-карал, ки-киелү, бизә-бизәлү
Ортақ етіс	<i>-ыс, -іс, -с</i>	құшақтасты, отырысты, жууысты	Уртақлык юнәлеш	<i>-ш, -ыш, -еш</i>	эшлә-эшләшү, ю-юышу
Өзгелік етіс	<i>-т; -ғыз, -гіз, -қыз, -кіз; -дыр, -дір, -тыр, -тір; -ыр, -ір</i>	оқытты, кіргізді, жуындырды	Йөкләтү юнәлеш	<i>-дыр, -тыр, -тер, -т, -ер, -р, -гер, -кыр, -кер, -гец</i>	бир-бирдер, сал-салдыр, төрт-төрт-тер, үс-үстер, -мен-менкер
Негізгі етіс	Ø	сөйлеу пісу (ас), оқу, тоқу	Төп юнәлеш		укучы укый, әни ашпешерә

Етістіктің рай категориясы/ Наклонение категориясе.

Етістіктің рай категориясының негізінде қимыл-әрекеттің шындыққа қатысы, қимыл мен субъекті арасындағы байланыс ерекшелігінің сөйлеуші (яки айтушы) тарапынан бағалануы және сол байланыстың жүзеге асу, аспауына сөйлеушінің қатысын білдіретін модальдық мән-мағына жатады. Басқаша айтқанда модальдық мән-мағына туғызатын етістік тұлғаларының жүйесі рай категориясын құрайды.

Рай категориясының мазмұны: 1) ашық рай формаларының іс-әрекет жайлы хабарды білдіруінен, яғни фактіні констатациялаудан; 2) қалау, шарты рай формалары арқылы істің істелу мүмкіндігінің, орындалу деңгейінің көрсетілуінен; 3) бұйрық, қалау, кейде ашық рай формалары арқылы істің орындалуы немесе орындалмауы жайлы тілек, өтініш, ұйғарым, бұйрық мәндердің берілуінен құралады. Рай формалары модальдық мән-мағынаны мезгіл, шақ, жақ ұғымдарымен ұштастыра отырып білдіреді¹.

Түркі тілдерінде бұйрық райдың негізгі түріне II жақ жатқызылады. Бұйрықтың берілу сипатына қарай 1-жақ жекешеді әр алуан варианттағы қалау райдың *-qaj/-γaj* тұлғасы және жіктеу есімдігіне барып саятын *-mīn~-tan* («мен») қосымшасынан құралған күрделі жұрнақ **-qaj-mīn (~tan)/*-γaj-mīn (~tan)*, ал көпшеде қалау райдың *-qaj/-kej/-γaj/gej* тұлғасы мен көптік мәнді *-liq /-lik* жұрнағынан тұратын құранды **-γaj-liq* қосымшалары қолданылады.

Қазақ тіліндегі рай категориясына «сөйлеуші лебізінің я сөйлеуші пікірінің ақиқат шындыққа қатысын білдіретін тілдегі тиісті фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тәсілдер арқылы берілетін модальдік (рай) категориясы» немесе «модальдік категориясының етістік формалары арқылы берілетін амалтәсілдерінің жүйесі» деп келетін анықтамалар беріледі². Демек рай категориясының негізін модальдық мән мен мағына туғызатын етістік тұлғаларының жүйесі құрайды.

¹ Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992. – Б.152– 153.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 322.

Рай формалары модальдық мәнді мезгіл және шақ жайлы ұғыммен ұштастыру қызметін атқарады. Модальдық мән субъективтік (яғни айтушының іске қатынасын білдіруі), объективтік (жай хабарлау) жағдайлардың өткені мен болашақтағы істі растау, қостау немесе жоққа шығаруға қатысты болып келеді. Рай категориясы модальдық мән мен шақ формаларының бірлесіп келуі арқылы сипатталатын іс әрекеттің астарында объективтік және субъективтік мәнерлеудің жатуына негізделеді. Объективтік мәнердің басым болуы субъективтік мәннің бәсең болуына, ал рай тұлғасында субъективтік мәннің басым болуы объективтік мәндердің әлсізденуіне байланысты болады.

Модальдық мәндерді білдіру дәрежесі тұрғысынан рай түрлері бірыңғай болып келмейді. Мәселен, ашық райдың модальдық мәндерді білдіру дәрежесі райдың басқа түрлерінен нөлдік тұлға болуымен, аффикстердің бірінен кейін бірі қабаттасып келуімен ерекшеленеді. Сол сияқты басқа рай түрлерінен бұйрық райдың ерекшелігі сол, ол қимылдың өзін білдірмейді, оны орындауға қозғаушы болады. Ол әрекет өтініш, бұйрық, тыңдаушының еркінен тыс көтермелеу түрінде болып келуі мүмкін.

Рай категориясының мазмұны мынадай бөліктерден тұрады: 1) іс жайлы хабар (фактіні констатация жасау) ашық рай формалары арқылы беріледі; 2) істің істелу мүмкіндігін, оның орындалу дәрежесін қалау, шартты рай формалары білдіреді; 3) істің орындалу, орындалмауы жайлы тілек, өтініш, ұйғарым, бұйрық мәндерді бұйрық, қалау, кейде ашық рай тұлғалары білдіреді.

Қазақ тіл білімінде райдың түрлері жөніндегі көзқарастар әртарап болып келеді. Мәселен, А.Байтұрсынов оның 14 түрін¹, Ғ.Әбуханов бес түрін², Ы.Маманов 6 түрін³ көрсетеді.

Қазіргі қазақ тілінде райдың ашық, бұйрық, қалау, шартты рай тәрізді 4 түрі аталатын болса, татар тілінде боерык фигыль, тиләк фигыль, шарт фигыль негізгі 3 түрі көрсетіледі. Әрбір рай түрінің жасалу жолы, грамматикалық тұлғасы, өзіндік ерекшеліктері

¹ Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 234.

² Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1982. – Б. 156.

³ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 194.

бар. Мәселен, ашық райдың арнайы грамматикалық формалары жоқ, ол белгілі бір шаққа қатысты қимыл-әрекетті білдіреді. Ал бұйрық, қалау, шартты райлар қимылға, іс-әрекетке қатысты белгілі бір грамматикалық мағынаны арнайы грамматикалық тұлғалар арқылы білдіреді. Бұл орайда, әсіресе бұйрықтық, шарттылық мағыналардың белгілі бір жаққа қатысын анықтауда жіктік жалғаулары ерекше қызмет атқарады.

Ашық рай – сөйлеушінің қимылдың болу-болмауы туралы объективтік шындықты баяндауын көрсететін етістіктің арнайы формасы. Ашық райдың басқа райларға қарағанда шақтық мағынасы ашық, айқын көрініп тұрады¹. Ашық рай қимыл, іс-әрекет үш шақтың (осы шақ, келер шақ, өткен шақ) бірін білдіреді.

Бұйрық рай (Боерык фигыль) сөйлеушінің тыңдаушыға немесе тыңдаушы арқылы бөгде біреуге (III-жаққа) қаратылып, бұйыра, өтіне айтылатын, өзіне (I-жаққа) байланысты қимылға, іс-әрекетке қозғау салу, ниет мәнін білдіріп, белгілі қосымшалар жүйесі арқылы берілетін рай түрі болып табылады². Екі тілде де бұйрық рай бұйрықтық мағынаны білдіреді. Бұйрық мән әсіресе II жақта айқын сезіледі, III-жақта бұйрықтан гөрі өтініш немесе тілек мән, ал I-жақта ниет пен тілек мән басым болады.

Қалау рай (Тиләк фигыль).

Рай категориясының ішінде бірнеше жолмен жасалатын категорияның бірі қалау рай болып табылады. Жалпы қалау рай «сөйлеушінің қимыл-іс-әрекетті орындауға я орындамауға деген қалауын, ниет, ынтасын»³, «сөйлеушінің әлі жүзеге аспаған немесе келешекте болуы ықтимал іс-қимылын білдіреді»⁴.

Екі тілдегі қалауды білдіретін формаларды құрамына қарай жалаң және күрделі деп екіге бөліп қарастыруға болады. Қалау рай мәнін бірғана қосымша арқылы білдіретін тұлғалар жалаң болады.

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 95 – 96.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 513.

³ Қазақ грамматикасы. – Астана: «Астана полиграфия», 2002. – Б. 514.

⁴ Омарбеков С. Қалау рай және оның кейбір түрлері жөнінде. // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Филология және өнертану сериясы. 1960, № 1 (14). – Б. 14.

Қазақ тілінде қалау мәнді *-ғай/-гей; -са/ -се* жұрнақтары беретін болса, татар тілінде қалау рай етістіктің негізіне (фигыль нигезе) + *-ый/-и* қосымшалары жалғану арқылы жасалады: барыйм, күрим, әйтим, карыйм, һ.б.

Қалау мәнді күрделі құрылымдар қазақ тілінде *-ғы/-гікел; -айын/-ейін де; -мақ (шы) бол; -са/-се еді/екен/игі еді*, татар тілінде *-асы иде, -асы килә, -са иде, -сын иде, -ырга иде, -ыр иде* тұлғаларының көмегімен жасалады.

Қазақ тіліндегі қалау рай мағынасына қарай екіге бөлінеді: а) ерікті қалау рай; ә) тілекті қалау рай¹. Ерікті қалау рай негізгі етістікке *-ғы/-гі, -қы/-кі* қосымшалары жалғанып, жаққа қарай тәуелденген соң кел көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Менің барғым келеді.	Біздің барғымыз келеді.
II	Сенің барғың келеді. Сіздің барғыңыз келеді.	Сендердің барғыларың келеді. Сіздердің барғыларыңыз келеді.
III	Оның барғысы келеді.	Олардың барғысы келеді.

Қазақ тіліндегі тілекті қалау рай етістік түбіріне *-ғай/-гей, -қай/-кей* қосымшасының жалғануы арқылы жасалады. М.Томанов *-ғай/-гей, -қай/-кей* тұлғаларын түркі тілдерінде кең таралған, жалпытүркілік қалау рай тұлғасы деп, ал оның дыбыстық варианттары ретінде тілек, қалау мәнді *-ай/-ый* және *-алы* қосымшаларын көрсетеді: барайын, баралық, барайық².

Тілек мәнді қалау рай кейде *-ғай/-гей, -қай/-кей* қосымшасы жалғанған етістіктен кейін еді көмекші етістігінің тіркесуі арқылы жасалады. Мысалы:

¹ Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 96.

² Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – Б. 155–156.

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен оқығаймын (оқығай едім).	Біз оқығаймыз (оқығай едік).
II	Сен оқығайсың (оқығай едің). Сіз оқығайсыз (оқығай едіңіз).	Сендер оқығайсыңдар (оқығай едіңдер). Сіздер оқығайсыздар (оқығай едіңіздер).
III	Ол оқығай (оқығай еді).	Олар оқығай (оқығай еді).

Қазіргі қазақ тілінде шартты рай жалғауы жалаң күйінде (-са, -се) шарт білдірумен қатар тілек, арман, мақсат сияқты модальдылық мән де білдіреді: *солай болса, жаз келсе*. Шартты рай тұлғалы етістікке игі еді, игі екен, екен сөздерінің тіркесуі арқылы да тілекті қалау рай жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен алсам игі еді, барсам игі екен, кездессем екен.	Біз алсақ игі еді, барсақ игі екен, кездессек екен.
II	Сен алсаң игі еді, барсаң игі екен, кездесең екен. Сіз алсаңыз игі еді, барсаңыз игі екен, кездесеңіз екен.	Сендер алсаңдар игі еді, барсаңдар игі екен, кездесеңдер екен. Сіздер алсаңыздар игі еді, барсаңыздар игі екен, кездесеңіздер екен.
III	Ол алса игі еді, барса игі екен, кездесе екен.	Олар алса игі еді, барса игі екен, кездесе екен.

Шартты рай (Шарт фигыль) – іс-әрекеттің болу, болмау, орындалу, орындалмау мүмкіндігін, шартын білдіреді. Екі тілде шартты рай тұлғалары бір-бірімен толық сәйкеседі: қазақ тілінде: *-са/-се*, татар тілінде: *-са, -се/-са, -сә*.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 514.

Қазақ тілінде шарт тұлғасына -шы/-ші қосымшасы жалғанып, сөйлеушінің бұйрық аралас тілек пен қалауын білдіреді: отырсамшы, отырсаңшы (отырсайшы), отырсаңызшы, отырсашы, отырсақшы, отырсаңдаршы, отырсаңыздаршы, отырсашы.

Қазақ тілінде шартты райлы етістік жіктелген соң ғой, еді, екен, етті сияқты көмекші сөздермен де тіркесіп, сөйлеушінің тілегін, өтінішін, ниетін де білдіре алады: қар жауса ғой, шықсаңыз етті, істесе екен т.б.

Қазақ және татар тілдеріндегі рай категориясының салыстырмалы сипаттамасының кестеде көрсетілуі

Жақ	Қазақ тілінде	Татар тілінде
Бұйрық рай/ Боерык фигыль		
I жекеше /берлек	-айын, -ейін, -йын, -йін; Мен отыр-айын.	Ø
II	Ø Сен отыр. -ыңыз, -іңіз, -ңыз, -ңіз; Сіз отыр-ыңыз.	Син бар, кил!
III	-сын, -сін Ол отыр-сын.	-сын, -сен Ул бар-сын, кил-сен
I көпше/күплек	-айық, -ейік, -йық, -йік; Біз отыр-айық.	Ø
II	-ыңдар, -іңдер, -ңдар, -ңдер; -ыңыздар, -іңіз- дер, -ңыздар, -ңіздер; Сендер отыр-ыңдар. Сіздер отыр-ыңыздар.	-ығыз, -егез Сезбар-ығыз, кил-егез
III	-сын, -сін. Олар отыр- сын.	-сыннар, -сеннәр Алар бар-сыннар, кил-сеннәр
Қалау рай/ Теләк фигыль		
	Етістік негізі + -ғы/ -гі/ -қы/-кі+тәуелдік ж. + кел көм.етістік: барғым келді, ішкім келді, барса игі еді т.б.	фигыль нигезе + -ый/-и кушымчары ялғанып ясала: барыйм, күрим, әйтим, карыйм һ.б

Шартты рай/ Шарт фигыль		
Шарты рай қазақ тілінде етістіктің негізіне -са-се, ал татар тілінде -са/-сәқосымшаларының жалғануы арқылы жасалып, жіктік жалғауы арқылы жаққа қатысты түрленеді: етістіктің негізі + -са, -се/-са, -сә + ж.ж		
I жекеше/берлек	-са/-се бар-са-м, кел-се-м	-са/-сә бар-са - м, кил-сә-м
II	бар-са-ң, кел-се-ң	бар-са-ң, кил-сә-ң
III	бар-са, кел-се	бар-са, кил-сә
I көпше/күплек	бар-са-қ, кел-се-к	бар-са-қ, кил-сә-к
II	бар-са-ңдар, кел-се-ң-дер бар-са-ңыз-дар, кел-се-ңіз-дер	бар-са-ғыз, кил-сә-гез
III	бар-са, кел-се	бар-са-лар, кил-сә-ләр

Етістіктің шақ категориясы / Заман категориясе.

Етістікті басқа сөз таптарынан ерекшелендіретін негізгі категориялардың бірі – шақ категориясы. Шақ категориясы – мазмұны мен тұлғасы әбден орныққан категориялардың бірі.

Шақ грамматикалық категория ретінде қимыл, іс-әрекеттің белгілі бір уақытқа, мезгілге қатысын білдіреді. Қимыл мен оның жасалу уақыты арасындағы қарым-қатынас шақ категориясының негізгі түрлері арқылы анықталады.

Сөйлеп тұрған сәтке байланысты қимылдың болу мезгілі үш түрлі болады: сол сәтте болып жатқан қимылды осы шақ, әлі болмаған, бірақ кейін болатын қимылды келер шақ, сөйлеп тұрған сәттен бұрын болып өткен қимылды өткен шақ білдіреді¹. Ал жақтық мағына шақ көрсеткіші жалғанған етістіктің жіктелуі арқылы беріледі.

Қазақ және татар тілдерінде шақ категориясы шақтық мағынасына қарай осы шақ (хәзерге заман), өткен шақ (үткін заман), келер шақ (киләчәк заман) болып үшке бөлінеді. Шақтық мағынада етістіктер жаққа, жекеше-көпшеге, етіс тұлғаларына, жіктік жалғауларын қабылдауларына қатысты түрленеді.

Осы шақ (хәзерге заман) – қимылдың, іс әрекеттің сөйлеу

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 515.

барысында болып жатқанын, өтіп жатқанын білдіреді. Осы шақтағы етістіктер әрдайым қайталанып тұратын дағдылы іс-әрекетті де білдіру үшін жұмсалады¹. Қазақ тіліндегі осы шақ мағынасына қарай нақ осы шақ және ауыспалы осы шақ болып екіге бөлінеді.

Нақ осы шақ.

Нақ осы шақ сөйлеу кезінде болып жатқан іс- қимылды білдіреді. Қазақ тілінде құрамына қарай жалаң және күрделі болып екіге бөлінеді. Нақ осы шақтың жалаң түрі отыр, жүр, жатыр, тұр қалып етістіктерінің жіктелуі арқылы жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен отырмын, жүрмін, жатырмын, тұрмын.	Біз отырмыз, жүрміз, жатырмыз, тұрмыз.
II	Сен отырсың, жүрсің, жатырсың, тұрсың. Сіз отырсыз, жүрсіз, жатырсыз, тұрсыз.	Сендер отырсыңдар, жүрсіңдер, жатырсыңдар, тұрсыңдар. Сіздер отырсыздар, жүрсіздер, жатырсыздар, тұрсыздар.
III	Ол отыр, жүр, жатыр, тұр.	Олар отыр, жүр, жатыр, тұр.

Етістіктің болымсыз түрі *-ған/-ген* есімше тұлғалы қалып етістіктерінің жоқ сөзімен тіркесуі арқылы жасалады. Жіктік жалғауы жоқ сөзіне жалғанады:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқпын.	Біз отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқпыз.
II	Сен отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқсың. Сіз отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқсыз.	Сендер отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқсыңдар. Сіздер отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқсыздар.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 517.

III	Ол отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқ.	Олар отырған / жүрген / жатқан / тұрған жоқ.
-----	--	--

Қазақ тілінде нақ осы шақтың күрделі түрі көсемшенің *-а, -е, -й, -ып/ -іп, -п* тұлғасында келген етістік пен отыр, жүр, жатыр, тұр қалып етістіктерінің тіркесуінен жасалады. Мұнда жіктік жалғау қалып етістіктерінен кейін жалғанады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен оқып отырмын / жүрмін / жатырмын / тұрмын.	Біз оқып отырмыз / жүрміз / жатырмыз / тұрмыз.
II	Сен оқып отырсың / жүрсің / жатырсың / тұрсың. Сіз оқып отырсыз / жүрсіз / жатырсыз / тұрсыз.	Сендер оқып отырсыңдар / жүрсіңдер / жатырсыңдар / тұрсыңдар. Сіздер оқып отырсыздар / жүрсіздер / жатырсыздар / тұрсыздар.
III	Ол оқып отыр / жүр / жатыр / тұр.	Олар оқып отыр / жүр / жатыр / тұр.

Күрделі тұлғалы болымсыз етістік осы шақта:

а) *-ып/-іп, -п* көсемше тұлғалы негізгі етістік пен *-ған/-ген* есімше тұлғалықалып етістіктерінің және жіктік жалғауымен түрленген жоқ сөзінің тіркесуі арқылы жасалады:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқпын.	Біз жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқпыз.
II	Сен жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқсың. Сіз жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқсыз	Сендер жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқсыңдар. Сіздер жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқсыздар.

III	Ол жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқ.	Олар жазып отырған / жүрген / тұрған / жатқан жоқ.
-----	--	--

ә) болымсыздықтың *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе* жұрнақтарымен көмкерілген негізгі етістікке көсемшенің *-й* қосымшасының жалғануы және оған жіктік жалғаулы қалып етістіктерінің тіркесуі арқылы жасалады:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен жазбай отырмын / жүрмін / жатырмын / тұрмын.	Біз жазбай отырмыз / жүрміз / жатырмыз / тұрмыз.
II	Сен жазбай отырсың / жүрсің / жатырсың / тұрсың. Сіз жазбай отырсыз / жүрсіз / жатырсыз / тұрсыз.	Сендер жазбай отырсыңдар / жүрсіңдер / жатырсыңдар / тұрсыңдар. Сіздер жазбай отырсыздар / жүрсіздер / жатырсыздар / тұрсыздар.
III	Ол жазбай отыр / жүр / жатыр / тұр.	Олар жазбай отыр / жүр / жатыр / тұр.

Ауыспалы осы шақ – қимыл, іс-әрекеттің дағдылы бір қалыпта болып тұруын білдіреді¹.

Қазақ тілінде етістіктің түбір-негізіне көсемшенің *-а, -е, -й* жұрнағының жалғануы арқылы жасалған осы шақтың бұл түрін А.Ысқақов жалпы осы шақ деп атайды және оның контекстегі қызметіне қарай сөйлеп отырған кезде болатын амал-әрекетті, үнемі істелетін кәсіби және басқа күнбе-күнгі әрекетті, адамзатқа, ғаламзатқа үйреншікті, дағдылы қимыл, қозғалыс, амал, әрекетті білдіретінін айтады². Ауыспалы осы шақта етістіктер былайша жіктеледі:

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 518.

² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.330.

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен барамын, жүремін, ойнаймын.	Біз барамыз, жүреміз, ойнаймыз.
II	Сен барасың, жүресің, ойнайсың. Сіз барасыз, жүресіз, ойнайсыз	Сендер барасыңдар, жүресіңдер, ойнайсыңдар. Сіздер барасыздар, жүресіздер, ойнайсыздар.
III	Ол барады, жүреді, ойнайды.	Олар барады, жүреді, ойнайды.

Етістіктің болымсыз түрі ауыспалы осы шақта етістік түбіріне жалғанған *-ма, -ме, -ба, -бе, -па, -пе* болымсыздықтың көрсеткіштерінен кейін көсемшенің *-й* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	Мен бармаймын, жүрмеймін, айтпаймын, жазбаймын.	Біз бармаймыз, жүрмейміз, айтпаймыз, жазбаймыз
II	Сен бармайсың, жүрмейсің, айтпайсың, жазбайсың. Сіз бармайсыз, жүрмейсіз, айтпайсыз, жазбайсыз.	Сендер бармайсыңдар, жүрмейсіңдер, айтпайсыңдар, жазбайсыңдар. Сіздер бармайсыздар, жүрмейсіздер, айтпайсыздар, жазбайсыздар
III	Ол бармайды, жүрмейді, айтпайды, жазбайды.	Олар бармайды, жүрмейді, айтпайды, жазбайды.

Қазақ тілінде екі түрлі аналитикалық формант арқылы жасалатын осы шақтың неғайбыл осы шақ деген үшінші бір түрі көрсетіледі¹. Бірінші түрі көсемшенің келер шақ *-ғалы/-гелі, -қалы/-келі* формасындағы етістікке жатыр, жүр, тұр, отыр етістіктерінің бірінің тіркесуі арқылы жасалса, екінші түрі де

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 331.

-йын/-йін деп форманты жалғанған етістікке жатыр, жүр, тұр, отыр етістіктерінің бірінің тіркесуі арқылы жасалады. Бұл форма арқылы келешекте істелетін іс-әрекет, қимыл-амал туралы ой сөйлеп отырған кезде жүзеге асырылатындай етіп жеткізіледі.

Татар тілінде осы шақ етістіктің негізіне *-а/-ә* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады және жекеше-көпше тұлғаларда жаққа қатысты түрленеді:

Татар тілінде:		
	Берлек	Күплек
I з.	<i>бар-а-м (м)</i>	<i>бар-а-быз</i>
II з.	<i>бар-а-с</i>	<i>бар-а-сыз</i>
III з.	<i>бар-а-Ә</i>	<i>бар-а-лар</i>

Қазақ және татар тілдерінде осы шақтың жасалуының салыстырмалы кестесі:

Осы шақ (Хәзерге заман хикәя фиғыль)			
Қазақ тілінде		Татар тілінде	
Жекеше	Көпше	Берлек	Күплек
I ж бар-а-м (мын)	Бар-а-мыз	I з. Бар-а-м (мын)	Бар-а-быз
II ж бар-а-сың	Бар-а-сыңдар	II з. Бар-а-сың	Бар-а-сыз
Бар-а-сыз	Бар-а-сыздар	III з. Бар-а □	Бар-а-лар
III ж бар-а	Бар-а-ды		

Өткен шақ – сөйлеу кезінен бұрын болып өткен істі, қимылды білдіретін етістіктің грамматикалық формасы. Қазақ тіліндегі өткен шақты Ы.Маманов грамматикалық формасы мен семантикалық ерекшеліктеріне қарай беске бөледі:

- а) жедел өткен шақ (*-ды/-ді, -ты/-ті*);
- ә) бұрынғы өткен шақ (*-ған/-ген, -қан/-кен*);
- б) ежелгі өткен шақ (*-п, -ып/-іп*);
- в) дағдылы өткен шақ (*-атын/-етін, -йтын/-йтін; -ушы/-уші еді*);
- г) қатысты өткен шақ (*-п, -ып, -іп еді; -ған, -ген, -қан, -кен еді; отыр, жүр, тұр, жатыр еді*)². Ал А.Ысқақов өткен шақ категориясын

¹ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 235.

² Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 104–112.

оны жасайтын көрсеткіштердің жалаң және күрделі болуына байланысты:

1) анық (айғақты) өткен шақ (-ды/-ді, -ты/-ті; -ған/-ген, -қан/-кен; -атын/-етін, -йтын/-йтін; -ып еді; -ған еді; -ушы еді; тұр, жүр, отыр, жатыр еді);

2) танық (айғақсыз) өткен шақ (-ып/-іп, -п; -ған екен; -ады екен);

3) неғайбыл (ауыспалы) өткен шақ (-мақ еді) деп үшке бөледі¹.
Өткен шақтың осылайша жіктелуіне байланысты С.Исаев қазақ тіліндегі «негізгі етістік пен көмекші етістіктен тұратын және екеуіндегі шақ көрсеткіші екі түрлі тұлғада келетін етістіктердің қай шаққа жататынын айқындау оңай емес»- деген тұжырымға келеді². Сонымен, қазіргі қазақ тілінде өткен шақ грамматикалық формасы мен мағыналық ерекшеліктеріне қарай жедел өткен шақ, бұрынғы өткен шақ және ауыспалы өткен шақ деп үшке бөлінеді.

Татар тілінде өткен шақ билгеле (категорик), нәтижәле, тәмәмланмаган үткін заман, күптән үткән заман, кабатлаулы үткән заман болып беске бөлінеді³.

Қазақ және татар тілдерінде етістіктердің өткен шақ категориясының салыстырмалы сипаттамасы төмендегідей болып келеді:

Жедел өткен шақ (Билгеле үткән заман хикәя фигыль)			
Қазақ тілінде		Татар тілінде	
жекеше	көпше	берлек	күплек
І ж. бар-ды-м ІІ ж. бар-ды-ң Бар-ды-ңыз ІІІ ж. бар-ды	І ж. бар-ды-к ІІ бар-ды-ңдар Сіздер бар-ды-ңыз-дар ІІІ ж. бар-ды	І з. бар-ды-м ІІ з. бар-ды-ң ІІІ з. бар-ды	Бар-ды-к Бар-ды-гыз Бар-ды-лар

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 328–328.

² Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы: Өнер, 2007. – Б. 304.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 231.

Бұрынғы өткен шақ (Нәтижәле (билгесез) үткән заман хикәя фигыль)			
Қазақ тілінде		Татар тілінде	
жекеше	көпше	Берлек	Күплек
І ж. Мен бар-ған-мын. ІІ ж. Сен бар-ған-сың. Сіз бар-ған-сыз. ІІІ ж. Ол бар-ған	Біз бар-ған-быз Сендер бар-ған-сың-дар Сіздер бар-ған-сыз-дар ІІІ олар бар-ған	І з. бар-ған-мын ІІ з. бар-ған-сың ІІІ з. бар-ған	Бар-ған-быз Бар-ған-сыз Бар-ған-нар

Ауыспалы өткен шақ (Күптән үткән заман)			
Қазақ тілінде		Татар тілінде	
жекеше	көпше	Берлек	Күплек
І ж. қайт-атын-мен ІІ ж. қайт-атын-сың қайт-атың-сыз ІІІ ж. қайтатын	қайт-атын-быз қайт-атын-сыңдар қайт-атын-сыздар қайтатын	І з. барган иде-м ІІ з. барган иде-ң ІІІ з. барган иде	Барган иде-к Барган иде-гез Барган-нар иде

Қатыстық өткен шақ (Қабатлаулы үткән заман)			
Қазақ тілінде		Татар тілінде	
жекеше	көпше	Берлек	Күплек
І ж ойлап отыр е-ді-м ІІ ж ойлап отыр еді-ң Ойлап отыр еді-ңіз ІІІ ж ойлап отыр еді	І ж ойлап отыр еді-к ІІ ж ойлап отыр едіңдер Ойлап отыр едіңіздер ІІІ ойлап отыр еді	І з. бара торган иде-м ІІ з. бара торган иде-ң Бара торган иде	Бара торган иде-к Бара торган иде-гез Бара торган-нар иде

Келер шақ (Киләчәк заман хикәя фигыль) – сөйлеу кезінде әлі орындалмаған іс-қимылдың келешекте жүзеге асырылатынын білдіреді.

Қазақ тілінде келер шақ мағыналық ерекшеліктеріне қарай үшке бөлінеді: 1) мақсатты келер шақ; 2) болжалды келер шақ; 3) ауыспалы келер шақ.

Татар тілінде келер шақ: 1) билгеле киләчәк заман (мақсатты келер шақ); 2) билгесез киләчәк заман (болжалдық келер шақ); 3) киләчәк үткен заман (ауыспалы келер шақ) болып үшке бөлінеді¹.

Мақсатты келер шақ - қимылдың, іс-әрекеттің келешекте мақсатты түрде орындалатынын білдіреді.

Қазақ тілінде мақсатты келер шақ етістік түбіріне -мақ/-мек, -бақ/ -бек, -пақ/-пек қосымшаларының жалғануы, я болмаса олардан кейін -шы/-ші жұрнағының үстемеленуі арқылы жасалады. Мақсатты келер шақта іс-әрекеттің болмауын -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек тұлғалы негізгі етістік пен ойымда жоқ, ниетім жоқ тәрізді сөздердің тіркесуі білдіреді.

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	оқымақпын, оқымақ ниетім жоқ	оқымақпыз, оқымақ ниеттеріміз жоқ
II	оқымақсың, оқымақ ниетің жоқ оқымақсыз, оқымақ ниетіңіз жоқ	оқымақсындар, оқымақ ниеттерің жоқ оқымақсыздар, оқымақ ниеттеріңіз жоқ
III	оқымақ, оқымақ ниеті жоқ	оқымақ, оқымақ ниеті жоқ

Татар тілінде мақсатты келер шақ (билгеле киләчәк заман)– ачак, - әчәк, -ячак, -ячәк қосымшалары арқылы жасалады:

Татар тілінде		
жақ	берлек	күшлек
I	бара-чак	барачак-быз
II	барачак-сың	барачак-сыз
III	барачак-мын	барачак-лар

Болжалды келер шақ – қимылдың, іс-әрекеттің болу мүмкіндігін болжауды білдіреді.

¹ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 232.

Қазақ тілінде бұл шақта етістіктің болымды түрі етістік түбіріне есімшенің *-ар/-ер*, *-р* жұрнағының жалғануы арқылы жасалса, болымсыз түрі болымсыз етістіктен кейін *-с-* жұрнағының жалғануы арқылы жасалады. Мысалы:

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	алармын, берермін, алмаспын, бермеспін.	алармыз, берерміз, алмаспыз, бермеспіз
II	аларсың, берерсің, алмассың, бермессің. аларсыз, берерсіз, алмассыз, бермессіз.	аларсыңдар, берерсіңдер, алмассыңдар, бермессіңдер. аларсыздар, берерсіздер, алмассыздар, бермессіздер.
III	алар, берер, алмас, бермес	алар, берер, алмас, бермес

Татар тілінде болжалдық келер шақ (билгесез киләчәк заман хикәя фигыль). Етістіктің негізіне *-ыр/-ер*, *-ар/-әр*, *-р* қосымшаларының жалғануы арқылы жасалады:

Татар тілінде		
жақ	берлек	күшлек
I	барыр-мын, киллер-мен	барыр-быз, киллер-без
II	барыр-сың, киллер-сең	барыр-сыз, киллер-сез
III	барыр, килер	барыр-лар, киллер-ләр

Ауыспалы келер шақ (Киләчәк үткән заман).

Қазақ тілінде ауыспалы осы шақ көсемшенің *-а*, *-е*, *-й* жұрнақтарының көмегімен жасалады. А.Ысқақов бұл жұрнақ арқылы жасалған келер шақты жалпы (анық) келер шақ деп атайды да, амал-әрекеттің алдағы уақытта шүбәсіз, анық жүзеге асатынын білдіретінін айтады¹. Мысалы: Ол ауылға жиі барады. Асанның үлкен баласы университетте, ал кіші ұлы мектепте оқиды. Ит үреді, керуен көшеді.

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 332.

Қазақ тілінде		
жақ	жекеше	көпше
I	аламын, беремін; алмаймын, бермеймін	аламыз, береміз; алмаймыз, бермейміз
II	аласың, бересің; <i>алмайсың, бермейсің</i>	аласындар, бересіндер, алмайсындар; бермейсіндер аласыздар, бересіздер; алмайсыздар, бермейсіздер.
III	алады, <i>береді</i> ; алмайды, <i>бермейді</i>	алады, береді, алмайды, бермейді

Татар тілінде ауыспалы келер шақ (киләчәк үткән заман) -ачак/-әчәк қосымшасы және иде көмекші етістігінің (ярдәмче фигыле) көмегімен жасалады: барачак иде, сакляячак иде, күрәчәк иде, сөйләшәчәк иде. Жіктіктің қысқа II түрімен түрленеді¹. Мысалы:

Татар тілінде		
жақ	берлек	күплек
I	барачак иде-м	барачак иде-к
II	барачак иде-ң	барачак иде-гез
III	барачак иде	барачак иде-ләр (барачак-лар иде)

¹ Сафиуллина Ф.С. Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 233.

Қорыта айтқанда, қазақ және татар тілдеріндегі шақ категориясының салыстырмалы сипаттамасы төмендегідей болып келеді:

Қазақ және татар тілдеріндегі өткен шақ				
Өткен шақтың түрлері	Қазақ тілінде		Татар тілінде	
Жедел өткен шақ	-ды, -ді, -ты, -ті + жіктік жалғауы	<p>I ж. алдым. II ж. алдың, алдыңыз III ж. алды I ж. көпше: алдық. II ж. көпше: алдыңдар. алдыңыздар. III ж. көпше: алды.</p>	-ды, -ді, -ты, -ты + жіктік жалғауы	<p>I з. барды иде-м II з. барадың III з. барды</p>
Бұрынғы өткен шақ	-п, -ып, -іп; -ған, -ген, -қан, -кен + жіктік жалғауы	<p>I ж. барғанмын. II ж. барғансың. барғансыз. III ж. барған. I ж. көпше: барғанбыз. II ж. көпше: барғансыздар. барғансыздар. III ж. көпше: барған.</p>	-ған/ -ген, кан/ -кен, -п, ып, - іп + жіктік жалғауы	<p>I з. иде-м II з. барғанмын барғансың III з. барған</p>

<p>Ауыспалы өткен шақ</p>	<p>-атын/-етін, -йтын/-йтін + жіктік жалғауы; —ушы, -уші еді + жіктік жалғауы</p>	<p>I ж. айтатынмын, айтушы едім. II ж. айтатынсың, айтушы едің. айтатынсыз, айтушы едіңіз. III ж. айтатын, айтушы еді. I ж. көпше: айтатынбыз, айтушы едік. II ж. көпше: айтатынсыңдар айтушы едіңдер. айтатынсыздар айтушы едіңіздер, III ж. көпше: айтатын, айтушы еді.</p>	<p>-ган + иде қосымшасы+ жіктік жалғауы</p>	<p>I з. барган иде-м II з. барган иде-ң III з. барган иде</p>
---------------------------	---	---	---	---

Қазақ және татар тілдеріндегі осы шақ

Осы шақтың түрлері	Қазақ тілінде		Татар тілінде	
<p>Нақ осы шақ</p>	<p>(отыр, жүр, жатыр, тұр) + жіктік жалғауы (-а, -е, -й, -ып, -іп, -п) + (отыр, жүр, жатыр, тұр) + жіктік жалғауы</p>	<p>Мен оқып отырмын. Сен оқып отырсың. Сіз оқып отырсыз. Ол оқып отыр. Біз оқып отырмыз. Сендер оқып отырсыңдар. Сіздер оқып отырсыздар. Олар оқып отыр.</p>	<p>Фигыль + жіктік жалғауы</p>	<p>I з. Бар-а-м (мын) бар-а-быз II з. бар-а-сың бар-а-сыз III з. бар-а Ø бар-а-лар</p>

<p>Ауыспалы осы шақ</p>	<p>-а, -е, -й + жіктік жалғауы</p>	<p>Мен барамын. Сен барасың. Сіз барасыз. Ол барады. Біз барамыз. Сендер барасыңдар. Сіздер барасыздар. Олар барады.</p>		
-------------------------	------------------------------------	--	--	--

Қазақ және татар тілдеріндегі келер шақ

Келер шақтың түрлері	Қазақ тілінде		татар тілінде	
<p>Болжалды келер шақ</p>	<p>-ар, -ер, -р + жіктік жалғауы</p>	<p>Мен алармын. Сен аларсың. Сіз аларсыз. Ол алар. Біз алармыз. Сендер аларсыңдар. Сіздер аларсыздар. Олар алар.</p>	<p>-ыр/-ер, -ар/-әр, -р + жіктік жалғауы</p>	<p>І з. барыр-мын, киллер-мен барыр-быз, киллер-без</p> <p>II з. барыр-сың, киллер-сең, барыр-сыз, киллер-сез</p> <p>III з. барыр, килер барыр-лар, киллер-ләр</p>

<p>Мақсатты келер шақ</p>	<p>-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек + жіктік жалғауы</p>	<p>Мен оқымақпын. Сен оқымақсың. Сіз оқымақсыз. Ол оқымақ. Біз оқымақпыз. Сендер оқымақсындар. Сіздер оқымақсыздар. Олар оқымақ.</p>	<p>-ачак, -эчек + жіктік жалғауы</p>	<p>I з. барачак иде-м барачак иде-к</p> <p>II з. барачак иде-н барачак иде-гез</p> <p>III з. барачак иде барачак иде-ләр (барачак-лар иде)</p>
<p>Ауыспалы келер шақ</p>	<p>-а, -е, -й + жіктік жалғауы</p>	<p>Мен оқимын. Сен оқисың. Сіз оқисыз. Ол оқиды. Біз оқимыз. Сендер оқисындар. Сіздер оқисыздар. Олар оқиды.</p>	<p>-ачак, -эчек + иде + жіктік жалғауы</p>	<p>барачак иде-м барачак иде-н барачак иде-к барачак иде-гез барачак иде-ләр (барачак-лар иде)</p>

Есімше (сыйфат фигыль) және көсемше (хәл фигыль).

Есімше мен көсемше формалары жеке грамматикалық категория (мәселен, шақ категориясы) жасауға негіз болатын етістіктің ерекше формалары, ал тұйық етістік бүтіндей басқа сөз табының грамматикалық сипатын көрсететін айрықша түрі¹ саналады.

Есімше – бірде есім сөздің, бірде етістіктің қызметін атқаратын етістіктің түрі, етістіктің шақ категориясын жасайтын етістіктің ерекше түрі. Есімшеетістіктің жеке категориясы бола алмағанымен, олар етістікке тән грамматикалық сипаты айқын, түбірге (қимылға) үстейтін модальдық, шақтық мәнді арнайы қосымшалары бар грамматикалық-тұлғалық көрсеткіштер жүйесі болып табылады².

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 504 –505.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.503.

Қазақ тілінде есімшелер *-ған/-ген, -қан/-кен, -ар/-ер/-р, -атын/-етін, -йтын/-йтін, -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* жұрнақтары арқылы жасалады: келген, ойнаған, баратын т.б. Есімше жұрнақтарының қызметі – өзі жалғанған етістіктің аңғартатын мағынасын өзгертпей, қимыл-әрекет арқылы білдіретін етістік, ал *-ған, -ген, -қан, -кен* жұрнақтары заттың қимыл -нәтижесімен аңғартылатын белгісі.

Есімше қазақ тілінде етістіктер сияқты жақтық, шақтық мәнде жұмсалады, есімдер тәрізді көптеліп, септеліп, тәуелденеді. Есімше жұрнақтары жалғанғанда етістіктің мағынасы өзгермейді¹.

Қазақ тіліндегі есімшенің түрлері жұрнақтардың шақтық мәнді беруіне қарай жіктеледі. Мәселен, осы шақ есімше ретінде *-ушы/-уші* (қостаушы жастар, хабарлаушы қыз, ізденуші студент т.б.) және *-атын/-етін, -йтын/-йтін* (қазір киетін киім, ішетін тамақ т.б.) тұлғалары көрсетіледі.

Есімшенің *-ған/-ген, -қан/-кен* жұрнағы әрдайым өткен шақты білдіреді: жасалған іс, оқылған кітап, барған жер, кірген есік, тартқан жіп т.б. Ал есімшенің *-атын/-етін, -йтын, -йтін* жұрнағы өткен шақта дағдыға айналған әрекетті, бірнеше мәрте қайталанған қимылды білдіреді: жылда баратын жер, күнделікті істейтін жұмыс, оқитын газет т.б.

Келер шақ есімше *-ар/-ер, -р, -с; -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* жұрнақтары арқылы жасалады. Мұнда *-ар/-ер, -р, -с* жұрнағы болжалды келер шақты (қайтар жол, барар ақша, болар бала, болмас іс т.б.), *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* мақсат мәнді келер шақты білдіреді: айтпақ ой, бастамақ жол, шашпақ ниеті т.б.²

Татар тілінде де есімшенің түрлері жұрнақтардың шақтық мәнді беруіне қарай: осы шақ есімшелер (*х ә з е р г е з а м а н сыйфат* *фигыльләр*), өткен шақ есімшелер (*ү т к ә н з а м а н сыйфат* *фигыль*), келер шақ есімшелер (*киләчәк заман сыйфат* *фигыль*) болып үшке жіктеледі³.

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.531.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.533; Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 303.

³ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 235.

Осы шақ есімшелер (*х ә з е р г е з а м а н сыйфат* *фигыльләр*)¹: *-учы/үче; -а торган/-ә торган (-ый торган/-и торган) тұлғалары арқылы жасалады: килүче (кешеләр), кайтучы (кешеләр); бара торган (юл), укый торган (китап), сөйли торган (сүз). Күрделі түрі -а және -и қосымшалы көсемшенің торган көмекші етістігімен тіркесуінен жасалады: килә торган кунак, бара торган юл. -учы тұлғасы контексте түбір етістікке жалғанып, осы шаққа қатысты мағынаны білдіреді: Түбән очка кайтып баручы Гафият, Бер ярым Миңнулла, Гапсаттар һәм тагын берничә кеше язгы чәчү турында сөйләшәләр (И.Гази).*

Өткен шақ есімшелер (үткән заман сыйфат *фигыль*) *-ган/-гән (-кан/-кән) қосымшасымен жасалады: жыйган (жиләк), килгән (кеше), кушкан (эш), пешкән (аш). Болымсыз түрін -ма/-мә қосымшасы білдіреді: укымаган (китап), көтелмәгән (хәл), килмәгән (кунак).*

Келер шақ есімшенің (*киләчәк заман сыйфат* *фигыль*) үш түрі бар²:

1) *ачак/-әчәк, -ячак/-ячәк: киләчәк көн, сөйләячәк кеше.*

2) *-ыр/-ер, -р: кил-ер (көн), кайт-ыр (вакыт), йөр-ер (чак)сөйлә-р (сүз), эшлә-р (эш);*

3) *-асы/-әсе, -ыйсы/-исе: кайтасы юлларыңа, үләсе күбәләк.*

Сайып келгенде, қазақ және татар тілдерінде есімшелердің атқаратын қызметтері ұқсас келеді.

Есімше				
Есімшенің түрлері	Қазақ тілінде		Татар тілінде	
Өткен шақ	<i>-ган, -ген, -қан, -кен; -атын, -етін, -йтын, -йтін</i>	жасалған іс; оқитын газет;	<i>-а; -е, й</i>	килә торган кунак, бара торган юл;

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 335.

² Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 235

³ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле.– Казан: Магариф, 1994.– Б. 234.

Осы шақ	–ушы, –уші; –атын, –етін, –йтын, –йтін	ізденуші студент; ішетін тамақ	–ған, –ген, –қан, –кен;	басталған ЭШ
Келер шақ	–ар, –ер, –р, –с; –мақ, –мек, –бақ, –бек, –пақ, –пек	қайтар жол; бастамақ жол	–ачак, әчек, –ячак, –ячек; –р, –ыр, –ар, –әр	киләчәк кунак, язылачак китап

Көсемше (хал фигурь) етістіктің шақ категориясын жасайтын етістіктің ерекше түрі, тұлғалық жағынан да мағыналық жағынан да тиянақсыз болғандықтан, өзінен кейін тиянақтаушы етістікті қажет етіп тұрады да, кем дегенде екі сыңардан құралады. Көсемше екі жақты қызметте жұмсалады: біріншіден, етістіктің грамматикалық сипатын көрсетіп, қимылды білдіріп, шақ категориясын, күрделі етістікті жасауға негіз болса, екіншіден, қимылдың әртүрлі сынын, амалын, белгісін білдіріп, адвербиалданып, грамматикалық жағынан түрленбей, үстеу қызметінде жұмсалады¹.

Қазақ тілінде көсемшенің *-а, -е, й, -ып/-іп/-п, -ғалы/-гелі, -қалы/-келі* тұлғалары орын алады: *айта бердім, ойнап, кетіп, жүргелі, біле келдім* т.б.

Қазақ тіліндегі көсемшелер мағынасы мен сыртқы тұлғасына қарай: а) өткен шақ көсемше, ә) келер шақ көсемше, б) мақсатты көсемше деп үшке, іштей бөлшектеле жіктелу, жіктелмеуіне қарай жіктелетін және жіктелмейтін (құранды) көсемшелер болып екіге бөлінеді².

1. Жіктелетін көсемшелер шақты білдіру мағынасы тұрғысынан мынадай болып келеді:

а) Өткен шақ көсемше *-п, -ып/-іп* жұрнағы арқылы жасалады. Мұнда күрделі етістіктің бірінші сыңарына жалғанатын көсемше негізгі қимылды (қорқып айтпау, жүріп шаршау т.б.), бір істің орындалып орындалмауына тәсіл болатын қосымша қимылды (сүртіп тазалау, мәнерлеп айту т.б.), немесе қимылдың кейде

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 504.

² Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007. – Б. 76.; Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 306.

бірінен соң бірі, кейде бір уақытта жүзеге асуы мүмкін екенін білдіреді. Мәселен, ашып оқу, тыңдап қайту дегенде қимылдар бірінен кейін бірі жүзеге асса, тыңдап отыру, байқап қарау дегенде екі қимыл да бір мезетте іске асуда.

ә) Осы шақ көсемше *-а, -е, -й* жұрнағы арқылы жасалады. Зерттеушілер бұл көсемше келер шақты көрсетсе де, қимыл үстеуі ретіндегі қолданысында осы шақты ғана білдіреді деп есептейді. Осы шақты білдіре отырып, қимылдың тәсілін, мақсатын білдіреді немесе іс-қимылдардың бір мезетте немесе бұрынырақ жүзеге асуын айқындайды: жүгіре жөнелді, айта отырды, тістене сөйледі т.б.

Көсемшенің *-а, -е, -й* тұлғасы арқылы қайталама қос сөз де жасалады: айта-айта, сөйлей-сөйлей, оқи-оқи, бара-бара т.б.

2. Етістіктің шақ категориясында қолданылмайтын, басқаша айтқанда жіктелмейтін құранды көсемшелер қатарын құрайтын:

а) *-ғалы/-гелі, -қалы/ -келі* жұрнағы: 1) мақсатты, ниетті қимылды көрсетеді: кездескелі келдім, оқығалы кетті, тыңдағалы жүр; 2) белгілі бір уақыт, мерзім ішінде болған істі білдіреді: сен кеткелі бір кездеспедік, сіздер көшкелі телефон орнатылмай қалды.

ә) *-ғанша/-генше, -қанша/-кенше* жұрнағы 1) іске асуы қажет қимылды білдіреді: сен шыққанша жауын басталып кетті, біз келгенше бұл жұмыс бітетін болсын; 2) Көсемше білдіретін қимылдың жүзеге аспауы қажет екенін, сол іске өкінгендікті білдіреді: Үйде отырғанша қаланы бір қыдыру керек еді, шашымды кестіргенше боятқаным артық еді.

б) *-мастан/-местен, -бастан/-бестен, -пастан/-пестен* жұрнағы істелмеген, жүзеге аспаған іс-қимылды білдіреді: еш нәрсе айтпастан кетті, тыңдамастан кірісті.

в) *-майынша/-мейінше, -байынша/-бейінше, -пайынша/-пейінше* жұрнағы негізгі етістік білдіретін қимылдан бұрын істелуі керек қимылды, яғни көсемше білдіретін қимыл іске аспай тұрып, негізгі етістік білдіретін қимылдың орындалмауы

қажет екенін білдіреді: дұрыс ойланбайынша жауап берме, мен «шық» демейінше шықпа т.б.

г) *-ысымен/-ісімен* жұрнағы іс-қимылдың жедеқабылдығын білдіреді, яғни негізгі етістік білдіретін қимылдың іске асуы көсемшенің осы тұлғасындағы етістік білдіретін қимыл-әрекеттің жүзеге асуына қатысты екенін көрсетеді: қолыңды жуысымен, тамаққа кел т.б.

Қазіргі татар әдеби тілінде көсемшенің (хәл фигыль) актив қолданыстағы төрт түрі кездеседі¹:

- 1) *-ып/-еп, -п: килеп, алып;*
- 2) *-а/-ә (-ый/-и): бара-бара, сөйли-сөйли.*
- 3) *-гач/-гәч (-гач/-кәч): калгач, киткәч.*
- 4) *-ганчы/-гәнче (-канчы)/-кәнче: күргәнче, кайтканчы.*

Бұлардың сыртында ауызекі тілде көбірек, ал ідеби тілде сирек қолданылатын *-ышлый/-ешли, -арак/-әрәк, (-рак/-рәк)* формалары да бар.

Көсемше білдіретін қимыл әрекеттің иесін атау септігіндегі есім, я болмаса есімдік, немесе субстантивтенген басқа сөз табы көрсетеді, яғни субъект контекстен байқалады. Мысалы: Нигъмәтулла абзыкай тарантастан егетләрчә тиз генә төшеп, башта ике куллап, иелә биреп бабасы һәм әбисе белән күреште, аннары көлә-көлә балдызларының аркаларыннан кагып, алар белән күрешә башлады (Ә.Еники)².

¹ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б. 236.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 343.

Көсемше (Хал фиғыль)					
Көсемшенің түрлері	Қазақ тілінде		Татар тілінде		
Жіктелетін (өткен шақ)	-п, -ып, -іп	ойлап, қыдырып, жүріп	Негізгі көсемше	-ып, -іп, -п	килеп, алып
Жіктелетін (осы шақ)	-а, -е, -й	айта, келе, ойнай		-а, -ә, -ый, -и	бара-бара, килгәч
Жіктелмейтін (құранды)	-ғалы, -гелі, -қалы, -келі	оқығалы, келгелі		-ғач, -гәч, -қач, -кәч	килгә кайтқач
	-ғанша, -генше, -қанша, -кенше	барғанша, жүргенше		-ғанчы, -гәнче, -қанчы, -кәнче	киткәнче, барғанчы, күргәнче
	-мастан, -местен, -бастан, -бестен, -пастан, -пестен	оқымастан, келместен, айтпастан			
	-майынша, -мейінше, -байынша, -бейінше, -пайынша, -пейінше	отырмайынша, жібермейінше, сатпайынша			
	-ысымен, -ісімен	барысымен, келісімен			

Қимыл есімі (исем фигыль).

Қимыл есімі (тұйық етістік) семантикалық сипаты жағынан зат есімге жақын болады, етістіктің грамматикалық категорияларына бейтарап болып келеді.

Қазақ тілінде қимыл есімі түбір етістік пен туынды түбір етістікке *-у; -ыс/-іс, -с; -мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* жұрнақтарының жалғануы арқылы жасалады. Қимыл есімі қазақ тілінде үш түрлі жұрнақ арқылы жасалатынымен олардың мағыналарында айтарлықтай айырмашылықтар байқалмайды¹. Алайда олардың қолданыс шеңбері әр түрлі болып келеді. Мәселен, *-у* жұрнағы қазақ тілінде ең көп қолданылатын қимыл есімі формасы саналады: бару-қайту билеті, ұшу бағдары, тамақтану уақыты, оқу залы, тасымалдау көлігі т.б. Қимыл есімінің бұл түрі анықтап тұрған сөзден бөлініп, тәуелденіп, септеліп қолданысқа түсіп, заттана алады: ұшудағы қауіпсіздік, тасымалдаудың мәселелері т.б. Қимыл есімінің *-у* тұлғасы арқылы толығымен зат есімге айналған немесе термин болып қалыптасқан жамау, егеу, сайлау, толғау, қосу, азайту, жалғау, теңеу т.б. тәрізді сөздер де көптеп кездеседі. Орындалып жатқан іс-қимылды білдіргенде *-у* тұлғалы қимыл есім жатыс септігінің жалғауын қабылдап, осы шақ мәнінде қолданылады: Автобустар бірінен кейін бірі келуде.

Көмектес септігі жалғауымен көмкерілген *-у* тұлғалы қимыл есім бол- көмекші етістігімен тіркесіп келіп, қайталанып тұратын әрекетті білдіретін аналитикалық формантты құрайды: қайталаумен болды, жүрумен болды т.б. Қазақ тілінде *-ыс/-іс, -с* тұлғалы қимыл атауы есім сөздердей септеледі, тәуелденеді, көптік жалғауын қабылдайды: Байталдың жүрісі, Айгүлдің күлісінен т.б. Қимыл есімнің *-мақ/-мек, -бақ/-бек, -пақ/-пек* жұрнағының қолданыс аясы кең емес. Қимыл есімінің бұл түрі көбінесе мақал-мәтелдерде жиі кездеседі. Мысалы: Алмақтың да салмағы бар.

Татар тілінде қимыл есім (исем фигыль) - етістік пен есімнің қасиеттерін өз бойына тоғыстырған етістік формасы болып табылады. Қазіргі татар әдеби тілінде қимыл есім *-у/-ү* қосымшасымен жасалады және іс-әрекетті атайды, оның иесін

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.527.

білдіріп тұрады: бару, килу, йөгеру, көлу, сөйләу һ.б. Қимыл есімдер есім сөздер сияқты тәуелденеді, септеледі. Соған қарамастан қимыл есім әрқашан етістіктің функционалдық тұлғасы болып қала береді. Мысалы: Әйтеп бетерә алмаслык көчле үкенү, кызган тимер божра белән кысып алган кебек, аның йөрәген кысып алды. (Г.Ибраһимов). *Атна-ун көн үтүгә, Заһри китте* (М. Мәһдиев)¹.

Татар тілінде *-ырга/-ергә, -рақосымшасымен жасалатын инфинитив* жіктеледі, шақтармен түрленеді болымды-болымсыз болып келеді: *барырга~бармаска, килергә~килмаскә, ташларга~ташламаска* һ.б.; етіс қосымшаларын қабылдайды: *сөйләргә~сөйләтергә~сөйләшергә; сайларга~сайланырга~сайланылырга* һ.б.; дәрежені білдіреді: *килергә~килеп жітәргә* һ.б.².

Қимыл есімі			
Қазақ тілінде		Татар тілінде	
-у;	оқу залы, тасымалдау көлігі;	-у, -ү	Шуны уйнап жибәрүе була-ире шатлығыннан бии башлый
-ыс, -іс, -с;	жүріс, тұрыс;		
-мақ, -мек, -бақ, -бек, -пақ, -пек	құймақ, алмақ, т.б.		

§12. Үстеу (Рәвеш)

Үстеу және оның морфологиялық құрылымы

Үстеу – қимылдың алуан түрлі белгілерін, күй-жайын немесе сапаның дәрежесін білдіретін грамматикалық категория. Қимылдың белгісі мен заттың сынының белгісін білдіруі, сөйлем ішінде пысықтауыш, кейде анықтауыш функциясында жұмсалуды үстеуге тән категориялық белгілер болып саналады. Басқаша айтқанда, үстеу сөз табын өзге сөз таптарынан даралап тұратын лексика-семантикалық, морфологиялық және синтаксистік белгілері бар. Олар: а) лексика семантикалық қасиеті – сөздердің

¹ Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле.– Казан: Мағариф, 1994.– Б. 238.

² Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле.– Казан: Мағариф, 1994.– Б. 239.

мағыналық топтарымен айқындалады (мекендік, мезгілдік, қимыл-сын, себеп, мақсат т.б.); ә) морфологиялық ерекшелігі – түрленбейтіндігі немесе аз өзгертіндігі, арнайы сөз жасаушы формаларының бар болуы және сөз таптарының барлығымен сөзжасамдық қатынасқа түсуі; б) үстеулердің синтаксистік белгісі – біріншіден, сөйлемдегі қызметі, екіншіден, синтаксистік байланыс формасы яғни, белгілі бір сөз таптарымен байланысу қабілеті.

Түркі тілдерінде үстеу, әдетте, қазіргі сатыда морфологиялық тұрғыдан жіктелмейтін бастапқы, негізгі яғни түбір тұлғалы; туынды, яғни қосымшалы және күрделі (соңғысына күрделі, қос және жиі қайталама үстеулер) болып жіктеледі. Қосымшалы үстеулерге есімнің «септік» тұлғасы және көсемшеге генетикалық тұрғыдан барып тірелетін сөзжасамдық модельдер бойынша жасалған үстеулерді жатқызуға болады¹. Бұл жіктелім жекелеген түркі тілдеріндегі үстеулердің морфологиялық құрылымына қатысты зерттеулерде басшылыққа алынатыны байқалады. Мәселен, қазақ тілінде үстеулер морфологиялық құрылымы жағынан негізгі үстеулер, туынды үстеулер және күрделі үстеулер болып үшке бөлінетін болса², татар тілінде т а м ы р, я с а л м а, п а р л ы, к у ш м а, т е з м ә рәвешләр болып бөлінеді.

Негізгі үстеулерге морфемалық құрамы жағынан бөлшектенбейтін, сіріленген біртұтас бірлік болып қалыптасқан сөздер жатады. Мысалы: қазақ тілінде әрең, енді, қазір, ерте, кеш, үнемі, жылдам, ақырын, жаңа, ылғи, тым, аса, өте, әрі, бері, төмен т.б.; татар тілінде: күп, аз, тизт., б.

Туынды үстеулер арнайы қосымшалар арқылы жасалады. Туынды үстеулер қатарында септік жалғауларының көнеленуі нәтижесінде үстеуге ауысқан сөздер де кездеседі. Есімге жалғанған септік жалғауларының түбірге кірігіп, «сіріленуі», «көнеленуі» арқылы жасалған туынды үстеулер қазақ тілінде де, татар тілінде де орын алады. Мысалы: қазақ тілінде барыс септігінің *-ial-ге*, *-қal-ке* жалғаулары (басқа, артқа, бірге, кешке, әзірге т.б.), жатыс

¹ Сравнительно- историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988.– С.256.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.545.

септігінің *-dal-де* жалғаулары (алда, жаңада, лезде, түнде, күнде, баяғыда т.б.), шығыс септігінің *-nan/-nen, -dan/-den, -man/-men* жалғаулары (кеңінен, басынан, әуелден, кенеттен, шетінен т.б.), көмектес септігінің *-men/-nen* жылғаулары (шынымен, кезекпен, ретімен т.б.) үстеулер құрамында кездеседі.

Туынды үстеулер қазақ тілінде *-ша, -ше* (адамша, оларша, биылғыша, қысқаша), *-лай/-лей/- дай/-дей/-тай/-тей* (жібектей, шыбықтай, жастай, осылай), *-дайыні -дейіні -тайын/ -тейін* (бөрідейін, жорғадайын), *-шалық/ -шелік* (осыншалық, мұншалық, соншалық), *-қары/ -кері* (ішкері, тысқары, сыртқары), *-ын/-ін, -сын/-сін* (астыртын, үстіртін, ертеңгісін, кеш-кісін), *-лап/-леп/ -дап/-деп/ -тап/ -теп* (апталап, жылдап,) *-шылап/- шілеп* (қонақшылап, қайыншылап) қосымшаларының қатысуымен жасалады¹.

Татар тілінде туынды үстеулер *-ча/-чә* (татарча, үземчә); *-дай/-дәй, -тай/-тәй* (төлкедәй (хәйләкәр), уттай (кайнар), коштай (очты), миңдәй (моңлы), *-лай /-ләй* (яшьләй, яшьли, бушлай, тереләй, беренчеләй, икенчеләй һ.б.;), *-лап/-ләп* (күпләп (жыю), әкрәнләп (өйрәнү), сәгатьләп, көнләп (эшләү), чиләкләп (кою) һ.б.) *-лата/-ләтә* (онлата, ярмалата, акчалата (бирү), икеләтә (арттыру) һ.б), *-тын /-тен* (тирәнтен (уйлау), түбәнтен, югартын (очу), яшертен (яшерен рәвешеннән), әкертен (әкерен рәвешеннән), *-ын/-ен* (кышын (эшләү), көндезен (ял итү), кичен (йөрү) һ.б.) жұрнақтары арқылы жасалады².

Күрделі үстеулер кем дегенде екі немесе онан көп сөздердің бірігуі, қосарлануы және тіркесуі арқылы жасалады. Қазақ тілінде күрделі үстеулерге бүгін, биыл, ендігәрі, анда-санда, күнде-күнде, оқта-текте, алдын ала, күні бүгінала жаздай, қас пен көздің арасында т.б.; татар тілінде күрделі үстеулер екі сөздің бірігуінен (бер+аз), қайталауынан (иртә-кич), сөздердің тіркесуінен (ике яклап, яшь көенчә) жасалады.

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б. 339.

² Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б.320.

Үстеулердің жасалу жолдары/ Рәвешләрнең ясалышы			
Қазақ тілінде		Татар тілінде	
1.Түбір үстеулер	әрен, үнемі, өте, аса, аз, көп, тіпті	Тамыр рәвешләр	күп, аз, тиз
2.Туынды үстеулер	-ша, -ше: құша, адамша, батырша	Ясалма рәвешләр	-ча, -чә: татарча, узбәкчә
	-лай, -лей, -дай, -дей, -тай, -тей: осылай, жастай, жібектей		-дай, -дәй: аюдай, -тай, -тәй: кояштай
	-ын, -ін, -сын, -сін: қысын, жазын, ертеңгісін, кешкісін		-ын, -ен: кышын, көзен
	-лап, -леп, -дап, -деп, -тап, -теп: жаяулап, аз-аздап, отыздап		-лап, -ләп: чиләкләп, кашыклап
3.Қос сөз үстеулер	бостан-босқа, күні-түні, қысы-жазы	Парлы рәвешләр	тиз-тиз, кышын-жәен
4.Біріккен үстеулер	бұл жыл – биыл бұл күн – бүгін жаздың күні – жаздыгүні	Кушма рәвешләр	бу ел-быел ялан аяк яланаяк
5.Тіркескен үстеулер	күні кеше ала жаздай алдын ала	Тезмә рәвешләр	чын күңелдән

Үстеудің мағыналық түрлері.

Түркі тілдеріндегі үстеулерді мағыналық тұрғыдан сапалық және пысықтауыштық деп екі топқа бөліп, әрекеттің сын-бейнесіне, сан-мөлшеріне қатысты үстеулерді сапалық, ал мезгіл, мекен, себеп-салдар, мақсат мәнді үстеулерді пысықтауыштық топта қарастыру¹ жекелеген түркі тілдерінде үстеулерді мағынасына қарай мезгіл, мекен, мөлшер-өлшем, сын-бейне, күшейту, мақсат, себеп-салдар, топтау үстеулері т.б. деп

¹ Сравнительно- историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М., 1988. – С.257.

іштей жіктеуде негізге алынатыны байқалады.

Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасына қатысты зерттеулерде бастапқы түбір үстеулердің сапалық тобына мөлшер мәнді адвербиалдық бірқатар сөздер (*кед* «өте», *аз* «аз», *көр* «көп», *шөк* «көп», *жана* «тағы» т.б.), ал пысықтауыш тобына мезгіл мәнді жалпытүркілік, тіптен арғытүркілік ретінде қарастыруға болатын *ат*, *әт*, «енді, қазір», *ер* «ерте», *кеш* «кеш», *баја* «әлгіде» т.б. үстеулер енетіні атап көрсетіледі¹.

Семантикалық топ саны үстеу категориясының зерттелуіне байланысты бір тілдің өзінде әртүрлі көрсетілуі мүмкін. Айталық, қазақ тіліндегі үстеулерді мағыналық жақтан А.Байтұрсынов: «нықтаулық, сынаулық, өлшеулік, мезгілдік, мекендік»² деп беске, Ғ. Әбуханов: «мезгіл, мекен, бейнелік (сын-қимыл), мөлшерлік, күшейткіш үстеулер»³ деп беске, А. Ысқақов: «мезгіл, мекен, мөлшер, сын (бейне), күшейту (ұлғайту), мақсат, себеп-салдар, топтау үстеулері»⁴ деп сегізге бөледі. Татар тілінде вакыт рәвешләрe, урын рәвешләрe , күләм-чама рәвешләрe, саф рәвешләрe, охшату-чагыштыру рәвешләрe, сәбәп-мақсат рәвешләрe болып алтыға бөлінеді.

Үстеудің мағыналық түрлері/ Рәвеш төркемчәләре		
Мағыналық түрлері/ төркемчәләре	Сұрақтары/ сораулары	Мысалдар/ мисаллар
1. Мезгіл үстеулері/ Вакыт рәвешләрe	қашан? қашаннан?/ қайчан?	бүгін, былтыр, ертең, кешке, кеше, қыстай, жаздай/ қышын, жән, көнозын, һәрчак, башта, былтыр, быел
2. Мекен үстеулері/ Урын рәвешләрe	қайда? қайдан?/ қайда?	алға, артта, сонда, мұнда, осында / ары , бире . бирегә, югары, түбән, ерак, еракта, ерактан, яқын, янәшә,

¹ Сравнительно– историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М.: Наука, 1988. – С. 259.

² Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б. 256.

³ Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. – Алматы, 1982. – Б. 167.

⁴ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1991. – Б. 341.

3. Мөлшер үстеулері/ Күләм-чама рәвешләре	қанша? қаншалық? нешелеп? қаншалап?/ күпме? никадәр?	онша, сонша, көптеген, бірталай / күп, аз, бик, бөтенләй, икеләтә, <i>байтак</i> , <i>шактый</i> .
4. Сын (я бейне) үстеулері / Саф рәвешләре	қалай? қайтіп? қалайша? / ничек? ни рәвешле?	осылай, тез, ақырын, жаяу, үнемі, бекер / экрен, салмак, тиз, кинәт
5. Сын (я бейне) үстеулері / Охшату-ча- гыштыру рәвешләре	кімше? неше?/ ничек? ни төсле?	қазақша, аюдай, өзінше, бұрынғыша / <i>татарча</i> , <i>аюдай</i> , көмештәй, мамыктай, яшьлерчә.
6. Себеп-салдар үстеулері / Сәбәп-максат рәвешләре	қалай? не себеппен?/ ник? ни өчен? нинди максат белән?	жоққа, босқа, құр босқа, бекерге, амалсыздан / юри, юкка, юктан, бушка, тикмәгә, юри, тиктомалга

Үстеулердің тұлғалық өзгерістерге ұшырауы белгілі контексте, коммуникативтік қызмет өрісінде ғана кездеседі. Үстеудің шырай жұрнақтары мен көптік жалғауын қабылдайды, тәуелдік, септік, жіктік жалғаулар арқылы түрленеді. Шырай тұлғалары үстеулердің түрлену жүйесін көрсетпейді. Ол бар болғаны үстеудің кейбір мағыналық топтарын тұлғалық өзгеріске ұшыратып, сол арқылы семантикасына әсер етіп сөйлемде түрлі қызмет атқаруына ықпал жасайды.

§13. Еліктеу сөздер (Аваз ияртемнәре)

Табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысуынан немесе дыбыстау мүшелерінен шығатын әр қилы дыбыстарға еліктеуден, сондай-ақ сол құбылыстар мен заттардың, адамдар мен жан-жануарлардың сыртқы сипаты мен қимыл-әрекет, қозғалыстарының түрлі көріністерін бейнелеу нәтижесінде пайда болған сөздер еліктеу сөздер деп аталады.

Еліктеу сөздер семантикалық сипатына қарай екіге бөлінеді: еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер. Еліктеуіштердің өзі табиғат құбылыстарына, жанды-жансыз заттардың қимыл-қозғалысына, бейнесіне қатысты ұғымдарды сипаттаудағы ерекшелігіне қарай іштей мағыналық жағынан ерекшеленеді¹. Еліктеуіш сөздердің қалыптасуында, яғни құлақпен естілген не көзбен көрген құбылысты дәлме-дәл жеткізуде дауысты дыбыстар ерекше қызмет атқарады. Сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың жуан не жіңішке, ашық не қысаңболуы еліктеуіш сөздердің мағынасына әсер етіп, нәтижесінде еліктеуіштен пайда болған құбылыстың қатты не жай, жылдам не ақырын жүзеге асуын анықтауға болады. Еліктеуіш сөздердің жеке дара түрде, қосарланып немесе қайталанып жұмсалуды да олардың мағыналық сипатына әсерін тигізеді. Мәселен, тарс-тұрс, тарс-тарс, тарс еліктеуіштері бір қимылдың түрліше орындалуын білдіреді. Бұл ерекшеліктер еліктеуіш және бейнелеуіш сөздерге бірдей тән.

Еліктеуіштерді сөз еткенде, олардың дыбыстық құрамы, буын жігі және айтылу ырғағы ескерілуі тиіс². Дыбыстық құрамы жағынан еліктеуіш сөздерде қалыптасқан орнықты жүйе бар екендігі белгілі. Оған түбір және туынды тұлғалы еліктеуіш сөздер дәлел бола алады. Буын жігіне қарай еліктеуіш сөздер бір, екі және үш буынды болып бөлінеді. Оның ішінде бір буынды еліктеуіштер таза еліктеуіш сөздердің өзінен жасалса, екі буындылар еліктеуіш сөздерден, ал үш буындылар басқа сөз таптарының қатысуынан жасалады. Еліктеуіш сөздердің құрамындағы дауысты не дауыссыз дыбыстардың әртүрлі ырғақпен түрліше айтылуы адамның көңіл-күйіне, эмоциясына байланысты болып келеді. Мысалы, шыр-шырр, сарт-саарт, дар-дарр, баж-бажж т.с.с.

Еліктеуіштер өзінің сөз табы ретіндегі лексика-грамматикалық ерекшелігіне қарай атауыш сөздер қатарынан орын алады.

Еліктеу сөздер басқа сөз таптарынан өзінің семантикалық сипаты мен дыбыстық құрамы жағынан ерекшеленеді. Ал морфологиялық құрылымы тұрғысынан олар түрлену жүйесіне

¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – Б.435– 437.

² Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б.553.

түспейді. Н.Оралбай еліктеу сөздердің басты ерекшеліктері ретінде олардың мағынасы, дыбыстық құрамымен қатар сөзжасамдық салғырт қабілетін де атап көрсетеді, сондықтан еліктеу сөздерді дербес сөз табы ретінде қарастыруда олардың семантикалық, фонетика-морфологиялық және синтаксистік белгілері негізге алынатынын айтады¹.

Татар тілінде еліктеу сөздер ерекше сөз табы саналады. Кісі дауысына, жануарлар мен құстардың, жәндіктердің шығарған дауыстарына және түрлі жансыз заттар тудырған дыбыстарға ұқсатып жасалған сөздер татар тілінің сөздік құрамының ерекше қабатын құрайды. Мұндай дыбыстар әр тілдің өз ерекшелігіне қарай жасалады². Мысалы: Утыз ел казыган баз бик тирән шул: Менә инде Хәмитең шунда гөмберрт! (Г. Тукай) – Отыз жыл қазғанзындан сол: міне, енді Хамитің сонда күмпетті. Каз, поварны аңлагандай, жанланып сөйли башлай: «*кый-кый, каг-каг*», - *ди, һәм поварга бер-ике тапкыр ышкылып үтә: «Кыйгак-кыйгак!*», - *ди* (Ә.Еники) – Қаз аспазшыны түсінгендей, жан кіріп, «*қиқ-қиқ, қақ-қақ*» деп сөйлей бастады және аспазшыға «*қиғақ-қиғақ*» деп бір-екі рет үйкеліп өтті.

Табиғаттағы немесе адамға қатысты түрлі дауыстарға ұқсатудан жасалған еліктеу сөздерден тыс татар тілінде *к ө р у*, *с е з у м е н* байланысты жасалған сипаттама сөздер – *о б р а з* - *д ы* еліктеу сөздер де қолданылады³. Мысалы: Чын күл бу, хәтта жем-жем уйнаклаган вак дулкыннарға кадәр күренә (Ә.Еники) – Табиғи көл бұл, тіпті жылт-жылт етіп ойнақтаған ұсақ толқындарға дейін көрінеді. Бала-чага урамнан керергә өлгерә алмады, *ялтыр-йолтыр* яшен утлары уйнарга тотынды (Г.Ибраһимов) – Бала-шаға көшеден кіруге үлгерә алмады, жарқыл-жұрқыл жасын оттары ойнай бастады. Мылтыгын аскан муенга, аста атның яхшысы, юл язудан курку юк: гөлт иткән

¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – Б.337.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 391.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 393.

айның яқтысы (Г.Исхакий) – Мылтығын асқан мойынға, астында аттың жақсысы, жол жазудан қорқу жоқ: жарқ еткен айдың жарығы.

Татар тіліндегі дыбыстық және образды еліктеу сөздер құрылымдық түзілісі бойынша бірнеше түрге бөлінеді¹:

1) дара еліктеу сөздер: *гөрс, гөлт, дык, лып, чалт, выжт, дерт, чулт, т.б.*;

2) жұп еліктеу сөздер: *ялт-йолт, лаштыр-лоштыр, шак-шок, шалтыр-шолтыр, калтыр-колтыр, чыш-пыш, т.б.*;

3) қайталама еліктеу сөздер: *дер-дер, мелт-мелт, кар-кар, кый-гак-кыйгак, тыпыр-тыпыр, кэз-кэз, жыл-жыл, дөбер-дөбер, шыгыр-шыгыр, т.б.*;

4) үш компонентті еліктеу сөздер: *ха-ха-ха, хи-хи-хи, ка-ка-ка, кыт-кыт-кыт, т.б.*

§14. Шылау (теркәгеч, бәйлек) және олардың түрлері

Шылау және олардың түрлері.

Шылау – сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстыратын, толық лексикалық мағынасы жоқ көмекші сөз. Сөз таптарының ішінде шылау сөздер өз алдына дербес қолданылмай, тек толық мағыналы атауыш сөздермен тіркесіп, оларға қосымша грамматикалық мағына үстеп тұрады. Соның негізінде, яғни атауыш сөздермен тіркесіп келген жағдайда ғана олардың лексика-грамматикалық сипаты айқындалады. Бұл – шылау сөздерге тән басты ерекшеліктердің бірі.

Шылау сөздер де ішкі мазмұны, сыртқы тұлғасы және қызметі жағынан өздерінің бастапқы шыққан төркіндерінен біржола қол үзіп, көмекшілік қызметте жұмсала тұрса да, олар есімдерге де, етістікке де тәуелді болмай, өз алдына оқшауланып, жеке топ ретінде қолданылады.

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 394.

«Қазақ грамматикасында» шылаудың төмендегідей ерекшеліктері атап көрсетіледі¹: 1) шылау сөздердің толық лексикалық мағынасы болмайды; 2) контексте толық мағыналы сөздердің жетегінде қолданылып, оған қосымша әртүрлі грамматикалық мағына, рең үстейді; 3) сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді сабақтастыра не салаластыра байланыстырады; 4) жеке сөйлем мүшесі бола алмайды; 5) шылау сөздер түрленбейді, басқа сөз таптарынан жұрнақ арқылы жасалмайды. Олар – лексикалық мағынасынан айрылу негізінде қалыптасқан көмекші сөздер.

Шылау сөздердің бірқатары сөз бен сөздің арасындағы грамматикалық байланысты, енді бір тобы сөз тіркесі мен сөйлем арасындағы байланысты айқындау үшін қолданылады. Грамматикалық сипатындағы осындай ерекшеліктеріне қарай шылауларды топқа бөлуде түрліше пікірлер қалыптасады.

Шылау сөздерді топқа бөлуде М.Балақаевтың алғашқы пікірінде де ерекшеліктер орын алды. Ғалым қазақ тіліндегі шылау сөздерді төмендегідей бес топқа бөледі:

- 1) күшейткіш үстеуліктер (тап, өте, аса, тым)
- 2) болымсыздық үстеуліктер (еш, жоқ, емес, ма, мен)
- 3) сұраулық демеуліктер (ма, ме, па, пе, т.б.)
- 4) демеуліктер
- 5) жалғаулықтар

Демеуліктерді іштей көлемдік (іші, маңы т.б.), мезгіл-мекендік (дейін, шейін, кейін т.б.), себеп-мақсаттық (үшін, туралы, жөнінде т.б.), жалғау-үстеулік (-ақ, қой, ғана, -ау, да, де т.б.) тәрізді 4 түрге, жалғаулықтарды да бірлестіргіш (және, мен, бен т.б.), қарсылықты (бірақ, сөйтсе де т.б.), кезектестік (әлде, немесе, біресе т.б.), айқындауыш (сондықтан, өйткені, демек т.б.) тәрізді түрлерге бөлген². Бұл топтастырудан байқалатыны: шылау сөздердің ішінде қазіргі кезде үстеу, есімдік қатарындағы дербес сөздер мен болымсыз етістіктің жұрнақтары, көмекші етістіктер де кездеседі. Сондай-ақ шылаулардың іштей топтастырылуы, олардың аталуы да әркелкі. Кейіннен автор бұл мәселені қайта қарап, шылау сөздерді демеулер, демеуліктер, жалғаулықтар

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.556.

² Қазақ тілі грамматикасы бойынша зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1975. – Б.30.

деп үш топқа бөліп қарастырды. Ғалымның бұл топтастыруында сан жағынан болмаса да, аталуы жағынан өзгешеліктер болды.

А.Ысқақов шылауларды грамматикалық сипатына қарай септеуліктер, жалғаулықтар, демеуліктер деп үш түрге бөледі¹. Қазіргі қазақ тілінің грамматикасында да осы жіктелім қалыптасқан:

1) септеулік шылау: сайын, шейін, дейін, бойы, үшін т.б.

2) жалғаулық шылау: ынғайластық (мен, бен, пен, және, әрі, да, те, та, де); қарсылықты (бірақ, дегенмен, алайда, сонда да, сөйткенмен); себеп-салдар (өйткені, себебі, сол үшін, сондықтан); талғаулықты (не, немесе, я, яки, болмаса); кезектес (кейде, бірде, біресе); шартты (егер);

2) демеулік шылау: сұраулық (ма, ме, ба, бе, па, пе); күшейткіш (ақ, ау, ай, да, де, та, те); белгісіздік (ау, мыс, міс, кейде); болымсыздық (түгіл, тұрсын, тұрмақ); шектік (ғана, тек, ақ); нақтылау (қой, ғой, ды, ді, ты, ті)².

Татар тілінде септеуліктер (бәйлекләр) мен жалғаулықтар (теркәгечләр) көмекші сөздер қатарына жатқызылады. Ал қазақ тіліндегі демеуліктер татар тілінде модаль сөздер қатарында (кисәкчәләр) қаралады. Татар тіліндегі демеуліктер жайлы модаль сөздер тақырыпшасында сөз етіледі.

Татар тіліндегі септеуліктер (*бәйлекләр*) сөздер арасындағы ортақтық, себептік, мақсаттық, мезгілдік, мекендік және басқа да қатынастарды білдіре келе, өздері меңгерген сөздің белгілі бір септікте тұруын талап етеді. Олар түрлі грамматикалық белгілері жағынан септіктерге жақын тұрады және септік формалары беретін грамматикалық мағыналарды айқындай түседі.

Септіктерді талап етуіне қарай септеуліктер (*бәйлекләр*) үшке бөлінеді³:

Атау септігін талап ететін септеуліктер (баш килеше): белән, өчен, күк, кебек, сыман, шикелле, чаклы, хәтле, кадәр, аркылы, аша, буе, буенча, буйлап, саен, сәбәпле, т.б. Мысалы: Кылыч белән

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – Б.385.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.557.

³ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 398.

түгел, турылык һәм чынлык белән көчле кешеләр (М. Жәлил). Бу – Нәгыймә өчен бөтенләй яңа әйбер иде (Г. Ибраһимов). Көтүчеләр тапкан чишмә кебек, *Жырым минем, син дә улаксыз* (С. Хәким).

Барыс септігін талап ететін септеуліктер (юнәлеш килеше): кадәр, чаклы, хәтле, күрә, каршы, башлап, алып, таба, караганда, карамастан, т.б. Мысалы: Төшкә таба төнлә яуган кар эреде, аяк астын пычратып жибәрде (М. Хәбибуллин). Көн эссе булуга карамастан, *Хәдичәттәй яшел шәл бөркәнгән, шәл чуқлары жиргә* кадәр салынган! (Г. Әпсәләмов).

Шығыс септігін талап ететін септеуліктер (чыгыш килеше): соң, башка, бүтән, бирле, тыш, элек, т.б. Мысалы: Көзләрдән соң язлар килми, Алда салкын ак кышлар... (Р.Фәйзуллин). Арслан жавап бирүдән элек, *тагын бер мәртәбә Корбановка сөзеп карады* (Г. Ахунов). Иртәдән башлап яңгыр яварга жыена иде (Ш. Бикчурин). Тау ярыйсы гына текә булуга кармастан, *чаңгы эзләре таушалган* (Г. Әпсәләмов).

Бұл жерде назар аударатын бір ерекшелік – қазақ тіліндегі есімше, көсемше жұрнақтары арқылы жасалған сөздердің (*караганда, карап, т.б.*), сондай-ақ көмекші есімдердің (*эч, як, ал, арт, т.б.*) татар тілінде сөздерді байланыстырушы сөздер ретінде қаралуы.

Ондай сөздердің бірқатары татар тілінде бәйлек сүзләр (септеулік сөздер) деп аталады. Шығу тегі бойынша негіз сөзден толық бөлінбеген, бірде дербес мағынада, бірде септеулік шылау түрінде қолданылатын сөздер с е п т е у л і к с ө з д е р (бәйлек сүзләр) деп аталады¹. Олар: караганда (қарағанда), карамастан (қарамастан), *килгәндә* (келгенде), *сәбәплә* (себепті), *турында* (турасында), *аркасында* (арқасында), *карап* (қарап), алып (алып), т.б. Мысалы: Ялғызлық исемнәрнең тарихын тикшерүче белгечләрнең фараз қылуларына караганда, *әлеге сүз ике кисәктән тора икән* (М. Госманов).

Татар тілінде сөздер арасын байланыстыруға септеуліктерден басқа ас (аст), өс (үст), ян (жан), эч (іш), як (жақ), ал (алд), арт (арт),

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 403.

урта (орта), тыш (тыс), баш (бас), ара (ара) сияқты көмекші есімдер (ярдәмче исемнәр) де қатысады. К ө м е к ш і е с і м д е р (ярдәмче исемнәр) деп татар тілінде дербес сөздердің кей жағдайда көмекші сөздер рөлінде қолданылуын айтады¹. Мысалы: Тау артыннан қояш күтәрелеп килә иде (Ш.Бикчурин).

Татар тіліндегі жалғаулықтар (*теркәгечләр*) сөйлемдер мен сөздерді өзара байланыстырып, олардың арасындағы түрлі мағыналық қатынастарды білдіреді. Олар морфологиялық жақтан түрленбейді, синтаксистік тұрғыдан сөйлемдерді байланыстырады, бірақ өздері сөйлем мүшесі бола алмайды².

Жалғаулықтар (теркәгечләр) екі топқа бөлінеді:

1) Сабақтастырушы жалғаулықтар (*тезүче теркәгечләр*) сөйлемде өзара тең, бір-біріне тәуелсіз сөздерді, тіркестерді, күрделі сөйлемдер құрамындағы жәй сөйлемдерді байланыстырады.

Сабақтастырушы жалғаулықтар өз ішінде ыңғайластық (жыючы), қарсылықты (қаршы куючы), талғаулықты (бүлүче) жалғаулықтарға бөлінеді³.

Ыңғайластық жалғаулықтар (жыючы теркәгечләр) өзара тең сөйлем мүшелерін және күрделі сөйлем құрамындағы жай сөйлемдерді байланыстырады: һәм, вә, тагын, ни...ни, янә, да, дә, т.б.

Қарсылықты жалғаулықтар (қаршы куючы теркәгечләр) сөйлемде тең мүшелерді, яғни салалас құрмалас сөйлемдегі жәй сөйлемдерді бір-біріне қарсы қояды: ләкин, әмма, ә, бәлки, фәкәть, тик, т.б.

Талғаулықты жалғаулықтар (бүлүче теркәгечләр) сөйлемге санау, ұқсас көріністердің бірін ерекшелеу, оқиға, іс-әрекеттің қабаттасуы сияқты мағына реңтерін үстейді: я, яки, яисә, әле... әле, бер... бер, т.б.

2) Бағыныңқы жалғаулықтар (Ияртүче теркәгечләр) сөйлем ішінде айқындауыш сөздерді, яғни сабақтас құрмалас сөйлем

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 404.

² Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б.241.

³ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б.241.

құрамындағы бағыныңқы сөйлемді басыңқы сөйлеммен байланыстырады: чөнки, ки, гүя, гүяки, гәрчә, әгәр, ягъни, т.б.

§15. Одағай сөздер (Ымлыклар)

Қазақ тіл білімінде одағайлар өз алдына жеке сөз табы ретінде танылып, зерттеліп келе жатқан сөз таптарының бірі. Лексика-грамматикалық сипаты жағынан адамның көңіл-күйіне байланысты және төрт түлік малға арнайы айтылатын, сөйлем ішінде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспейтін сөздер одағайлар деп аталады. Одағайға берілген бұл анықтама қазақ тілінің морфологиясына арналған еңбектердің түгеліне жуығында әбден қалыптасқан пікір ретінде беріліп отырады.

Одағайларды жеке сөз табы ретінде тану мәселесіне қатысты қазақ тіл біліміндегі пікірлерге көз жүгіртсек, қазақ тіл білімі ғылымының негізін қалаған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов зерттеулерінде одағайлар бірде шылау сөздердің ішінде (А.Байтұрсынұлы), бірде таптаспаған сөздер қатарында (Қ.Жұбанов) қарастырылғаны байқалады. Мәселен, А.Байтұрсынұлы «одағайланып, оңаша айтылатын сөздерді» одағай деп атап, олардың ілездік, еліктеу, шақырыс одағайлары тәрізді үш түрін бөліп көрсетеді¹.

Қазіргі қазақ тіліндегі одағай сөздердің тілдік болмысына қатысты маңызды тұжырымдар Қ. Жұбанов зерттеулерінде жасалады. Ол жалпы сөздерді «таптасқан», «таптаспаған» сөздер деп бөліп, «...таптаспаған сөздер заттың өзін, ісін, сипатын, түйдегін жазбай атау үшін қажет. Олар хабарлауыш сөздер, жеке тұрып-ақ хабар беру үшін жасалған. Таптасқан сөзді сөйлемдерде бұлар одағайланып тұрады» дейді². Ш.Сарыбаевтың 1959 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі одағайлар» атты еңбегінен соң қазақ тіліндегі одағайлар өз алдына жеке сөз табы ретінде қарастырылып келеді.

Сөздерді сөз таптарына бөлуде олардың грамматикалық сипаты мен тұрақты белгілері негізге алынатыны белгілі. Осыған сай С.Исаев «сөздерді сөз таптарына жіктеудің белгілі

¹ Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б.261.

² Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – Б.125.

принциптері бар, бірақ олар негізінен атауыш сөздерге ғана қатысты болып келеді¹» дей келе, одағайларды да жеке сөз табы ретінде тануға олардың ерекше қолданыстық-семантикалық қасиеттері негіз болатынын айтады.

Одағайларға тән басты белгілердің бірі – олардың ерекше бір әуезбен, ырғақпен айтылуы. Бұл ерекшелік одағай сөздерді семантикалық жағынан құбылтып, өзгертуге негіз болады. Жалпы одағайлар семантикалық құбылмалылығына қарай бір мағыналы және көп мәнді болып бөлінетіні белгілі. Одағайлардың түрлі интонациямен, әуенмен айтылуы олардың мағыналық жағына да әсерін тигізеді. Бұған одағай сөздер құрамындағы ашық дауыстылардың да ықпалы ерекше.

Сөйлем ішінде өз алдына жеке сөйлем мүшесі қызметін атқармаса да, одағай сөздердің синтаксистік сипаты жағынан өзіне тән ерекшеліктері бар. Олар: 1) лепті, сұраулы сөйлемдер түрінде жеке қолданылуы; 2) негізгі сөйлемдермен қабаттаса қолданылуы. Сөйлем мүшелеріне қатысына келсек, одағай сөздер көмекші етістіктермен тіркескен жағдайда және заттанғанда белгілі бір сөйлем мүшесі қызметін атқарады. Одағайлардың күрделі мүше қызметінде жұмсалуда көмекші етістіктің маңызы зор.

Қазақ тіліндегі одағайларды мағыналық жағынан топтастыруда әртүрлі пікірлер кездеседі. Мәселен, А. Байтұрсынов олардың ілездік, еліктеу, шақырыс одағайлар тәрізді үш түрін көрсетсе², Қ. Жұбанов одағайларды шаруашылық одағайлары, қатынас одағайлары, көңіл одағайлары деп үш топқа бөліп, әр түрінің қалыптасу тарихына, ерекшелігіне тоқталады³. Қ. Жұбановтың қазақ тіліндегі одағайлар, оның мағыналық түрлері, шығу тарихы, дыбыстық ерекшеліктері, жасалуы, тыныс белгілері туралы маңызды тұжырымдары аталған сөз табының одан әрі зерттелуіне негіз болғаны белгілі.

¹ Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы, 1998. – Б.290.

² Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – Б.261.

³ Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер – Алматы, 1999. – Б.125.

Одағайларды мағыналық жағынан топтастыруда А.Ысқақовтың пікірі де ерекше назар аударуды қажет етеді. Ғалым одағайларды көңіл күйі, ишарат, шақыру одағайлары деп үш топқа бөле отырып, оның ішінде шақыру одағайына қатысты төрт түлік малға, үй хайуандарына арналып айтылатын одағайлардан басқа «... таңдайды тақылдатып, еріндерді шүйіріп, ысқырып айтатын, транскрипциялауға қиын болатын одағайлардың»¹ тек шақыру ғана емес, жекіру, ұрысу тағы сол сияқты мағыналарды да білдіретіндігін ескертеді.

Ғ.Әбуханов одағайлардың көңіл-күй одағайлары, жекіру немесе ишарат одағайлары деген үш түрін көрсетеді². Н.Оралбай көңіл-күй одағайлары, бұйрық типтес (императив) одағайлар, тұрмыс-салт одағайлары тәрізді үш түрге бөледі³. Ал «Қазақ грамматикасында» одағайлар мағыналық жағынан көңіл-күй, императивтік, тұрмыс-салт одағайлары деп үш топқа бөлінеді⁴. Жалпы одағайлар семантикалық құбылмалылығына қарай бір мағыналы және көп мәнді болып бөлінетіні белгілі. Демек, көп мәнді одағайлардың түрлі интонациямен, әуенмен айтылуы олардың мағыналық жағына да әсерін тигізеді.

Татар тілінде одағайлар (ымлыклар) – адамдардың сезім әрекетін, көңіл-күйін, ішкі күйзелістерін, ықтиярын білдіретін ерекше сөз табы. Олар екі топқа бөлінеді: эмоционалдық (сезімдік) одағайлар, императивтік (бұйрықты) одағайлар⁵.

Э м о ц и о н а л д ы қ (сезімдік) о д а ғ а й л а р мынадай топтарға бөлінеді⁶:

а) шаттану, көңілі толу, таңдануды білдіретін одағайлар: и, әй, их, иһи, әй, ай-яй, абау, сөбханалла, бәрәкалла, т.б. мысалы: *Әй, бу яшәү! Шомлы! Тилмерткеч кызык! Илаһ көч йөри Биләүне*

¹ Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология – Алматы, 1974. – Б.377–378.

² Әбуханов Ғ. Қазақ тілі – Алматы, 1982. – Б.174.

³ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – Б.374.

⁴ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.564.

⁵ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 418.

⁶ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 419.

Кәфенгә кадәр сузып! (Р.Фәйзуллин). И-и-х, син, нинди саф, нинди матур күңелле егет син, - диде озын керфекле кыз... (М.Мәһдиев).

ә) өкіну, ренжу, қайғыру сияқты эмоцияларды білдіретін одағайлар: аһ, их, йә алла, әй раббым, т.б. Мысалы: Ни газизрәк – бу Ватанмы? Аһ, туган каумем газиз (Дәрдмәнд). Тынма әле, Тынма әле яңгыр. Син туктасаң, жанга, аһ! Авыр... (Р.Аймәт). – Их, әле дә безнең әниебез булса икән ул! Әни үзе бар чагында мичкә дә ягып жибәрә иде, мич янып торса, өйдә шундый жылы була ич (Р.Фәизов). Йә алла! Ләйсәннәрәң жанны юа алырмы күздән канлы яшьләр акканда (Р. Фәйзуллин).

б) қорқу, үрейлену, мазасыздану, таңғалу, күмәндануды білдіретін одағайлар: ах, аһ, уф, бәй, ай, ай-һай, Ай алла, абау, т.б. Мысалы: Ай аллам, нигә икән? - диде Зөләйха ихлас көяләнен (А.Гыйләжәв). Шулай утыра торгач, Ләлә кисәк кенә шыпырт итеп, әллә нинди шомлы итеп әйтеп куя: - Абау, нәрсә бар анда? - Кайда? Кайда ул? - дибез без, дәррәү әсәренеп (Р. Фәизов). Карале, әллә кая кереп киткәнмен, Кайда күрдең ул Габдерәхимне? - Норвегиядә. – Бәй, ансы нәрсә тагын? Таш кыядан гына торган бер ил бар төньякта (З. Зәйнуллин). Яңалык әйттимме? – Ай-һай яңалык булырмы икән? (М. Мәһдиев).

в) немқұрайлылық, енжарлық, кемсіту, масқаралау, мысқылдауды білдіретін одағайлар: һәй, ә-әй, фи, фу, и-и, һи-и-и, т.б. Мысалы: Ә-әй! Алма бәләше ир-ат ашымыни ул?! - дип, сүзгә Госман катнашты (К.Тимбикова). Һәй, юлда сөйләгәннәргә ышансаң!... Юлда мин Мисыр короле Фарукның кияве булып йөрим! (А.Гыйләжәв). Фу, төнәткәнсең, Валиәхмәтовны ысларга жыенмыйдыр ич? (А.Гыйләжәв). Ә кем сугар соң ул кирпечне? - дип көлде әти. – Ай алла! Менә Радик белән тотабыз да сугабыз аны! (Р. Фәизов).

г) өршелену, наразылық білдіру, қарғау, ашулану, айыптауды білдіретін одағайлар: у-у, ах, эх, һе, һы, каһәр суккыры, гөнаһ шомлығы , т.б. Мысалы: Бакчага кем кергән? – Ах, дуңғыз, тагын Зөлфия кергән... (М. Мәһдиев). Зиннур, Хәлим кулындагы шатуннарға үрелеп сорады: - Нинди жылләр ташлады? Әллә бөтенләйгәме? – Һе, бөтенләйгәме! Кемгә кайтам инде мин

бөтенләйгә? (З. Зәйнуллин). Аһ, гөнаһым шомлыгы, бу кучеры бик тын тагын, Жырламыйдыр бер матурның балдагын иә калфагын (Г.Тукай).

д) амандасу, қоштасу, ғафу ету, алғыс айту сияқты мағыналарды білдіретін одағайлар: рәхмәт, исәнме, исәнмесез, сау булыгыз, хушыгыз, рәхим итегез, т.б. Мысалы: Исәнме, мәгърур тау! Туган як тәхете – Чатыр тау, исәнме! (М. Галиев). Рәхмәт яусын, килен!- ди ул, һәм урыныннан кузгала (Р. Фәизов). Хуш, Дилә! Хуш, бәгърем, хуш! Савыгып кына кайт!- дип кабатлады ул күңеленнән (А. Гыйләжев).

И м п е р а т и в т і к (бұйрықты) о д а ғ а й л а р бұйыру, тыю, шақыру, талап ету сияқты мағыналарды білдіреді. Оларға чү, тсс, әй, әйдә, һайт, т.б. сияқты одағайлар жатады¹. Мысалы: Чү, дим, чү... Нишләдең инде, бирән булганмы әллә, кепканы тешлисең... (М.Мәһдиев). Тсс! ...Исемен дә беләм! Тик әйтмим генә! кешеләр бит халәтемне бүтәнчә дип белә... (Р.Фәйзуллин). Өйгә килеп керүенә әби иң беренче гамәле итеп кулына мич алдыннан тимер кыскыч алыр иде. – Һәйт, каферләр!.. Тик кенә утырыгыз. Тузгытмагыз бу кадәр тузан, карагыз аны!...дип, безгә кыскычны күрсәтер иде (Р.Фәизов).

§16. Модаль сөздер (модаль сүз) және олардың түрлері

Жеке лексикалық мағынасы болмаса да, өзі қатысты сөзге не сөйлемге қосымша грамматикалық мағына үстейтін немесе ойға қатысты қосымша модальдылық мәнді білдіретін сөздер модаль сөздер деп аталады.

Модаль сөздер бұған дейінгі зерттеулерде әртүрлі қырынан қарастырылып келді. Мәселен, Н.Оралбаева модаль сөздерді күшейткіш үстеулермен бірге көмекшілер қатарына қосып, олардың көмекшілік қызметін ғылыми тұрғыдан дәлелдей келіп², «модаль сөздер аналитикалық форманттың құрамында

¹ Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 420.

² Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – Б.17.

модальдық категорияның көрсеткіші болғандықтан» оларды сөз таптарының қатарына қоспайды¹.

Етістіктің модальдық құрылымдары арқылы модальдық мағынаның берілу сипаты Қ.Мамаділов зерттеулерінде сөз болды². Қазақ тіліндегі модальдылық мәселесі көмекші етістіктерге қатысты зерттеулерде де функционалды грамматиканың негізгі аспектілерінің бірі ретінде қарастырылуда³.

Модальдылық (лат. *modalis* – мөлшер, тәсіл) – айтылған сөз бен болмыс арасындағы қатынас түрлері және хабардың әртүрлі қабылдануын көрсететін қызметтік семантикалық категория, предикаттылық синтаксистің негізгі бірлігі болатын сөйлемнің қызметтік ерекшелігін білдіретін синтаксистік категория саналады⁴. Семантикалық және синтаксистік категориялар ретінде модальдылық пен предикаттылық өзара тығыз байланысты болғанымен, олардың өзіндік айырмашылықтары да бар, яғни предикаттылық тіл деңгейінде, ал модальдылық сөйлеу деңгейінде айқындалады. Модаль сөздер осы екі құбылыспен, атап айтқанда, модальдылықпен және предикаттылықпен тығыз байланысты болып келеді.

Қазақ тілінде модаль сөздер көмекші сөздер ретінде сөйлемде айтылған ойдың шындыққа қатынасы туралы сөйлеушінің көзқарасын білдіреді. Модаль сөздердің лексика-грамматикалық даму процесінде дербес сөз таптарынан бөлініп шығуы үнемі үзіліссіз жүріп отырады. Ал мағыналық жағынан грамматикалық абстракциялануы олардың модальдық сипат алуына негіз болады. Модальдылық мағына модаль сөздерден басқа да тілдік бірліктер арқылы беріледі. Атап айтсақ, етістіктің рай категориясы, қыстырма сөздер, инфинитив (тұйық етістік) пен есім негізді сөздер тіркесі. Демек, модальдылықты тіл мен сөйлеудің түрлі деңгейлерінде көрінетін грамматикалық мағыналардың өз алдына тұтас бір жүйесі деп тануға болады.

¹ Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – Б.63.

² Мамаділов Қ. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің модальдік құрылымдары. – Алматы, 1996. – Б.83.

³ Алтаева А. Көмекші етістіктердің семантикасы. – Алматы: Арыс, 2006. – Б.97.

⁴ Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: Сөздік –Словарь, 1998. – Б.167.

Сонымен, модаль сөздер, басқа да көмекші сөздер сияқты жеке лексикалық мағынасы болмаса да, сөйлемде айтылған ойға қосымша мән үстеп тұрады. Осы ерекшелігіне қарай олар объективті және субъективті болып екіге бөлінеді. Олардың арасында мынадай ерекшелік орын алады: біріншіден, объективті модальдылық сөйлемдегі хабардың, ойдың шындыққа қатынасын білдірсе, субъективті модальдылық сол хабарға, ойға сөйлеуші-субъектінің көзқарасын, қатынасын білдіреді. Екіншіден, объективті модальдылық рай категориясы арқылы, ал субъективті модальдылық көмекші сөздер арқылы беріледі. Үшіншіден, объективтіге қарағанда субъективті модальдылықта хабардың қосымша реңінің болуы оның семантикалық көлемінде кеңейтеді. Демек, объективті модальдылықты білдіруде етістіктің рай категориясы көбірек грамматикаланған құбылыс болғандықтан рай формаларының қызметі басым болады, ал субъективті модальдылық негізінен көмекші сөздер арқылы білдіріледі¹.

К.Аханов грамматикалық рай категориясының модальдылық ұғымымен байланысын сөз ете келіп, модальдылықтың грамматикалық және лексикалық тәсілмен де берілуі мүмкін екенін атап көрсетеді. Сондай-ақ «сөйлемнің модальдылығы», «райдың модальдылығы» деген ұғымдардың да аражігін ашып, модальдылық жалпы сөйлем атаулыға тән екенін, ал райдың модальдылығы арнайы етістік баяндауышқа ғана қатысты болатын, сөйлем модальдылығына қосымша «екінші» модальдылық ретінде қарастырады².

Модаль сөздер лексика-грамматикалық сипатына қарай есімдерден, етістіктерден, көмекші сөздерден жасалады. Бұл ерекшелік модаль сөздердің құрамы жағынан әртүрлі болып келуіне әсер етеді. Модаль сөздердің әртүрлі сөз таптарынан қалыптасуы және ол сөздердің бастапқы лексикалық мағынасының грамматикалануы, яғни негізгі мағынасынан модальдылық мәнге

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б.568.

² Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы: Санат, 1996. – Б.151.

ауысу сипаты модаль сөздердің қолданылуына да әсер етеді. Қазіргі модаль сөздер қатарында өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан мүлдем қол үзіп, таза модальдылық мәнге ауысқан сөздермен қатар, бастапқы мағынасынан әлі де болса толық айрылмай бірде модальдылық, бірде негізгі лексикалық мағынада қолданылып жүрген сөздер де кездеседі.

Қазақ тіліндегі модаль сөздер қолданылу ерекшелігіне қарай үш топқа бөлінеді: 1) тек синтаксистік қыстырма мүше ретінде қолданылатын модаль сөздер; 2) баяндауыш құрамында көмекші мүше ретінде қолданылатын модаль сөздер; 3) әрі синтаксистік қыстырма мүше, әрі қимыл есімді баяндауыш құрамында қолданылатын модаль сөздер¹.

Модаль сөздердің қолданысындағы ерекшеліктер олардың модальдылық мағынаны білдіру сипатына да қатысты болып келеді. Егер бірінші жағдайда қыстырма мүшелер жалпы тұтас сөйлем мазмұнына қатысты модальдылық мағынаны білдірсе, екінші жағдайда олар тек баяндауыштың шылауында ғана келіп, белгілі бір модальдылық мән үстейді. Модаль сөздердің ішінде тек мүмкін сөзі ғана әрі қыстырма мүше ретінде өз алдына дербес, әрі көмекшілік қызметте баяндауыш құрамында да қолданылады. Қазақ тіліндегі модаль сөздердің жасалу жолдарын былайша топтауға болады²:

1. Таза модальды және есім модальды сөздердің, сондай-ақ модальды тіркестердің қатарындағы тәуелді формада тұрақтанып қалған лексемалар: қысқасы, ыңғайы;

2. Кейбір үстеулер мен үстеу мәнінде қолданылатын зат есімдердің заттық мәнінен айрылу нәтижесінде пайда болады: шын, рас;

3. Предикаттық функциясынан айрылған бағыныңқы сөйлемнің баяндауышынан жасалады: көрінеді, дейді, деседі, білем;

4. Модаль тіркестің бір компонентінің түсіп қалуы арқылы да жасалады: мүмкін;

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 580.

² Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002. – Б. 571.

5. «Бет, бейне, пішін, порым, түр» мағынасын білдіретін түбірлерден жасалады: сияқты, секілді, сықылды, тәрізді, тақылетті, рәуішті, іспетті, әлпетті;

6. Араб, парсы тілдерінен ауысқан сөздер арқылы жасалады: бәлки, бәлкі, бәлкім, әлбетте, зайыры, лазым, ықтимал, мүмкін, рас.

Модаль сөздердің есімдерден, етістіктерден, көмекші сөздерден жасалатыны оның құрам жағынан әртүрлі болып келуіне әсер етеді. Осыған орай қазақ тіліндегі модаль сөздер семантикалық сипатына қарай мынадай топтарға жіктеліп қарастырылады¹:

1. Болжал мәнді модаль сөздер: сияқты, сыңайлы, сынды, әлпетті, мүмкін, шамасы, сыңайы, аңғары, әлпеті, жобасы, қисыны, тәрізі, сиқы, нәті, бәлки (бәлкім, бәлкі), ықтималы, кәдік, болар, шығар, білем, -ды білем, -қан (-ген) білем, -са (-се) керек, -у керек, -ға (-ге) ұқсайды, -уы мүмкін, тәрізі (түрі) бар;

2. Міндеттілік мағына білдіретін модаль сөздер: керек, қажет, тиіс, лазым сөздерінің қатысуымен –у керек, -у қажет, -у лазым, -мақ керек, -маққа керек, -уға тиіс, -уы тиіс аналитикалық форманттар;

3. Біреудің сөзі не дерек негізінде айтылатын модаль сөздер: дейді;

4. Қостау (растау) мағынасында қолданылатын модаль сөздер: рас, расында, шынында, анығында;

5. Қалау (тілек) мәнді модаль сөздер: -са (-се) екен, -са (-се) дейм (деймін);

6. Күмән (күдік) ұғымын білдіретін модаль сөздер: кім біледі, -ар ма екен, -са неғылсын;

7. Сөйлемде айтылған хабардың ақиқатына көзі жеткендікті білдіретін модаль сөздер: екен;

8. Нық сенімділікті білдіретін модаль сөздер: әрине, әлбетте.

Татар тілінде модаль сөздер қатарына жататын сөз таптарының бірі – демеуліктер.

Демеуліктер (кисәкчәләр) – сөздерге және сөйлемдерге модальдық-эспрессивтік мағына реңтерін үстейтін ерекше сөз табы².

¹ Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002. – Б. 577.

² Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б.243.

Демеуліктердің (кисәкчәләр) септеуліктер (бәйләкләр) мен жалғаулықтардан (теркәгечләр) айырмашылығы бар. Олар сөздер мен сөйлемдер арасындағы түрлі байланыстарды, яғни грамматикалық мағыналарды білдірмейді, модальдық мағына рентерін үстейді: мағынаны күшейтеді, сондай-ақ шектеу, өтінуді, сұрауды, растауды, күдіктенуді сияқты мағыналарды білдіреді.

Демеуліктер морфологиялық жақтан түрленбейді, синтаксистік жақтан өздері тіркескен сөзбен бірге сөйлем мүшесі құрамына кіреді. Тілдегі қолданысы бойынша демеуліктер қосымшаларға жақын тұрады.

Демеуліктердің көпшілігі фонетикалық жақтан вариантты болып келеді, олар сингармонизм және дауыссыздар ассимиляциясына бағынады: ғына / генә; кына / кенә; чы / че; сана / сәнә; мы / ме; ла / лә, т.б.

Татар тіліндегі демеуліктердің мағыналық топтары².

Ғына / генә, кына / кенә демеуліктері түрлі сөз таптарымен бірге қолданылып, шектеу, бөліп көрсету мағыналарын білдіреді: ул ғына (килде) – ол ғана (келді), укыды ғына (сөйләмәде) – оқып қана қойды (сөйлемеді), бер генә (әйтте) – бір рет қана (айтты).

Сын есім мен үстеулерде белгінің белгілі бір шамасын ғана білдіреді: матур ғына – әдемі ғана, аз ғына – аз ғана, ямьле генә – сүйкімді ғана, т.б. Мысалы: Илләр күп ул, жирләр күп ул... Ә гомерләр һәркемнең берәү генә (Р.Фәйзуллин). Тик ахырдан ғына ара төзәлде, Нурый аз-маз ярдәм иткәләде (Г. Ибраһимов). Тыңладым әкрән генә искәндә бәйрәм көн жилен; Ансы да сөйли тагын: «Бәйрәм бүген, бәйрәм бүген!» (Г. Тукай). Чишмәгә төшкән сукмакның читләре үлән генә, Вәгдәм бар сиңа, белмәсен Тик күрше-күлән генә (С.Хәким). Сиңа кайткач кына, туган ягым, Күкрәгемә шатлык сыймады (Р. Биктимеров).

Да / дә, та / тә демеуліктері түрлі сөз таптарының жанында келіп, мағынаны күшейтеді, күшейткіш демеуліктер мәнінде қолданылады: ул да (килде) – ол да (келді), беркайчан

¹ Сафиуллина Ф.С., Закиев М.З. Хәзерге татар әдәби теле. – Казань, 1994. – Б.243.

² Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек – Казань, 2006. – Б. 412 - 415.

да – ешқашан да, үлсәм дә – өлсем де, т.б. Мысалы: Туган жирне кайтып бер күрсәм дә, Мин үкенмәм дидем үлсәм дә... (Р.Биктимеров). Олы юлдан яуга киткән чакта Таң жиленнән томан таралды. Авыл башындагы куш наратка Атлар да бит борылып карады (М.Галиев). Үлгәндә дә йөрәк туры калыр Шигыремдәге изге антына... (М. Жәлил). Бу хәбәргә Гәрәй дә тик кала алмады, Казанын, авыруын ташлап, актык көчен жыеп, малай артыннан йөгәрде (Г.Ибраһимов).

Дыр / дер, тыр / тер, әллә демеуліктері белгісіздік, күмәндану, болжау мағыналарын білдіреді.

Дыр / дер демеуліктері түрлі сөз таптарымен бірге келіп, сөзге қосылып жазылады: артисттыр (ул), килгәндер, яхшыдыр, әйткәндер, т.б. Мысалы: Ул Йөрәк-тау гади тау түгелдер, *Йөрәгедер туган төбәкнең...* (Г.Зәйнәшева). *Кульяулығы аның белән бергә Күп мәртәбә утка кергәндер...* (М.Фәйзуллина).

Әллә демеулігі белгісіздік мағынасын береді: Киек казлар кыйгылдаша, Сау бул, якташ, диләрдер; Әллә кайтыр, Әллә кайтмас Безнең башлар диләрдер.

Бит, ич, ла, ласа, лабаса демеуліктері растау, уәде ету, сену мағыналарын білдіреді: әйттем бит, күргәнсең ич, сөйләде ласа, т.б. мысалы: *Ә син мине алдагансың ич: өзелер халгә житкән гомеремне син Жаның белән ялгагансың ич!* (Х.Туфан). *Өскә үсмәсен дип баш ботагымны киссәң, мин бит як-якка үсәм* (Р.Харис). *Синәң дә бардыр, күрәсең, Әрнүләр жәлләүләрең. Яшьләрең юа лабаса Күзеңнең зәңгәрләрен* (Х.Туфан). *Әйтерсең лә сары тәңкә булып, Каеннардан көзге моңнар ява* (Ф.Зыятдинова).

Мы / ме, мыни / мени демеуліктері түрлі сөз таптарына жалғанып, сұрау мағынасын білдіреді: синме, яңгырмы, кармы, матурмы, килдеме ~ килдемени, т.б. Мысалы: *Синме, минме гаепле соң, нәрсә булды язмышка...* (Г.Зәйнәшева). *Китәсез дә мени, китәсез дә мени, Китәсез дә мени, аккошлар?* (Р.Фәйзуллин). *И, телем, сіндә нәфислек Чишмәсе кибәрмени. Гасырлар сиңа тимәде, Дәверләр тиярмени* (Х.Туфан).

Мысалдардан көріп отырғанымыздай, мы/ме, мыни/ мени демеуліктері көп жағдайда өзі тіркескен сөзге қосылып

жазылады, тек да / дә демеулігімен келгенде ғана мыни / мени қосымшасы бөлек жазылады.

Сұрау демеуліктері әллә, соң демеуліктерімен де бірге келуі мүмкін. Мәселен: китәсезме әллә?, киләсезме әллә? т.б.

Чы / че, сана / сәнә, әле, инде демеуліктері, әдетте, бұйрық етістіктерге жалғанады да сұрау, өтіну мағыналарын білдіреді: әйтче, әйт инде, әйт әле, әйтсәнә, т.б. Мысалы: Бер йөзең күрсәтсәнә, тугъсын гүзәл көннәр минем; Чәчкәләр атсын өмид бакчамда ал гәлләр минем (Г. Тукай). Әйтче нидән шулай яшь егетләр Гөл сибәләр синең алдыңа? (Н. Исәнбәт). Өйлән әле син, Нурислам, дөнъясын тетрәтеп туй ясыяк әле (Т.Миңнуллин). Таң алды... Син кер инде! Тиздән кояш чыгар, кер, Әминәм, йокың калмасын! (Ғ.Такташ).

Ук / үк демеулігі күшейту және жылдамдық, тездік мағыналарын білдіреді: үзең үк, кайткач ук, алтыда ук, т.б. Мысалы: Рамазан картның қаушавы чал төк баскан битенә үк чыккан иде (Г. Ахунов). Ә иртәсен сәгатъ алтыда ук безнең капка төбенә пар атлар җиккән ике тарантас килеп туктады (Ә.Еники). Бүгенге кичне нилектән шулай түземсезләнеп көтүен ул теге көнне үк сөйләгән иде (Г. Бәширов).

БИБЛИОГРАФИЯ

1. Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995.
2. Айдаров Ғ. Тоникуқ ескерткішінің (VIII ғасыр) тілі. – Алматы: Қазақстан, 2000..
3. Алпаров Г. Сайланма хезмәтләр. – Казан, 1945.
4. Аманжолов С. Жаңа алфавиттің принциптері // Социалистік Қазақстан, 1941, ақпан.
5. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: Ғылым, 1988.
6. Асылгараев Ш.Н. Синтагматическое членение татарской речи (экспериментально – фонетическое исследование): Дис. ...канд. филол. наук / Ш.Н.Асылгараев. – Казань, 1968.
7. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Санат, 1993.
8. Аханов К.Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1996.
9. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. (Педагогикалық училищеге арналған оқулық). – Алматы: Мектеп, 1982.
10. Әфлатунов Ә.Хазерге татар теленең фонетикасы. – Казан, 1962.
11. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
12. Байчура У.Ш. Звуковой строй татарского языка: Экспериментально – фонетический очерк. – Казань: Изд-во ЮГУ, 1959. Ч. I.
13. Байчура У.Ш. Звуковой строй татарского языка в связи с некоторыми другими тюркскими и финно – угорскими языками /У.Ш.Байчура.– Казань: Изд – во КГУ, 1961. Ч. II.
14. Бакиров М.Х. Закономерности тюркского и татарского стихосложения в свете экспериментальных исследований / М.Х.Бакиров. – Казань, 1972.
15. Балтаева Р.М. Интонационная структура общего вопроса в современном татарском языке: Дис.... канд. филол. наук / Р.М.Балтаева. – Казань, 1973.
16. Баскаков Н.А. Историко – типологическая фонология тюркских языков. – М.: Наука, 1988.

17. Баскаков Н.А. О границах словообразования и словоизменения тюркских языках // Советская тюркология. – Москва, 1986, №2.
18. Бектұров Ш., Серғалиев М. Қазақ тілі. – Алматы: Білім, 1994.
19. Богородицкий В.А. О заимствованных словах в татарском языке. Введение в татарское языкознание в связи с другими тюркскими языками. – Казань, Татгосиздат, 1953.
20. Ганиев Ф.А. Видовая характеристика татарского глагола. – Казань, 1963.
21. Ганиев Ф. А. О синтетических и аналитических падежах в татарском языке // Вопросы тюркологии. – Казань, 1970.
22. Ганиев Ф.А. Суффиксальное словообразование в современном татарском языке. – Казань, 1974.
23. Ганиев Ф.А. Семантические разряды глаголов татарского языка. - Исследование по татарскому языкознанию. – Казань, 1984.
24. Ганиев Ф. А. Образование сложных слов в татарском языке. – Казань, 2002.
25. Гузев В.Г. Очерки по теории тюркского словоизменения: имя (на материале староанатолийско-тюркского языка). – Л.: Изд-во ЛГУ, 1987.
26. Джунибеков А. Гласные казахского языка. – Алма-Ата, 1972.
27. Джунибеков А. Сингармонизм в казахском языке. – Алма-Ата, 1980.
28. Есенқұлов А. Көнетүркі жазба ескерткіштеріндегі қосымшалар. – Алматы: Ғылым. 1976.
29. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966.
30. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: Арыс, 2009.
31. Жүнісбеков Ә. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1985.
32. Закиев М. З. К вопросу о категории падежа в тюркских языках // Проблемы тюркологии и истории востоковедения. – Казань: Изд-во КГУ, 1964.

33. Закиев М.З. и др. Татарская грамматика в 3-х тт. Том 2. – Казань, 1993.

34. Зиннатуллина К.З. Залоги глагола в современном татарском литературном языке. – Казан: Тат.кн.изд-во, 1969.

35. Ибатов А. Сөздің морфологиялық құрылымы. – Алматы: Ғылым, 1983.

36. Ибрагимов Т.И. Изучение образования слогов и структуры их сочетаний в татарском литературном языке: Дис. ... канд. филол. наук / Т.И. Ибрагимов. – Казань, 1970.

37. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия. – Казань, 1861.

38. Ирисов Н.И. Генитив в современном татарском языке (к проблеме взаимодействия морфологии и синтаксиса): автореф. дисс. ...канд. филол. наук. – Казань, 2004.

39. Исаев С. Сөз таптары // Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998.

40. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы: Қайнар, 1993. Исхаков Ф.Т. Отдельных фонемах татарского языка. Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Ч. I, Фонетика. – М., Изд – во АН СССР, 1955.

41. Кажыбеков Е.З. Глагольно – именная корреляция гомогенных корней в тюркских языках. – Алма – Ата: Наука, 1986.

42. Кайдаров А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алма – Ата: Наука, 1986.

43. Кенесбаев С.К. Современный казахский язык. Фонетика. – Алматы, 1962;

44. Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1987.

45. Кеңесбаев І.К., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1962;

46. Кононов А. Н. Грамматика языка тюркских рунических письменностей VII – IX вв. – Л.: Наука, 1980.

47. Котвич В. Исследование по алтайским языкам. – Москва, 1962.

48. Кошкарров А. Спектральный анализ фрикативных согласных казахского языка в структурах типа СГС, ГСГ: (Экспериментально – фонетическое исследование): Автореф. Дисс. ... канд. филол.наук. –Алма –Ата, 1971.
49. Кызыласов И. Л. Рунические письменности Евразийских степей. – М., 1994.
50. Қазақ грамматикасы. – Астана: Астана полиграфия, 2002.
51. Левитская Л. С. Историческая фонетика чувашского языка. – М., 1966.
52. Маманов И. Қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1989.
53. Маманов Ы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы, 2007.
54. Маманов Ы.Е. Қазақ тілі (лекциялардың текстері). – Алматы., 1973.
55. Мелиоранский П.М.Краткая грамматика казах – киргизского языка. Ч.1. Фонетика и этимология. // СПб., 1894.
56. Мифтахова И. Г. История татарских грамматик: исследование глагола, местоимения и наречия (XIX – XX вв.).- Казань: «Хәтер», 1999.
57. Мусаев К. О девятой гласной фонеме ä в древнетюрских языках рунических памятников и в протюркском // Түркология. № 1. 2004.
58. Мырзабеков С. Қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993.
59. Насыри К. Әнмүзәж – Казан, 1975.
60. Нигъмәтуллов М.М., Ишмөхәммәтов И.Ш. Сүзъясалышы: күнегүләр жыентыгы. - Алабуга, 2001.
61. Нуриева А. Х. Төрле наклонениедагы фигыльләрнең заман белән төрләнүенә карата. – Татар теле һәм диалектологиясе мәсьәләләре. – Казан: КДУ нәшр., 1959.
62. Омарбеков С., Жүнісбеков Ә. Ауызекі тіліміздің дыбыс жүйесі. – Алматы, 1985.
63. Оразбаева Ф.Ш., Сағидолда Г., Қасым Б., Қобыланова А., Есенова Қ., Исабекова Ұ. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Принтс, 2005.

64. Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқаев А. Қазақ тілі (ЖОО. Филология факультетіне арналған оқулық). – Алматы: Мектеп, 1982.
65. Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007.
66. Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Санат, 1994.
67. Сайхунов М.Р. Ритмо – темпоральные характеристики татарского языка в плане автоматического синтеза речи: Автореф. дис. ... канд. филол. наук / М.Р.Сайхунов; – Казань, 2010.– 26 л.
68. Салимов Х.Х. Просодическая система татарского языка: Дис. ... докт. филол. наук / Х.Х.Салимов. – Казань, 1999.
69. Салимов Х.Х. Спектральный анализ татарских гласных: Дис. ... канд. филол. наук / Х.Х.Салимов. – Казань, 1975.
70. Сафиуллина Ф.С., Зәкиев М.З. Хәзерге татар әдеби теле. – Казан: Мәгариф, 1994.
71. Сәлимов Х. Татар теленең аваз составы турында кайбер фикерлар. – Казан, 1982.
72. Серғалиев М., Айғабылов А., Күлкенова О. Қазіргі қазақ әдеби тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991.
73. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку, 1979.
74. Строй казахского языка: фонетика Ж.Абуов, З.Базарбаева, А.Джунисбеков, С.Мейрбекова. – Алма-Ата : Ғылым, 1991.
75. Татар грамматикасы. Т. I . – М.: Инсан; Казан: Фикер, 1998.
76. Татарская грамматика. Т. I . – Казань, 1993.
77. Татарская грамматика. Т. II: морфология. - Казань, 1997.
78. Татар грамматикасы. Т. II: морфология. - М. - Казань, 2002.
79. Татарский язык в таблицах и схемах для русскоязычных учащихся начальных классов. авт. – сос. Р.Н.Насибуллина. – Казань: Гыйлем, 2008.
80. Тектіғұл Ж.О. Қазақ тіліндегі түркі негізді аффикстердің эволюциясы. – Алматы: Ғылым, 2002.
81. Тенишев Э.Р. Строй саларского языка.– М.: Наука, 1976.

82. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы: Фонетика, морфология. – Алматы, 1981.
83. Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы. – Алматы, 1992.
84. Тумашева Д. Г. Татар теле морфологиясен өйрәнүнең актуаль мәсьәләләре // Очерки по морфологии татарского языка. – Казань, 1978.
85. Тумашева Д. Г. Хәзерге татар әдәби теле. Морфология. – Казан, 1978.
86. Түркі тілдерінің салыстырмалы – тарихи грамматикасы. Фонетика. / Орыс тілінен аударған А.Алдашева. – Астана, 2009.
87. Хангильдин В.Н. Татар теле грамматикасы. – Казан, 1959.
88. Хангильдин В.Н. Татар теле грамматикасы: морфология буенча очерклар. – Казан, 1954.
89. Хисамова Ф.М. Татар теле морфологиясе. Югары уку йортлары өчен дәреслек. – Казан, 2006.
90. Шайхулов А. К проблеме корневых основ и корневых слов в тюркских языках // Түркология. – 2004. №2.
91. Шәкенов Ж. Қазіргі қазақ тіліндегі сынәсімдер категориясы. – Алматы, 1961.
92. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (глагол). – Ленинград: Наука, 1981.
93. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991.
94. Языки мира. Тюркские языки. – Бишкек: Кыргызстан, 1997.

МАЗМҰНЫ

Бірінші тарау

ФОНЕТИКА

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ТІЛДЕРІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

§1. Қазіргі түркі тілдері дауысты дыбыстар жүйесінің жалпы сипаты.....	3
§2. Қазақ және татар тілдері дыбыстық жүйелерінің зерттелуі	7
§3. Қазақ және татар тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі жіктелім.....	15
§4. Қазақ және татар тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жіктелісі	17
§5. Қазақ және татар тілдеріндегі дауысты дыбыстардың жалпы сипаты	24
§6. Қазақ және татар тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жіктелісі	32
§7. Қазақ және татар тілдеріндегі дауыссыз дыбыстардың жалпы сипаты	38
§8. Қазақ және татар тілдеріндегі буын және оның түрлері	52
§9. Қазақ және татар тілдеріндегі буын жігі және тасымал.....	53
§10. Қазақ және татар тілдеріндегі екпін.....	54

Екінші тарау

МОРФОЛОГИЯ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР ТІЛДЕРІНІҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ СИПАТТАМАСЫ

§1. Морфология және оның зерттеу нысаны, мақсат-міндеттері.....	57
§ 2. Грамматикалық категория, грамматикалық мағына және грамматикалық форма ұғымдары.....	59
§ 3. Морфема – морфологиялық ұғымдар кешенінің өзегі	63
§ 4. Сөздің морфологиялық құрылымы: түркі тілдеріндегі түбірлер мен түбір-негіздер.....	65
§5. Түркі тілдеріндегі қосымша морфемалардың сөзжасамдық және тұлғажасамдық әлеуеті	73
§6. Қазақ және татар тіл білімі салаларында сөздерді таптастыру мәселесінің өзектелуі.....	78
§7. Зат есім (Исім)	84
§8. Сын есім (Сыйфат).....	99
§9. Сан есім (Сан).....	114
§10. Есімдік (Алмашлық).....	125
§11. Етістік (Фигыль)	164
§12. Үстеу (Рәвеш).....	205
§13. Еліктеу сөздер (Аваз ияртемнәре)	210
§14. Шылау (теркәгеч, бәйлек) және олардың түрлері.....	213
§15. Одағай сөздер (Ымлықлар).....	218
§16. Модаль сөздер (модаль сүз) және олардың түрлері	222
Библиография	230

**«Қазығұрт» баспасы ЖШС-нің президенті –
Темірғали Мұратбекұлы Көпбаев**

**Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ
Гүлғайша САҒИДОЛДА**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТАТАР
ТІЛДЕРІНІҢ САЛЫСТЫРМАЛЫ-
СИПАТТАМАЛЫ ГРАММАТИКАСЫ**
Фонетика. Морфология

Редакторы Сәлима Қалқабаева
Суретшісі Ермек Мейірбеков
Беттеген Әлтайыр Қабланбек

Басуға 05.10.2017 ж. қол қойылды.
Қалыбы 66x96 1/16. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Palatino Linotype».
Көлемі 15,0 б.т. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс №2923.

«Қазығұрт» баспасының компьютер
орталығында теріліп, беттелді.
«Қазығұрт» баспасы, 480009, Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 405 офис.
Телефон (факс): 8 (727) 394-42-86
e-mail: kazygurt@list.ru

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.